

ҚР БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ
ТІЛ САЯСАТЫ ЖӘНЕ ОНОМАСТИКАЛЫҚ
КЕҢІСТІК**

«G-global» форматындағы дөңгелек үстел материалдары

Астана, 2016

ӘОЖ 80 / 81 (063)
КБЖ 81.2
Қ 18

«Қазақстан Республикасындағы тіл саясаты және ономастикалық кеңістік» атты республикалық дөңгелек үстел Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2015-2017 жылдарға арналған «Қазақстан ономастикалық кеңістігі: Астана қаласы бойынша ғылыми дәлелденген номинативті саясат қағидаларын жете зерттеу» атты мемлекеттік гранты аясында өткізілді.

Жауапты редакторлар: Ш.Қ. Жарқынбекова, Б. Әбдуәлиұлы

Редакция алқасы:

Ж.М. Қоңыратбаева, М.Ж. Түсіпбекова, М.К. Каирова, Ә.Т. Қожаева
(техн. ред.)

Қ. 18 «Қазақстан Республикасындағы тіл саясаты және ономастикалық кеңістік» атты республикалық дөңгелек үстел материалдары (13 қараша 2015 ж.). – Астана: «Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ баспаханасы», 2016. – 178 бет.

ISBN 978-601-301542-2

Бұл жинаққа «Қазақстан Республикасындағы тіл саясаты және ономастикалық кеңістік» атты республикалық дөңгелек үстел материалдары енгізілді. Елімізде бүгінге дейін қабылданған құқықтық-нормативтік құжаттардың талаптарын ескере отырып, ғалымдар мен әкімшілік-басқару орындарындағы ономастика мәселесіне жауапты мамандардың ой-пікірлерін жинақтап, ортақ қорытындыға келу мақсатында ұйымдастырылған бұл іс-шараға Астана қаласы және еліміздің әр өңірінен ғалымдар мен мамандар қатысып, қазақ ономастикасын дамытудың алдағы бағыттары туралы ойларын ортаға салды. Мұндағы ой-пікірлер, қазіргі қоғам сұраныстарын қамтамасыз етуге қызмет етеді, деген сеніммен жалпы оқырман қауым назарына ұсынылып отыр.

Материалдар авторлық редакция негізінде жарияланды.

ӘОЖ 80 / 81 (063)
КБЖ 81.2

ISBN 978-601-301542-2

© Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2016

АЛҒЫ СӨЗ

Құрметті әріптестер, дөңгелек үстелге жиналған қауым! Қазақ ономастикасы Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап-ақ, мемлекеттік саясаттың бір тарауы ретінде арнайы қолға алынып келеді. Оған қатысты көптеген құқықтық-нормативтік актілер мен бағдарламалар дайындалып, жүзеге асырылды. Осы құжаттардың арқасында қазірге дейін жекелеген аймақтарда емес, бүкіл елімізде біртұтас жүйе қалыптасып, атау берудің тиімді жолдары да айқындалып қалғандай. Өздеріңіз білесіздер қазақ ономастикасы да халқымыздың қилы тарихы секілді біршама өзгерістерді басынан кешірді. Бұл өзгерістер тарихи даму ырғағымен үндесіп, сабақтастыққа құрылмағандықтан өзімен бірге үлкен-үлкен проблемаларды да ала келді. Мысалы, бұрынғы атаулардың көпшілігі қолдан жойылып, орнына қазақтың ешқандай атау беру дәстүріне сай келмейтін жаңа принциптердің орнығуы сол тарихи ырғақтың бұзылуының бірден-бір көрінісі еді. Сонымен қатар, көшпелілік пен отырықшылықтың арасындағы айырмашылықтардың ономастикадан да көрініс беруі қазақ халқының өткені мен бүгінінің арасындағы сабақтастыққа үлкен залалын тигізгені жасырын емес. Егемендік алып, ел есін жинағалы бері біз қолдан жасалған қиянаттың зардаптарымен күресіп келеміз. Ұмытылған атауларды қайта еске түсіру мен жаңадан атау берудегі толғамды тұстар секілді жауабын уақыттың өзі беретін кей сұрақтардың шешімі қандай қиын болса да, алғашқы жылдардағы атқарылған жұмыстарды нәтижесіз деп айтуға болмайды. Қазақ зиялыларының бірлесіп қабылдаған көптеген шешімдері Тәуелсіздігіміздің басты тұғыры ретінде халыққа қызмет атқарып келеді. Солардың бірі және бірегейі ретінде «Ақорда» атауын алуға болады. Тарихымызбен сабақтас, болашағы айқын мұндай атаулар қазіргі қала мен ауылдарда көптеп саналады. Біз бүгін тағы да ономастика мәселесі бойынша жиналып отырмыз. Алдымызда шешімін күткен сұрақтар да көп, үлкен-үлкен міндеттер де түр, алайда бұл іркіліс пен дағдарыстың көрінісі емес, керісінше алға жылжыған экономика, мәдени көзқарастар, тарихтың ашылып жатқан жаңа беттері арқылы алдымызға қойылып отырған тың міндеттер мен жаңа заман талаптары.

Бүгінгі дөңгелек үстелге жиналғандар, көріп отырсыздар, әкімшілік қызметкерлері мен ғалымдардан құралып отыр екен. Еліміздің әр аймағынан келіп, ортақ мәселені талқылау әрине осыған дейін атқарылған жұмыстардың бір жүйеге түскенін көрсетеді. Бұл дегеніміз теория мен практиканы ұштастыру болып табылады, ол қашан да маңызды. Алып аймақты алып жатқан еліміздің ономастикасын Тәуелсіздік талаптарына бейімдеу мен тарихи сабақтастық сипатын қалыптастыру ісінде теориялық еңбектердің маңызды рөл атқарғанын атап айтуымыз керек. Ғылыми ізденістер мен тұжырымдарды басшылыққа алу алдағы жұмыстар үшін де аса қажет, өйткені уақыт талаптары өмірге бізде бұрын болмаған тың салаларды әкеліп жатыр. Олардың барлығы ұлттық негіздегі атауларға деген сұраныс тудыруда. Егер біздің теориялық ізденістеріміз сол сұранысты қанағаттандыра алмаса немесе сырттан келетін атауларды игерудің ғылыми шешімдері табылмаса, бос орынды шетелдік атаулардың толтыруы ғажап емес. Қазірдің өзінде әлем елдерімен арадағы қатынастар тереңдеген сайын сырттан енген тегі бөтен атаулардың қала эргонимдері құрамынан орын алуына көзіміз үйреніп, етіміз өліп барады. «Оған қалай тосқауыл қоюға болады және оның біртұтас жүйесі мен тетігін қалыптастырудың оңтайлы жолдары қандай?» – деген сұрақтың жауабын кең көлемді зерттеулердің нәтижесі арқылы ғана таба алсақ керек.

Жаһандану үдерісі тек біздің елімізге ғана келіп отырған құбылыс емес. Басқа елдер де әлемдік ақыл-ойдың жемісін ортақ пайдаланып отыр, бізге келген жаңалықтар оларда да бар. Бұл орайда шетелдік тәжірибелерге сүйенудің артықтығы жоқ. Әсіресе құқықтық-нормативтік құжаттарда қалай көрініс тапқанын зерделеп, сол тәжірибені өз елімізде пайдаланудың жолдарын белгілеу аса маңызды. Тарихымыз бен бүгінгіміздің арасындағы шырғаланды кезеңдердің нәтижесі – ономастикалық атауларды тек дамыту мәселесін ғана емес, өткеннің зардаптарын жою мен тарихи сабақтастықты қалыптастыру міндеттерін алдымызға көлденең тартып отырса, жаңа заман – жаһандану үдерісіне қарсы «өзін-өзі сақтау иммунитетін» нығайтуды талап етеді. Қоғамдық сана, экономикалық саясат, ұлттық тіл, тарих, мәдениет т.б. секілді

мүдделер тоғысындағы мәселенің біржақты шешімін табуы өте қиын екені де белгілі. Осы тұрғыдан келгенде алдымызда кеңесіп пішетін үлкен-үлкен жоспарлар бар – алдағы жұмыстарымыздың стратегиялық құрылымы қандай мақсаттарға негізделуі тиіс. Ғасырлар бойы санаға сіңіп, ұлттық ономастикамыздың құрамынан орын алған атауларды бірер жылда өзгерте салудың қиындығын көріп отырмыз. Тәжірибесіздіктің салдарынан көп уақтымызды пайдасыз істерге шығындағынымызды да таратып айтып жату артық. Егер осы бағытымыздан танбасақ, алдағы ширек ғасырда да ойлағанымызға жете алуымыз қиын. Сондықтан, қазірге дейін атқарылған жұмыстардың жетістіктері мен кемшіліктері саралануы тиіс және шетелдік тәжірибелердің ұтымды әрі біздің жағдайымызға сәйкес келетін тұстарын негізге ала отырып, құқықтық-нормативтік құжат үлгілерін дайындауымыз керек. Себебі, қазіргі құжаттарымызда атау беру мен қайта атау негізінен мемлекеттік мекемелерге ғана қатысты қолданылады. Біздің осал тұсымыз да сонда – жекеменшік мекемелер бақылаудан тыс қалып отыр. Еліміздің біртұтас ономастикалық келбетін қамтамасыз ету үшін ел аумағында жұмыс істеп жатқан отандық және шетелдік кәсіпорындар, басқа да түрлі мекемелердің барлығы атау беру ісінде белгілі бір ережелерді басшылыққа алып, тәртіпке бағынуы тиіс.

Бүгінгі дөңгелек үстел осы және басқа да түйінді сұрақтардың шешімі қарастырады деп ойлаймыз.

ҚАМЗАБЕКҰЛЫ Д.
ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, филология
ғылымдарының докторы, профессор,
Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ проректоры

ҚАЗАҚ ОНОМАСТИКАСЫНЫҢ ТАҒЫЛЫМЫ МЕН БОЛАШАҚ БАҒДАРЛАРЫ

ӘБЖАНОВ Х.М.

*Ш. Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институты
Алматы қаласы*

Аннотация: Сложные актуальные проблемы ономастики подчиняются объективным законам. Особенно, справедливо придавать значение законам, формирующим названия страны. Настоящая статья направлена на привлечение внимания общества, ученых этим неотложным проблемам ономастики.

Ғасырларға созылған патшалық отарлаудан, кеңестік тоталитарлық өктемдіктен құтылған Тәуелсіз қазақ елі мен азаматтары бүгінде тарихи міндеттер үддесінен шығуда. Соңғыларының бірде-біреуін ауыр немесе жеңіл деп алалауға болмайды. Бәрінің шешімін табатын уақыты әлдеқашан өтіп кеткендіктен интеллектуалдық ізденісті, бағыт-бағдар анықтауды, нақты іс-әрекетті жеделдетуге мәжбүрміз. Әлемдік бәсекеге жаһандану қосылған мына заманда тәуелсіздікті сақтап қалу үшін биік технологиялар мен жасақталған экономиканы түзу жеткіліксіз екен. Қоғам мүшелерінің тұтастығы, бірлігі, кемелдігі бұрынғысынша тағдыр анықтағыш факторлар қатарында тұр. Солардың мандай алдысы ұлттық сана-сезім мен намысты қалыптастыру болса керек. Тарихынан, тілінен, ділінен, руханиятынан, салт-дәстүрінен көз жазып қалған халықтар басқаның ықпалына түсіп, жетегінде кететіні өз алдына, олар мемлекеттігінен де, қазба байлығынан да, жерінен де айырылатынын ақбас тарих сан мәрте дәлелдеді. Осылай болған және бола да береді.

Демек, болмыс-бітімін АҚШ пен Батыс Европа анықтап отырған өркениет көшіне кештеу қосылған біздің ел жүгі ауыр түйеден қимылы шалт, жүрісі жеңіл, жорығы олжалы барысқа айналуға ниет қылса, өзіне, азаматарына, Елбасына қапысыз сенгені ғой. Әзірге қарқынымыз жаман емес.

Дегенмен, шаруаның атқарылғанынан атқарылмағаны көп. Ол ономастикаға да қатысты. Тәуелсіздік тұсында мындаған көшелер, алаңдар, елді мекендер, әлеуметтік инфрақұрылым объектілері, жер-су атаулары, отарлық және тоталитарлық кереғарлықтан, белден басудан, әсіресе қызыл саясатпен идеологиядан ада болғанымен әлі сірескен күйінде қалғандары ұшы-қиырсыз. Ономастикалық келбеті қауырт өзгеріс үстіндегі Астананың өзінде Қазақстан тарихы мен мәдениетіне қатысы жоқтығы былай тұрсын, қарапайым қисынға, ақылға симайтын көше, нысан атаулары таудағы тастан көп. Бұларға азат ел болғаннан бері де «Конгресс-Холл», «Синема сити», «Сити маркет» тәрізді алабажақтар қосылғанын көргенде еріксіз «кім кінәлі?», «не істеу керек?» деген сұрақтарға жауап іздей бастайды екенсің.

Ономастикалық азаттығымызды бекемдеудегі шабандық пен жаңа адасуларымыздың басты күнікері – ресми атқарушы билік басындағылар, солардың дүниетанымдық, әлеуметтік-кәсіби, мәдени-имандық кембағалдығы. Президенттік басқару формасы орныққан елде атқарушы билік басындағылардың өзі де, сөзі де өтімді екені ешкімге күпия емес. Дегенмен, бұл әңгімені соза бермей, өткенге салауат айтып, кінәліні іздігенді осымен доғарайық. Ономастикалық ілгерілеуіміз бұдан былай да Тәуелсіздік идеяларына дөп келуі үшін не істеу керектігін ортаға салайық.

Уақыт алға қойып отырған міндет үдесінен шығу ұлт зиялыларынан бірлесе әрекеттесуді, зияткерлік табандылықты, іскерлікті, тіпті әбжілдікті талап етеді. Бұл орайда Елордаға шоғырланған зиялылардың жауапкершілігі мейлінше салмақты. Бүкіл Қазақстан Астанаға қарап бой түзеуде, ой толғап, жаңалық пен жақсылықтың бастауын көруде. Мемлекет құраушы ұлттың зиялылары ономастика теориясы мен практикасын бұрын-соңды болмаған биікке көтеруді елордадан бастаса, игілікті ықпалы Алтайдан Атырауға дейін, Арқадан Алатауға дейін даритынына зәредей күмән жоқ.

Астана зиялыларының батыл да байыпты ономастикалық бастамасын Қазақстанның кез келген өңірі қолдап әкететін алғышарттар ендігі толық қалыптасты. Олар мыналар:

Біріншіден, кеңестік жылдарда өскен-өңген әлеуметтік қауымның қоғамдық санасы коммунистік идеология ұсынымдары мен құдылықтарынан айтарлықтай қол үзді. Таяу арада қайтып оралмайтынына әбден көз жетті. Мұның сыртында социалистік идея түгілі суреттен Ленинді танымайтын жаңа буын ұрпақ қатарға қосылды. Бұлар үшін «Ұлы Октябрь», «Коммунизм жолы», «партсъезд», «кемелденген социализм» тәрізді атау-ұғымдардың бағасы бес тиын. Ең бастысы – ұлт тарихындағы «ақтандақтарды» жою, тоталитаризмнің қылмыстарын әшкерелеу, оның отарлау саясатымен үндестігін дәйектеу ономастикалық зорлықтың мәні мен ауқымын ұғынуға шылбыр ұстатты. Өктемдікпен таңылған ономастиканың астарында ұлттық жадын жою, тілден ажырату, рухани адастыру, идеялық сансырату, халықтардың, зиялылардың арасына жік түсіру тәрізді жымсықы саясат жатқанын ендігі қазақ та, кәріс те, орыс та, неміс те ұғынып мойындады. Енді қарап қалуға болмайды. Қоғамдық санадағы бетбұрысты дер шағында игілікті арнаға бұрмаса, ондағы пиғылы бұзық күштер иектеп кетуі әбден мүмкін.

Екіншіден, қазақ елінің саяси билігі өз қолында. Мемлекеттік құзырлы орындар ономастикалық мәселелерді шешудің – оң болсын, теріс болсын – баға жетпес тәжірибесін жинақтады. КОКП-ның ақ дегені – алғыс, қара дегені – қарғыс болып тұрғанда қазақстандық билік жүйесі ауданға, қалаға, облысқа, елді мекенге атау беру үшін Мәскеуге жүгінгені бүгінде елеске айналды. Ендеше алтынның қолда барда қадірін біліп, ономастикалық саясатты ширатқан үстіне ширата түсу керек. Саяси ахуал зиялыларымызды белсенді ономастикалық позиция ұстануға міндеттеп отырғанын түсінгеніміз абзал. Ерте уақытты кеш қылмай, әрбір елді мекен, аудан, қала, облыс ономастикалық саясатпен практиканың тұжырымдамасын жасап алса, нұр үстіне нұр болар еді.

Үшіншіден, азаттықтың арқасында сәтімен жүзеге асқан реформалар мен модернизация қазақ халқын жаңа қырынан паш етті, қазақтар жайлы ескі қоғамдық сананың күлпаршасын шығарды. Қазақты енді ешкім «бұратана», «барымташы», «мешеу қалған», «масыл», «ұлтшыл» дей алмайды. Қайта біздің бөсекеге,

жасампаздыққа, жақсылыққа бейім екенімізді мойындап отыр. Осы сәтті қазақ ономастикасының мүддесіне жегу оқығандар мен зиялылардың, билік басындағылардың перзенттік парызы.

Төртіншіден, бұрынғы ономастикадағы «Кокчетав», «Медео», «Челкар», «Ермак», «Целиноград» тәрізді келеңсіздіктер мен ұлыдержавалық жүгенсіздікті табандылықпен реттеу, есесіне хандармыздың, билеріміздің, батырларымыздың, ақталған азматтарымыздың есімдерін ұлықтау, түптеп келгенде отарлық-коммунистік атауларды ығыстыру қоғамдық санадағы жалған, сыңаржақ интерноциализмді айтарлықтай бәсеңдетіп, қазақстандық патриотизмді жандандырды. Егер тоқсаныншы жылдары жаңа атаумен есім беруді сан-саққа жүгірткен арандатушылар қалың қол құра алса, тап қазір бұлардың қатары сирегені өз алдына, қызыл қыздырма сөзіне құлақ қоюшылар да табыла бермейді. Тарихи әділдікке бет бұрудың қоғам мүшелеріне етене тән болуын ел мен жер атауларын оң қалыптастырудағы шешуші алғышарттарының бірі ретінде қабылдағанымыз жөн.

Бесіншіден, демографиялық алғышарт ұлт зиялыларын телмірген жалтаңкөздіктен арылуға шақырады. Біз «көп қорқытады, терең батырады» деген халықпыз. 1931-1933 жылдарғы аштықтан, турасын айтсақ – этноцидтен, тың игеру жылдарындағы Қазақстанды жайпап өткен миграциялық толқыннан кейін тұңғыш рет қазақтар өз елінде, өз жерінде басым көпшілікке айналды. Демограф М. Тәтімовтің есептеуі, бойынша кеңестік жылдары Қазақстанға әкелінген немесе стихиялы миграциямен келген жат-жұрттықтар 7 миллион адамнан кем емес екен. Осыдан кейін қазақ мәңгүрттенбегенде, қазақ маргиналы қалыптаспағанда, ұлттық ономастика бұзылмағанда не болушы еді. Шүкір, апат қаупі сейілді. Ендігі мәселе сандық басымдықты сапа басымдығына айналдыруда. Біліміне білігі сай әрбір қазақ баласы бірін-бірі дос, ниеттес жалғызы санағанда ел мен жер атауларына ұлттық рең беру дау-дамай туғызбайтын қатардағы көп міндеттердің біріне айналады. Басқа ұлт өкілдері басым Солтүстік, Шығыс облыстарда отарлық кеңестік ономастика сені бұзылмастан әлі сақталып отырғанын осы ойымызға айғақ дәлел болады деп пайымдаймыз.

Алтыншыдан, ономастика шаруашылығының құқықтық алғышарттары қаланды. Осы орайда қабылданған заңдар, реттеуші актілер, ережелер шешуші қадам жасауға әкелді. Қазақстан сияқты көпұлтты, көпдінді елде атаулар мен есімдер берудің құқықтық алғышарттарының таяу арадағы биік шыңы «Ономастика туралы» заң қабылдау болар еді деп топшылаймыз. Әлемдік өлшемдерге жауап беретін, ұлттық ерекшелікті кастерлейтін Заң жұмыс істеп тұрғанда көшеге, алаңға, мектепке, елді мекенге атау, есім беруде талас-тартысқа орын қалмайды.

Сонымен, унитарлы еліміздің ұлттық ономастикасын қалыптастыруға дем беруші алғышарттар сан алуан. Жеке басының қам-қарекетін жыйып қойып, ақысыз-пұлсыз, жарғақ құлағы жастыққа тимей тынымсыз ізденісте жүрген азаматтар қаншама. Мемлекеттік саясат, ұлттық мүдде, интеллектуалдық құлшыныс бір арнаға тоғысқандықтан бұл істің ертеңіне үмітпен қарауға толық негіз бар. Ұқсата білсек, азаматтықты ономастикалық әрлендірумен халқымыздың танымдық, рухани қайта түлеуіне, мемлекеттік тіл мәртебесін асқақтатуға серпін беретін қуат көзі ашылады.

Ең кереметі – Қазақстан ономастикасына қанат бітіретін ірі алғышарт, сирек мүмкіндіктер қолымызда болды. Осы тәжірибені неге кеңінен таратпасақ. Әңгіме Есілдің сол жағалауындағы жаңа әкімшілік орталықтардағы көшелер мен алаңдарға атау беру туралы еді. Астана қаласы әкімшілігінің жанындағы ономастикалық комиссия жаңа қаладағы қырық шақты көше, оннан астам алаңға атау берудің оңтайлы шешімін тапты. Ақорданы, Бәйтеректі қаумалай түзілген көшелер мен алаңдар ұлт тарихын, мәдениет, ғылымын, өнерін, сұлу табиғатын, әйгілі тұлғаларын ұлықтаған кеңістікке айналды. Бәрі ойдағыдай шешілді, Елордадан бастау алған үрдіс бүкіл елге үлгі боларлықтай.

Ономастиканың түйткілді, күрмеуі күрделі мәселелерін шешу алғышарттардың пісіп-жеткеніне ғана тәуелді емес, объективті заңдылықтарға да бағынады. Әсіресе, елдің атауын қалыптастыратын заңдылыққа айрықша мән берген абзал.

«Ел» сөзінің мәні мемлекет, халық дегенді білдіреді. Бұл ұғым алғаш рет Орхон бітігтастарында қолданылған. Байырғы

түркілер өз мемлекетінің мәңгі өмір сүруін мақсат етіп, оны ұрпақтарына аманаттағаны тарихан белгілі. Мемлекеттің әлеуметтік негізін халық қаласа, материалдық негізі жер болып табылады. Қазақ: «Жері байдың – елі бай» деп айтқанда, мәселенің мәнісін дөп басып отыр.

Ел атауының қалыптасуы үшін ұзақ тарихи үрдісті бастан кешу керек. Бүгінгі таңда жер бетіндегі 200-ге жуық мемлекеттің бірде-біреуі қазіргі атауын «Ә» дегеннен қалыптастырған жоқ. Бұл заңдылықты қазақ елі де тағдыр-талайынан өткізді. Қарап отырсақ, көп жағдайда мемлекеттің атауын сол жердің иесі әрі киесіндей тұрғылықты халық этнонимі анықтайды екен. Әрине, Боливия, Әулие Елена аралы, Біріккен Араб Әмірлігі, Америка Құрама Штаттары тәрізді этникалық нысаны ашылмаған мемлекеттер бар екені рас. Бірақ бұлар жалпы заңдылықты бұза алмайды. Мемлекеттің атауын алдымен сол мемлекеттің этникалық негізін қалаушы халық береді, екінші кезекте кейде географиялық, кейде саяси, кейде тарихи факторлар сөйлейді.

Міне, осы тұрғыдан келгенде «Қазақстан Республикасы» атауы этникалық-саяси факторлардың өзара ықпалдастығының нәтижесі екені күмәнсіз. Тарих сахнасына XV ғасырда «Қазақ хандығы» атауымен шыққан біздің ел патшалық отарлау тұсында күйрық-жалы күзелген (Батыс Сібір, Түркістан) айналып, большевиктер билеген жетпіс жылдан астам уақыт бойы алғашқыда «Қазақ Автономиялы Кеңестік Социалистік Республикасы», кейінде «Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы» аталып келді де, кеңестер одағы ыдырауының алдында – 1995 жылғы 10 желтоқсанда Президентіміз Н.Ә. Назарбаевтың Жарлығымен «Қазақстан Республикасы» атауымен әлемдік саяси картадан ойып тұрып лайықты орын алды. Дұрысы әу бастап «Қазақ Республикасы» атауын берген еді. Өйткені «стан» сөзінің мәні «елге» саяды. Бұл – бір, екіншіден, қазақ елін «Қазақстан» деп атаған дереккөз XVI ғасырға жатады. Оның өзі басқа елде басқа елдің оқымыстысы жазған шығарма. Әрине, уақыт өткен соң ақыл айту оңайдың оңайы. Ал тап сол 1991 жылдың 10 желтоқсанында бүкіл кеңестер елі, тіпті жер шары Беловежская Пушада бас қосқан Б. Ельциннің, Л. Кравчуктың,

С. Шушкевичтің кеңестер одағы өмір сүруін тоқтатты, орнына Туысқан Мемлекеттер Достатығы келді деген 8 желтоқсандағы мәлімдемесінен кейін берісі ұлтаралық, азаматтық соғыс, әрі ядорлық апат болып кетпес пе екен деген қауіп үстінде болғанын қаперден шығармауымыз керек.

Содан бері 16 жылдай уақыт өтті. Тәуелсіздігіміз орнықты, қазақ мемлекеттігі қалыптасты, Біріккен Ұлттар Ұйымына, басқа да белді халықаралық ұйымдарға мүшеміз, әлемдік деңгейдегі қоғамдық саяси форумдарды Астанада, Алматыда өткізетін күнге жеттік. Қазақстан, оның Президенті Н.Назарбаев орасан зор беделге ие екенін Астанада сәтімен аяқталған әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің II съезі, оның алдында Санкт-Петербуркте өткен үлкен сегіздік басшыларының жиыны бүкіл әлемге паш етті. Қазақстанның байырығы халқы қазақтар екеніне енді ешкімінің күдік-күмәні жоқ.

Демек, «Қазақстан Республикасын» «Қазақ Республикасы» атауымен өзгертетін сәт туды. Бұған еліміздің ішіндегі демографиялық ахуал да міндеттеп отыр. Сонау XV ғасырда қазақ хандығы деген атпен тарих сахнасына шыққан мемлекет қазақ халқының елі екенін айғақтайтын бұдан артық қанай көрсеткіш керек.

«Стан» жұрнағынан арылудың ешқандай сөлекеттігі, тіпті салдары жоқ екенін көрші қырғыздар әлдеқашан дәлелдеді. Баз біреулер ел атын өзгерту қосымша шығынды талап етеді деген желеуді алға тартады. Иә, шығындаламыз, рас. Бірақ тап сол шығын бүгінгі қазақ елінің экономикасына маса шаққандай жайсыздық туғызбайды.

Ал жер атауының қалыптасу заңдылығына келсек, алдыңғыдан өзгеше жайтты көреміз. Бүгінде тілдік қорымызға «жер аты – тарих хаты» деген тамаша сөз орнықты. Мемлекет атауында ұлттық-этникалық мазмұн басым түсіп, ол ұзақ мерзімді әрі тұрақты сақталуымен ерекшеленсе, жер атауларының құбылмалығы, нақты ахуалға байланысты тез ұмытылып, тез өзгертетіні байқалады. Әрине, қандай жағдайда да топонимикалық мұра толығымен, біржолата із-түзсіз жойылып кетуі мүмкін емес. Сондықтан да еліміздегі жер-су аталуарында қазақ қазақ болғанға

дейінгі, қазақ хандығы дәуіріндегі, отарлау мен тоталитаризм қыспағы кезіндегі қыртыс-қатпарлар бар. Осылардың арабтан, моңғолдан, жоңғардан, түркі тектес көрші халықтардан ауысқандары ұлттық санамызға, тарихымыз бен тілімізге сіңісті болып кеткені соншалықты, қазір еш жатсынбаймыз. Мән-мағынасын түсіне бермесек те, әбден қазақыланып кетті. Біріншіден, ұзақ тарихи мерзім боларын болдырып, бояуын сіңірді, екіншіден, ол атаулардың берісі түркілік, әрісі шығыстық тамыры қазақ қоғамына етене жақын еді.

Бізді алаңдататыны отарлық және кеңестік топонимика. Осыны тезге салатын уақыт келді. Ономастика оңалмай елдігіміздің бетіне шіркеу түсіру тыйылмайды.

ОНОМАСТИКАНЫҢ ТҮП-ТАМЫРЫ – ҰЛТТЫҚ ДҮНИЕТАНЫМ МЕН ХАЛЫҚ ТАРИХЫ

НЕГИМОВ С.Н.

Л.Н. Гумилев атындағы

Еуразия ұлттық университеті

Астана қаласы

Аннотация: В статье говорится о том, что ономастика в совокупности с географией, этнографией, фольклором, историей, культурологией, лингвистикой, культурой речи представляет собой комплексную науку. Речь идет о освоении иноязычных топонимов, а также о художественном мастерстве, изобретательности народа. Автор критикует наименования, встречающиеся в настоящее время и предлагает пути решения этих проблем.

Abstract: This article is devoted to the onomastics and its connection with different sciences as geography, ethnography, folklore, history, culturology, linguistics. The author criticizes some namings and offers new ways of changing and renaming them. Moreover, the author describes toponyms in different languages, art mastership, and people's creativeness.

Дәстүрлі тарихи жер-су атаулары – халықтың рухани тарихы және оның ұлттық санасы, философиялық дүниетанымы, сұлулыққа, көркемдікке деген көзқарасы. Ендеше, Тәуелсіздігімізді, Елдігімізді, Мемлекеттігімізді мейлінше берік орнықтыру мақсатында ежелден ел санасында қалыптасқан төл атауларымызды жаңғырту, қайта атау – отаншылдық, ұлттық рухымызды асқақтатары хақ.

Ономастика дегеніміз география, этнография, фольклор, тарих, мәдениеттану, лингвистика, сөз өнері ілімдерімен тұтаса байланысқан ғажайып бір әлем. Оның тарихилық, әдеби-мәдени, тағылымдық құндылықтары да өлшеусіз.

Ғұн заманынан сыр шертетін Сарыарқа төріндегі Талас, Тарты, Бұланты, Моншақты, Сілеті, Өлеңті, Шідерті, Қодан, Мыржық, Бағылан, Тентек тағы басқа топонимдер көненің көзіндей қастерлі.

Қытай жылнамасында Ғұн тауы – Алтай тауы дегенді білдірген. (Әлкей Марғұлан. Ежелгі жыр, аңыздар. Алматы, 1985, 57-бет).

Ұлт мәдениетінің Бас кітабы – Қорқыт Ата кітабында Арқа, Алатау, Қазылық тауы дейтін байырғы атаулар бар.

Еуразияның ұшы-қиырсыз кеңістігінде түркі топонимдері жеткілікті. Мысалы: Айдар (Украина), Айм (РФ), Алтынай (РФ), Батагай (РФ), Кайнар (Молдова), Карасу (Иран), Коктебел – Көк төбе (Қырым), Яссы – Ыссы (Румыния), Кизляр – қыздар (Дағыстан), Култук – қолтық (РФ), Карталы – Қара талды (РФ) тәрізді түркілік жер-су атаулары Ахмет Дүйсенбаевтың «Еуразия топонимдері» («Егемен Қазақстан», 2014 жыл, 26 ақпан) және «Түркі топонимдері» («Қазақ әдебиеті», 2012 жыл, 13 қаңтар, № 2) атты материалдарында көрініс тапқан.

Ежелден ата-бабаларымыз мәдени жаһандану жағдайында өмір сүрген, тіршілік еткен. Бұған ұлы қолбасшылар Мөде қаған, Аттила, Күлтегін, Шыңғыс хан, Бату хан, Берке (Береке) хан, Жошы хан, Бейбарыс сұлтан заманы айғақ. Және де қазақ жұрты Византияны – Үрім, Иранды – Ажам, Палестинаны – Кінған, Қытайды – Шың немесе Чина, Дамаскіні – Шам, Шри Ланканы – Сэрәнділ, Венгрияны – Мажарыстан, Египетті – Мысыр,

Данияны – Даң, Швецияны – Сібеден, Германияны – Алмания, Чехословакияны – Шақалауакия, Жапонияны – Жапүния (қытай қазақтары – Жібін), Францияны – Пранс, Американы – Әмрике, Польшаны – Лехистан елдері деп, Европаны – Аурупа, Мюнхенді – Мүншен, Грузияны – Гүржстан, Кельнді – Келін, Пекинді – Бейжің, Кавказды – Қап, Қызыл теңізді – Күлзім деп атағандығы дәлел.

Испанияда Каталония, Францияда Каталаун дейтін жер аты бар. «Құтты алаң» деген мағынаға ие. Сақ тіліндегі «хата» «үй-жай» дегенді білдіреді. Ежелгі германдық тайпалар тілінде «гуттен – гут – күт (күтты)» дегенге саяды (Сатаев А. Тұңғықтағы тұнықтар. Астана, 2014, 11 бет).

Ертіс гидронимі 1) Орхон ескерткіштерінде 2) Монғолдың күпия шежіресінде 3) «Книга Большому Чертежу» тәрізді тарихи әдебиеттер де бар. Қазақ жұртында Ертіс өзенінің алуан-алуан көркемдік сипат-қасиеттеріне орай нешеме атаулары бар. Мысал: Бал Ертіс, Қыран Ертіс, Буыршын Ертіс, Алқабек Ертіс, Білезік Ертіс, ал Қаба Ертіс – Зайсан деп аталған. Бұл шын мәнісінде Жайсаң. Әрқайсысында телегей сыр, терең мағына бар. Бұл – халықтың дүниетану даралығы мен даналығын, көргіштігі мен кемеңгерлік болмысын танытады.

Немесе Атырау облысы Жылой ауданында Ақкиізтоғай деген жер бар. Мұның мәнісі былай екен: Ел құрметтісі Қожаназар бабамыз (хас суреткер Әбіш Кекілбайұлының атасы) Айшуақ ханды ақ киіз төсеп қарсы алған. Содан бастап осылай аталған.

Астананың іргесінде, Ұлы Жібек жолының бойында ортағасырлық Бозоқ шаһары бар. Түптеп келгенде, бұ да қазақ өркениетінің куәгері.

1926 жылы Бейімбет Майлин. «Мәдениет мұралары» дейтін байыптамасында:

«Мәдениеттіліктің негізгі белгілерінің бірі – өткен заманның мәдениетін тауыса зерттеу. Ескі замандардан қалған мәдениет белгілерін, мәдениет мұраларын қорғап аман сақтау. Мәдениет мұраларын аман сақтау ғылым үшін керек нәрсе. Ғылым бұл мұралар арқасында әлдеқашан болып жоғалған мәдениеттің құрылысын, жолын зерттеп тарих шығарады, жаңа мәдениет жұмысына оңай жол табады...

1917-18 жылдарда, азамат соғысы уақытында қазақтар күйдірген тастан салған әдемі мектеп үйлерін «бұл ескі, Николай салдырған үйі ғой» деп, бұзып талап алды. Николай салдырмақ түгіл, арғы атасы Роман салдырса да, 40-50 бөлмелі күйдірген тастан салынған жақсы үйлер қазақ еліне пайдалы, қазақ даласына сән еді, мәдениет мұрасы еді.

Бұл – мектеп үйлерін, темірінен екі пар шелек істетіп алу үшін талап алу қазақ елінде мәдениеттің жоқтығының үстіне, қазақта мәдениет деген ұғымның жоқтығын, мәдениетті сүйетін қазақ бойында ондай мінездің жоқтығын көрсетеді.

Бұлай болғасын қазақ даласындағы мәдениет мұраларын қорғамай болмайды. Оларды қорғау жалғыз орталық үкіметтің қолынан келмейді. Орындардағы кеңестер, әсіресе, халық ағарту бөлімдері бұл мұраларды қорғауға, зерттеуге кірісулері керек-ақ. Бұл жұмысқа елдің араласуы керек. Елде ғылым ұйымдары ашылып, оқытушылар, кеңес қызметкерлері, партия мүшелері бастап түсуі керек.

Қазақ даласын бұрын жеті жұрт жайлады ма, жетпіс жұрт жайлады ма? Қандай жұрттар жайлады, қандай шаруашылық малданды, қандай мәдениеті болды – бұлардың бәрін зерттеп білу қазақ шаруасына қазақ мәдениетіне аса керек.

Қазақстан үкіметі буынын бекітті. Қазақстанда мәдениет жұмысы бекіді. Қазақстан шаруашылығы түзеліп келеді. Қазақстанда да ескі мәдениет мұраларын есепке алатын, қорғайтын, зерттеп нәтиже шығаратын, аймақтану материалы есебінде бұларды мектеп бағдарламаларына кіргізетін, елге бұл мұралардың мәнісін түсіндіріп, елді талаудан тоқтатып, қорықша, күзетші ететін уақыт жетті».

Ұлт көсемі Ахмет Байтұрсынұлы: «Тарихтың қызметі – бүтін адам баласының яки бүтін бір жұрттың ... өткен өмірін болған күйінде айнытпай айту» деген қағидалы пікірі ұлттық санаға (тарихи, әлеуметтік, философиялық, мұсылмандық-түркілік, эстетикалық, экономикалық, мәдени көзқарастар жүйесі) қатысты. Мәселен, «Самара мен Бөкейлік губернелерінің шегі Тарғын деген өзен. Бұл өзенді орыс «Тұрғын», қазақ «Тарғын» дейді. Тарғын өзенінің күнбатысында Жанарыстан өзені, орыс

«Ерұслан» дейді, Еділге құяды» деп жазады Әлихан Бөкейхан (Ә.Бөкейхан. Таңдамалы. Алматы, 1995, 364-беттер). Ер Тарғын, ел қорғаған тарихи тұлға. Мұны 1942 жылы «Правда» газетінде жарық көрген Илья Эренбургтің «Қазақтар» дейтін очеркінде: «Жеті мыңқолдық жау жасағына қарсы жалғыз шапқан Ер Тарғын ұрпақтарының намысы Мәскеу түбінде тағы бір мәрте жарқылдады» деп тебірене жазған-ды.

Халықтың суреткерлік көзқарасын, тапқырлығын, даналығын көрсететін мынадай гидронимдердің сымбат-көркі қандай десеңізші!

Ақтасты өзені – Есілдің сол жақ арнасы.

Мойылды өзені – Есіл өзенінің оң жақ арнасы.

Шортанды өзені – Есілдің оң жақ арнасы.

Өлеңті өзені – Ертіс өзені бассейні, өзен бұрылыстарында өртүрлі өсімдіктерге бай алаңқайлар бар.

Көрі өзен – Есіл өзенінің негізгі арнасынан бөлінген.

Қарасу өзені – судың түсіне байланысты аталған.

Қызылсу өзені – топырақтың түсіне байланысты аталған.

Балықтыкөл көлі – балыққа бай көл.

Байдала көлі – мол мандағы даланың кеңдігіне байланысты қойылуы мүмкін.

Тышқанкөл көлі – көлде ондатрлар есепсіз.

Жылтыркөл – көл бетіне түскен күн сәулесінің ерекше жылтырауынан.

Алакөл – көл бетінің толқын ұрғанда ала-құла болуынан аталған.

Ащыкөл – көлдің суының тұздылығынан аталған.

Батпақкөл – батпақты көл.

Шалқар көл – көл көлемінің үлкендігіне байланысты аталған.

Шөптікөл – көл жағалауының қарғатамырлы шөптің (шымды) болуынан аталған.

Нұра өзені. Монғол тілінде «нұра» – қирату, тангус – маньчжурша – «нұра» - жыралы деген мағынаны білдіреді.

Құланөтпес өзені. Аңыз бойынша, осы өзенде шортандар көп болғандықтан, малды судан өткізуге тосқауыл келтіріпті.

Теңіз көлі. Көл өзінің көлемімен таңқалдырады, сондықтан Теңіз көлі аталған.

Асаубалық көлі. Мұнда жыртқыш ірі балықтар мол.

Сұлтанкелді көлі. Ел аузында атақты Хан Кене нөкерлерімен осы көлдің жағасына келіп шатыр тігіп, аттарын суарып, дамылдаған.

Жұмай көлі. Жұмай батырдың есімен аталған.

Шолақ көлі. Жақын маңындағы көлдермен салыстырғанда көлемі жағынан кішкентай болғандықтан Шолақ деп аталған.

Ащыкөл. Көл суының ащы болуына байланысты аталған.

Тұщыкөл. Көл суы тұщы болуына байланысты аталған.

Құмкөл. Көлдің жағалауы құмға толы.

Қыстау көл. Осы көлдің жағалауында ел адамдары ызғарлы қыстан аман-есен қыстап шыққан.

Шұңқыр көл. Көл шұңқырда орналасқан.

Шалқар көл. Осы жерге сәнін беріп тұрған көл.

Сабынды көл. Суы сабын секілді көпіретіндіктен осылай аталған.

Қорқылдақ көлі. Ертеректе көл суының көптігіне байланысты «Сулы» деп аталса, қазір жер асты бұлақтарының бүрқылдап көтерілуіне байланысты «Қорқылдақ» деп өзгертілген.

Ұялы Шалқар көлі. Көл Ұялы аттас ауылдың жанында.

Ши Шалқар көлі. Көл Ұялы аттас ауылдың жанында, жиегінде ши көп өскен.

Бабай көлі – кісі есімімен байланысты аталған.

Арықты көлі. Ауыл ортасынан ағатын арыққа байланысты аталған.

Саудыр көлі. Көл жағалауында құнарсыз шөптің өсуінен аталған.

Өтебай көлі. Көл маңында тұрған бай есімімен байланысты.

Бестөбе көлі. Көлдің жан-жағын бес төбе қоршап тұрғандай.

Нұрабай көлі. Бай есімімен байланысты.

Болғанкөл көлі. Бұрынғы кезде осы жерде Төртауыл және Темеш ақсақалдардың тұқымдары тұрған.

Алакөл өзені. Көлдің суы ащы. Көл бетінде толқын ұрғанда, бір жерінде ақшыл, екінші жерінде күнгірт көруінен аталған.

Қанбақ көлі. Көл көлемінің кішкентай және дөңгелек болуына байланысты.

Шебік көлі. Қамыс басқан көл.

Босай көлі. Бозай батырдың есімімен аталған.

Ақ құдық көлі. Бұл көлдің жағасында жайлаудағы елді сумен қамтамасыз ететін бір ғана құдық болған.

Бескөл көлі. Көл бес бөліктен тұрған, кейін қосылып кеткендіктен «Бескөл» атауы сақталып қалған.

Есей көлі. Көшім ханның баласының кісі есіміне байланысты аталған.

Біртабан көлі. Көл көлемі кішкене, адамның бір ізіне ұқсағандықтан аталған.

Саумалкөл көлі. Жел соққан күндері су беті көпіріп, саумал қымыз тәрізді ағарған.

Күркілдек көлі. Жеті өзеннің қосылған жері, сондықтан сарқыраманың шуы алыстан естілген.

Жарқайың ауданының гидронимдері өздерінің жергілікті атауларын сақтап қалған.

Жаркөл – жағалауы жарлы болғандықтан аталған.

Қардыкөл – мүмкін қар суымен толатын шығар.

Барлыкөл – бай, балықты көл.

Сабандықкөл – жағалауы қамысты.

Алакөл – көл бетінің ала-құла көрінуінен.

Қасқакөл – жағалауы жұтаң болуынан.

Балуанкөл – балуанның көлі.

Дамса ауылы. Орыс тіліндегі бір түсінікте атау қазақ тіліндегі Дәмдісу деген сөзден шыққан. Көне көздердің айтуы бойынша, ауыл маңында тастай қатты суы бар бұлақтар көп болған, сондықтан ауыл Дәмсу аталған.

Колутон өзені – бір аңыз бойынша, моңғол шапқыншылығы кезінде, Шыңғыс хан қар ердің алдында мыңдаған әскерін өзеннің арғы жағына өткізуге ыңғайлы жер іздеу үшін барлау отрядын жібереді. Өтетін жерді таңдап, өзен кедергі келтірмейді деп ханға хабарлайды. Шыңғыс хан әскері көп күндер жүріп өзенге таянғанда, өзеннің қар суы еріп, өзен тасып жатқан кез болатын. Шыңғыс хан қаһарланып барлау отрядын теріс мәлімет

әкелгендері үшін осы өзенге батыруға бұйырады. Хан сол жерге лагерь құрады, келесі отряд айналып өтетін жол тапқанша өзен суының арнасы түседі де әскерлер еш кедергісіз екінші жағалауға өтеді. Сол кезден бастап өзен Колутон (моңғол тілінде «көрінбейтін кедергі») аталыпты.

Қоржынкөл. Көл атауы жайында аңыз бар. Жоңғарлар ауылды шауып, ең әдемі бойжеткен Күләшты тұтқынға түсіреді. Күләш үшін шатыр тігеді, жылаған қызды жұбату үшін алдына үйілген алтын қояды. Бостандыққа шығуды аңсаған қыз үйілген алтынның орнына өзінің сүйікті Қоржын түйесі болуын армандайды. Ойы шындыққа айналады, бойжеткен түйеге міне сала құтылуға тырысады. Қуғынды көрген Күләш түйеден түсе сала тауға қашады. Алтын түйе күнге шағылысады, сондықтан қуғыншылар қызды байқамайды. Қызды құтқарған түйе Қоржын алдында кездескен көлге түсіп, батып кетеді. Содан бері көл Қоржынкөл аталады, ал Күләш қашқан тау, аңғар-алтын аталады.

Қазақстанда таным-пайымыңды көріктендіретін һәм тереңдететін, қиял-сезіміңді қанаттандыратын мән-мағынасы сұлу жер-су атаулары жеткілікті. Айталық: Домбыралы, Көркем, Қарлығаш, Оғызбалық, Айғыр ұшқан, Күлегеш (Қарқаралыдағы жартастың аты, бір сөзінді жеті рет қайталайды) және т.с.с.

Я болмаса Ақмола облысында мағынасы кімескіленген «Ей», «Түнтүйгір» дейтін елдімекендер бар. Солтүстік Қазақстан облысының Жамбыл ауданының орталығы Пресновка селосының дәл қасында Пресное көлі бар. 2012 жылы 88-дегі ақсақал соның байырғы атауын айтып бере алмады. Міне, отарлаудың кесапаты. Отарлау саясатының негізінде пайда болған жасанды жер, су, елдімекен атауларын бір қаулымен-ақ келмеске кетіру абзал.

Ақмола облысының Щучье ауданында 60 қазақ отбасы мекен еткен «Новый Қарабауыр селосы» бар. Көзге сүйел, көңілге түрпі. Сол секілді Дмитриевка мен Николаевка. Алғашқысының төл атауы «Ұрымқай», кейінгісі «Аршалы» десе де қонымды. Өйткені, бұл жерде Аршалы өзені ағады.

Ономастика мен көрнекі ақпарат (жарнама) көздің ағы мен қарасындай, халықтың эстетикасы мен интеллектуалдық мәдениетінің көрсеткіші. Дұрыс жазу, әдеби тіл нормасы,

транслитерация, транскрипция ерекше ескерілуге тиіс. Өйткені, ол – елдің маңдайы. Оған ең жақсы, ең таңдаулы, ең салықалы сөз барынша сауатты, көркем жазылуға лайық. Бұл – халықтың шығармашылық әлеуеті мен тіл мәдениетін анықтайды, тарихын танытады. Бабаларымыздың «халық қартаймайды, қара жер қартаймайды» деген сөзі бар. Ендеше, ономастикаға шынайы тарихи көзқарас пен ұлтжандылық қажет.

Бұл жөнінде Батыс Қазақстан облысы Орал қаласында 2015 жылдың мамыр айының 28-29 күндерінде ҚР Мәдениет және спорт министрлігі Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс Комитетінің ұйымдастыруымен «Ономастика және көрнекі ақпарат мәселелері», «Ономастика саласындағы нормативтік-құқықтық актілерді реттеу» дейтін мәселелер бойынша Республикалық дөңгелек үстел өтті. Сөз жоқ, ономастиканың негізгі тармағы – жарнама тілі, көрнекі ақпарат – ұлттық болмыстың эстетикалық бейнесі, тәуелсіздігіміздің айғағы екендігіне айрықша маңыз берілді.

Ономастикада аса күрделі мәселенің бірі – елдімекенге, мектепке, даңғылға, көшеге, әуежайларға, порттарға, теміржол вокзалдарына т.с.с. кісі есімдерін беру. Ел ұғымында белгілі бір адамның байлығы, атақ-дәрежесі емес, ардақты істері, үлгілі, өнегелі дәстүрі мен мектебі, тарихи қызметі (интеллектуалдың өлімі – катастрофа ретінде қабылданатын) – қайраткердің нақты тұлғасын анықтайды. Жапонияда қайраткер бір ғасырдан кейін айрықша назарға ілінеді екен. Қазақ жағдайында кейбіреулердің жасандылықпен дабыра-даңғазамен атағы шыққандарға топырағы суымай-ақ екі өкпесін қолына алып жүгіру әбестік, әдепсіздік. Тарихтың таразысын, таңдауын, талқысын қайда қоямыз?! Бүгінгі күнге шейін Абай «Қазақта Марабайдан асқан ақын жоқ» деп құрметтеген Қобыланды мен Ер Тарғынды ересен көркемдікпен, тереңдікпен толғаған жырауға ештеңе бұйырмаған. Бұған қарап Марабай жырауды ұмыттық деуге әсте болмайды.

Негізінде, кісі аттарын беруде аса сақтық керек. Алдымен, тарихи төл атауларды толық қалпына келтіру қажет.

АСТАНА КӨШЕЛЕРІНІҢ АТАУЛАРЫ – ҚАЛА ТАРИХЫНЫҢ ШЕЖІРЕСІ

АРТЫҚБАЕВ Ж.О.

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті.
Астана қаласы*

Аннотация. Статъя посвящена изучению наименований улиц города Астаны с исторической позиции. В ней показано, что названиях улиц столицы есть история города, которая раскрывается благодаря историческим фактам.

Abstract. The paper a imstogive a comprehensive analysis of street naming in Astana. The author comes to conclusion, that all street names connect with the past and present history of Astana.


Қазіргі Астана көшелерінің атауы қазақ халқының ұлан-байтақ жерінен, ғасырлар қойнауына кеткен тарихынан, ерекше далалық мәдениетінен, халық жадында ізі қалған белгілі тұлғаларынан мол ақпарат береді. Тәуелсіз мемлекеттің астанасы солай болуы да керек, себебі Астана – қазақ елінің жүрегі, ақылы және тарихи санасы! 1997 жылдан бастап Астана мен оның аймағында 800-ден артық жаңа атаулар пайда болды. Тіпті өзгесін айтпағанда, қазақ халқының аяулы да қаһарман қыздарының аты осы тізімде қомақты орын алады: Баян сұлу, Қыз Жібек, Күйші Дина, Айша бибі, Ақжүніс, Ақын Сара, Мәриям Жагорқызы т.б. Қандай тамаша! Қазіргі Астана көшелері мен алаңдары қазақ тарихы мен мәдениетінің көрнекті оқулығы сияқты. Бұрынғы Коммунистический, Социалистический, Инициативный, Перспективный, Угольный, Дорожный, Суворова, Герцена сияқты не ұлтқа, не осы аймақ тарихына еш байланысы жоқ атаулар ұмытыла бастады.

Дегенмен Астана тарихынан еш ажыратып ала алмайтын атаулар да бар екенін ескергеніміз жөн. Әр астана өзінің тарихымен мақтанады, ол тарих неғұрлым тереңге кетсе, соғұрлым бәйтерек биік болмақ. Бұл жағынан келгенде, Есіл мен Нұра арасындағы

тарихи ескерткіштер мыңдаған жылдық тарихымыздың куәсі десек болады. Олардың ішінде ғұн дәуірінен дерек беретін Тайтөбе кешені, оғыз дәуірімен байланысып жатқан Бұзоқ пен Бытығай, Алтын Орда империясының далалық орталықтарының бірі – Орманбет қаласы, одан қалды Әз Тәукенің жазғы ордасы қонған жер – Күйгенжар бар. Енді бір қызық тақырып – Астананың өз көшелерінің тарихы. Батыс Еуропаның астаналарының тарихындай біздің жыл санауымызға дейін жалғасып кететін көшелер болмағанымен, бізде бірнеше жүз жылдық тарихы бар көшелерді табуға болады.

Біз бұл мақалада астананың ескі орталығында әрқайсысының өзіндік тарихы бар бірнеше көшемен оқырманды таныстырамыз. Әрине, оқырман өз бетімен әрі қарай талпыныс қылып зерттеймін десе өз еркі, қалай болғанда да біздің ақпарат осыған түрткі болғанына тек қуанамыз. Басқасын айтпағанда, бүгінде он-он бес жыл осы қалаға кіндігі байланып қызмет жасап жүрген азаматтардың өзіне де қала көшелерінің тарихынан аз да болса мәлімет алса артық болмас деген пікірдеміз. Қалай дегенмен келімді-кетімді қонақтар бар, өсіп келе жатқан жас өрендер бар, астаналықтардың өзінің өмір сүріп жатқан ортасының тарихын білгені дұрыс емес пе? Қала көшелері туралы тарихи ақпарат ішкі туризм саласына жауап беретін, не тікелей қала бойынша саяхатты ұйымдастырып жүрген жолбасшылар үшін аса керек деген пікірдеміз. Себебі бұл – қазақ ономастикалық кеңістігінің бір компоненті, тіл саясатының көзге көрінер тұсы.

Қазіргі Астана қаласының іргетасы XIX ғасырдың 30-шы жылдары ежелгі заманнан бері келе жатқан сауда бекетінің орнына қалана бастады. Әуел баста Қараөткел атымен белгілі бұл қоныс жан-жағында мұнаралары бар, терең ормен қоршалған қорғаны бар, онша көлемді емес еді. Ол қазіргі күні солтүстігінен Кенесары, батысынан Сарыарқа, шығысынан Бөкейханов, ал оңтүстігінен Есіл өзені шекаралаған алаңда орналасқан.



1 сурет – Өрт сөндіру мұнарасы

Бұл бекініс қорғанның ішінде көше болған жоқ. Біздің қолымыздағы сызбада, ең алдымен, «Часовня» көрсетілген. «Часовня» деген шіркеу деуге келмейді, бірақ шіркеуді алмастыратын кішкентай христиандық ғибадатхана десек дұрыс. Екінші құрылыс – сот палатасының ғимараты. Үшіншісі – қазақтар «дуан» деп атайтын округтың басқару аппараты орналасқан кеңсе. Төртінші құрылыс – лазарет, яғни ауруларды емдейтін шағын емхана, ал бесінші құрылысты сызбада «острог» деп атайды, бұл қазіргі қазақ тіліне аударсақ – түрме. Бекіністің қамалдарына қатарластыра әскери адамдар тұратын казармалар орналасқан. Бұлардың басқа бекініс ішінде округтік дуанның қызметкерлеріне арналып салынған бірнеше тұрғын үйлер де болды, бірақ оларды арнайы көше деп атауға еш негіз жоқ.

1840 жылдары, бір жағынан, сауданың дамуына, екінші жағынан, Кенесары көтерілісі жеңіліс тапқаннан кейін далалық алқапта бейбітшіліктің орнауына байланысты бекіністің маңында құрылыстар салу басталды. Оның ішінде бекіністің батыс жағында Ақмола дуанының алғашқы аға сұлтаны Қоңырқұлжа Құдаймендіұлының өзіне деп салған үйі және мешітті ерекше атап көрсетуге тиістіміз. Қараөткелдің алғашқы мешіті қазіргі Иманов көшесінің Бөкейханов көшесіне жақындаған тұсында салынған. 1840 жылдары мешіт салынған кезде ол жерде бірнеше

ғана үй болатын. Биіктеу жерге салынған мешіттің мұнарасынан Қараөткелге керуендер келгенде арнайы азан шақырылып, саудагерлердің амандығына деп дұға оқылатын. XIX ғасырдың соңына қарай мешіт салынған көше тарихи құжаттарға Мечетная болып еніп кетті.

Қараөткелдің алғашқы көшесі деп біз қазіргі Кенесары көшесін атауымызға болады. Себебі бекініс салынып, дуан ашылған уақытта Есіл өзенін Қараөткелден кешіп өткен керуендер бекініс қорғанының қас бетіне жақындап келіп түсіп, түйелерін шөгеріп, шатырларын тігіп, саудаларын жасай беретін. Кейін осы көше Үлкен Базар көшесі атанды. Қазіргі «Конгресс-Холл» XIX ғасырдың соңына дейін базардың қайнаған ортасы болатын. Патша үкіметі құлаған соң 1922 жылы Үлкен Базар көшесін Қараөткелдің зиялы қауымы Кенесары көшесі деп атады, бірақ Кеңес үкіметі күшіне кірген кезде большевиктер ол көшені Кенесарыдан тартып алып, Карл Маркстың атына берді. Қазақстан тәуелсіздігін алып, Астана Қараөткелге келген соң бұл көшенің бағы жанып, Кенесары өз атауын қайтарып алды. Қарап отырсаңыз, тарих деген ғажап бір құбылыс, шыр айналған замана көші Архимедтің спиралі сияқты, дәл орнына келмегенімен қайталап өзінің ізін шиырлап отырады.



2 сурет – Орталық көшелердің бірі

Бұл жерде бір кішкене ескертпе айта кеткен жөн. XX ғасырдың басындағы тарихи құжаттар мен әдебиетте Кенесары көшесінің Казачья слободкадан бастап Желтоқсан көшесіне дейінгі тұсын Театр көшесі деп те атайды. Желтоқсан Кеңес заманында Комсомольская көшесі, патша заманында көпшілік Думская деп атаған. Көп заман Қараөткел көшелері атсыз болғаны белгілі, шағын қала болғандықтан, көшелерге арнайы ат қойылмаған. Сол жерде қандай белгілі ғимарат бар, оның қоғамдық қызметі қандай, алғашқы атаулар сол белгілер бойынша қалыптасқан.

Екінші көше – Кіші Базар алаңы. Бұл алаңды Үлкен Базар көшесіне қанаттас алаң десек те болады. Қазіргі күні де бір жағынан Бейбітшілік көшесі кесіп өтетін өте әдемі алаңдардың бірі – осы Кіші Базар. Егер құрылыс есебімен айтсақ, Конгресс-холлдан бастап ескі Парламент үйіне, қазір Қазақстанның мемлекеттік Басқару Академиясы, Спорт және туризм агенттігі т.б. орналасқан ғимаратқа дейінгі жер. Кеңес үкіметі жеңгеннен кейін Кіші Базар алаңын Луначарский атына беріп, сол жерден басталатын көшені Пролетарская, кейін бір уақыт Мир деп атады, қазіргі уақытта бұл көше Бейбітшілік көшесі деп аталады.



3 сурет – Орталық көшелердің бірі

Осыған байланысты тағы бір ескерте кететін мәселе бар. Патша заманындағы әдебиетте Кіші Базар алаңының екі қапталы болғаны айтылады, оның бір қапталы Керуен Сарай (*Гостинодворская*) аталғаны белгілі, екіншісінің Кеңес заманында Пролетарская көшесі атанғанын есте сақтаған дұрыс. Пролетарская көшесі кейін Мир көшесі болып, ал тәуелсіздік тұсында Бейбітшілік деген атауға ие болды. Сонымен, Қараөткел көшелерінің тарихы осы аталған екі көшеден басталады.

Деректерге қарағанда, XX ғасырдың басында осы аталған екі көшеден басқа тағы да жеті көше болған. Олар – Жағалау (*Береговая*), Татар, Хлебников, Училище (*Училищная*), Шіркеу (*Церковная*), Жаңа (*Новая*) және Дала (*Степная*) көшелері. Әрине, бұл жерде әңгіме қаланың орталық бөлігінде белгілі бір тәртіпке бағынған көшелер туралы, ал тәртіпке бағынбаған, қалай болса солай, қиқы-жиқы салынған көшелер де аз емес. Олардың ішінде қаланың екі қапталындағы слободкалар, казак-орыс станицасы, қазақ жатақтарының үйме-жүйме қоныстары, т.б. бар. Өзінің реті келгенде Ақмоланың слободкалары мен жатақтары туралы жеке бір мақала дайындаймыз.

Ақмола қала атағын 1860-жылдары алғанымен, өзін қала сезіне бастағаны тек XX ғасырдың басы ғана, оның өзінде де 1903 жылы Қараөткелде болған П. Головачев қаланы былай деп сипаттайды: *«Областной город Акмолинск, или Акмолы, основан чисто по стратегическим соображениям для удержания в повиновения казахов, кочевавших по Ишиму. Город окружен с одной сторны целой сотней ветряных мельниц... Он состоит из трех главных частей, отделенных одна от другой громадными пустырями, из которых один называется Базарной площадью (бұл жаңағы айтылған Конгресс-Холл маңы – Ж. А.). На видном месте, на одной площади с собором, думой и гостиным двором находится острог, квадрат в 20 сажень по сторонам, огороженный «палями» (заостренными бревнами) сажени на три высотой»* [1, 340]. «Острог» деп орыстар сол кездегі түрмені атайды. Бір қызығы, түрме сипаттамаға қарағанда қазіргі қала әкімшілігі (бұрынғы Александро-Невский соборы), М. Горький атындағы орыс драма театрының үйі (*Қалалық басқарма - Дума*), Сине-

Темпоре дүкенінің (*Керуен Сарай - Гостинный двор*) арасындағы ең орталық деген алаңға орналасқан болып шығады.

Қараөткелдің көшелері туралы П. Головачев былай дейді: *«Улицы Акмолинска, конечно, не освещаются. Несколько фонарей горят только у больших магазинов для лучшей охраны от воров. В обычное время эти широкие и длинные улицы никогда не подметаются, хотя и унавожены гораздо лучше крестьянских полей в центральных губерниях; их очищают ветры, часто поднимающие тучи пыли и затхлого навоза. Если летние ветры выметают городские улицы, то зимние бураны прекращают всякое сообщение. Трудно представить себе всю силу и весь ужас степных буранов: ничего не видно и не слышно буквально в двух шагах... Бураны в Акмолинске прекращают сношения даже между соседними домами: отойти в буран вечером в сторону от своего дома-значит рисковать жизнью. ...В обширных акмолинских дворах во время буранов протягиваются веревки, держась за которых только и можно добраться до службы, не рискуя заблудиться в собственном дворе».* Қазіргі күні де қыс кейде қаһарына мініп, әжептеуір борандатып тұрады, бірақ бұрынғы аққала болып жататын қар, алай-дүлей борандар қайда?!

Астананың ескі көшелерінің ішінде Абай көшесі ерекше орын алады. Осы көшенің бойын асықпай араласаңыз, қала тарихының талай тамаша ескерткіштерін көресіз. Басқасын айтпағанда, кезінде Ақмоланың ең бай көпесі Нүркей Зәбировтің қаражатына салынған Жасыл мешіттің шарбағы неге тұрады? Бірақ патша заманында татарлар көп қоныстанған бұл көше Мешіт көшесі емес, Шіркеу көшесі атанды. Себебі Ресей империясы христиандық империя болды, екіншіден, көшенің Есіл жағында христиандардың Александро-Невский соборы тұрды. Кеңес үкіметі орнағаннан кейін Қазан төңкерісінің үш жылдық тойының құрметіне Ақмола қалалық уездік исполкомының 1920 жылдың 11 желтоқсанындағы шешіміне сәйкес бұл үлкен және көркем көшеге күн көсем Ленин аты берілді. Қазақстан астанасының көшіп келуімен байланысты 1997 жылдың 5 қарашасында көшенің атауынан Ленин аты алынып, Абай аталды.

Бұрынғы Қараөткелде Новая аталатын көше болғанын біз білеміз бе? XX ғасырдың басында бұл көше расында да жаңа болды, себебі осы қысқа көше Степная (*қазіргі Сейфуллин көшесі*) және Церковная (*қазіргі Абай көшесі*) аталатын ескі көшелердің арасынан салынды. Кеңес үкіметі орнағаннан кейін біраз жыл бұрынғы атымен жүрген көше большевиктердің көзінің құрты болды. Ақыры ескі құрылыстары көп әдемі көшелердің бірі Сталин атына берілді. 1967 жылы Қазан төңкерісінің 50 жылдығын тойлауға дайындық кезінде және кеңестік тоталитаризм мен жеке басқа табынушылықты әшкереулеу, репрессия құрбандары туралы шындықтың айтыла бастауына байланысты «мұртты көсем» Сталин аты ұмытылып, көше «50 лет Октября» аталды. 1997 жылы 26 маусымынан бастап бұл көше қазақтың атақты театр қайраткері Жақып Омаров атымен аталады. Қараөткелдің XX ғасыр басындағы тәртіпті көшелерінің бірі осы көше болған. Қараөткелдің ескі ғимараттарымен танысамын деген азаматтар Жақып Омаров атындағы көшемен аз ғана серуен жасаса болғаны, көз алдыңызға XIX ғасырдың соңындағы уездік қала келе қалады.

Қараөткелдің ескі көшелерінің бірі Степная деп аталады. Көп заман бұл көше қаланың қыр жағындағы шеткі алқабы болды. 1838 жылы мамыр айының соңына қарай Ақмола дуанын шаппақ болған Кенесары әскерінің «Ұлы қол» аталатын орталық бөлігі қазіргі Сейфуллин көшесінің бойында топтасқан. XX ғасырдың басында да қырдың қазағы қалаға осы қас бетінен келетін. О. Головачев жазбаларына қарасак, қаланы мекендейтін де, күнделікті келіп-кетіп жүретін де қазақ аз емес: *«Хотя главная, значительнейшая часть населения Акмолинска состоит из русских казаков и мецан, однако при первом взгляде кажется, что казахи и вообще инородцы преобладают в этом степном городе: казахи и толпами и в одиночку галопируют по улицам, поднимая целые столбы пыли, толкуются на базарной площади, наполняют лавки и магазины, камеры обоих мировых судей, уездное управление; всюду слышится казахская речь. Множество казахов ежедневно является в город с кумысом, за покупками и для продажи степных продуктов; кучерами и работниками*

служат почти исключительно казахи и беспрестанно гоняют на водопой целые табуны лошадей.

Степная (Қыр) көшесі Кеңес заманында алдымен большевик Урицкий атына берілді де, кейіннен «Революционная» деген атпен белгілі болды. Білетіндер бұл көшенің көп бөлігін ертеден қазақ жатақтарының жаман жер кепе үйлері алып жатушы еді дейді. Бұл көшенің үйлері қиқы–жиқы қазақи тәртіпте болғанымен, көлік қозғалысына ыңғайлы көшелердің бірі болған екен. Қазіргі қаланың негізгі артерияның біріне айналған бұл көше қазақтан шыққан алғашқы большевиктік қайраткерлердің бірі, 1920 жылдардағы өтпелі және ауыр біраз жыл мемлекетті басқарған, атақты ақын және қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллин атында. Сәкен және Қараөткел тақырыбы – жеке бір мақаланың жүгі.

Астана тарихына қатысты ғылыми және көпшілік әдебиетте қала көшелеріне қатысты толып жатқан қателіктер орын алған. Соның бір мысалы, қазіргі М. Әуезов атындағы көшенің патша заманындағы аты Степной еді деу. 2008 жылы жарияланған «Ақмола» энциклопедиясын құрастырушылар «Степной көшесінің фрагменті» (қазіргі Әуезов көшесі) [2, 66] деп осы қателіктерді бекіте түседі. «Степной» - біз жоғарыда жазғандай, қазіргі С. Сейфуллин атындағы көше. Ақмола өңірінде Кеңес үкіметін орнатуға ерекше еңбек сіңірген қазақтың ұлы жазушыларының бірі, қоғам қайраткері С. Сейфуллин туралы әңгіме бөлек. 1915 жылғы К. Шаховтың түсірген фотосуреттеріне негіздеп, М. Әуезов көшесін «Центральный» деп атау да әдебиетте кездеседі. Осы атауды қабылдаған жөн сияқты. Қалай болғанда да жергілікті өлкетанушылардың бұл бағытта атқаратын жұмыстары баршылық. Бұл жерде біз фотограф «центральный» дегенді шартты түрде қолданды деп есептейміз. Кезінде өлкетанушы А.Ф. Дубицкий де қазіргі Абай көшесін «Центральный» деп атағаны белгілі.

XX ғасырдың басында құжаттарда Қараөткелдің маңызды көшелерінің бірі деп Хлебников көшесі аталады. Хлебников – кезінде осы қаланың басшысы болған адам, бірнеше үйі бар ірі көпес, оның бір қабатты ағаш үйі 1987 жылға дейін тұрған. Біздің ойымызша, осы Хлебников көшесінің қазіргі М. Әуезов атындағы

көшеге қатысы бар. Себебі Кеңес үкіметі орнамай тұрғанда, Хлебников көшесінің Центральныймен қиылысатын тұсы өте белсенді болған делінеді. Біздің жорамалымызды 1920 жылы 11 желтоқсанда Ақмола қалалық және уездік исполкомының ХлебниковкөшесіОктябрьскаяболып аталсын деген шешімі бекіте түседі [3, 270]. Ендеше біз Қараөткел көшелерінің орналасуында бір гәп бар деп ойлаймыз, мүмкін көптеген көшелердің әлі нақты көше болып қалыптаспай, алаң сияқты болғандығынан шығар. Егер біз Хлебников көшесін қазіргі Ә. Бөкейханов көшесі дейін десек, оның бұрынғы аты белгілі – Торговая, яғни Сауда көшесі. Ә. Бөкейханов көшесі бекіністің күншығыс қабырғасына орналасқан, бекініс орнаған алғашқы кезеңде сауда осы жерде жүргізілуі заңды және бұл көше Үлкен Базар көшесімен жақсы қиылысады. Бірнеше деректерді салыстыра отырып біз бұрынғы Хлебников көшесі кеңес заманында Социалистическая атанып барып, тәуелсіздік жылдары Мырза Хайдар Дулати атын алған шағын көше деп шешімге келдік.

1920 жылғы қалалық исполкомның шешімімен өлкетанушылар Центральная, ал біз Хлебниковке де қатысы бар деп отырған көше Октябрьская атанды. Патша заманының өзінде тәртіппен салынған, табанына тас төселген көше орталықтан басталған бетінде Вокзал алаңына дейін барады. Оның шартты түрде орталық атануына да осы себептер әсер еткен болуы мүмкін. Қалай болғанда да кезінде Қараөткелдің басты көшелерінің бірі аталған бұл көше 1997 жылдан бастап қазақтың ұлы жазушысы Мұхтар Әуезов атында.

Қала біртіндеп қазіргі Республика көшесіне қарай өскені белгілі. Түбінде Центральный көшесі қазіргі Республика көшесі болуға тиісті еді. Бір қызығы, 1920 жылы көше атауларына өзгерістер енгізген кезде, М. Әуезов көшесімен қатарлас көшенің «Республиканская» атын алғаны белгілі, бірақ тың игеру кезінде Республика атын қазақтар ұмыта берсін деген саясат па, әйтеуір бұл көше Целинный аталып, қаланың ең басты магистраліне айналды. Тек тәуелсіздіктің келуімен ғана 1997 жылдың 28 тамызында Республика өзінің байырғы атауын Целинныйдан қайтарып алды.



4 сурет – Астана қаласы көшелерінің алғашқы кезеңдегі көрінісі

Енді бұл көшенің темір жол және автовокзалдарға барып жалғасатын төменгі жағы туралы. Тәуелсіздік келгенге дейін ол көшенің Пушкин атында болғанын жергілікті халық жақсы біледі, бірақ Пушкиннің патша заманындағы аты белгісіз. Тарихи құжаттардан біз ескі Қараөткелде Больничная деген көшенің болғанын білеміз. А.Ф. Дубицкий Больничная көшесінің Пушкин атына берілгенін жазады. Сонымен бірге 1920 жылғы көше атауларын өзгерту туралы шешім құжаттарда Больничная көшесінің Красноармейская болып аталғаны туралы мәліметтер жүр. Басқа бір деректерде Красноармейская көшесінің патша заманындағы атауы Солдатская болған дейді. Шын мәнінде, Больничная ма, әлде Солдатская ма, анықтауды қажет етеді. Красноармейская көшесі 1998 жылы қазақтың ірі қоғам қайраткері, заманында Түркістан республикасын басқарған Тұрар Рысқұлов атын алды. Бізге Қараөткелде бірнеше емханалар болуына байланысты «Больничная» аты да бірнеше жерден кездесу мүмкіндігі туралы ой келеді. Мысалы, қазіргі Республика мен Ә. Жанкелдин көшелерінің қиылысында С. Кубриннің ауруханасы аталған қызыл үй тұр. Бұл кезінде тек

ауқатты адамдарға арналған, 16 жатын орны бар, ерекше ғимарат болған. Аңыз сияқты әңгімелерге қарағанда, 1880 жылдары көпес С. Кубрин өзінің Мәскеуде медициналық білім алған жиеніне арнап салған. Осы заңдылықты мойындасак, онда патша заманындағы бір Больничная көшесі кейіннен Пушкин атын алды да, екіншісі Кеңес заманында Красноармейская деген атпен белгілі болуы мүмкін. Сонымен бірге Солдатская көшесі туралы да деректер жинау керек. Осыдан бірнеше жыл бұрын Пушкин көшесі басқа жаққа қарай қоныс аударып, ескі қаланың орталық бөлігін оңтүстіктен солтүстікке кесіп өтетін магистраль түгелдей Республика атанғаны Астананың қазіргі тұрғындарына белгілі.

Қараөткелдің ғажап әдемі көшелерінің бірі – қазіргі Желтоқсан көшесі. Бір жағынан, ескі қаланың орталық бөлігінде, екінші жағынан, бұл көшенің бойында ескі құрылыстар көп. Тарихи құжаттарға қарасақ, әуел баста бұл көшеде қалалық басқарма орналасқандықтан, жергілікті халық «Думская» деп атаған. Қалалық басқарма үйі әлі де сақталған. Желтоқсан көшесінің бойындағы М. Горький атындағы орыс драма театрының әкімшілік ғимараты орналасқан қызыл кірпіштен салынған құрылыста кезінде Ақмола қаласының басқармасы кеңес құрған. Деректерге қарағанда, қалалық думаның сайлауы бірінші рет 1894 жылы өткізілген. Алғашқы қала басшысы болып Д.Л. Филатов сайланған делінеді. Жалпы, XIX ғасырдың соңы XX ғасырдың басы – қала құрылысының өте қарқынды жүргізілген кезеңі. Бұл уақыттың жемісі деп тек көпестік үйлерді ғана емес, сонымен бірге қалалық қазынаның қатысуымен салынған оқу орындарын, ауруханаларды, Керуен Сарайды, т.б. атауға болады. Кеңес үкіметі орнағаннан кейін, бір жыл өткен соң, яғни 1920 жылы бұл көше Коммунальная деген атақ алды, кейіннен Комсомольская атанды, қазір Желтоқсан көшесі.

Астананың ескі көшелерінің бірі – Торговая. Осы көшенің қазіргі Әуезов көшесімен қиылысында екі қабатты кірпіш үйде «Сибирский торговый банк» орналасты, ал оның төменгі қабатында ағайынды Егоровтардың ұйымдастырған «ренский погреб» деген ассортиментінде қымбат шараптар мен жеміс-жидектері бар көңіл көтеру орны болды. Торговая

көшесі, расында да, сауданың орталығы болды. Сол себепті патша заманында осы көшенің орталық тұсы көпестің атымен Хлебников деп аталуы тегін болмас. Ол кезде көшелерде белгілі бір атау, оны нақтылайтын тақтайша болмаған. Егер ол жердегі үйлердің ішінде ең көрнектісі Хлебниковтың үйі болса, көше Хлебников деп, ал қалалық басқарма болса, ол көше Городская Дума атанатын. 1920 жылы Торговая да, Хлебников те аттары өшіріліп, көше атауын В.И. Лениннің жас ізбасары Бухарин иеленді. Ол кезеңде билікті жаңа қолына алған большевиктер эйфориядан естері шығып, ретті-ретсіз бүкіл Ресей империясы аумағында өз аттарын тираждай бастаған еді. Тоталитаризм күшіне кірген соң репрессиялар басталды, «партияның сүйіктісі» атанған Бухарин ауыр азапталып өлтірілді. Большевиктер екіге жарылды, заманында «Кеңес үкіметін орнатқан біз» деп кеуде қағатын ескі большевиктердің көпшілігі жазалауға ұшырады да, тек Сталиннен басқа ешкімді білмейтін большевиктердің жаңа өскін буын келді. Осылайша, Қараөткел қаласынан Бухарин аты жойылып, оның көшесі қазақ баласы өңі түгілі, түсінде де көрмеген америкалық итальян текті жұмысшылар Сакко мен Ванцетти атына берілді. Қазіргі уақытта қаланың орталық бөлігіндегі бұл кішкене тарихи көше Алаш қозғалысына басшылық жасаған қазақтың ұлы азаматы Әлихан Бөкейханов атында.

Қараөткел Қараөткел болғалы белгілі ескі көшелердің бірі – қазіргі Амангелді Иманов көшесі. Қазіргі күні Ащы өзектен (*Соляная балка, Ақбұлақ*) басталып, ащы ішектей созылып, ескі орталыққа дейін келетін көше кезінде Мешіт көшесі атанған, орыс тілді құжаттарда Мечетная делінеді. Қараөткелдегі алғашқы қазақ мешіті 1840 жылдардың басында салынғаны белгілі, осы мешіт көшеге де бастама болды. 1920 жылы бұл көше татар азаматы Уахитов атын алды. Шын мәнінде, мешіттің өзі де, оның көшесі де қазақ мол қоныстанған жерге орналасқан еді. Қазіргі есеппен қарасақ, бұл – Амангелді Иманов көшесінің Ә. Бөкейханов көшесіне жақындаған тұсы. Осы көшенің бойында ертеде ХІХ ғасырдың 40 жылдары Қараөткелдегі алғашқы мешіт салынғаны, оның 1920 жылы жанып, орнына қазақтың алғашқы ірі кәсіпкер отбасыларының бірі Қосшығұловтардың кірпіштен

қалап жаңа мешіт көтергені туралы біз келесі бір мақаламызда әңгімелейміз.

Қараөткелдің ескі көшелерінің бірі – Училищная. Көшенің «Училищная» атану себебі қалалық Думаның бастамасымен ашылған ер балаларға арналған училищеге байланысты. Бүгінгі күні кезінде қала сәулетіне тамаша көрік беріп тұрған училище ғимараты сақталмаған. Орналасқан жері – Т. Бигелдинов көшесінің Бейбітшілікпен қиылысатын тұсы. Училищная көшесінің бойында Керуен сарайдың артына қарай қазіргі қалалық әкімшілікке қарама-қарсы салынған «Мүгедектер үйі» Кеңес заманында «Ішкі түрме» атанған. Қазіргі күні Кеңес Одағының екі мәрте батыры, ұшқыш Талғат Бигелдинов атындағы бұл көше Есіл жағалауынан басталып ескі алаңға дейін барады. Кеңес заманында әкімшілік орталықтар көп орналасқан бұл көше әуел баста Орджоникидзе, кейін Коммунистическая атанған екен.

Ескі алаңда қазіргі Астана қалалық әкімшілігі мен Сине Темпоренің ортасынан өтетін көше одан әрі Кеңес заманында салынған құрылыстармен үзіледі де, оның шығыс жақ жалғасы Отырар атанып кетеді.

Астанадағы ескі көшелердің бірі - қазіргі Жеңіс даңғылы. Бұл көшенің басы тура ескі бекініс қорғанынан басталғандықтан, алғашқы бетте Крепостная атанғаны белгілі. Қазіргі уақытта Кеңесары мен Жеңіс қиылысатын тұстағы Кеңес заманында салынған ескі стадион бекіністің қас бетіндегі мұнараның орны. XX ғасырдың басында бұл көше біраз уақыт Казначейства атанды, себебі сол кезеңдегі әдемі құрылыстардың бірі Казначейство үйі болатын. 1920 жылы көше Бостандық (*Свобода*) деген атау алды, кейін келе Победы атанды, қазіргі күні астананың ескі бөлігін оңтүстіктен солтүстікке қарай кесіп отырып Вокзал алаңына дейін баратын бұл ірі көше – Жеңіс даңғылы.

Қараөткелдегі тағы бір ескі көше Станичная аталады. Бұл жердегі мәселе, қазіргі уақытта ескі қаланың шығыс қапталында орналасқан Константин-Елена шіркеуі сол Казачья станицадан қалған жалғыз ғана белгі. 1920 жылы горуезд исполком шешімімен Станичная большевик Кашириннің атын алды.

Кейін Каширин халық жауы болып атылғаннан кейін көшеге Сталиннің сенімді серігі Буденныйдың аты берілді. Қазір 1997 жылғы 5 қарашадан бастап Қараөткелдің ескі көшелерінің бірі оғыз дәуірінің атақты жырауы Қорқыт ата атында.

Ескі Қараөткелден сақталған сәнді архитектуралық жәдігердің бірі Константин-Елена шіркеуі осы Қорқыт көшесіне орналасқан. Қорқыт көшесін қиып, Республикамен қанаттас, бірнеше кварталға созылған Мәлік Ғабдуллин атындағы жіңішке көше де ескі заманның ескерткіштеріне бай.

Тарихты ақтарып қарай берсеңіз, қазіргі Қазақстанның астанасы болып отырған бас қаламыздың тарихы жүздеген жылдар бойы қойнына бүккен талай әңгімесін ақтарады. Қаланың тарихи бөлігінде орналасқан әр көшенің өзіндік ерекше тарихы бар, тіпті әр көше сайын бір кішкене мұражай ашсаң да артық болмас. Мысалы, қаладағы Есіл жағасына таяу әдемі көшелерінің бірі Ирченко аталады. Бұл – кезінде Колчак диктатурасына қарсы атақты Атбасар көтерілісін (*Маршинское восстание*) ұйымдастырған азаматтардың бірі. Ал енді осы Ирченко көшесі патша заманында қалай аталды екен деп іздестірсеңіз, Почтамтская болып шығады. Алғашқы почтамттың әдемі бір қабатты ағаш үйі қалада бертінге дейін тұрған және бір қызығы, оның өзі бірнеше тарихи кезеңдерден тұрады. Алғашқы пошта бөлімшесі 1860 жылы Есілдің жағасындағы қазіргі Ирченко көшесіндегі Япушиннің ағаш үйінен басталса, кейін ол жоғарыда аталған Станичная көшесі мен Үлкен Базардың қиылысқан жерінен орын тепкен. Осы жерде пошта бөлімшесінің С. Данияровтың екі қабатты асты кірпіш, үсті ағаш үйін арендаға алғаны белгілі. Кейін Ақмола почтамты қазіргі Абай көшесіндегі өздеріне арналған екі қабатты кірпіш үйге көшті. Бұл үй Абай көшесінде әлі де сақталған, бұрынғы «Октябрь» кинотеатры, қазіргі «Ақ сұңқар» мейрамханасының сол жақ қатарында.

Қараөткелдің ескі көшелерінің бірі патша заманындағы Мещан, кеңес заманындағы Гражданская (*Делегатская*) атанған көше, ал қазіргі заманда Сарыарқа даңғылы аталады. XX ғасырдың басында қаланың ең бір тәртіпті, әдемі деген көшесі «Береговая» кеңес заманында Интернациональная көшесі

аталды, қазір қазақтың арқалы ақыны Мұқағали Мақатаев атында. Қалада XX ғасыр басында Гостинодворская (*Керуен сарай*) алаңы керемет даңқты болатын, кеңес заманында ол алаң Луначарский атына берілді, кейін белгілі атауы болған жоқ.

Старая көшесі, өзінің аты айтып тұрғандай, ескі көшелердің бірі. Кеңес заманында, алдымен, Народная аталды, кейін большевик қайраткерлерінің бірі Кировтың өлтірілуіне байланысты Киров көшесі атанды. С.М. Киров 1930 жылдары Ақмола өңіріне келген және оның осы келуі көп заман қазақ тарихшылары мен өлкетанушылары үшін басты тақырып болды. Қала бертіңгі уақытта қауырт өскен уақытта бұл көшенің көп бөлігі Әуезов пен Жеңіс арасындағы үйлердің астында қалды. Қазіргі уақытта Кировтан сақталған бірнеше құрылысты көруге болады. Кеңес заманында үлкен көшелердің бірі саналған Социалистическая қазір Мырза Хайдар Дулати атында, Кенесары мен Баянауыл көшелерінің арасында. Қазір Баянауыл - бұрынғы Куйбышев көшесі. Большевик Авдеев көшесі Ш. Уәлиханов атында. Кеңес заманында даңқты Пятилетка – Бөгенбай батырдың атында. Бұл аталған үлкен көшелер тәуелсіздіктің арқасында қазақтың ұлы тұлғаларының даңқын паш етіп тұр. Ақмолада Кеңес заманындағы соңғы ірі құрылыстар қаланың шығыс бөлігінде салынды. Сол кезеңде пайда болған Студенческая даңғылы қазір Абылай хан атында, бір ғажабы Абылай хан мен Кенесары бір-бірімен жалғасып жатыр. Екеуін бөліп тұрған атақты Ащы өзек (*Шұбардың жары, Соляная Балка, Ақбұлақ*).

Әдебиеттер:

1. Головачев П. В степном крае //Азиатская Россия. Иллюстрированный географический сборник. – Москва, 1910.
2. Астана. Энциклопедия. – Астана, 2008.
3. Алпысбаева Г. Астана в новое и новейшее время. – Астана, 2008.

НОМИНАТИВНАЯ ПОЛИТИКА ГОРОДА: ДИСКУССИОННЫЕ ВОПРОСЫ И СОВРЕМЕННЫЕ ПОДХОДЫ К РЕШЕНИЮ ПРОБЛЕМ

*ЖАРКЫНБЕКОВА Ш.К.
Евразийский национальный
университет им. Л.Н. Гумилева
г. Астана*

Аннотация: Статья посвящена вопросам номинативной политики города, в ней рассматриваются различные подходы к решению дискуссионных вопросов номинативной практики.

В последние десятилетия языковой облик современного города все больше и больше привлекает внимание лингвистов. Изучаются общие и культурно-специфические характеристики городских наименований. Наименования городских объектов, с одной стороны, подвержены активным изменениям, с другой, они являются языковыми единицами, обладающими способностью к хранению своеобразных языковых и культурных традиций. Осуществляется структурно-семантический анализ номинативных единиц в пределах одного города или их сравнительно-сопоставительный анализ на материале разных городов, рассматриваются общие принципы образования ономастических единиц и т.д. Антропоцентрический подход к изучению городских наименований обусловил рассмотрение его сквозь призму когнитивной деятельности человека. Номинативная единица рассматривается не столько как единица языка, сколько как ментальная единица, что связано с необходимостью выявления особенностей категоризации номинаций. Это в свою очередь позволяет сформировать целостное представление об особенностях структурной организации ономастической картины мира.

Языковые реалии региона, города или села требуют обычно дифференцированного подхода в осуществлении номинативной политики. В то же время каждая территориальная единица

является частью единой общегосударственной стратегии, а языковые процессы, происходящие в отдельно взятом регионе или городе отражают некие общие закономерности.

В современной лингвистической науке существует большое количество классификаций, цель которых систематизировать названия, определить различные подходы к их изучению, выявить общую концепцию. Многие классификации остаются спорными и противоречивыми в связи с большим разнообразием ономастических явлений и их различными параметрами.

Цель данной статьи — рассмотреть различные подходы к разрешению дискуссионных вопросов номинативной практики.

Изучая ономастическое пространство, исследователи обычно останавливаются более детально на отдельном его сегменте - топонимической системе урбанонимической, эргонимической и др., выявляя различные классификации, принципы номинации. К примеру, А.С. Щербак, исследовав урбанонимическую систему города Тамбова, выделяет такие важные принципы ее построения, как ***преобразование, мультипликация, проекция, актуализация, запаздывание, корреляция, объективность, целостность, структурированность, иерархичность, открытость, кодировка.***

1. Согласно принципу преобразования языковой картины мира в топонимическом пространстве может быть представлен любой сегмент картины мира, получивший актуализацию в статусе урбанонима.

2. Принцип мультипликации лексической единицы заключается в том, что лексическая или ономастическая единица в силу тех или иных причин может получить статус урбанонима, не утрачивая при этом общей производящей основы имени нарицательного или имени собственного.

3. В силу действия принципа перемещения в область урбанонимикона перемещается общеупотребительная бытовая лексика, относящаяся к разным сферам деятельности человека, к разным тематическим, лексико-семантическим группам и типам имен собственных, но в основном антропонимам и топонимам.

4. Урбанонимика не является закрытой системой и имеет свойство постоянно обновляться и пополняться

новыми элементами. В качестве основы для формирования урбанонимических единиц могут быть использованы любые лексико-семантические группы слов или любые онимы, которые будут выступать мотивирующими единицами для новых онимов.

5. Принцип временного запаздывания фиксации ономастической картины мира по отношению к языковой картине мира означает, что в ономастике отражается такая языковая картина мира, которая является более архаичной по сравнению с настоящей языковой картиной мира, поскольку топонимика консервирует языковые архаизмы.

6. Принцип относительной локальной корреляции ономастической картины мира по сравнению с языковой дает возможность понять, как и почему урбанонимические единицы по своему ареалу совпадают с породившими их производящими основами. В большинстве своем в подобного рода названиях действует принцип привязки к месту жительства или деятельности человека, память которого увековечивается.

7. Принцип кодировки проявляется в том, что в городском топонимическом пространстве появляются, присутствуют и обнаруживаются повторяющиеся лексические единицы, с той или иной степенью полноты отражающие отдельные лексико-семантические группы и сам состав таких групп. Повторяемость названий адресных объектов в разных городах -одна из характерных особенностей российских урбанонимов [6, 29-30].

Данные принципы, по мнению ученого, определяют связь названий городских линейных объектов с теми или иными видами проприальной лексики и с разными типами апеллятивных единиц [6, 32].

По мнению И.С. Карабулатовой, не существует общепринятой модели, объясняющей законы восприятия и сохранения онимов в сознании жителей того или иного региона при смене топонимической системы, однако этот процесс вполне объясним при введении онимного (топонимического) концепта, который имеет многоуровневую структуру, в которую входит не только этимолого-лексикографическое значение, но и ассоциативное (психологически реальное)

значение и собственно концепт. Исследователь отмечает, что при новых тенденциях в топонимической номинации необходимо учитывать и воспроизводить три стадии развития любого народа: его мифолого-сказочную базу, религиозно-этическую составляющую и далее научное мировоззрение. Кроме того, следует иметь в виду и рыночный характер новых топонимических стратегий. «Когда искусственные «отсылки» к другой климатогеографической зоне, культуре, языку заставляют нас задуматься о собственной идентичности: этнонациональной, территориальной, государственной, региональной и др. Поэтому при этноязыковом строительстве необходим этнолингвофункциональный подход как инструмент «тонкой дифференцировки», позволяющий органично сочетать различные культуры с государствообразующей в каждом конкретном регионе», пишет исследователь [4, 31].

Особый интерес представляет гипотеза, предложенная М.В. Голомидовой [2]. В работе ученого урбанонимы рассматриваются как информационно-коммуникационный ресурс, значимый для трансляции имиджа города. Автор полагает, что действиям по называнию отдельных объектов городского пространства должно предшествовать создание целостной имиджевой урбанонимической концепции, в которой будут определены черты городской идентичности и намечены темы, наиболее важные для акцентирования в именах городских объектов. По мнению исследователя, программа имиджевого продвижения города в целом должна согласовываться с концепцией урбанонимического строительства. В этом случае важное значение имеет объединение усилий специалистов по управлению имиджем города и городских топонимических комиссий.

М.В. Голомидовой определены следующие основные принципы номинативной практики, имеющее большое значение для формирования имиджа города: принципы сбалансированности и соразмерности, функциональности и ориентирующей способности, образной гармоничности и ясности.

1. Под сбалансированностью подразумевается гармоничное сочетание разных моделей означивания и отсутствие значительных перекосов в пользу одной из них. В этой связи в наибольшей степени вызывает тревогу наращивание слоя мемориальных названий-посвящений — специфических памятных именных «табличек».

2. Применение принципа соразмерности требует внимания к оценке социального и функционального статуса самого объекта именования. Отсюда проистекает необходимость учитывать его расположение - нахождение в зоне преимущественно жилой, административно-деловой, промышленной и других типов застройки; размещение в центре или на периферии локации; предназначение для использования большими группами населения или людьми в зоне компактного проживания. С точки зрения номинативной практики это означает необходимость проверки и оценивания определенных коммуникационных перспектив функционирования топонима.

3. Городские топонимы, как и другие представители класса топонимов, призваны, прежде всего, выполнять функцию ориентации в пространстве. В этом заключается их главная и специфическая знаковая нагрузка, реализуемая вне зависимости от ясности или затемненности мотивировочного содержания. поэтому, сколь бы ни был масштабен городской топонимикон, в радикальном варианте он достаточно легко может быть заменен на цифровые обозначения. Однако прозрачная внутренняя форма топонима, помимо общей антропоцентрической модальности, способна выполнять дополнительную ориентирующую работу.

4. Принципы образной гармоничности и ясности. Нет сомнений в том, что образные коннотированные имена способны передавать неповторимый колорит места. Однако насколько обширным может быть образный ряд, представленный в городских названиях? Какие образы уместны в топонимических версиях, насколько они встраиваются в представления о специфике городской культуры и современной городской жизни с ее скоростью, ритмом и динамикой изменений? [2, 191-193].

Идеи, отраженные в работе М.В. Голомидовой, особенно актуальны, на наш взгляд, для активно развивающихся городов,

мегаполисов, придающих большое значение формированию брендинга. К таковым мы относим и новую столицу Республики Казахстан – Астану.

Имидж города Астаны как новой столицы формируется из нескольких существенных элементов, наиболее важными из которых являются следующие: 1) Астана рассматривается как отражение геополитических процессов, которые призваны определять вектор развития государства в целом и структурировать общество в соответствии с глобальными тенденциями, происходящими в мировом сообществе; 2) обладая инвестиционной привлекательностью и большим потенциалом в плане экономического развития, благодаря своему стратегически удобному географическому расположению, Астана оказывает положительный эффект на все остальные регионы страны; 3) являясь крупным мегаполисом, способствует преодолению несбалансированного размещения населения, объединяет полиэтничный состав страны. Нет сомнения в том, что перенос столицы в многонациональный по своему составу населения регион способствует укреплению полиэтничного государства, сохранению и укреплению дружбы и согласия между этническими группами в стране. Формируется своеобразный этнокультурный облик столицы. 4) ему присущ постоянный процесс обновления, который касается как пространственного, так и социокультурного и языкового облика.

Ономастическое пространство г. Астаны находится в процессе динамического развития. Массовые переименования и новые номинации объектов, продиктованы сменой геополитических, социальных и экономических приоритетов, связаны с расширением корпуса именуемых объектов. Возрождаются ранее существующие имена собственные, создается национальный колорит, в номинацию вовлекаются социально и национально маркированные языковые единицы, включаются иноязычные элементы и др. Динамика и расширение зон ономастического пространства происходит также за счет изменения концепции имени собственного, появления новой казахской формулы именованья [3]. Новый взгляд на процессы

номинативной политики города осуществляется с учетом социальных, культурных, исторических факторов.

Основные общие требования к наименованиям содержатся в соответствующих нормативных документах РК. Процесс номинации рассматривается как инструмент своей внешней и внутренней политики («Конституция РК»; «Закон о языках»; «Закон об административно-территориальном устройстве»; Правительственные акты Президента РК; Концепция языковой политики РК, одобренная распоряжением Президента от 4 ноября 1996 года N 3186; Положение о Государственной ономастической комиссии при Правительстве Республики Казахстан, утвержденного постановлением Правительства РК от 21 апреля 1998 года № 368 и др.). К примеру, акиматом г. Астаны разработаны Правила присвоения наименований и переименования составных частей города, изменения транскрипции их названий, присвоения порядковых номеров земельным участкам, зданиям и сооружениям. Основными задачами данных правил акимат столицы определил установление единого порядка присвоения наименований и переименования составных частей города, определение требований к присвоению порядковых номеров, установке и эксплуатации указателей на территории Астаны [7].

Разработаны Компетенции Республиканской и городской ономастических комиссий, к которым относятся: «1) разработка рекомендаций и предложений по вопросам ономастики; 2) выдача заключений по наименованию, переименованию областей, районов и городов, а также уточнению и изменению транскрипции их наименований; 3) выдача заключений по присвоению наименования аэропортам, портам, железнодорожным вокзалам, железнодорожным станциям, станциям метрополитена, автовокзалам, автостанциям, физико-географическим и другим объектам государственной собственности на территории Республики Казахстан, а также переименованию, уточнению и изменению транскрипции их наименований и присвоению собственных имен лиц государственным юридическим лицам, юридическим лицам с участием государства; 4) выдача

заклучений по наименованию, переименованию районов в городе, составных частей городов областного значения, а также уточнению и изменению транскрипции их наименований; 5) согласование заключений ономастических комиссий городов республиканского значения, столицы по наименованию, переименованию районов в городе, составных частей городов республиканского значения, столицы, а также уточнению и изменению транскрипции их наименований» [5].

Ономастическое пространство г. Астаны как динамично развивающееся мегаполиса является важной и неотъемлемой части проводимой языковой политики Казахстана. Особую актуальность этой проблемы для столицы РК - г. Астаны, - отметил Президент РК Н.А. Назарбаев на сессии Ассамблеи Народа Казахстана, обозначив основные требования в исполнении норм закона «О языках» во всех регионах Казахстана: «Что касается нашей столицы – Астаны, то она должна стать достойным примером толерантных международных отношений, здесь должны образцово исполняться все нормы закона «О языках», в частности, объекты дорожной инфраструктуры, общественного транспорта, улицы, проспекты, другие городские объекты должны иметь указатели в полном соответствии с требованиями законодательства, на казахском и русском языках – и это касается всех областей и регионов» [1]. Объективные изменения в языковой политике, связанные со сложившейся языковой ситуацией, влияние социальной психологии и общественного сознания, важные историко-культурные факты из жизни города, несомненно, находят свое отражение в номинативной практике.

В настоящее время в Комитете Сената Парламента РК по социально-культурному развитию обсуждается проект Закона «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты РК по вопросам ономастики». Законопроект направлен на устранение пробелов национального законодательства в области ономастики и упорядочивание правового регулирования отношений, возникающих в сфере уточнения наименований и переименований административно-территориальных единиц и других физико-географических объектов местностей и

транскрипций их названий. Речь идет о внедрении принципов прозрачности, учета общественного мнения, широкого привлечения институтов гражданского общества и СМИ к процессу принятия решения при проведении ономастических работ.

Тем не менее существует целый ряд дискуссионных вопросов, требующих общего обсуждения и незамедлительного решения. Вполне допускаем, что ономастическая комиссия сталкивается с некоторым давлением со стороны частных лиц, общественных организаций, коллективов предприятий, учреждений, коммерческих компаний с просьбами и / или предложениями присвоить такие-то имена новым или старым объектам. При этом не всегда эти наименования соответствуют общим требованиям к номинациям – их лингвостилистическим, эстетическим и семиотическим характеристикам. Речь идет о некоторой «фрагментарности» (по определению М.В. Голомидовой) в процессе означивания, которое проявляется в решении отдельных вопросов без учета целостности формируемой картины. Поэтому разработать общую концепцию номинативной политики, в соответствии с которой и должны решаться все возникающие вопросы.

Для таких мегаполисов, как Астана, важна имиджевая концепция, одной из составляющих которой будет являться языковой облик города. Выход на масштабное, целостное представление о городе означает и другой, более широкий оценочный взгляд на урбанонимы. Отражают ли они характер и функциональность города? Насколько ясно передают его исторический характер и особенности социокультурной уникальности, ценности многогранного опыта и значимость в жизни страны и региона, векторы динамики и перспективы развития?

«В целом логика такого подхода требует поиска и определения смысловых доминант транслируемого образа города для дальнейшего акцентирования, номинативного подчеркивания тех или иных его значимых характеристик», - отмечает М.В. Голомидова. Имиджевая концепция Астаны еще формируется:

одни определяют ее как не только административный центр Казахстана, но и город науки, образования, культуры и высоких технологий, а также мост, соединяющий Европу и Азию, другие видят в ней «симбиоз в градостроительстве и архитектуре» (по определению знаменитого японского архитектора Кисе Куракава). Президентом страны поставлена высокая цель – сделать Астану городом XXI века. Городом – географическим центром евразийского континента, соединяющим в себе европейские и азиатские традиции, с комфортной средой обитания, экологически чистым, высокотехнологичным и индустриально развитым.

Таким образом, имиджевый подход, предлагаемый М.В. Голомидовой, является, на наш взгляд, эффективным и перспективным, связующим номинативные практики общей концептуальной базой. К ним относятся:

- создание имиджевой концепции города, основанной на многоаспектной оценке его исторической / ретроспективной и стратегической / перспективной позиции в жизни страны и региона; определение совокупности характеристик, значимых для его идентичности;

- формулирование ключевых тем в «городском нарративе», транслируемом в том числе и в урбанонимическом материале;

- согласованность именных обозначений с социально-функциональной и социально-культурной нагрузкой зон и отдельных элементов городского пространства;

- учет рационального подхода к ориентирующим возможностям городских топонимов и более последовательное семантическое связывание названий близко расположенных объектов;

- конструирование образной семантики новых урбанонимов в соотнесении с моделируемыми образами пространственно-архитектурной среды;

- сбалансированность в использовании принципов номинации;

- применение речедизайнерских, нейминговых методик в предварительном исследовании экстралингвистической

информации и собственно языкового материала, в выработке творческих вариантов и тестировании конечной именной продукции [2, 195].

Литература:

1. Выступление Президента Казахстана Н.А.Назарбаева на XXI сессии Ассамблеи народа Казахстана // http://www.akorda.kz/ru/page/page_216501_vystuplenie-glavy-gosudarstva-predsdatelya-assamblei-naroda-kazakhstanana-n-a-nazarbaeva-na-xxi-sessii

2. Голомидова М.В. Урбанонимический дизайн: к вопросу о названиях внутригородских объектов // Вопросы ономастики. - 2015. № 1 (18). – С. 186-196.

3. Жаркынбекова Ш.К., Акжигитова А.Ш. Языковая политика как инструмент воздействия и формирования ономастического пространства г.Астаны // Вестник МГЛУ. Выпуск 24 (657). Языкознание. Труды Международного Института языков государств – участников СНГ и Института регионоведения консорциума гуманитарных университетов государств-членов ШОС. Москва: ФГБОУ ВПО МГЛУ, 2012. – С.48-58.

4. Карабулатова И.С. Современные трансформации имени собственного и проблемы толерантного коммуникативного поведения // Материалы Международной научно-практической конференции «Язык города». – Бийск, 2007 – С. 20-29.

5. Концепция государственной ономастической работы в Республике Казахстан от «21» января 2005 года № 45: Режим электронного доступа // [\[til.vko.gov.kz/ru/files/5_01.do\]](http://til.vko.gov.kz/ru/files/5_01.do)

6. Щербак А.С., Асанов А.Ю. Принципы построения урбанонимической системы // Вестник Тамбовского университета. Серия: Гуманитарные науки. – № 5 (145). – 2015. – С.112-117.

7. Правила присвоения наименований и переименования составных частей города, изменения транскрипции их названий, присвоения порядковых номеров земельным участкам, зданиям и сооружениям. – Электронный ресурс - https://www.google.kz/?gws_rd=ssl#q=

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ТІЛ САЯСАТЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ-НОРМАТИВТІК ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛУІ

ӘБДУӘЛИҰЛЫ Б.

Л.Н. Гумилев атындағы

Еуразия ұлттық университеті

Астана қаласы

Аннотация: Статя посвящена проблемам, возникшим в результате сложных периодов истории формирования современной казахской ономастики, решения которых отражены в нормативно-правовых документах. Проведен анализ Закона «О языках», а также его заключению и программам.

Abstract. The paper studies problems appearing in the result of complicated periods of modern kazakh onomastics. The decisions of these problems are reflected in regulatory and normative framework. The author analyzes to “The Law of Languages”, its conclusion and resolution.

Ономастика мемлекеттік саясаттың бір тарауы ретінде құқықтық-нормативтік құжаттар арқылы басқарып отыруды талап етеді. Еліміздегі атаулар жүйесінің мәселелері Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» Заңында (әрі қарай Заң) қарастырылады. Бұл Заң тілдердің қолданылуы мен дамуына, құқықтық реттеліп отыруына жауап беретін бірден-бір құжат. Тәуелсіздіктің шарттарына сәйкестігі және қазіргі жаһандандудың алапат тасқынына қарсы қорғаныс құралы қызметі тұрғысынан алғанда өзгертулер мен толықтыруларды қажет ететін тұстары болғанмен, ғасырлар бойы біртұтастық сипатқа ие бола алмаған Қазақстандық менталитеттің сұранысы тұрғысынан оның өзіндік ерекшелігінің бар екенін жоққа шығара алмаймыз. Себебі, Заң алғаш дайындалғанда, біртұтас Қазақстанның мүддесі мен онда тұрып жатқан барша ұлт өкілдерінің құқығын қамтамасыз ету мүмкіндігін ескерумен қатар, сол кездегі қоғамдағы басым сипатқа ие көзқарастар талабы да назарда тұрды. Көпшіліктің көңілінен шығатын сипатта болуы аса маңызды еді.

Мемлекеттік мүддені айқындап отырушы – менталитет мәселесіне келгенде, Ресей бодандығына өткеннен кейінгі саяси ықпалдарға ашық қарсылықтардан бөлек, Қазақстан жерінде бірнеше ғасырға созылған тарихи сананың тартысын да аттап өтуге болмайды. Даланың табиғаты мен жағдайына сәйкес мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан табиғи дәстүрге сырттан жасалған шабуылдар қанша күшті болғанмен, оны бірден жойып жібере алмады. Нәтижесінде тарихи сана тереңнен бастау алатын тамырынан үзіліп қалмауға жанталасып, сырттан күшпен енгізілген бөтен дәстүр қоғамдық сананы толық жаулап алуға ұмтылып арпалысқан екі күш Кеңестік жүйенің қарамағына өткен. Формасы өзгергенмен, мазмұны сол әуелгі идеясынан жаңылмаған саяси пиғыл бұл жолы әуелгісінен жазбады. Алайда, мемлекет құрушы ұлтты екінші орынға ығыстырып, оның барша рухани құндылықтарын санадан өшіруге бағытталған жұмыстар бұл тұста да толық дегеніне жете алмады. Әр қырынан жасалған тегеурінді шабуылға ұлттың өзін-өзі сақтау инстинкті қарсы төтеп беріп отырды. Ұзақ уақыт бойына біртұтас менталитеттің қалыптаспауының тағы бір себебі – ел мен жердің дәстүрінен хабары жоқ, сырттан әкелінген көптеген өзге ұлт өкілдері орналастырылды. Республиканың әр аймағында тұрып жатқан сол ұлттардың тілі мен ділі туралы мәселе күн тәртібінде мүлде жоқ еді.

Ақыры коммунистік режим әркімнің көкейінде тұрған ұлттық мүдденің қалауы мен қажеттілігінің қаншалықты маңызды екенін ескеремеген күйінде өмір сүруін тоқтатты да, Қазақстан халқы Тәуелсіздіктің босағасын атады. Ілгеріде атап өткеніміздей, сырттан таңылған теріс саясаттың зорлықшыл идеясы толығымен жүзеге аспаса да, зардапсыз болмады. Нәтижесі мемлекет құрушы ұлттың саны кеміп, психологиялық құлдырау мен туған жерінің көпұлтты Қазақстанға айналуына алып келді. Ұлтаралық қатынасты айтпағанда, біртұтас ұлттың өзі тілдік ерекшелігіне қарай ішінен бөлінуі мүмкін қауіп те жоқ емес. Өткеннің санадағы іздері бірер жылда өше қоймайтыны белгілі. Саяси жүйе қалыптастырған көзқарастар мен атқарылған ұшан теңіз жұмыстардың аяқ астынан жоққа шығуы, сол жүйеге

қызмет еткен қайраткерлер үшін де оңайға соқпады. Бұл да қоғамда алуан-түрлі қайшылық тудыратын факторлар. Осындай жағдайда Тәуелсіздігін жариялаған мемлекеттің тізгіні тілдік саясатсыз теңгерілмейтіні белгілі еді.

Қазақ елі Тәуелсіздік алғанда бұрын өз басынан кешірген және әрі қарай өршіп кетуі мүмкін осы күрестің жалғасуын қаламады. Еліміз өз азаматтарының, соның ішінде осында тұрып жатқан өзге ұлт өкілдерінің де бәріне еркін дамуға мүмкіндік берді. ҚР Конституциясының 19-бабы 2-тармағында «Әркімнің ана тілі мен тіл мәдениетін пайдалануға, қарым-қатынас, тәрбие, оқу және шығармашылық тілін еркін тандап алуға құқығы бар» – деп атап көрсетілді [1, 3 б.]. Бұның жүзеге асу жолдары Заңнамаларда жалғасын тапты. Енді бәсекелес әрі қарсылас екі топтың ұстанып келген принциптерінің мәні өзінен-өзі жойылды, елімізде тұрып жатқан ұлттар өздерінің тілдері мен мәдениетін мемлекеттік саясаттың қорғайтынына сеніп, келісімде болу иеясына ұйыды.

Үйлесім мен келісім – ҚР мемлекеттік саясатындағы басты қағида. Философиялық түйіні, бабалар дәстүрінен басталатын жаратылыс заңдарына негізделген. Мемлекеттік тілді басшылыққа ала отырып, соның аясында басқа тілдердің де дамуына тиімді жағдай жасалды. Сенімге ие болғанның тағы бір көрсеткіші – осы мақсатта елімізде тұрып жатқан ұлттардың басын қосатын Қазақстан халқы ассамблеясы құрылып, арнайы заң қабылданды. Бұнда «Заң Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік ұлттық саясатты іске асыруға, қоғамдық-саяси тұрақтылықты қамтамасыз етуге, мемлекеттік және қоғамның азаматтық институттарының этносаралық қатынастар саласындағы өзара іс-қимылының тиімділігін арттыруға бағытталған Қазақстан халқы Ассамблеясының жұмысын ұйымдастыру тәртібін айқындайды. Заңға сәйкес Қазақстан халқы Ассамблеясы ол – заңды тұлға құрылмай, Қазақстан Республикасының Президенті құратын, мемлекеттік ұлттық саясатты әзірлеуге және іске асыруға ықпал ететін мекеме» – деп атап көрсетілді [2].

Ассамблеяның мақсаты – «Қазақ халқының топтастырушы рөлін арқау ете отырып, қазақстандық патриотизм, Қазақстан

халқының азаматтық және рухани-мәдени ортақтығы негізінде қазақстандық азаматтық бірегейлікті және бәсекеге қабілетті ұлтты қалыптастыру процесінде Қазақстан Республикасында этносаралық келісімді қамтамасыз ету болып табылады» түрінде айқындалды. Бұл еліміздегі саяси принциптердің баршаға бірдей ортақ екенін көрсетіп, елдің өз болашағына сенімін нығайтты. Осы тұрғыдан алғанда үйлесім мен келісім идеясына құрылған осы екі құжаттың бірін-бірі толықтырып әрі кепілдік беріп отырғаны байқалады. Жалпы Заң мазмұнының негізгі принциптері қазақ тілінің беделін асқақтатуға ғана құрылған жоқ, өзге тілдердің мүддесі де қатар қарастырылып, қоғамдық-әлеуметтік жағдайдың сұранысына да баса назар аударылды.

Заңда тілдерді дамытуды уақыт өзгерістеріне сай реттеп отырудың тетіктері де белгіленген. Ол 5-тараудың 23-бабында «Тілдің дамуы мемлекеттік тілдің басымдығын және іс қағаздарын жүргізуді қазақ тіліне кезең-кезеңімен көшіруді көздейтін Мемлекеттік бағдарламалармен қамтамасыз етіледі» – деп көрсетілді [1]. Осыған орай, Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылы 4 қарашадағы №3186 өкімімен мақұлданған Қазақстан Республикасы тіл саясатының тұжырымдамасы қабылданды. Мұнда алдағы мақсат, міндеттер мен тұжырымдаманың қажеттілігіне назар аударылды және «Тіл саясатын іске асыру тетіктері, мемлекеттік тілді дамытуға экономикалық қолдау жасау проблемалары үкімет тарапынан әзірленіп жатқан қазақ және өзге де тілдерді дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарламаларда көрініс табуға тиіс» екені де айтылды [1, 43 б.]. Осы тұжырымдаманың және басқа да осыған дейін қабылданған құжаттардың талабы басшылыққа алына отырып, ҚР Президентінің 2001 жылы 7 ақпандағы №550 Жарлығымен «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (әрі қарай Бағдарлама)» бекітілді. Бағдарламаны әзірлеуге негіз бар, алдына қойған мақсат міндеттері айқын, қаржыландырылу көздері де белгіленген. Тілдердің дамуымен қатар, ономастика мәселелері де арнайы қарастырылды. Мақсат пен міндеттердің аясында, «...ономастика мәселелерін ғылыми тұрғыдан қамтамасыз

ету; тарихи материалдар негізінде ұлттық ономастиканы одан әрі дамыту жөніндегі бағыттарды айқындау; ономастикалық жұмыстың құқықтық негіздерін, іске асыру тетіктерін және жүзеге асыру нысандарын әзірлеу» т.б. секілді оның бірнеше жолы көрсетілді [1, 71 б.]. Осы секілді «Тілдік дамудың басым бағыттары мен Бағдарламаны іске асырудың тетіктері» аясында ғылыми қамтамасыз етілуі де қарастырылған: «...ономастикалық қызметтің ғылыми-фактологиялық базасын жетілдіру, тарихи қалыптасқан қазақ топонимдерін есепке алуды және жүйелеуді жүргізу, қазақ топонимдерінің қолданылу жиілігін зерделеу қажет» – деп алдағы жұмыстар жүйеленді. Мемлекеттік дәрежедегі осы құжаттардың жалпы мазмұнынан қоғам мен адам арасын үйлестіруші тамаша бір үлгіні көруге болады. Осылайша тілдерді дамыту аясында қазақ ономастикасының жоғы түгенделіп, жыл өткен сайын туындап отыратын жаңаша көзқарастар, сөз түрінде ғана қалып қоймай, құқықтық-нормативтік қамтамасыз етіліп отырды. Бағдарламаны жүзеге асырудың жолдары тиісті жоспарлар арқылы белгіленді. Соның бірі ретінде, ҚР Үкіметінің 2008 жылы 24 желтоқсандағы №1246 қаулысымен бекітілген «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2009-2010 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын» атап өтуге болады. Мұнда да ономастика мәселелері ғылыми қамтамасыз етілу жағынан қарастырылады. Құқықтық-нормативтік құжаттарда ономастикалық атаулардың ғылыми негізіне назар аударылуы – сол кездегі жіберіліп жатқан кейбір кемшіліктер мен шешемін күткен түйін шындығында ғылыми зертеулерді талап ететін еді. Мысалы, қала мен даладағы ономастикалық атаулардың жазылу нормалары, олардың тарихи негіздері және ел экономикасының дамуымен бірге жаңадан келіп жатқан жаңалықтардың лингвистикалық игерілуі т.б. кез-келген әкімшіліктегі мамандардың билік айтуына көне бермейдін нәзік мәселе. Дұрыс шешім ғана қазақ ономастикасының болашағына қызмет ете алады. Осындай жайттардың бәрі ескеріле келе аталған бір жылдық жоспарда, ономастика мәселесіне арналған, мынандай бірнеше нақты бағыттар көрсетілді:

«Қазақстан Республикасының ономастикалық атауларын ретке келтіру жөніндегі жұмыстарды жетілдіру», «Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Мемлекеттік терминология және ономастика комиссияларының бюллетендерін шығаруды жалғастыру», «Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Мемлекеттік терминология және ономастика комиссияларының жұмысын қамтамасыз ету» «Тілдерді дамыту, терминология және ономастика мәселелері бойынша тұрақты түрде жұмыс істейтін сараптамалық топтың отырысын өткізу», «Тіл және қоғам альманахын шығаруды қамтамасыз ету». Сонымен қатар «Мемлекеттік тілде топографиялық карталарды дайындау және шығаруды» да ономастикалық мәселелердің қатарында жатқызуға болады [1, 91-93 б.]. Бұл аталған мәселелерді құқықтық-нормативтік қамтамасыз етілуі, ғылыми негізін қалыптастыру мен жүзеге асырудың жолдары және осы Бағдарламаның паспорттыңда қарастырылған қаржылық қамтамасыз етілуі т.б. мәселелер бойынша бағдарлаған шешімдер бір-бірімен тығыз байланысты Мемлекеттік тілді, соның ішінде ономастиканы дамытудың кешенді жүйесі, тамаша тетіктері екені анық. Осы бағдарлама аясында көптеген мәселелер өзінің шешімін тапты. Олардың қатарына жарыққа шығып, әлі күнге дейін өзіне жүктелген міндетті тоқтаусыз атқарып келе жатқан «Ономастикалық хабаршы» альманағын жатқызуға болады. Қазақстан ономастикасының дамуы мен алдағы бағыттарын айқындауға арналған іс-шаралар мен жаңалықтарды, ғылыми ой-пікірлерді жұртшылықтың назарына ұсыну бағытындағы көптеген жұмыстардың орындалуына бұл журналдың сіңірген еңбегі елеулі. Бағдарлама жоспарында тіл мен қоғамның сабақтасар тұсындағы мәселелер мен байланысын жетілдіріп отыруға арналған «Тіл және қоғам» журналы да көзделген мақсат пен міндеттердің үдесінен шығып жүр.

Тәуелсіз Қазақстан Республикасының ономастикасын дамыту мен қалыптастыру бағытында атқарылған іс-шаралар мен олардың құқықтық-нормативтік қамтамасыз етілуі және Егемен елдің мәртебесіне сай қамтамасыз етілуі осы аталған бірер құжаттың мазмұны мен олардың негізгі бағыттарынан

көрінеді. Осы құжаттар арқылы айқындалатын келесі бір құндылық – тілдік саясаттың да басты принциптері. Келелі ой мен келісті тұжырымдардың түпкі байламы қоғамдағы үйлесім мен келісімнің сақталуын қамтамасыз ете отырып, ономастикалық мәселелер тұрғысынан алғанда да, халықтың біртұтас көзқарасын қалыптастыру екеніне қазіргі таңда көзіміз жетіп отыр.

Қазіргі таңда қазақ ономастикасына қатысты тың көзқарастар мен бастамалар біртіндеп жаңаша бір шешімдерге жетеледі. Мысалы, бағдарламадағы тарихи атаулар туралы зерттеулерге баса мән берілуі оларды зерттеп қана қоймай, қоғамның қажетіне жарату идеясының тууына алып келді. Соның алғашқы қадамдарын Астана мысалынан көруге болады – сол жағалаудағы Сауран, Сығанак, Орынбор, Сарайшық, Түркістан т.б. көше атаулары, құқықтық мәртебеге ие құжаттар талабына сәйкес жүзеге асқан теориялық және практикалық ізденістердің нәтижесі. Тарихи атаулар қала ономастикасының құрамынан өзіндік орын иелене бастады. Бұл біріншіден, өткен тарихқа қайта оралу – ұлттық жадымыздың жаңғыруы, екіншіден – ұлттық дәстүрлі, яғни тарихи принциптер арқылы қалыптасқан атаулар қазақ ономастикасын жаңғыртудың тетігі ретінде қабылданып заманымызға лайық жаңаша сипатқа ие болып отыр. Қазақ ономастикасын дамыту тәжірибелерінде қазіргі дейін де, бұдан кейін де ұлттық сананың жаңғыруымен түрлі шешімдердің дүниеге келері анық, алайда маңыздысы тарихи жадымызды жаңғыртуға негізделетіндері. Сондықтан құқықтық-нормативтік құжаттар аясында оның көрінуі аса маңызды мәселе.

Әдебиеттер:

- 1.Тіл саясатын жүргізуді реттейтін нормативтік құқықтық құжаттар жинағы. Ақтөбе: «NOBEL», 2009 Ж. 506 б.
- 2.kk.wikipedia.org/wiki/Қазақстан_халқы_ассамблеясы

КАРТОГРАФИЯЛЫҚ ӘДІСТІҢ КӨНЕ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ АТАУЛАРДЫ ЗЕРТТЕУДЕГІ РӨЛІ

САПАРОВ Қ.Т.

*Л.Н. Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университеті
Астана қаласы*

Аннотация: Статья посвящена актуальным проблемам топонимики с точки зрения географии. Даны сведения о использовании геоинформационных картографических методов при исследовании топонимики.

Abstract: This article introduces with the main problems of geographical toponyms. The author presents the usage of chartographical methods in toponym researching.

Географиялық карталарда көптеген мәліметтер бар, яғни өткен тарихтан мол ақпараттар алуға және топонимдердің жазылуы, орналасқан жерін анықтауға мүмкіндік туындайды. Топонимиядағы ең күрделі мәселелер: материалдар жинау, оларды өңдеу, этимологиясын нақты анықтау болып табылады. Кез келген топонимикалық зерттеулер жүргізген кезде, географиялық атауларды жинақтау, бұрынғы атауларын қалпына келтіру мәселелері туындайды. Ландшафттық-топонимикалық карталарды құрастыру кезінде геоақпараттық картографиялық әдісі кеңінен қолданылады. Нәтижесінде әртүрлі масштабтағы топографиялық, геологиялық, гидрологиялық, геоморфологиялық, топырақ, өсімдіктер, жануарлар дүниесінің карталары, сызбалар, GPS аппаратының көмегімен жүргізілген далалық бақылаулар нәтижелері және тарихи-мұрағаттық, көне картографиялық деректер пайдаланылады. Картаның топонимиялық зерттеулерде маңызды рөл атқаратыны ерте заманда да белгілі болған. Мәселен ежелгі қытайлар, римдіктер, гректер құрылыс жолдарын, егістік, арықтар қазу т.б. жұмыстарды жүргізген кезде *топонимиялық әдісті* (оның ішінде картографиялық) пайдаланған [1]. Қазақстанға катысты

жер-су аттары туралы алғашқы жазба дерегі біз тарихтың атасы атанған Геродоттың «Әлем картасынан» кездестіреміз (б.э.д. V ғ. ортасы). Онда Арал теңізі көрсетілмеген және Амудария Окс деген атпен, Сырдария Аракс немесе Яксарт деген атпен Каспий теңізіне құяды деп жаңсақ белгіленген. Автор Каспий теңізіне Кавказ тауынан келіп құятын тағы бір өзенді Аракс деп атайды. Бұл **қазіргі** кездегі Аракс өзені болса, Сырдарияны Аракс деп белгілеп, екінші қателікке ұрынған. Алғашқы карта болған соң, мұндай кемшіліктер кешірімді де.

Каспий теңізін Геродот сызған картада теңіздің оңтүстік-батысында орналасқан *каспий* деген халықтың атымен аталғаны *көрініп* тұр. Жалпы алғанда, аумағы үлкен көлдің, ұзын өзендердің *бірнеше* атауға ие болатын себебі, оның әр тұсын мекендеген халық, әр тұсына келген саяхатшы әр түрлі атай береді. Мәселен, Геродот өзі зерттеген жағына орналасқан халықтың атымен *Каспий* теңізін **деп атаса, ортағасырдағы араб саяхатшылары Хорасан теңізі және Табаристан**, тағы да бір араб саяхатшысы Масуди (X ғ.) Каспий теңізін Аджамдар (аджам халқының) теңізі деп белгілейді. Автор аджам деп Каспийдің оңтүстік-батысындағы әзірбайжандарды атайтын сияқты, әйтпесе ол жерден өте ертеде көшіп кеткен аландарды айтады деуге негіз жоқ.

Көне орыс жылнамаларында *Хазар теңізі*, XV ғасырда саяхат жасаған Афанасий Никитин (*Дербент теңізі немесе Хвалын* деп атаған). Бұлардан басқа *Ақ теңіз*, *Жасыл теңіз*, *Гиркан теңіз*, *Солтүстік теңіз*, *Гилян теңіз*, *Хвалын теңіз*, *Парсы теңіз*, *Мазандеран теңіз*, *Гурген теңіз* т.б. атаулар осындай жолмен сырттан танылып отырған. Голландықтардың XV ғасырда құрастырған картасында *Тұзды теңіз* деп берілген. Қытайлар Каспий теңізін - *Цины-хай* деп атаған.

Каспий этногидронимінің нақты ғылыми этимологиясы әлі анықталған жоқ. Біздің ойымызша, Каспий этнонимінің кас/қас түбірі «теңіздің қасында (жанында) тұратындар» мағынасындағы түрік **сөзі** болуы мүмкін. Салыстыра кету үшін Маңғышлақ, Маңғыстау топонимдерін алуға болады: «теңіз маңындағы қышлақ, теңіз маңындағы (жанындағы, қасындағы) қыстау» деген білдіреді. [2].

Орта ғасырда өмір сүрген ғұлама ғалым Махмұт Қашғаридің құрастырған картасында (шеңбер тәріздес) көптеген көне топонимдер жөнінде мол мәліметтер берілген.

Ортағасырдың теңдесі жоқ мұрасы М.Қашқари сөздігінде кездесетін 20-дай жер-су аттарының дені түрік тілінен жасалған және көпшілігін қазіргі қазақ даласына қатысы бар: Аруқ-Турық, Абул, Етіл, Ала, Ала йығаш, Ертіш, Аргу, Отукен, Тарым, Бұқаш арт, Тоқұрка, Қатын сыны, Қаз Сувы, Урун каш өгуз, Қара каш өгуз, Қара сыны, Талас (Тараз), Секірме, Қаргалүк т.б.

IX-X ғасырлар тоғысында өмір сүрген Әл-Истахри қазіргі Қазақстан аумағында тоғұздар, хирхиздар, имектер, қыпшақтар, яғни оғыздар, харлұқтар тұратынын және ол бес халықтың бірін-бірі түсіне алатын бір тілде сөйлейтінін атап өтеді.

Әл-Истахри неге екені белгісіз қыпшақтар мен оғыздарды бір халыққа жатқызады. Автор сол X ғасырда Арал теңізінің солтүстігін тұтас қамтып жатқан Қаңғар (печенег) ұлысын, Каспийдің солтүстігі Хазар қағанатын, одан терістікке орналасқан Бұлғарларды санатқа қоспайды. Бұл дәуірде Қимақ қағанаты Ертістің екі жағын бойлай солтүстік-шығысты алып жатса, қыпшақтар олармен іргелес қазіргі Орталық Қазақстанды мекендеді. Қарлық қағанаты Алакөл, Балқаштан бастап Жетісуды тұтас қамтыда да, Оғыздар олармен көршілес Сырдария мен Аралдың оңтүстік-шығысында орналасты. Ал X ғасырда ұйғырлар, наймандар, керейлер, меркіттер қазіргі Қазақстан аумағынан тыс жатқаны тарихтан мәлім.

Алдыңғы тарауда айтып өткен Сырдарияның інжу өзен ата-лу себебі оның мойнына моншақша тізіліп орналасқан қалалардың әсері деген пікіріміз расталғандай, ортағасырда ол қалалардың саны өсе түскені байқалады. Мәселен, Сырдың бойында Бұзыққала, Күйікқала, Янги-кент, Алтынасар, Жанқала (Жент), Қызтөбе (Баршынлыкент), Сунақ-Ата (Сығнак), Түрікстан (Иасы), Артық-Ата, Кавган-Ата, Отырар, Сүткент қалалары бой көтерді. Тарихи-археологиялық деректер бойынша орта ғасырда қазіргі Қазақстан жерінде 57-60 қала болған болса, оның 80 % - ы Оңтүстік Қазақстан мен Жетісуда орналасқан. Оны, әрине, көрші Орта Азиядағы отырықшы, қалалы өмірдің ықпалынан деуге болады.

Тарихи мәліметтер қазіргі Қазақстан территориясындағы Балқаш көлінің солт.-де III-IV ғғ.ғұн (күн) мемлекетінің өмір сүргенін айтады. Оларды Қытайлар «Юэбань», «Се-Яньто» деп атаған. Кейбір еңбектерде бұл өлке Сарматтар жері, Сар ир, Пловецтер, Дешті Қыпшақ және т.б. атауларымен де атала береді. Осындағы сар Ир атауы Қытай жылнамасында Се-Яньто формасында берілген. Түбір сар, сары сөзінің «се» формасына көшуін қытай тіліндегі р дыбысының сөз ортасында үшыраспауынан деп білеміз (түрік - «түкю», аргун - «алун»). Сар-ир (сары жер, сары алқап) атауы Шыңғысхан өмірін зерттеуші Мишель Хоанг еңбегінде «Сирака ег» формасында үшырасады. Көне Римдіктер оларды Сарматтар деп атаса, славяндар половцы деп атаған [3].

IX-X ғасырларда Орта Азия мен Қазақстан жерін картаға түсіруде араб географтары көп еңбек сіңірген. Олардың ішінде Орталық Қазақстан топонимдеріне қатысы бар еңбектің бірі-X ғасырдағы Ал Идрисидің «Китаб-Роджері» мен «Сурат ал-Ард» атты картасы. Академик Ә.Марғұлан бұл еңбектегі мәліметтерді Сарысу, Торғай өзендері мен Ұлытау өңірлеріне байланысы бар деп көрсеткен. әл-Идриси аталған еңбегінде Хорезм көлі (Арал теңізі), Тараз қаласы (Жамбыл обл.орталығы) Шаш өзені (Сырдария) атауларына тоқталып келіп, осы елді мекендердің солт. – шығысында оғыздар мекендегенін, олардың Гарбиан, Даранда, Бадагах, Дарку, Нуджах, Хиам, Дахлан, Джаджан атты қалалары болғандығына тоқталған. Оның көрсетуі бойынша бұл қалалар Руза, Магра өзендері мен Горгуз көлі жағалауларына және Музгар, Ортаг, Казтаг, Аскарун тауларына бойына орналасқан.

Қазақстанды географиялық тұрғыдан зерттеу мен оның аумағынан өткен жолдарды анықтауда араб саяхатшылары мен зерттеушілері еңбектерінің де маңызы зор. Қазақстанның оңтүстік облыстарында VII ғасырда Ибн Хардадбек, Макдиси, Ибн Хаукаль, Ибн Русте, әл-Истахри, әл-Масуди, әл-Идриси сияқты ғұламалар болған. Олардың еңбектері 1870-1894 жж. голландық шығыстанушы де Гуенің басқаруымен Араб географиясының кітапханасы сериясында 8 том болып басылған. Араб саяхатшылары Фараб (Отрап), Тараз (Талас), Испиджаб

(Сайрам) аймақтары мен Арал, Каспий теңіздері жайында мол деректер қалдырған. Осы керуен жолы белгілі қалалардың орналасуы, құрылымы жайлы мәліметтер келтірген. Олардың бай-мұралары арасында сан ғажайып карталар сақталып, оларда Қазақстанның географиялық атаулары белгіленген. Осыларға жалғас Ибн Фадланның Еділге сапары (X ғасырда) басталған.

Жібек жолының географиялық маңызының бір қыры географиялық атаулармен байланысты ашылады. Жібек жолы мен оның тармақтары бойында белгілі бір кезеңдерде болған тарихи оқиғалар географиялық атауларды сақталып, осы күнге дейін жеткен. Жалпы алғанда, саудагерлер мен саяхатшылардың беймәлім жерлер жөніндегі ақпаратында географиялық атаулар жиі ұшырайды. Олар әр тілде сөйлейтіндіктен, алыс елдердегі жер-су аттары жиі бұрмаланғаны даусыз нәрсе. Сол себептен де – бір географиялық объектінің атауы әр түрлі жазылуы кездеседі. (Тальхир-Тальхиз-Талғар; Талас-Тараз; Испиджаб-Сайрам-Сарьям; Қаялық-Қойлақ-Қойлық және т.б.). Сондықтан керуен жолдары бойындағы ежелгі қала аттары мен жер-су атаулары топонимика тұрғысынан талдау жасаудың өзі Жібек жолы тарихына қатысты зерттеулердің бір бағытына айналуы тиіс деп ойлаймыз [4].

Ортағасырлық араб-парсы деректері, әсіресе әл-Идрисидің мәліметі бойынша, Қимақтардың 16 қаласы болған делінеді. Алайда ол қалалар аттарының дұрыс жазылмауы да (Хакан, Карантия, Дамурия, Сараус, Банджар т.б.), орындарының табылмауы да, «темір қақпалы үлкен қалалар» болғанына күмән туғызады. Көшпелі өмір кешкен қимақтар мен қыпшақтар гүлдеп тұрған 16 қала салса, олардың орындары, қирандысы қалар еді немесе 16 қаласы бар ел көшіп-қонып өуре болмас еді.

Әл-Идрисидің жазып кеткендеріне күдік келтіретін тағы бір нәрсе - Гамаш (Б.Е.Көмековтың айтуынша Ертіс) өзені бойына орналасқан Астур қаласы күріш егеді деген пікірі. Қимақияның сол дәуірдегі аумағында күріштің өсуі мүмкін емес.

Саяхатшы өз мәліметінде Қимақияны аралаған бір саудагерден естіп, Орта Азия қалаларына ұқсатып, сипаттап шыққан тәрізді. Өз көзімен көріп, өз құлағымен естіген адам

қалалардың аттарын мұнша бұрмалап жазбас еді. Қала аттарының кейбіреуі ғана түркілік сұлбасын сақтаған, ал көбін талдауға тәуекел ету қиын. Мәселен, Хақан қаласы «хақан тұратын қала, астана» екені белгілі; Сараус - Сарысу өзені бойындағы қала болуы мүмкін.

Қимақ еліне баратын бір жолды саяхатшы Гардизидің мәлімдеуінен табамыз: Янгикент – Ұйықман (Арал маңындағы құмды өлке) - Сокук өзені (Торғай не Сарысу) - Кендіртағ (Ұлытау) - Асу (Есіл өзені) - Ертіс.

Авторы белгісіз «Худуд - әл Әлам» («Әлем шекарасы») атты кітапта Аспижаб (Сайрам), Түркістан, Торар (Тараз болуы мүмкін), Чуф, Мазакия, Игсун-Ясу, Киркирхан сияқты елді мекен атаулары, Арташ (Ертіс), Атал (Еділ), Гоз (Гуз) даласы, Мауранахр, Хазар *көлі* (Каспий) секілді жер-су аттары кездеседі. Бұлардың ішінен Киркирхан, Игсун-Ясу, Мазакия үшеуі қимақ жерлері деп көрсетіледі. Мұндағы Киркирхан - Қарқаралы тауы ма деген ой келеді, ал Игсун-Ясу атауының екінші сыңары асу географиялық терминіне ұқсайды.

Моңғолдар, тарихтағы басқа да жаулаушылар тәрізді, басып алған елінің жер-су аттарын өз тілдеріне ауыстырды. Бұл үрдіс Алтын Орда дәуірінен бастап, бертінгі жоңғар жорығына дейін жалғасты.

Алтай, Арқауыл, Тарбағатай, Зайсан, Бүркітауыл, Баянауыл, Нарын, Қорғалжын, Қапшағай, Қобда, Сайхин, Кеген *т.б. моңғол атаулары Қазақстан топонимиясында жеке қабат құрайды, бірақ түбі бір алтай тілдерінен тарағандықтан және көп уақыт өткендіктен, ол атаулар тілімізге бейімделген, қазақ (түрік) атауларымен бірдей болып кетті. Сондықтан моңғол тілді атауларды ауыстырып, өзгерту қажет жоқ деп есептейміз.*

Н.И. Надеждин «Орыс әлемінің тарихи географиясының тәжірибесі» атты еңбегінде географиялық карталардың топонимиялық зерттеулерде маңызды рөл атқаратынын ондағы нысандарда көптеген ақпарат жүйесі бар екендігін атап көрсетеді. Ол жөнінде оның қанатты сөздерінен байқауға болады. Әрбір жер-су атаулары сол жердің табиғи құжаты болып табылады.

«Жер дегеніміз – адамзат баласының тарихи-географиялық атауларда жазылған кітабы» [5]. Топонимдердің уақыттық көне және қазіргі қазақ тілі және кеңістік жергілікті диалектілер мен говорлар айырмашылықтарын бейнелеу мақсатында диахрондық және синхрондық талдаулар жасаудың маңызы зор. Бұл талдауларды көне географиялық карталар мен ғылыми еңбектер негізінде жүргізуге болады [6]. Мысалы: 1627 жылы жарық көрген А. Макшеевтің «Үлкен Сызба Кітабындағы» [7] және швед Густав Ренаттың «Жоңғария картасына» (1716-1733 жж.) [8] талдау жасап, бұл еңбектердегі географиялық атауларды өз заманындағы топонимдермен сәйкестендіру бағытындағы еңбектерін ерекше айтуға болады. Мысалы, А. Макшеевтің пікіріне сәйкес, «Үлкен Сызба Кітабында» берілген Аспага және Кууей өзендерінің аттары кейіннен Бұлдырты және Қандығайты, ал Сауық өзенінің аты Торғай, Сун гурлук (мүмкін Күңгірлек) өзені Хобда (Қобда), Бозын-Гинчаль-Ильген (Бөзінген салған болуы мүмкін) өзенінің аты Улка-як (Өлкейек) болып өзгерген [9].

Павлодар облысының көне топонимдері С.У. Ремезовтың (1697 ж.) картасында көрініс тапты. Ертістің сол жағалауында С.У. Ремезовтың картасында батысқа қарай «Шабакта (Шабакты) арал», «Шепелеу жар», одан әрі «Яр (жар) Аллабердыев», «Старой Иртыш», бұл Алға айылы тұсында; одан әрі Қызыл жар т.б. топонимдер. Керегежардан батысқа қарай «Белые воды» (Ақсу), «Острог Калмыцкой», одан әрі «Урочище Кабалгансун (мечать пустой), одан әрі «Урочище Долон (жеті) Карагай», одан әрі «Озеро Енкуль» т.б. Бұл тұста С.У. Ремезовтың Ертістің оң жағалауындағы топонимдердің кейбіреуін сол жағалауға шығарып жібергені көрінеді. Дегенмен бұл көне картада Орта Ертіс өңірінің негізгі топонимикалық нұсқасы жақсы сақталған деп айта аламыз [10].

Алайда, аталған топонимдердің бұрмалану ерекшеліктерін сөз тіркестері арқылы аңғаруға болады. Ф. Усовтың еңбектерінде Ертістің бойында «Коряков Яр» атауы туралы мол мәліметтер бар [11]. Бұл деректер «Коряков Яр» немесе «Кереге жар» деген топонимиялық атаулардың XVII ғасырдың басында кең

айналыста болғанын және географиялық нысана - бағдар есебінде жақсы қызмет жасағанын білдіреді [10].

«Кереку жардан батысқа қарай» «Урочище 9-ти бугров», одан әрі «Бакланная заострова, Рыбная», одан әрі «Качир» (Кашыр), 8-яров урочище рыжых жеребцов (Осморыжск), солтүстікке қарай «Ирлытюп Яр» (Үрлітүп), «Сайгачий Яр» (Сайғақ жары) болып жалғасып кете берді. Кереге жардан шығысқа қарай «Верблюжий Яр», «Толокнянные горы», одан әрі «Жәмші» (Ямыш) көлі және т.б. орографиялық және гидрографиялық нысандар бейнеленген деуге болады [1]. Бұл нысандардың барлығы өткен тарихтан мол геоэкологиялық ақпараттар береді. Сондықтан топонимиялық ерекшеліктерді анықтаған уақытта географиялық карталар жиі қолданылады. Өйткені карталарда сандық және сапалы сипаттамалар беріліп, зерттеуге мүмкіндік туындайды.

Ішкі Азияны зерттеушілердің ішінде топонимика мәселелеріне айрықша көңіл бөлген тұңғыш ғалым, әрі ағартушы шығыс халықтарының география саласында айтарлықтай жемісті ғылыми зерттеулер жүргізген Ш. Уәлиханов. Географиялық саяхаттар нәтижесінде жинаған жер-су атаулары, мәліметтері кейінгі ұрпақ үшін баға жетпес мұра болып табылады [12]. Ғалым өзіннің зерттеулерінде 3000 жуық «түркі-қазақ» атауларын жинақтады.

Картографиялық әдістердің жиі қолданылуы, географиялық тұрғыдағы топонимиканың біршама дамуына және топонимиялық атластар жөнінде алғашқы мәліметтер Швецияда (*Швецияның топонимиялық атласы, 1942 ж.*), кейінірек Венецияның (*Тридентина*) топонимиялық атласы (*atlante, 1953 ж.*) жарыққа шықты.

1966 жылы Лондон қаласында өткен IX Халықаралық ономастикалық конгресте дүние жүзінің гидрономиялық атласын құрастыру жөнінде мәселелер қозғалды. Сонымен қатар «Чехияның топонимиялық атласы», әр түрлі масштабтағы басқа да атластар құрастырылды.

Кеңестік Ресейде картографиялық әдісті алғаш ғылыми тұрғыда қалыптастырған К.А. Салищев оның өркендеуіне

айтарлықтай үлес қосты [13]. Содан кейін В.А. Никоновтың «Орыс жұрнақтарының географиясы» (1959 ж.), А.С. Стрижақтың «Украинадағы ономастика» сияқты еңбектерінде топонимдердің, топоформанттардың таралу аймағын көрсету мақсатында, картографиялық әдіс молынан қолданыс тапқан.

Географиялық атауларды зерттеуге картографиялық әдістің дендеп енуі қалай болса солай жүрмей, бірізді болу үшін, Е.М. Поспелов 1971 жылы «Топонимика және картография» атты еңбегін жазды. Мұнда жер-су аттарын зерттеуде картографиялық әдістің алатын орнын көрсетіп, оның топонимикамен ажырамас бірлікте болатынын дәлелдеп берді [9].

Топонимикада бұл әдісті пайдалану тиімді екені уақыт өткен сайын айқын көріне бастады. Топонимдердің, оның ішінде гидронимдер, оронимдер т.б., таралу аймағын айқындауда, жер бетінің бедерін атауға қарап ажыратуға, әр түрлі географиялық терминдердің, форманттардың шым-шытырық іздерін табуда картаға түсіру, картамен жұмыс істеу өзін-өзі ақтады. Ономастиканың, антропоним, космоним сияқты басқа салаларына да изоголостық зерттеу әдістері кеңінен қолданыла бастады.

Топонимика қазіргі кезде дербес ғылым саласы ретінде қалыптасып қалғанымен, ол әуел бастан тіл білімі, тарих және география ғылымдарына тәуелді болып келеді. Жер-су аттары осы аталған ғылымдар кешенінің нысаны бола алады. Ареалдық әдіс топонимиканы географиямен тығыз қарым- қатынасқа түсіріп, атау мен нақты түрде бірге қарауға мүмкіндік берді.

Географиялық атауларды алғаш зерттеушілердің көбі тарихшы мен географ- ғалымдар болғандықтан, карта жасау жұмыстарымен байланысты болса керек. Алдымен картаға топонимдерді түсіріліп, одан соң оның аты жазылатыны аталған ғалымдардың назарын жер-су аттарына аударуға мәжбүр етті. Мәселен, түркі топонимикасына елеулі еңбек сіңірген ғалымдар Э.М. Мурзаев, Е.М. Поспелов, Ғ. Қоңқашбаевтар, негізінен, география саласының мамандары еді [1].

Топонимика сияқты «картография да дербес техникалық ғылым саласы бола тұрып, география, геодезия және топография сияқты үш ғылымның тоғысқан тұсында қалыптасқан» [14].

Топонимика географиялық атауларды дұрыс жазудың қыр-сырын ғылыми тұрғыдан дәлелдеп, картографияға өз көмегін көрсетеді, картография, өз кезегінде, топонимиканы картографиялық зерттеу әдісімен қамтамасыз етіп жатады. Бұл әдістің ең басты және алғашқы қызметі жер-су аттарын зерттеуде атауларды жинаудың, тарихи деректерді табудың қайнар көзі ретінде дайын карталарды пайдалану болып табылады. Мысалы, ерте қағазға түскен солтүстік қытай жазбаларына, карталарына сүйеніп, қырғыздардың б.э.б. II ғасырда Енисей өзенінің басында көшіп-қонып жүрген, соған байланысты өзен атауы қырғыз тілінде Енесай «ана өзен» мағынасын беретіні анықталған [2].

Аталған әдістің тағы бір қызметіне топонимиканың арнайы бір саласына, жеке тақырыптарға (номендерге, сөзжасам жүйесіне, фонетикалық ерекшеліктерге т.б.) арналған топонимикалық карталар жасау жатады. Біздің пікірімізше, дайын картадан атауларды теріп алғаннан, осы екінші белгісі әлдеқайда маңызды. Е.М. Поспелов мұндай карта, атластар «әдіс» бойынша картографияға, «мазмұны» бойынша топонимикаға жататынын айтады [14].

Екеуінің арасындағы тығыз байланыс тиісінше ғылымның екі бағытын қалыптастырды. Оның бірі – «картографиялық топонимика» деп аталса, екіншісі – «топонимикалық картография» деп аталады. Біріншісі картографияға қызмет ететін топонимиканың бір бөлімі деп танылады. Атап айтқанда, далалық топографиялық жұмыстар кезінде атаудың дұрыс түсірілуін, атаудың алғашқы тұлғасы мен оны берген тілдің анықталуын, атаудың бір тілден екінші тілге аударылуын, жер-су аттарының орфографиясын, карта мен атластардың топонимикалық мазмұнын бағалау т.б. мәселелерді қарайды. Осының бәрі картографиялық міндеттер аясына кіргенімен, топонимиканың көмегінсіз жүзеге аспайды. Екеуінің біреуіне басымдылық беру - мәселені біржақты шешуге әкеліп соғады. Біздің қарайтын жұмысымыз - топонимиканың көмегіне сүйеніп, картографиямен айналысу емес, керсінше, картографиялық әдіске сүйеніп, топонимикалық зерттеулер жүргізу.

Ал топонимикалық картография бойынша арнайы жазылған әдебиеттер, зерттеу жұмыстары аз кездеседі. Қазақстан

топонимиясында К.Д. Каймулдинова, Қ.Т. Сапаровтың докторлық еңбектерінде, А.С. Омарбекова, Ә.Е. Аяпбергенова, А.О. Мақанованың кандидаттық жұмыстарында ішінара картографиялық әдіс қолданылған деуге болады. Оның үстіне аталмыш диссертациялар географиялық тұрғыдан қарастырылған [15].

Қазақстанның шығыс, солтүстік-шығыс топонимдерін зерттеу барысында аумақтың табиғат жағдайларын бейнелейтін топонимдердің физикалық географиялық, ландшафттық, геоэкологиялық астарларын зерттеп, арнайы топонимиялық карталар топтамасын (9 карта) құрастырдық (сурет 2).

Сонымен қатар оның зерттеулерінде топонимдер жүйесі мен халықтық географиялық терминдердің саны анықталынып, белгілі бір жүйе бойынша (оронимдер, гидронимдер және жайылымдық т.б. терминдер) топтастырылды [15]. Қазақ топонимдік бірліктерінде қоршаған ортаның физикалық-географиялық қасиетін анықтайтын ландшафт ерекшелігіне, шаруашылығына, экологияға қатысты топонимдердің астарлары әрбір облыс бойынша зерттелуі қажет деп білеміз.

Қазіргі кезде Қазақстанның топонимдер жүйесі әрбір облыстар бойынша толық зерттеліп болды деуге болмайды. Ендігі кезекте жиналған атаулар қорын талдап, «Қазақстанның топонимикалық атласын» құрастыру. Екіншіден, нәтижеге жету үшін міндетті түрде геоақпараттық картографиялау әдісіне сүйенуге тура келеді. Сондықтан топонимикалық зерттеулердің қай аспектісін алсақ та (тарихи-этнографиялық, лингвистикалық, географиялық т.б.), топонимдерді жүйелеп топтастырып әртүрлі тақырыпта туындауына геоақпараттық жүйенің алатын орны ерекше. Әр түрлі масштабта құрастырылатын топонимикалық карталар өз кезегінде көп ізденісті және ғылыми зерттеулерді (далалық, мұрағаттық, картографиялық т.б.) қажет етеді.

Әдебиеттер:

1. Сапаров Қ.Т., Егинбаева А.Е., Кунбасова Д.М. Геоақпараттық картографиялау әдісінің топонимиялық зерттеулердегі рөлі Гидрометеорология және экология Алматы, 2015. – 34-42 бб.
2. Бияров Б.Н. Жер-су аттарының сөзжасамдық үлгілері:

монография. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2012. – 460 б.

3. Жартыбаев А.Е. Орталық Қазақстан топонимиясының өзекті мәселелері.- Алматы. – 2009-288 б.

4. Бейсенова А.С. Приоритетные направления развития географической науки в Казахстане.- Алматы: «Мектеп», 2006.-232 с.

5. Надеждин Н. Опыт исторической географии русского мира. «Библиотека для чтения». - Т. XXII. - Спб., 1837.

6. Макшеев А. Географические сведения Книги Большого Чертежа о Киргизских степях и Туркестанском крае // Записки ИРГО по отд. Этнографии. - Т.6., отдел II. – Спб., 1880. - С.1-41.

7. Макшеев А. Карта Джунгарии, составленная Ренатом в 1716 – 1733 гг. // Записки РГО по отдел. общей географии. Том XI, 1888. – С.105-145.

8. Малявкин А.Г. Историческая география Центральной Азии (материалы и исследование). - Новосибирск: Наука, 1981. – 336 с.

9. Поспелов Е.М. Топонимика и картография. - М: Мысль, 1971. – 255 с.

10. Артықбаев Ж.О., Ерманов А.Ж., Дауенов Е.Н. Орта Ертіс өңірінің топонимиялық мәселелері. - Павлодар: Алтын кітап, 2006. – 151 б.

11. Усов Ф. Статистическое описание Сибирского казачьего войска. - Спб., 1879. – 46 с.

12. Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений: в 5 т. - Алма-Ата: Главная редакция казахской советской энциклопедии, 1984. – т.4. – 460 с.

13. Салищев К.А. Основы картоведения. Часть историческая и картографические материалы. - М.: 1948. – 296 с.

14. Сапаров Қ.Т. Ертіс алабындағы кейбір жер-су аттарының қалыптасу жолдары // Материалы научно-практической конференции «Жандаевские чтения». - Алма-Ата, 2001. - С.158-160.

15. Сапаров Қ.Т. Қазақстан топонимдерінің қалыптасуы мен дамуының географиялық негіздері (Шығыс, солтүстік-шығыс өңірлері мысалында). Автореф. географ.ғыл.докт. – Алматы, 2010. – 32 б.

ЕРТІС ӨңІРІ ОНОМАСТИКАСЫНЫҢ ТАРИХИ НЕГІЗДЕРІ

Ж.О. АРТЫҚБАЕВ

Л.Н. Гумилев атындағы

Еуразия ұлттық университеті,

Астана қаласы

Аннотация. В статье рассматривается история историко-топонимических наименований регионов Казахстана. Автором анализируется этимология ономастики Прииртышья, которая основывается на исторических данных.

Abstract. The article in traduces with the history of historial and toponymical naming in regions of Kazakhstan. The author makes ananalis is of etymology of Priirtysh based on the historical data.

Ертіс – Солтүстік Мұзды мұхитының алабына жататын өзен, Обь өзенінің сол жақ саласы. Қазақстан жерінде Шығыс Қазақстан, Павлодар облыстары арқылы ағады. Жалпы ұзындығы – 4248 км, оның 1698 км-і Қазақстан жерінде. Су жинайтын алабы 1643 км². Қазіргі әдебиетте Ертіс Обь өзенінің саласы делінеді, бірақ В.В. Бартольд сияқты шығыстанушылар Обь Ертістің саласы деп есептеген. Алтай тауынан екпіндеп басталатын Ертіс Семейдің тұсына жеткенде ағынын баяулатып, Батыс-Сібір жазығымен солтүстікке қарай жөңкиді. Арнасы иірі-иірі, әр түсті тарамданып, көптеген аралдар жасап отырады. Біздің республикадан асқан соң Ертіс Обь өзеніне өзінің 26 миллиард текше метрдей суын әкеліп құяды. Шынында да, Ертіс өзені Обьтан ұзынырақ, сол себепті Ертістің Алтай тауынан Солтүстік мұзды мұхитына дейін ұзындығы - 5410 км, яғни Азияда екінші орында, әлемде алтыншы орында.

Ертіс Алтай тауларының қойнауынан басталады да, ірі-ірі бірнеше тау жүйелерінің ортасынан өтеді. Олардың арасында Қалба (1658 м), Нарын (2080 м), Сарымсақты (3436 м), Тарбағатай (3441), Сарытау (3295 м), Үкөк үстірті (3052 м), Қатын (4504 м) т.б. бар. Осы себепті Ертіс арнасы бастау жағында, негізінен,

қар, мұз суымен, ал орта және төменгі ағыстарында қар, жаңбыр және жер асты суымен толығыды. Алабы Алтай тауларының оңтүстік-батысын, Тарбағатайдың солтүстік-батыс баурайын, Сарыарқаның солтүстік-шығысын, Ресей жерінде Батыс Сібір жазығы мен Шығыс Орал етегін қамтиды және өзеннің аңғары мен арна жайылмасының сипаты осы орографиялық аймақтар ерекшеліктерінен туындайды. Ортағасырлық шығыс географтарының тарихи деректерінде Ертіс алабы деген ұғымға Сарыарқаның Ұлытау аталатын таулар жүйесі орналасқан орталық бөлігі де енеді.

Ертіс – ерте замандардан бері аңыз бен әнге арқау, жырға желі болған ұлы дария. Қазақ тарихы туралы ең көне деректерді қамтитын «Ер Төстік» сияқты аңыздың түрлі нұсқаларында аңшылық пен жылқышылыққа қатысты сюжеттер қатар кездеседі. Мысалы, ертегіде бас кейіпкер алғашқы бетте өз ағаларын жаяу іздейді: *«Төстік ағаларын іздеу қамына кіріседі. Кемпір-шалға аң мен құстың етін қақтап үйін береді де, Төстік жолға шығады»*. Одан әрі сегіз ағасын тауып алған Ер Төстік өз жұртына қайтпақ болып жолға шығады. Ағалары жұттан қалған қоңыр биені бағып, он бір қос жылқы өсірген екен. Жылқыға күт болған жойқын айғырлар жылқыны бастап елге тартады. Ә. Марғұлан бұл оқиғалар Ертістен арғы жерде болды деп жазады. Қайтар жолда *«Құлынды дейтін өлкеге тоқтап, бие құлындатады, жылқыны семіртеді. Ертістің суынан жүзіп өтіп еліне келеді»* [1, 68]. Әлкей Марғұланның пікірі бойынша, «Ер Төстік – ең ескі дәуірде шыққан бақташылық жырдың бір ерекше түрі. Ер Төстік – тарихи дәуірден қалған әңгіме, ерлік жыры. Онда кездесетін жер аттары да сондай ескі, алғашқы қоғам дәуірін көз алдыңызға келтіреді».

Археологиялық деректерге ден қойсақ, Ертіс бойындағы адамзат баласының ерте іздері палеолит дәуіріне бастайды. XX ғасырдың 90 жылдары Павлодар археологиялық экспедициясы Лебяжье (Құлы көл) маңында Ертіс жарқабағына орналасқан Қаратерекдегенескіқоныстанпалеолитдәуірініңтасқаруларының (чоппер, чоппинг) үлкен коллекциясын тапты. Палеомагнитті әдістермен зерттеу барысында бұл тас қарулардың 1,67-1,87 млн

жыл бұрын жасалғаны анықталды. Бұл тек қана қазақ жері емес, бүкіл Еуразия кеңістігіндегі адам қолынан шыққан көне қару екені анық. Осы сияқты деректерге сүйене отырып біз Ертіс бойының, оның ішінде Павлодар, Семей, Өскемен қалаларының тарихын 1700-ші жылдардан ғана бастайтын тарихи шығармашылықты қабылдамайтындығымызды жасырмаймыз.

Ұлы Ертіс белдеуі туралы алғашқы жазба деректерді біз түріктің ортағасырлық Орхон-Енисей сына жазуларының мәтіндерінен кездестіреміз. Күлтегін жазуында «Ол жылы түргешке қарсы Алтын-жынысын айналып өтіп, Ертіс өзенін кеше шабуылдадық. Түргеш халқын біз ұтылап қуып бастық...» дейді [2, 176]. Бұл жерде Алтын жыныс (Алтын жыш) – өзімізге белгілі Алтай таулары. Ертіс атауы Махмұт Қашқари “Сөздігінің” түркі халықтарының жыр-өлең нұсқалары енген бөлімінен де көрінеді. Соның бірі «Жабақыларға қарсы күрес жырлары» Ертіс бойының ежелгі тұрғындары иемектер туралы: “Ертістің суын жайлаған, Найзасын кекке қайраған, Иемектер серттен таймаған”, - деп марапат айтады.

Біз өз зерттеу жұмыстарымызда Ертіс бойын мекендеген қазақтардың ұғымында қалыптасып қалған ұлы өзен туралы ақпаратты молынан пайдалануға күш салдық. Жергілікті қазақтар Ертістің негізгі арнасын «Ұлы Ертіс» дейді, кейде қазақ шежіресінің өкілдері Ертіс бассейнін «Ұлы Ертістің белдеуі» деп те атайды [3, 154]. Сол себепті біз де өз зерттеуімізде Ертіске байланысты осы ұғымдарды қолданамыз. Ертіс өз бастауын Алтай сілемдерінен, Найрамдалы тауынан алады. Зайсан көліне дейінгі бөлігі – Қара Ертіс, көлден төмен қарай Ақ Ертіс немесе Ертіс деп аталады. Ескертетін бір мәселе, «Қара Ертіс» атауы Ертістің орта арнасында да кездеседі. Мысалы, Павлодар облысы Ақтоғай ауылы тұсында «Қара Ертіс» өзеннің ескі арнасы деген мағынаны білдіреді. Сонымен бірге Ертістің Шығыс Қазақстан шекарасына жақын тұсында Бор Ертіс деген де атаулары бар. Бұл – қазіргі Көктөбе ауылынан жоғары жер. «Көктөбе» атауы – бергін пайда болған жасанды атау. Біз жергілікті адамдардан бұрынғы карталарда бұл жер «Ақжар» деген атаумен жүр, сіздер «Көктебе» дегенді қайдан алып шықтыңыз десек, олар

Белогорьені осылай аудардық дегенді айтады. Ертеде Ертістің осы тұсында жардан ақ бор (алебастра) алатын өндіріс болған. Ертістің жағалауы алыстан ақжар болып көзге түсіп тұрады. Қазақтар бұрын жарды «Ақжар», ал Ертістің өзін «Бор Ертіс» дейді. Сол жағалаудың біраз жерінде ақ балшық болғандығына байланысты осылай деп атаса керек. Орыстар осы жерлерге келген уақытта біраз атауларды қазақ тілінен орысшалаған. Осылайша Белогорье пайда болған. Шынында, бұл жерде тау жоқ, қазақ жарды төбе деп айтпайды, төбе деп далада, қырда өзге жерден аздап еңсесі асып, биіктеп тұрған дөнесті «төбе» деген.

Біз Ұлы Ертіс белдеуіне орналасқан көптеген топонимдерге қатысты зерттеулер жүргіздік. Осы зерттеулердің нәтижесінде Сырлы там, Ақ сарай, Калбасунка (Қала балық сағын) аталған жерлерде, атына заты сай, қимақ қалалық мәдениетінің ескерткіштері шоғырланғандығын таныдық. Пайда болғанына кемі мың жыл өткеніне қарамастан қазақ жадында тарихи атаулар сол қалпында сақталғаны таң қалдырады. Осындай деректерге сүйене отырып, Ертіс бойында байырғы түркі кезеңінен бері талай қоныс аударуларға, қандай бір ауыртпашылықтарға қарамастан, этникалық жалғастық үзілмеген деп сенімді түрде айта аламыз.

Сонымен бірге, Ертіс бойындағы Зәңгі, Зеренді, Қорқылдақ, Жалайыр, Сіргелі, Тарақты, Өлеңті, Сілеті, Шідерті, Жалаулы сияқты топонимиялық атаулар жаңа тарихи ақпарат көзі есебінде зерттеулерге сұранып тұр деп есептейміз. Өлеңті атауы Еуразияның далалық өңірінде бірнеше жерде кездеседі және біздің ойымызша, тым ерте замандарда болған этникалық көшіп-қонулардан ақпарат беретін сияқты. Мысалы, саха халқының соңғы бір жарым жылдық тарихы Өлеңті өзенімен байланысты. Бұл орыс тілді карталарда Лена өзені аталады. Саха халқының Өлеңтісінің Ертіс белдеуіндегі Өлеңтімен байланысы бар ма? Сарыарқаның орталық қыратынан басталатын Өлеңті «Қозы көрпеш-Баян сұлу» жырында аталатын Сарыбай мен Қарабайдың ата жұрты Ақкөл Жайылмаға құяды. Ал Еділ-Жайық арасындағы Өлеңті мен Шідертінің тарихы Сарыарқадағы Өлеңті мен Шідертіден ертеде қоныс аударған тайпаларға байланысты емес пе?

Зерттеу жұмыстары Ұлы Ертіс белдеуін мекен еткен қазақ қауымдарының көне заманның көптеген ырым-жоралғыларын сақтап қалғанын дәлелдейді. Олардың ішінде су иесі туралы түсініктер көне түркілердің су иесін «Бүке» деп атағанымен сабақтас. Махмұд Қашқари оны аждаһа бейнелі үлкен әбжылан дейді. Ертіс бойын мекендеген қимақ /кемек/ елі бүкені әбден дәріптеп, «жеті басты жел бүке» атаған [4, 127]. Қазіргі күнге дейін Ертіс бойында Железен (Железинка) түрінде сақталған топонимнің түбірі «Жел Тәңірі», «jel esin» (жел езін) деген ұғымда, желдің иесі, жел күдіреті деген мағына береді [5, 254]. Бұл аңыздарды Ертіс дариясына қатысты әл-Идриси, Гардизи сияқты араб және парсы саяхатшылары да жазады. Тіпті қимақ елінің шығу тарихы да осы күдіретті су иесімен байланысты деп Гардизи бір қызықты аңызды баяндайды: «Ұзақ уақыт Шадтың қол астында болғаннан соң, олар саны жағынан ұлғайып, айналаға тарап, аталған жеті адамның есіміне байланысты жеті тайпа құраған. Бір күндері Шад халқымен бірге Ертіс жағасында тұрған екен. «Шад? Сен менің суда жүргенімді көрдің бе?» деген дауыс естілген. Шад су бетінде қалқып жүрген шаштан басқа ешнәрсе көре алмаған еді, мінген атын тұсап, суға түсіп шашты қолына алды, сөйтсе ол өз жұбайы Қатын болып шықты. Шад: «Сен қалайша суға түсіп кеткенсің» - деп сұраған еді. Қатын: «Өзен жағасынан маған қолтырауын бас салды», - деп жауап берді. Қимақтар бұл өзенге бас иіп, табынады, «Өзен – қимақтар құдайы» деп құрмет көрсетеді...» - деп баяндайды бұл аңызды» [6, 35]. Бұл жерде ең басты көңіл аударатын мәселе, аңыздың мазмұнындағы қолтырауын туралы сюжет. Мәтінде «нихан» деп аталады, яғни арабшадан аударғанда «айдаһар» деген ұғымға көбірек келеді. Бұдан шығатын қорытынды, бұл аңыз Ертіс бойында пайда болған және қимақтардың төл негізін нұсқап отыр. Гардизидің «өзен – қимақтардың құдайы» деген дерегінде үлкен мағына бар екені сөзсіз. Өзен-суға табыну тек өзен бойындағы елдерге тән.

Ертіс туралы саяси және тарихи-географиялық мәліметтердің мол кездесетін тағы бір кезеңі Шыңғыс хан заманы және Жошы ұлысының құрылуына сәйкес келеді. Ертіс

және Орталық Азия тарихын бір жүйеде түсіну үшін шығыс авторларының осы кезеңдегі жазбалары аса маңызды. Мысалы, Рашид-ад-диннің «Джамиат-тауарих» кітабында Жошы ханның Хорезм империясының астанасы Үргенішті алған шайқастан кейін Ұлытауға кетіп қалғаны туралы: «Чингиз-хан приказал, дабы в той войне предводителем был Угедей. Благодаря своим способностям он установил между братьями согласие, и они сообща взяли Хорезм. Чагатай и Угедей направились к отцу и прибыли к нему к крепости Таликан. А Джучи-хан через Хорезм направился в сторону Иртыша, где находились его обозы и присоединился к своим ордам» делінеді [7, 78]. Қазіргі зерттеушілер бұл тарихи деректі тікелей қабылдайды, яғни Жошы ханның ордасы Ертіске таяу жерде деп ұғады. Шын мәнінде, Ертіс аймағына Сарыарқа, оның ішінде Ұлытау өңірі де енеді. Шығыс авторлары үшін Орталық Азиядағы негізгі географиялық нысана әлемдегі ең ірі су көздерінің бірі – Ертіс дариясы.

Алтын Орданың соңғы билеушілерінің бірі Тоқтамысқа қатысты қазақ ауызша дәстүрінің де Ертіске қатысты деректік қабілеті мол. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы жинақтаған шежіре нұсқаларының ішінде «Тоқтамыс сол қашқаннан қашып, Ертіс өтіп кетіпті. Бір қопаға барып қорғалапты. Жалаң аяқ екен, аяғын қамыс тіліп, қанап, сол қанның аққан ізінен бұлжытпай тауып алып, өлтіріп, қопаның жағасына сүйретіп алып шығып көміпті. Бұл күнде сол қопаны «Баян қопасы» дейді. Басында оба бар «Тоқтамыстың қара обасы» дейді... Керекуге жүз елу шақырым жерде Шот деген қала бар. Соған ұрымтал маңайлас дейді» [3, 110]. Бұл жерде Ертіс пен Обь өзендерінің арасындағы Шат татарларының қалашығы туралы айтылады. *Шат* деген сөздің өзі ірі өзеннің екі айрығы арасына орналасқан жер, не екі өзеннің аралығы дегенді білдіреді. Бұл жердің татарлары Сібір хандығы заманында Көшім ханға қызмет еткен жартылай көшпелі жауынгер топтардан құралған. Көшімнің орыстарға қарсы соңғы шайқасы Шат жерінде болды. Барабы, Тара маңындағы бұл татарлар қарсылықтан нәтиже шықпағаннан кейін Том бағытында қоныс аударды. Тоқтамыстың обасы қазір Тохтамышево аталатын ауылдың жанында.

Жаңа заманда Ертіс атауы және негізінен, Ресей тарапынан Қытайға және Жоңғарияға аттанған елшілер мен саяхатшылардың естеліктерінде кездеседі. Ертіс бойындағы жер-су атауларын зертеуде Ф.И. Байковтың /1654-1656жж./, Н.Г. Спафарияның /1675-1678жж./, И. Унковскийдің (1722-1724 жж.) күнделіктерінің маңызы зор. Сонымен бірге ол жазбаларда Ертіс жазығы мен одан табылған зіл мен мамонттардың сүйектері, жазықтың геоморфологиялық құрылысы туралы және тарихи ескерткіштері мен Орталық Азияны мекендеген халықтар туралы деректер бар. Мысалы, 1654 жылы Қытайға аттанған Ф.И. Байковтың елшілік саяхатында мынадай үзінділер бар: «от города Тобольска рекою Иртышем до Тарского города, судами ходу 4 недели 3 дня. На Тару пришел июля в 27 день, а с Тары пошел августа в 1 день вверх рекою Иртышем. А от Тарского города до Белых вод шел 5 недель 3 дни. А к Белым водам пришел 163-го сентября в 17 день. У Белых вод стоял за подводами 4 недели.

И калмыцкой тайша Аблай прислал бухаретина своего Ирки-муллу, а с ним прислал подводы 40 верблюдов да 50 лошадей. А от Белых вод пошел к Аблаю-тайше в улус октября в 16 день. От Белых вод до Кабал Гасуна ходу 3 дни. Кабал-Гасун – калмацким языком, а по русский – полата кирпичная. Кирпич жженой, пустная, дело старинное.

А от Кабал-Гасуна до Долон-Карагаю ходу 2 дня. Долон-Карагай – калмыцким языком, а по русский – стоят семь сосен» [8, 182].

Бұл жерде аталатын Тобольск қаласы – Сібір хандығының астанасы Искер (Қашлық) маңына салынған қала, Тара қаласы – Ертістің орта ағысына орыстың алғашқы салған бекіністерінің бірі. «Белые воды» деп отырғаны – қазіргі өзіміздің Ақсу қаласы. «Кабал Гасун» дегені Павлодар облысы Май ауданы жерінде Қызыл Еңбек ауылының іргесінде қирандылары жатқан Қимақ мемлекетінің астана қаласы Қала балық сағын. Жергілікті ел қазір «Калбасунка» деп атайды. «Долон Қарағай», яғни «Жеті қарағай» дегені – қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай ауданына қарасты Долон ауылы.

Міне, бір ғана қысқаша деректен тарихи дәуірге қатысты қаншама мәлімет аламыз. Қазіргі күні басты міндет – мыңдаған

жылдық тарихы бар жер-су атауларын сақтап қалу, ал олар жоғалып кету алдында түр деуге болады. Соның бір көрінісі – *Ақсөре* атауының тағдыры. Бүгінде Алтайдың ең биік шыңына қатысты «Мұзтау» аты қолданылады. Қазақтың ауызша дәстүріне зер салған Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ этноархеологиялық экспедициясының материалдарына қарасак, бұл биіктің дәстүрлі кезеңдегі аты Ақ сөре болған [9]. Бұл деректі ерте уақыттан сақталған мәліметтер де растайды. Н.К. Рерих саяхатында «На Алтае гору Белуху называют Уч-Сюре. Уч-Орион. Сюре – жилище богов, соответствует монгольской Сумер и индийской Сумеру» - дейді [10, 79]. Қазақ «ақ сөре» деп қасиетті жерлерді айтады. В. Сапожников «Высокие снежные горы служат у калмыков предметом почитания: никто из них под страхом не смеет восходить на них. Обояние Белухи на киргизов (*бұл жерде – қазақтар. Ж. А.*) еще больше: «нам и смотреть близко на нее нельзя», - говорил мне один старик из аула в вершине Черной Берели...» [11, 145]. XX ғасырдың басындағы тарихи-географиялық әдебиетте Ақ сөре биігі 4620 метр деп көрсетіледі. Соңғы уақыттағы ресми деректерде Ақ сөренің теңіз деңгейінен биіктігі 4506 метр делінеді.

Қазіргі күні «Ақ сөре» атауы сирек қолданылады. Ғылыми және көпшілік әдебиеттің әсерімен айналымда, көбінесе, Мұзтау деген атау жүр және ол тарихи атау делінеді. Шын мәнінде, *Ақ сөре* – «Белуха» атауына негіз болған төл тарихи атау.

Екінші мысал – «Қазалы» атауы. XX ғасырдың 90-шы жылдары қазақ елі өзінің көптен күткен тәуелсіздігіне қол жеткізген уақытта Ұлы Ертістің ішкі саласы Ақсу өзенінің сол жағалауында Қазалы атты жер бар екенін білетін адам өте сирек еді. Патша заманында қазіргі Қазалы ауылы орналасқан жер Грязнов деген казак-орыс офицерінің меншігіне берілген. 1903 жылы Воронеж қаласында басылып шыққан «Материалы по киргизскому землепользованию» кітабының төртінші томында «Грязновтың учаскесі Құм қарасу мен Қазалы көлінің арасына орналасқан», - делінеді [12, 51-62].

Осы дерек негізінде «Қазалы» атауының, ең алдымен, Ақсу өзеніне таяу орналасқан көлге қатысты екенін анықтаймыз.

1900 жылы Семей облысының статистикалық комитеті Қазалы маңындағы ескерткіштерге қатысты былай дейді: «В Аксуйской волости большой курган находится на левой стороне Иртыша, в 5 саж, влево от дороги, идущей из Семипалатинска в Петропавловск, в 1 вер. вверх от озера Қазалы. Курган имеет в окружности не менее 15 саж., в высоту над уровнем земли -1S арш. На верхушке кургана большое углубление. Несколько лет тому назад кто то приступил было, к раскопке этого кургана, но вырыв яму в 1 арш., бросил работу. Саж. в 150 от большого кургана находится 5 маленьких, с углублениями на верхушках» [13, 12].

«Қазалы» атауы ұлан-байтақ қазақ сахарасындағы екі ұлы өзеннің бойында да кездеседі. Сыр бойындағы Қазалы қаласы Сырдарияның Қазалы аталатын саласы бойында орналасқан. Тарихи жағынан қарасақ, Қазалы қаласы орналасқан жер – орта ғасырлық Оғыз мемлекетінің астанасы. Себебі, оғыздардың орда қаласы Жанкент Қазалы қаласынан бар-жоғы 20 шақырым орналасқан.

Қазақ ғалымдарының Қазалы атауын «газел» не, «қаз елі» сөздерінен шығаратын, сол сияқты «Қазалы» атауы арабтың «қаза», «қаза болу» /өлімге байланысты/ деген топшылауларымен келісуге болмайды. «Қазалы» сөзінің мағынасы көл маңында ерте заманда қалыптасқан шаруашылық дәстүрлеріне тікелей қатысты. Солардың бірі балық аулайтын құралдың ерекше бір түрі – *қаза*.

«Қаза» туралы тілші ғалымдардың ішінен бірінші рет жазған С. Аманжолов оны балық аулайтын құралдың бірі (одно из орудий рыболовного хозяйства) деп сипаттаған. Қазаны қамыстан тоқиды. Біз қазаны Ақкөл-Жайылма жерінен кездестірдік. Әулиелі Ақкөл жағасына орналасқан Екібастұз ауданының Қаражар ауылының қазақтары әлі күнге дейін балықты қазаны пайдаланып аулайды. Қазаны биік қамыстан, не талдан жасайды да, көлдің адам бойынан аспайтын тұстарына апарып құрады. Үлкен қазалар үй аумағындай жерді алады. Бір құрған қаза бірер апта тұрады да, балықшыларды балыққа көні қылады. Балықшылықтың бұл түрін қазақ «қаза салу» деп атайды. Қаражар қазақтары қазаның қабырғасын «желі» деп

атайды, осы желінің бір тұсын саңылау қылып ашып қояды. Оны “көмей” дейді. Балық осы көмейден қазаның ішіне кіріп, ақыры балықшының дастарханына түскенін білмей де қалады. Ерте уақытта қазаны аздаған ағыны бар жерлерге құрып, оның көмейін ағысқа қарсы қойса керек. Дегенмен, бүгінгі күні қазаны Әулие көл балықшылары суы тұйық көлдің ішіне де құра береді.

Міне, осы *қаза* қазақ жеріндегі Қазалы атты жер-су атауының пайда болуына бірден-бір себеп.

Ертіс Ібір-Сібір жұртына енгенде екі жерде Қызым тұра атауы кездеседі. Біріншісі Сібір (Ескер, Қашлық) қаласының дәл іргесінде. Бұл жерде ерте заманда өзінің сүйген жігітімен қашып бара жатқан ханның қызы өлтірілген екен-мыс. Екіншісі Вагай өзенінің Ертіске құяр тұсында. Бұл жерде биіктігі он сажын аса үлкен оба бар. Обаның жоғарғы жағы тақтайдай тегіс диаметрі 30 сажын болатын алаң бар. Г.Ф. Миллер татарлардың бұл обаны Қызым тұра деп атайтынын жазады [14]. Ерте замандарда қыздар етектерімен топырақ тасып көтерген-мыс екен.

Орыстар Қызым тұраны «Царево городище» деп атайды. Бұл жерде олардың естуінше, татардың атакты хандарының бірі мекен қылған. Осындай ірі қорғанды көтеру екінің бірінің қолынан келмесі анық. Жалпы, Сібір түріклерінде *тұра* сөзі қалашық, қоныс дегенді білдіреді (мысалы, Яш тұра, Яшыл тұра, Жинги (Чимгу) тұра, Жаңғы тұра, Қызыл тұра т.б.). Бұл атаулар да қазақ тарихына қатысты екені анық.

Бізге дейін де адамзат тарихын ұлы өзендердің тарихымен байланыста қарастыру – әлемдік тарихнамада бар құбылыс. Л.И. Мечниковтың «Цивилизация и великие исторические реки» кітабына жазған алғы сөзінде Элизе Реклю «...не приписывая влиянию рек на человека никакого таинственного и фатального характера, мы тем не менее должны признать тот факт, что с начала истории цивилизация Старого Света зародилась и развилась на берегах больших рек, между 20 и 40 градусами северной широты. Нил в своем нижнем течении, Тигр и Евфрат, Инд и Ганг, Хуанхэ и Янцзы были колыбелью цивилизации и своими ежегодными разливами являлись учителями прибрежных жителей», - дейді. 1880 жылдары жазылған бұл кітап «Исторические реки, эти великие воспитатели человечества...» деп басталады [15, 132].

Мәдениеттанушылар ұлы өзендердің бойында қашанда ұлы өркениеттердің пайда болатыны туралы жазады. Расында да, Ертістің Алтай тауларынан бастап Солтүстік мұзды мұхитқа дейінгі өне бойы көне және орта ғасырлық тарихтың алтын қазынасы сияқты. Ертіс бойындағы Ресей патшалары мен Кеңестің тексіз жүйесі қанша күрессе де жоғалта алмаған топонимиялық атаулар – нағыз тарихи-мәдени ескерткіштің өзі. Ертіс бойында біздің бірнеше жылдар бойы жүргізген жер-су атауларын зерттеу нәтижесі ұлы дарияның көне және ортағасырлық тарихтан хабар беретін топонимиялық резервуар екенін көрсетеді.

Әдебиеттер:

1. Марғұлан Ә.Х. Ежелгі жыр, аңыздар: ғылыми-зерттеу мақалалар. – Алматы, 1985.
2. Айдаров Ф. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. – Алматы, 1986.
3. Көпейұлы М.Ж. Шығармалары. 9 т. – Павлодар, 2006.
4. Қашқари М. Түрік тілінің сөздігі (Диуани лұғат-ат түрк). 1 т. – Алматы, 1997.
5. Древнетюркский словарь. – Ленинград, 1972.
6. Бартольд В.В. Извлечения из сочинения Гардизи Зайн-ал-Ахбар. Приложения к «Отчету о поездке в Среднюю Азия с научной целью. 1893-1894 гг.» // Соч., - Т.УІІІ. – М., 1973. – С. 23-62
7. Рашид-ад-дин. Сборник летописей. Т.І-ІІ. – Москва, 1952-1960.
8. Русско-китайские отношения в ХУІІІ веке. –Т. І. Материалы и документы. –Т.І., 1608-1683. – Москва, 1969.
9. Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-нің 2013-2014 жылдардағы этноархеологиялық экспедициясының материалдары
10. Рерих Н. Алтай-Гималай. Предисл. Б.Г. Гафурова. Послесл. А.П. Окладникова. – Москва, 1974.
11. Сапожников В.В. По Алтаю. – Москва, 1949.
12. Материалы по киргизскому землепользованию. Семипалатинская область Павлодарский уезд. Т. ІУ. Воронеж, 1903.
13. Коншин Н. О памятниках старины в Семипалатинской области //Записки Семипалатинского подотдела Западно-Сибирского отдела ИРГО. – Вып. І. – Семипалатинск, 1903.
14. Миллер Г.Ф. Описание городов, крепостей, острогов, слобод, сел, деревень, островов, рек, речек, озер и других достопримечательностей на реке Иртыше и возле него вверх от города

Тобольска //Сибирь ХУІІІ века в путевых описаниях Г.Ф.Миллера // История Сибири. Первоисточники. Новосибирск, 1996

15. Мечников Л.И. Цивилизация и великие исторические реки. – Москва, 1995.

ТАРИХИ АТАУЛАРДЫ ҚАЙТАРУ – ЕЛДІГІМІЗДІҢ БЕЛГІСІ

ПАНГЕРЕЕВ А.Ш.

*Ақтөбе облысының тілдерді дамыту
басқармасы ономастикалық жұмыстар
және талдау бөлімі
Ақтөбе қаласы*

Аннотация: Статья посвящена изучению общего ономастического пространства Актюбинской области в историческом аспекте. В ней говорится об основных принципах номинации объектов районов области.

Abstract: This article presents the total study of onomastic space in Aktobe region from the historical point. The author describes the main principles of objects' nominations in this region.

Еліміздің тәуелсіздік алғалы тілдік ахуалымыз жақсарып, мемлекеттік тілді меңгеру дәрежесі мен сапасы артқанын көріп отырмыз. Ақтөбе облысында да ономастикалық атауларды қалпына келтіру, байырғы тарихи атауларын қайтару ісі қолға алынып, бүгінде біршама жұмыстар атқарылды. Облыс халқының тілдік құрамына келетін болсақ, тұрғындардың тілдік әлеуеті жыл сайын жақсарып келеді. Мемлекеттік тілді жетік меңгергендер 91% құрайды. Орыс тілді меңгергендер – 93%. Үш тілді 12% тұрғындар меңгерген. Осының ішінде қазақ тілін меңгерген өзге ұлт өкілдері 24,5% құрап отыр. Демек, тілмен тығыз байланысты ұлттық болмысымыз да оң қырына ойысты. Соның бірі – ұлттық ономастика. Ұзақ жыл ұршығы иірілмей, жібі шырмалып, өңі өзгерген, өзегі ащы запыранға толы ономастика заманауи бағыт алды. Қоламтасы бықсыған от лаулап, ошақтың жылуы тарала

бастады. Өшкен жанды деп қазақ осындайда айтқан. Өйткені ата-бабадан қалған жер, су, елді мекендердің тарихи атаулары табылып, кейін қайтарыла бастауы ісі қазақтың төбесін көкке көтерді. Лайым от сөнбесін!

2010 жылы 1 ауылдық округтің, 6 ауылдың, 2011 жылы 8 ауылдың тарихи атаулары қайтарылды. 2012-2013 ж.ж. атаулар беруге, қайта атауға тоқтам салынғандықтан ұсыныстар болған жоқ. 2014 жылы 1 ауылдық округ пен 2 ауылдың атауы өзгертілді. 2015 жылы жарияланған мораторийге байланысты ұсыныстар қабылданбады.

Патшалық дәуір мен одақ кезінде Ақтөбе облысында 167 елді мекен өздерінің тарихи атауларынан айырылып қалған еді. Тәуелсіздік жылдарынан бері қарай 143 елді мекен тарихи атауларын қайтарып алып отыр. Енді жиырманың үстінде атау қалды. Айта кету керек, тек қана 2005 жылдан бері қарай 69 елді мекендердің, ауылдық округтердің атаулары тарихи мәніне ие болды. Бұл шаруа оңайлықпен келген жоқ. Оның үстіне дүркін-дүркін жарияланған мораторийлер онсыз да қысқа адымға тұсау сала бергені аян.

Алайда әліптің артын күтіп отырғанымыз жоқ, тоқтамның арасынан жік тауып, 32 елді мекеннің байырғы атауын қайтарып алдық. Ол үшін сынға да түстік. Бірақ заң талабы бұзылмаған еді.

Тоқтам салынған кездері басқарманың ономастика бөлімі тұңғыш рет байырғы атауларды іздеп табу мақсатында ғылыми тұрғыда зерттеу жұмысын қолға алды. Сөйтіп республика, облыс ғалымдарын тарта отырып, 2007 жылы «Ақтөбе облысының топонимиялық кеңістігі» деп аталатын кітап тұрғындар назарына ұсынылды. 2008 жылы «Ақтөбе облысының топонимиялық жүйесіндегі атаулардың өзгертілуі» және 2009 жылы «Ақтөбе облысының ұлттық топонимиясы мен байырғы тарихи-географиялық атауларды қалпына келтіру» деп аталатын екі томдық екі тілде зерттеу жарық көрді. Осы кітаптарда облыстағы барлық елді мекен атаулары жүйеленіп, іздестіріліп табылып, архивтік материалдармен, байырғы карталармен толықтырылып көрсетілді. Зерттеу кітаптарындағы атаулар тұрғындарға түсіндірілді. Тарихи атауларды қайтаруда осы еңбектер негіз

болды. 2009 және 2012 жылдары «Ақтөбе облысының жер-су атауларының атласын» шығардық. Атласта қайта аталған атаулар көк жалаушалармен белгіленді. Облыстың, аудандардың қазақ тіліндегі географиялық картасын шығарып тараттық.

Зерттеу жұмысына екі жылдан бері мектеп оқушыларын, студенттер мен жастарды тарттық. «Туған өлкемнің атауы» атты жоба байқауын өткіздік. Бірінші байқауға 60 бала қатысып, олардың зерттеу еңбектері арнайы кітапқа жинақ болып енгізілді. Биыл «Атаулар сыр шертеді» деген атпен өткізілген жобаға 180 жастар қатысып, 80 еңбек іріктеліп алынды. Облыстың жер-су, елді мекен атауларын зерттеген оқушылар жинақ болып басылып шықты. Жобада үздік шыққан мектеп оқушысына және студентке облыс әкімінің екі Бас жүлдесі мен 100 000 теңге көлемінде сыйлығы берілді. Бұл жобаның мақсат міндеті төмендегідей:

«АТАУЛАР СЫР ШЕРТЕДІ» байқау жобасының сипаттамасы

Мақсаты:

- өскелең ұрпақтың туған өлкесінің тарихын тануына, облыстың топонимия кеңістігіне ғылыми негіз жасауына қатыстыру;

- жастардың тарихи топонимдердің пайда болуы, жойылуы, өзгеруі туралы өлкетанулық, географиялық, тарихи танымдық білімдерін арттырудың негізін жасау;

Міндеті:

- жастар зерттеген өлкетану тарихы туралы жинақ әзірлеп шығару және оларды аудан кітапханаларына, мектептерге тарату;

- тарихи мәніне ие бола алмай отырған географиялық атауларды байырғы атауларымен атау үшін алғышарттар жасау;

- кітапханалар мен мектептердің оқыту-әдістемелік базасын топонимия кеңістігіндегі өлкетану материалдарының жаңа деректер базасымен толықтыру.

Жобаны дайындауға қатысушылар:

- жалпы білім беретін мектеп оқушылары;

- жоғары және арнаулы оқу орындарының студенттері.

Жобаның өту тәртібі:

1-кезең уақыты: оқушылар мен студенттердің

материалдарды жинап тапсыруу;

2-кезең уақыты: арнайы сайтта жиналған материалдарды сараптамадан өткізу, қорытынды жасау.

Жобаны дайындау оқыту семинарын өткізу;

- тарих ғылымдарының докторы, кандидаттар құрамы бар қазылар алқасын құру;

- байқау жобасына түскен еңбектерді саралау;

- жүлдегерлерді, Бас жүлдегерлерін анықтау;

- жоба қатысушыларының еңбектерін арнайы сайтта жариялау;

- жобаға берілген еңбектер қамтылған 300 дана жинақ шығару.

Жобаға қатысушыларды марапаттау:

- жобаға қатысушылар арнайы сертификаттар, алғыс хаттар, дипломдар, сыйлықтармен марапатталады;

- арнайы жекелеген номинациялар бойынша сыйлықтар тапсырылады;

- облыс әкімінің Бас жүлдесімен (100 000 теңге) марапатталады.

Жобадан күтілетін нәтижелер:


- облыс топонимиясының кеңістігі туралы жергілікті материалдар қорын толықтыру;


- 180 жастың ономастика саласындағы ғылыми жұмыстарға тартылуы арқылы олардың өз елін, жерін сүйуге тәрбиелеу;

- тұңғыш рет жастарға арналған ономастикалық жұмыстар жөнінде ақпарат беретін сайт арқылы жастардың облыс топонимиясын жетілдірулеріне мүмкіндік ашу, жобаның ықпалымен облыс әкімінің Бас жүлдесін тапсыру дәрежесінде мемлекеттік тіл саясатының ажырамас бөлігі ономастика саласының маңыздылығын көрсету болып табылады.

Облыстық басқарманың тағы бір келелі ісі ретінде «Туған өлке» деп аталатын кітаптар сериясын атауға болады. Бұл серия әр ауданға арналып отыр. Ақтөбе облысы бойынша топонимдердің қалыптасуы, атаулардың шығу тарихы, пайда болуы, ерекшеліктері мен құндылықтары, жер-су, елді мекен,

тау, тас, өсімдіктер, аң, құс, жануарлар, ру тайпалық, қазақ жәдігерлерінен пайда болған атаулар, анатомиялық терминдер, тарихи-географиялық деректер, т.б атауы туралы ақпараттық, танымдық, ғылыми зерттеу. Облыс аймағына жататын топонимдер (жер-су, тау-тас), ландшафтық топонимдер (құм, шоқы, қырка, үңгірлер, қыстау, жайлау, күздік үйлер, т.б). онимдердің пайда болу тарихы, анатомиялық лексика түріндегі топонимика, анемоним салдарынан бертін келе жойылып кетуі, антропоним (адам есімдерімен аталатын) негізінде берілген атаулар, гелонимдер (батпақтар, шалшықтар, лайлар атауы), генонимдік атаулар (сол жердің рулық-тайпалық атауларынан пайда болған), дримонимдер (орман, тоғайлар), гидронимдердегі лимнонимдер (өзен, көл, су, тоған, бөгет, су қоймалары, т.б атаулары), тағы басқа атаулар зерттеудің негізгі объектісі болып табылады. Флора мен фауна атауларына дейін енгізілген кітаптың 4 ауданды қамтыған сериясы жарық көрді. Алдағы екі жылға 3 аудан дайындалуда. Сериялық кітаптар қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде басылып шығып отыр.





1 Сурет – Ақтөбе облысының Ойыл және Байғанин аудандарының топонимдерін зерттеу еңбектері

1 Кесте – Ақтөбе облысы бойынша атулардың тілдік құрамы

№	Қала, аудан атауы	Елді мекендер саны	Тілдік ахуалы	
			қазақша	орысша
1	Ақтөбе қаласы	30	24	6
2	Алға ауданы	45	44	1
3	Байғанин	44		
4	Әйтеке би	47	46	1
5	Қарғалы	34	31	7
6	Қобда	50	49	1
7	Мәртөк	51	43	9
8	Мұғалжар	60	60	
9	Ойыл	31	31	
10	Темір	40	40	
11	Хромтау	51	51	

12	Шалқар	55	55	
13	Ырғыз	28	28	
	Барлығы	566	541	25



2 Сурет – Ақтөбе облысы ономастикалық кеңістігі мәселелеріне арналған байқау материалдары және Ақтөбе облысы жер-су атауларының атласы

Атау беру принциптері. Атауларды өзгерту олардың тарихи негізіне байланысты орындалады. Байырғы тарихи атаулар туралы жүргізілген зерттеулер бойынша түскен ұсыныстар сараланып, облыстық ономастика комиссиясында қаралады. Барлық құжаттар ашықтық қағидаттарына сүйене отырып жасалады. Жергілікті қоғамдастық жиыны бір ай бұрын шақырылып, БАҚ, сайтқа хабарландырулар салынады. Жиын өткеннен кейін оның хаттамалары БАҚ-да жарияланады.

Тұрғындар арасында атаулар беру, өзгерту, қайта атау бойынша нақты түсінік жұмыстарын ұйымдастырудың нәтиже алып келері сөзсіз. Осы мақсатта «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ономастика мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңнама талаптары жергілікті жерлерде түсіндірілді. БАҚ-на материалдар берілді

және нормативтік-құқықтық актілер жинағы мен арнайы буклет шығарылып үлестірілді.

Туындап отырған кейбір кедергілерден өту қиындық тудырады. Сондай проблемалардың бір-екеуіне тоқталайық. Атау берудің жергілікті жерлерде қоғамдастық жиындары арқылы жүргізілуі жұмысты едәуір жеңілдетті. Облыстық маңызы бар қалалардың құрамдас бөліктеріне депутаттар тыңдауымен олардың тұрақты комиссиялары арқылы шешу де оңтайлы тәсіл. Рас, объектілерге атау беруде РОК-тың араласуы орынды-ақ болсын, алайда, облыс орталығының құрамдас бөліктеріне атау беру үшін Республикалық ономастика комиссиясының қорытындысын алу қисынға келмейді деп білеміз.

ҚР «Әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Заңында әкімшілік-аумақтық құрылыс жүйесіне кіретін бірліктерді былай деп тұжырымдаған: ауыл, кент, ауылдық округ, қаладағы аудан, қала, аудан, облыс. Демек, бір атау облыстың бір аудан орталығында немесе қалада, т.б жерлерінде қайталануына жол берілмеуі керек деп түсінуге болады және мұны ашып көрсету қажет-ақ. Сондай-ақ, атау беру, қайта атаудың критерийлерін нақтылау қажеттігін өмір көрсетіп отыр. Яғни, әлі де болса ономастика саласының уығын қатайтып, керегесін бекіте түсу қажет.

ЭРГОНИМДЕР ЖҮЙЕСІНІҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ СИПАТТАМАСЫ

**(ҚР орта білім беру мекемелерінің (мектеп)
атаулары бойынша)**

ҚОҢЫРАТБАЕВА Ж.М.

Л.Н. Гумилев атындағы

Еуразия ұлттық университеті

Астана қаласы

Аннотация: Статья посвящена анализу сравнительного описания системы эргонимов регионов Республики Казахстан.

Рассматриваются наименования учреждений среднего образования, среди них наименования школ как фундаментальный слой эргонимов с общественно-лингвистической позиции.

Abstract: The paper concentrates on the comparative analysis of ergonyms in the regions of Kazakhstan. The author studies the names of educational institutions from the social and linguistic aspect.


XX-XXI ғасырлар тоғысында елімізге дендеп еніп жатқан әлеуметтік өзгерістер мен мәдениетаралық қатынастардың дамуы түрлі сала (адамдардың іскерлік бірлесуі, коммерциялық ұйымдар, мәдениет, білім ошақтары) кәсіпорындарының жаңа атау алуын талап етуде. Ономастикалық кеңістіктегі атау берудің бұлай жаңғыруы оның орталық өзегі (ядрасы) болсын, шеткері өзегі (перифериясы) болсын, күн санап өзектене түсуде. Әсіресе, бұндай «ономастикалық жарылыс» жалқы есімдердің перифериялық разрядтарының бойында аса белсенділік танытып отырғаны белгілі. Себебі онимдер құрылымының шеткері қабаты өзгерісті бойына тез, жиі қабылдайтын, құбылмалы болып келеді. Жалпы, ономастика ғылымында жалқы есімдердің шеткері өзегіне (перифериялық) эргонимдер, фитонимдер, хрематонимдер, поэтонимдер, ойкодомоним, т.б. разрядтар жатқызылады. Ал Г.Б. Мәдиева мен С.Қ. Иманбердиева ономастикалық кеңістіктің перифериялық шекте тұрған барлық түрін шартты түрде, ең алдымен, идеонимдер және прагматонимдер деп екі ірі разрядқа бөліп қарастырады. Оның ішінде идеонимдер қатарына артионим, библионим, гемероним, документоним, хрононим, поэтоним, теоним, т.б. алады да, прагматонимдерге эргоним, хрематоним, порейоним, фалеронимдерді жатқызады [1, 81-93]. Біз ономастардың осы жіктеуін басшылыққа ала отырып, еліміз өңірлеріндегі эргонимдер жүйесін салыстырмалы сипаттама тұрғысынан қарастырамыз.

Тіл ғылымында эргоним терминіне мынадай анықтама беріледі: «Эргоним – оним түрі. Ол іскери адамдардың бірігуі, оның ішінде одақтар, ұйымдар, мекемелер, корпорациялар, кәсіпорындар, қоғамдастықтар мен үйірмелердің атауы. Мысалы, Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ), Халықаралық Астрономиялық

Одақ (ХАО), Ғылым Академиясы (ҒА) және т.б.» [2, 151]. Яғни, іскер адамдардың бірігуі (ғылым, білім, оқу, өндіріс орындары), коммерциялық мекемелер (агенттік, банк, дүкен, фирмалар), мәдени нысандар (кинотеатр, клуб, театр, ойын-сауық орындары), спорт орындары (кешендер, стадиондар) сынды түрлі қызмет салалары эргонимдік қатардың бірліктері болып табылады. Бұл сипаттарымен қоса, эргонимдер өзі тектес өзге онимдер табиғатынан құрылымдық-семантикалық түрлілігімен ерекшеленеді: оның атауы ретінде жекелеген графикалық таңбадан бастап күрделі синтаксистік құрылымдарға дейін белгілене алады; құрылымы әлсіз, басқаша айтқанда, өзгерімпаз, уақыт таңдағыш болып келеді; эргонимдер болып кез келген сөз табы қолданыла алады.

Эргонимдер қоғамдық қажеттіліктерді шешу мақсатында анықтауыштық-бөлшектеуші, ақпараттық, адрестік, меморативті, эстетикалық, танымдық, жарнамалық т.б. қызметтерін атқарады. Қоғамның бөлінбес бір бөлшегіне айналған эргонимдердің ерекше бір түрі – орта білім беру мекемелері, оның ішінде мектеп атаулары. Мектеп атаулары эргонимдердің жалпы функционалдық сипатының барлығына дерлік жауап бере алады, яғни оның қызметі сан-салалы. Қазақстан аумағындағы мектеп атаулары да тарихи-мәдени, әлеуметтік-қоғамдық өзгерістер қатпарларында өзінің көп функционалдығымен дараланады, сондықтан оларды тілдік-мәдени, тілдік-әлеуметтік тұрғыдан қарастыру қазақ ономастика ғылымы үшін маңызды мәселелердің бірі болмақ.

Қазақстанда шамамен 7576 орта білім беру мекемесі болса, соның 7028-і – мектеп екен (2014 жылы жүргізілген мәлімет бойынша) (1-сурет).



1 сурет – ҚР бойынша орта білім беру мекемелерінің (мектеп) саны

Қазіргі Қазақстан өңірлеріндегі мектеп атауларын номинациялық, лексика-семантикалық, лингвокогнитивтік, прагматикалық тұрғыдан қарастыруда олардың уәжділік сипаттамасының кең сипатты екендігін тануға болады. Себебі олар еліміздің ономастикалық, коммуникативтік-ақпараттық кеңістіктігінде белсенді рөл атқаруда. Ел аймақтарындағы мектеп атаулары эргонимнің ерекше түрі ретінде өз бойына нақты белгілерімен танылатын ұжымдық мекен туралы ақпараттарды жинаған, атап айтқанда этникалық тиістілік, әлеуметтік жағдаят, мәдени-тарихи құндылық сынды сипаттардан хабардар етеді.

Ел өңірлеріндегі мектеп атауларының бойынан антропоним-эргоним, топоним-эргоним, астроним-эргоним, урбаноним-эргоним және т.б. сипаттарды табуға болады. Осыған орай біз ҚР орта білім беру мекемелері (мектеп) атауларының негізгі категорияларын құрылымдық-семантикалық жағынан шартты түрде үлкен төрт топқа бөліп қарадық (1-кесте).

1 кесте – ҚР орта білім беру мекемелері (мектеп) атауларының негізгі категориялары және олардың пайыздық көрсеткіші:

№	Мектеп атауларының категориялары	Пайыздық көрсеткіші
1	Нөмірлі эргонимдер (мектептер)	22%
2	Меморативті эргонимдер (мектептер)	29.35%
3	Арнаулы эргонимдер (мектептер)	1.42%
4	Топонимикалық эргонимдер (мектептер)	47.33%
Барлығы:		100%

Кестеден көріп отырғанымыздай, Қазақстан Республикасы орта білім беру мекемелері (мектеп) атауларының негізгі категорияларын жер-су атаулары мен кісі есімдері құрайды екен, сондай-ақ, тіркеу ретіне және арнайы мақсатқа қызмет ететін типтері де кездеседі. Аталмыш эргонимдер жүйесінің республика аймағында көрініс табуы, әрине, әртүрлі сипатта (2-кесте).

2 Кесте – ҚР өңірлері бойынша орта білім беру мекемелері (мектеп) атауларының негізгі категорияларының пайыздық салмағы:

№	Өңірлер	Өңірлер бойынша мектеп атауларының негізгі категориялары (%)			
		Нөмірлі эргонимдер (мектептер) - %	Меморативті эргонимдер (мектептер) - %	Арнаулы эргонимдер (мектептер) - %	Топонимикалық эргонимдер (мектептер) - %
1	Астана қаласы	82	12.5	5.55	-
2	Алматы қаласы	75.72	23	1.28	-
3	Ақмола облысы	15.46	15	1.72	67.86
4	Алматы облысы	16	39.16	2.14	42.34
5	Ақтөбе облысы	29	15	-	56.37
6	Атырау облысы	17.7	53	1.9	27.7
7	Батыс Қазақстан облысы	13.8	28	1.3	57.06
8	Жамбыл облысы	17	47.23	0.21	36
9	Қарағанды облысы	39.14	14.34	0.19	46.33
10	Қостанай облысы	17	36	0.23	53.23
11	Қызылорда облысы	60.37	33	0.20	6.43
12	Маңғыстау облысы	48.45	13.40	-	57
13	Оңтүстік Қазақстан облысы	9.5	57	2	31.5
14	Павлодар облысы	19	13.37	0.27	33
15	Солтүстік Қазақстан облысы	7.36	7	2.5	83.14
16	Шығыс Қазақстан облысы	19	24	3.5	53.5

Нөмірлі эргонимдер (мектептер) – еліміздің орта білім беру мекемелері (мектеп) атауларының негізгі категорияларының бірі болып келеді, пайыздық үлесі шамамен – 22%. Бұл санатқа біз кісі есімдері берілмеген, тек нөмірленген мектеп атауларын жатқыздық. Еліміздің ономастикалық кеңістігіне салыстырмалы сипаттама жасау барысында мектептердің нөмірленіп берілуі, әсіресе, урбанонимдік жүйеге тән екендігі аңғарылды. Ол түсінікті де, себебі қалалық жерлерде қоғамның кең тынысты (мегаполистік) өміріне орай білім беру мекемелері бірден нөмірленіп тіркеледі. Және бұл құбылыстың қала тұрғындары

мен қонақтарының жүріп-тұруына оң ықпал ететіндігі байқалады. Өзге қалалық жерлерге қарағанда нөмірлі мектептердің дені Астана мен Алматы сынды ірі орталықтарға тән. Мәселен, Астана қаласында мектептердің 82%-ы нөмірленген болса, ал Алматы қаласында 77%-ды құрайды екен (2-кесте). Яғни, Елордада 78 мектеп болса, оның ішінде 65-і тек нөмірлі болып келген. Сол секілді Алматы қаласында барлығы 213 мектеп болса, соның 163-і нөмірленген. Ал қалған мектеп атаулары нөмірленіп келгенімен, белгілі бір қайраткер есімін (меморативті) иеленген. Бұндай білім беру мекемелерінің күнделікті қоғам өміріндегі атқарар қызметтерінің өзгешелеу екендігін тануға болады. Жалпы, нөмірленген орта білім беру мекемелерінің атауларында өзіндік ерекшелік бар, олардың бойында өзара ортақ бірізділік сипат көрініс табады. Эргонимдердің бұл сипатты түрі мектептерді нөмірлеп тіркеу функциясымен ғана шектеліп қоймайды. Жеке бір нысанның атауы бола тұра, ол қоғамдық қажеттіліктерге орай, негізінен алғанда, ақпараттық (информативтік), бөлшектеуші (дифференциациялаушы), мекендік (адрестік) қызметтерімен танылады. Қала әлеуметінің қарбаласқа толы күнделікті өмірдің кез келген сәтінде осы қызметтерге жүгінулері заңдылық. Себебі, «37-мектептің жанында тұрамын», «4-мектепке қарай жүресіз», «22-мектептің алдынан өтесіз», кейде тіпті ықшамдап «1-ден келдім», 5-тің алдында кездесеміз», «48-ге қарай бұрыласыз», т.с.с. деген жұмсалымдар ауызекі сөйлеу тілінде әрі ықшам, әрі жеңіл айтылып, тез әрі нақты бағыт-бағдар беруге көмектеседі. Демек, нөмірленген білім беру орындарын ірі урбанонимдік кеңістіктерде өзіндік түрлі қызметімен танылатын эргонимнің ерекше түрі деуге болады.

Кейінгі орындарды Қызылорда (60.37%) және Маңғыстау (48.45%) облыстары алады. Мұндағы бір ерекшелік – бұл өңірлерде нөмірленген мектептер облыс орталықтарына қоса аудан, ауылдарында да көрініс тапқан. Яғни, аталмыш өңірлердің аудан округтерінде тек нөмірленген, кісі есімдері де берілмеген, тіпті жергілікті мекен аттарымен де аталмайтын мектептер жиі кездеседі. Және олардың дені нумерологиялық қызмет қана атқарады деуге болады.

Меморативті эргонимдер (мектептер). «Меморатив» - алғашқыда көне үндіеуропа тілінің «ойлау» мағынасындағы *men- /mon-* түбірінен қалыптасып, кейінірек латын тілінде *memor* – «есте сақтау, жадынан шығармау, ойда ұстау, ойында сақтау, ұмытпау» мағыналарында жұмсалыс тапқан ұғым. Яғни, меморативті эргонимдердің берілу мақсаты – белгілі бір нысан атауын (мектептерді) сол өлке, аймаққа қатысы бар (еңбегі сіңген, қызметі өткен) тұлға есімдерімен атау деп ұғынылады. Еліміздің орталықтары мен аймақтарында кісі есімдерімен келетін мектеп атаулары - 29.35% болса, оның шамамен 18%-ын туған елге, жерге қызмет еткен, тарихта өз орны бар тұлғалардың есімінде екен. Олардың қатарынан бүгінгі таңда М. Қашқари, Ж. Баласағұн, Ұлықбек, Әл-Фараби, Ер Қабанбай, Ақтамберді, Ә. Марғұлан, Ә. Бөкейханұлы, Т. Рысқұлов, М. Шоқай, А. Байтұрсынұлы, Шәкәрім, Ж. Аймауытұлы, М. Дулатов, М. Жұмабаев, М. Өзтүрік, Д. Қонаев, т.б. түркі жұрты арыстарының есімдері орын алып отырғаны, әрине, көңіл қуантады. Бұл тұста бір ескеретіні, аталмыш санатқа жалпы ұлттық меморативтердің күллісін жатқыздық. Себебі олардың ішінде есімі жалпақ жұртқа белгісіздеу болғанымен, өз аймақ, аудан топырағын нәрлендіруде қызметкерлігінен гөрі қайраткерлігі басым түсіп жататын кісі есімдері де болуы мүмкін. Ал егер «атамның аты ауылға, көкемнің аты көшеге» сипатымен атау тапқандары болса, ол мәселенің қарастырылуы құзырлы органдардың міндетінде деп танимыз. Меморативтердің 2%-дайын әлемдік өркениетке, мәдениетке, әдебиетке үлес қосқан тұлғалардың есімдері (Ататүрік, М. Ганди, Пушкин, Лермонтов, М. Горький, Гагарин, т.б.) кұраса, ал қалған бөлігін (9.35%-ын) Кеңестік кезеңде саяси-идеологиялық ұстаным шарттары бойынша аталып кеткен атаулар сірісін жазбай көрініс тауып отыр деуге болады (Киров, Буденный, Рыбалко, Рыков, Романовка, Антоновка, Кутузов, Корнеевка, Соколовка, Гуденко, Михайловка, Моисеев, Дмитриев, т.т.). Меморативтердің аталмыш категорияларына салыстырмалы сипаттама берер болсақ, әрине, ұлтымыздың тарихи тұлғаларын ұлықтауда Астана және Алматы сынды ірі мәдени-саяси орталықтар мен оңтүстік өңірлердің үлес салмағының басым

түсетіндігі түсінікті. Дегенмен, меморативті білім ошақтарының ішінде, қай өңір болмасын, күні бүгінге дейін Кеңес үкіметінің басшылары мен большевиктер партиясы көсемдерінің есімдері «тақтадан» түспей келеді. Мәселен, Ленин, Крупская, Маркс атындағы мектептерді Қазақ елінің қай жұртынан болса да табуға болады. Салыстыра жіктесек, Ленин атындағы мектеп Ақмола, Алматы (Ленинка), Атырау, БҚО (*Ленинская*), Жамбыл (Ленин мектебі екеу, Ильич), Қарағанды (*Ленин, Путь Ленина*), Қостанай (*үшеу*), Оңтүстік Қазақстан, Павлодар (*үшеу*), Солтүстік Қазақстан (Ленинское, Ленин (екеу), Ильичевка, Ильич), Шығыс Қазақстан (*екеу*), Н. Крупская атындағы мектеп Ақмола, Ақтөбе, Алматы облысы (екеу), Атырау (*екеу*), Жамбыл, Қарағанды (екеу), Қостанай, Қызылорда, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан (екеу), К. Маркс атындағы мектеп Жамбыл, Қызылорда облыстарында, яғни өңірлердің түгелге жуығында халыққа «әлі қызмет етіп келеді екен». Бұл көрініс қазақы қаймағы бұзылмаған оңтүстік өңірлердің өзінде белсенді қызмет етіп отырғаны, әрине, көңілге кірбің ұялатады. Жалпы, тарихи-мәдени нысандарға берілген атауларда сол аймаққа, өңірге не болмаса тұтас этносқа қатысты ақпараттық нышан, мағыналық сипат болуы тиіс. Әлемдік ономастикалық кеңістікте солай. Өкінішке орай, эргонимдердің (мектеп атауларының) бүгінгі жайынан ол сипат толық көрініс таппай отыр.

Ал меморативті мектептердің қоғам тіршілігіндегі атқаратын қызметіне келер болсақ, олар күнделікті ауызекі сөйлеу үдерісінде, негізінен, бағыт-бағдар беру, жөн сілтеу, таныстыру, т.б. секілді ақпар беруге қатысады. Мысалы, «Алтынсариннен» келдім, «Рысқұлов» мектебінің жанында, «Абай» мектебінен түсесіз, т.с.с. қолданыстардың қалалық жерлерде информативтік функциясы басым көрініс тауып жататындығы анық.

Арнаулы эргонимдер (мектептер) деп атаулары мен білім беру сипаты жағынан өзге нысандардан ерекшелетін онимдерді бөліп алып қарадық. Республика көлемінде ондай мектептердің саны көп емес, шамамен – 1.42%. Дегенмен қоғамдық өмірде өзіндік қалыптастырған ерекше функциясымен дарланады. Арнаулы мектептерді қарастырылатын жағдайына байланысты іштей үш микротопқа жіктеуге болады:

1) Дарынды балаларға арналған арнаулы мектептер – «Дарынды ер балаларға арналған қазақ-түрік лицей-интернаты» мемлекеттік мекемесі (Астана қ.), «Дарынды қыз балаларға арналған қазақ-түрік лицей-интернаты» мемлекеттік мекемесі (Астана қ.), Дарынды балаларға арналған облыстық мамандандырылған қазақ-түрік лицейі мектеп-интернаты (Ақмола, БҚО, Қарағанды, СҚО, ШҚО обл.), «Дарынды балаларға арналған үш тілде оқытатын арнаулы гимназия» мемлекеттік мекемесі (Алматы обл.), Дарынды балаларға арналған мамандандырылған гимназиясы (Павлодар обл.), Дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектеп-интернаты (БҚО обл.), Ағылшын тілін тереңдетіп оқытатын техникалық гимназиясы (Атырау обл.), т.б.

2) Атау таққан арнаулы мектептер – «Зерде» дарынды балаларға арналған мектебі, «Мирас» көпбейінді мектеп-гимназиясы (Астана қ.), «Таңдау» салалы гимназиясы» мемлекеттік мекемесі, «Болашақ» облыстық мамандандырылған дарынды балаларға арналған мектеп-интернаты (Ақмола обл.), «*Жанұя*» кешені коммуналдық мемлекеттік мекемесі, «Даму» интеллектуалдық қабілеті төмен балаларға арналған арнайы (түзету) мектеп-интернаты» (Алматы қаласы), «*Мұрагер*» мамандандырылған мектеп интернаты, «*Дарын*» мамандандырылған мектеп интернаты (Қарағанды обл.), «Мұрагер» мектебі (Қызылорда обл.), Мамандандырылған «Дарын» мектеп-интернаты (ОҚО обл.), «Ақниет» гимназиясы (БҚО обл.), «Лингва» лицей мекемесі, «Мамандандырылған кадет мектебі», «Дарын» мектеп-лицейі, «ЛОРД» дарынды балалар үшін мамандандырылған облыстық мектеп-лицейі (СҚО обл.), «Карнавал» хореографиялық мектебі» (Қостанай обл.), «Даму» мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған арнайы (түзету) мектеп-интернаты (СҚО обл.), «*Асыл мұра*» балалар өнер мектебі, «*Балбұлақ*» балалар өнер мектебі, «*Шабыт*» балалар өнер мектебі, «*Гармония*» дарынды балалар орталығы, «*Восток*» дамыта оқыту ғылыми-зерттеу арнайы мектеп-кешен орталығы (ШҚО обл.), т.б.

3) Өзге де бағытта қызмет ететін арнаулы мектептер – «Ақыл-ой бұзушылықтары мен психикалық дамуы кеш балаларға

арналған арнайы түзету мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, «Есту кемістігі бар балаларға арналған арнайы түзету мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (Ақмола обл.), *Көркем өнер мектебі*, Педагогикалық психологиялық түзету мектебі (*Жамбыл обл.*), Балалар шығармашылық өнер мектебі, Балалар шығармашылық үйі (Қостанай обл.), Балалар көркем сурет мектебі (ОҚО обл.), т.б.

Арнаулы мектептердің өзге білім беру мекемелерінен ерекшеленетін бір тұсы – олардың бойынан жалпы эргоним табиғатына тән жарнамалық сипаттың көрініс табуында. Бұл санаттағы эргонимдердің мазмұны болсын (мәселен, Қазақ-түрік лицей-интернаты, Дарынды балаларға арналған мамандандырылған гимназиясы, Балалар шығармашылық өнер мектебі), атаулары болсын («*Зерде*», «*Дарын*», «*Мирас*», «*Мұрагер*», «*Таңдау*», т.б.) белгілі бір дәрежеде қоғамның назарын өзіне аударып, жарнамалық қызмет етуге талпыныс жасайды. Бұл құбылысты қазіргі экономикалық-технологиялық бәсекелестік заманының талаптарына жауап беру, үн қосу, т.б. секілді жаңашылдықпен сәйкес туындап отыр деуге болады.

Топонимикалық эргонимдер (мектептер). Ел аймағындағы білім ошақтарының тең жартысын аталмыш топ құрайды екен (47.33%). Мектеп атауларын шартты түрде бұлай жіктеуде мына жайтқа назар аудардық. Егер салыстырмалы сипаттама жасасақ, мектеп санының ҚР өңірлерінің қалалық жерлеріне қарағанда далалық (аудан, ауыл, аймақ) мекендерінде басым екендігі белгілі. Сәйкесінше ел аумағындағы білім ошақтарының дені сол елді мекен атауымен аталады. Ал кей өңірлерде символдық атау таққандары да бар. Орта білім беру мекемелері атауларының ішіндегі ең бір шиеленісті де күрделі қабаты – осы елді мекен атауларымен аталып отырған түрі. Себебі қазақ топонимикалық кеңістігінде өздерінің тарихи атауларынан алыстап, кеңестік жүйенің ұстанымдары бойынша таңбаланып кеткен онимдер қатары жетерлік. Ал бұл жайттың білім беру жүйесіне өз таңбасын салып отырғандығы айтпаса да түсінікті.

Елді мекен аттарымен аталатын мектеп атаулары мынадай ішкі топтарға бөліп қарастыруға болады:

1) Тарихи топонимикалық атаулармен аталатындары – Ақмешіт, Қоянды, Жалғызқұдық, Қызылсуат (Ақмола обл.), Тассай, Тасөткел, Құмтоғай (Ақтөбе обл.), Кіші Ақсу, Қызылсай, Қарғалы (Алматы обл.), Тасқұдық, Соркөл, Алмалы, Талдыкөл, Сарайшық (Атырау обл.), Қырқопа, Борық, Ұзынкөл (БҚО), Көкарық, Ақкөл, Талапты (Жамбыл обл.), Ақтүбек, Айнабұлақ, Түгіскен (Қарағанды обл.), Бестөбе, Адай, Бөрлі, Есенкөл, Сарыкөл (Қостанай обл.), Қызылөзек (Қызылорда обл.), Бейнеу, Боранқұл (Маңғыстау обл.), Тасқұдық, Ащыбұлақ, Шарбұлақ, Ақбастау, Талдыбұлақ, Қызылсеңгір (ОҚО), Ақкөл, Атығай, Бозшакөл, Қарасу, Шідерті (Павлодар обл.), Балуан, *Астаган, Ақсу, Жаңасу, Қаратал, Көктерек, Бидайық, Елтай* (СҚО), Бөкенші, Абыралы, Айнабұлақ, Ақбұлақ, Аршалы, Қызылағаш, Суықбұлақ, Тасбастау, Шілікті, (ШҚО), т.б. мектептері.

2) Тарихи топонимдердегі мектеп атауларының демонстративті таңбалармен келетіндері – Бұлақты ауылының мектебі Красногвардейка (Ақмола обл.), Құрайлы мекенінің мектебі Россовхоз, Жыңғылдытоғай ауылының мектебі Қызыләскер (Ақтөбе обл.), Таусамалы мекенінің мектебі ГЭС, Бекболат ауылының мектебі *1 Май* (Алматы обл.), Ақсоғым ауылының мектебі Восход, Шыңғырлау мектебі Правда (БҚО), Жібек жолы ауылы мектебі Королевка, Андас батыр ауылының мектебі Победа (Жамбыл обл.), Қаражар мектебі Березняк, Тоғызқұдық мектебі Кузнецк, Үштөбе ауылының мектебі Заречный (Қарағанды обл.), Үштоғай мектебі Рассвет, Арқа мектебі Краснооктябрь (Қостанай обл.), Жыланды мектебі Комсомол, **Тұрбат ауылының мектебі** Қазанның ХХХ жылдығы (ОҚО), Төсағаш мектебі Зорь-октябрь (Павлодар обл.), Ағынтай мектебі Златогор, Құмтөккен мектебі Қызыләскер, Тоқшын мектебі Совхоз (СҚО), Ерназар ауылының мектебі Сосновка, Көкбастау мектебі Юбилейная, Алтынбел мектебі Новоберезовка, Құлынжон мектебі Казнаковка (ШҚО), т.б. деп аталады.

3) Саяси-идеологиялық топонимдер атауларымен аталатындары – Первомайка, Новый колутон, Новочеркасское, Садовое, Отрадное (Ақмола обл.), Новый, Комсомольская (Ақтөбе обл.), Коловертный, Красноармейск (БҚО), Кеңес

(Жамбыл обл.), Дубовка, Новоузенка, Звездное, Красная поляна (Қарағанды обл.), Краснокордон, Степная, Краснопреснен (Қостанай обл.), Пограничник, Луговой, *Веселая Роща*, Богатырь (Павлодар обл.), Заря, Рублевка, Советское, Новокаменка, Плоское, Боголюбово, Глубокое, Белое, Образец, Пулеметовка, Любимовка (СҚО), Глуховка, Мостик, Вторая Пятилетка, Пролетарка, Прапорщиково, Быструха, Опытное поле, Первоороссийское (ШҚО), т.б. мектептері.

4) Жергілікті топонимдерден өзгеше аталатындары – Макаров ауылының мектебі Подхоз, Богдановка ауылының мектебі Госплемстанция (БҚО), Каменка ауылының мектебі Тубсанаторий, *Юбилейное ауылының мектебі* Подгорный (Жамбыл обл.), Корнеевка ауылының мектебі Керней (Қарағанды обл), Научный ауылының мектебі Новостройка, Харьковское мекенінің мектебі Сосна, Златоуст ауылының мектебі Краснодон (Қостанай обл.), Церковное ауылының мектебі Новомир, Береговое ауылының мектебі Зеленая роща (Павлодар обл.), Новоукраинка мекенінің мектебі Рудный, Светлое ауылының мектебі Целинный (СҚО), Зенковка мекенінің мектебі Краснопол, Белое мекенінің мектебі Октябрь (ШҚО), т.б. атауларымен келеді.

5) Ал енді кейбір елді мекендердің мектеп атауларында тіпті түсініксіз, екі тілді онимдердің көрінісі орын алған – Светлый Жаркөл (Қостанай обл.), Октябрь-Жеміс, Октябрь шаруа (Жамбыл обл.) мектептері деген сықылды.

Бұл тізімді жалғастыра беруге болады. Бірақ мұндағы мақсатымыз – мектеп атауларында әлі де орын алып отырған келеңсіздіктерді ашып көрсетіп, қоғамдық ой қозғау. Әрине, Белое, Образец, Пулеметовка, Любимовка, Глуховка, Мостик, Быструха, т.с.с. толып жатқан атаулар көрінісі «қазаншының өз еркі, қайдан құлақ шығарсаның» кері болып келгендігі рас. Ал Тәуелсіз ел атанған бүгінгі күнімізге не айтамыз? Қоғамның кең тынысты мәдени-тәрбие ошақтарында оқитын әр оқушы күнделікті дәптер толтырады, түрлі деңгейдегі білім, спорт сайыстарына қатысады. Сонда жас жеткіншектердің «Пулеметовка орта мектебінің оқушысы» не болмаса «Мостик орта мектебіненмін», т.т. деген сөз бірліктерін әлі күнге

қолдануға мәжбүр болып отырғаны өте өкінішті, елдігімізге сын. Ал Светлый Жаркөл, Октябрь-Жеміс, Октябрь шаруа деген екі тілді аралас «туындыдан» не түсінуге болады?! Мектеп мұғалімі алдына келіп отырған балаларға не лексика-семантикалық мазмұны, не әдеби-эстетикалық пішіні дұрыс құрылмаған бұл атауларды қалай түсіндіреді?! Бұл секілді сұрақтардың түрі көп, ол мәселелер қозғалып та келеді. Топонимикалық эргонимдердің ел өңірлеріндегі бүгінгі тынысын, проблемалық жайттарын қарастыруда шағын мақаланың көлемі көтермейді. Тек «эргонимдік атаулардың идентификациялық нысан ретінде ғана қолданылып қоймай, жеке тұлға санасында белгілі бір әлеуметтік-бекітілген ақпаратты қалыптастыратындығын» [3, 7] ескере отырып, білім ошақтарының бойын жасанды «туындылардан» арылтсақ, ұлттық болмыс сыйлай алсақ, абзал болар еді.

Әдебиеттер:

1 Подольская Н.В. Словарь русской ономастической терминологии. – Москва: Наука, 1978. – С. 200.

2 Мәдиева Г.Б., Иманбердиева С.Қ. Ономастика: зерттеу мәселелері. – Астана: «Атамұра», 2005. – 240 б.

3 Емельянова А.М. Эргонимы в лингвистическом ландшафте полиэтничного города: на примере названий деловых, коммерческих, культурных, спортивных объектов г. Уфы. Дисс. ...канд. филол. наук: 10.02.19. – Уфа, 2007. – 170 с.

ИССЛЕДОВАНИЕ ОНОМАСТИЧЕСКОГО ПРОСТРАНСТВА ГОРОДА: ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ

***ТУСУПБЕКОВА М.Ж., КАИРОВА М.К.**
Евразийский национальный университет
им. Л.Н. Гумилева
г. Астана*

Түйіндеме: Мақала қаланың ономастикалық кеңістігі мәселелеріне, шетелдік және отандық ғалымдардың зерттеу

жұмыстарын талдауға арналған. Шетелдік зерттеу жұмыстарын талдау кезінде қазақстандық ономастика үшін тың әрі қызықты мәселелер анықталып, оларды еліміздің қазіргі ономастикалық кеңістігінде пайдалану мүмкіндігі қарастырылады.

Abstract: This article is devoted to the study of city onomastic space. Particularly, this article presents the research analysis of international and national scientists. On the basis of study works of scientists, the authors determined some issues in Kazakhstan onomastics. Moreover, there are some perspectives of applying the world experience in the process of nomination and renomination of street names in this article.

Ономастическое пространство определяется моделью мира, существующей в представлениях данного народа в конкретное время, но в нем всегда сохраняются элементы прежних эпох [1]. Огромное количество работ зарубежных и отечественных лингвистов, подготовленных на материале языка разных городов, являются доказательством того, что город представляет собой ономастическое пространство.

Ономастическое пространство города изучается в самых разных аспектах. Исследуются и описываются различные формы и типы языковой (речевой) коммуникации в пространстве города; лингвокультурные и лингвосемиотические аспекты городского пространства; вопросы языкового планирования, языковой политики и языкового прогнозирования в городской среде; исторические компоненты переименования города и улиц.

Наша цель – изучить работы, посвященные исследованию ономастического пространства города, зарубежных ученых. Выявить проблемы, которые представляют научный интерес для казахстанской ономастики и определить перспективы их применения в современном ономастическом пространстве Казахстана.

В исследованиях зарубежных ономастов существуют многочисленные работы, в которых ономастическое пространство изучается с точки зрения сравнения наименований улиц в больших мегаполисах, как например, работы А. Раулин

(Thenamingofurbanspace: astudyofManhattanplacenames), Фернандо С. Маркос (Identities, Memories, andStreetNamesinBarcelona, LimaandManila); проявления культурных традиций и исторических событий в наименованиях, указано в работах Т. Питканен (OnomasticResearchinFinland), М. Гуччи Fragments from manypasts: Layering the toponymictapestry of Milan), Лайт Д. (Streetnamesin Bucharest, 1990–1997: exploringthetmodernhist oricalgeographiesofpost-socialistchange); выявления принципов и способов номинаций улиц отражены в работах Д. Дональд (Principles, policies, andprocedures: domesticgeographicnames), Корвин М. А. (Street-namingandProperty-numberingSystems), Б. Джиан (Atopologicalpatternofurbanstreetnetworks: universalityandpeculiarity).

В своей работе А. Раулинчетко представляет сравнительный анализ городского пространства на основе номенклатуры улиц Манхэттена (Нью-Йорк) и Парижа [2]. Он отмечает, что любой город может составить свой одонимический словарь на основе своей номенклатуре, в котором отражается всемирное значение народа.

В действительности то, что сравнительный аспект в исследовании ономастического пространства является одним из важных, подтверждается и в исследовании Фернандо С. Маркос [3]. Также как и А. Раулин, Ф. Маркос провел сравнительный анализ идентичности в Испании (Барселона, Лима и Манила), посредством анализа городской номенклатуры (Streetnames), чтобы установить сходства и различия.

Ученые отмечают, что в городском пространстве, при переименовании улиц немаловажную роль играет исторический аспект развития города. Так, например, Т. Питканен в своей работе рассматривает проблемы наименования улиц и связь с историей. Автор исследует историю Финляндии, ее становление, историю начала ономастического исследования страны. Также, как и предыдущие исследователи Питканен предлагает структурный анализ имен и их классификацию (фразово-семантический, лексико-семантический) основных принципов нареkania именем [4]. Известно, что наиболее полное, всестороннее

изучение ономастического пространства требует не только классификацию наименований, но и определенную структуру переименования улиц. М. Туччи проводит анализ названий улиц, которые находятся в историческом центре итальянского города Милана. В течении всего исследования автор руководствуется принципами и методами ГИН (Geographical Information Science). Туччи рассматривает происхождение топонимов в различные периоды: исторический период (улицы, начиная с их основания), и текущий период. Он делит периоды на разные сегменты, как римский, средневековой, ранний-современный, после-унификационный и 20 вековой. Кроме того, автор графически изображает изменения, произошедшие в этот период времени, чтобы провести качественный метод и количественный анализ исследования [5]. Д. Лайт выявляет причины переименований улиц Бухареста в контексте социальных и политических трансформаций, в частности, с постсоциалистических времен. По его мнению, городское пространство тесно связано с памятью и ознаменованием исторических имен и названий. Автор ведет подробный подсчет переименований улиц в Бухаресте (период 1947-1997 гг.) [6]. Азариаху считает, что каждое название улиц зачастую напоминает о ключевых событиях, личностях истории страны и имеют мощное символическое значение. Именно названия улиц городского пространства представляют прошлое нации, напрямую связываются с городской географией и являются важным способом освещения политической значимости. Однако, названия улиц не вечны и все время претерпевают изменения [7]. Йуох Б. отмечает, что названия улиц являются способом конкретизации доминирующей идеологии, которые отражают новую историю нации. Тем самым, меняются история, меняется и политика названия улиц городского пространства [8]. М. Харлоэпишет, что в социалистическом режиме, города являлись главным процессом построения социализма. Реноминация улиц стала одним из способов выражения новой идеологии и догмы социализма, чтобы продемонстрировать свою преданность и государственную принадлежность [9].

Изучив причины и проблемы переименования улиц в городском пространстве, мы нашли некоторые решения и

перспективы переименования улиц в городском пространстве. В своей работе Д. Дональд наглядно описывает все этапы и процедуры принятия имени, введения изменений, какие имена можно ставить, какие не допускаются, инструкции, дубликация имен, рекомендуемые имена для определенных местностей. На основе практических исследований, автор подробно представляет политику называния улиц, организаций, офисов и других структур городского пространства [10]. Кроме того, Б.Джиан тоже представляет топологически образец улиц, их универсальность и особенность на примере улиц 40 городов США. Универсальность, по его мнению, заключается в обоснованном размере улицы, а особенность - в связи с другими улицами. Автор проводит исследование на основе базы данных города путем специального математического вычисления [11]. По мнению М. Корвина, политика переименования улиц должна следовать определенным правилам, чтобы прослеживалась простота, логическая последовательность, гибкость соответствующая топологии определенной местности [12].

Как показал анализ исследований зарубежных ученых, законы ономастики в городском пространстве требуют прежде всего определенной языковой политики и только после этого следует правильный выбор наименования. Наименования и переименования улиц полностью связаны с историческими, политическими событиями страны и общества. Переименование улиц и названия улиц являются мощными идентификаторами т.е. механизмом формирования национальной идентичности, способствующие консолидации народа в единое государство с единым будущим.

Учитывая исследования зарубежных ученых, описания проблем и пути их решения в таких городах, как Милан, Париж, Нью-Йорк, Барселона, Лима, Манила, Бухарест и на примере 40улиц городов США, нами выявлены общие тенденции и перспективы развития городского ономастического пространства.

Современная общественно-политическая и социально-культурная обстановка в казахстанском обществе, характеризующаяся интенсивным процессом глобализации,

ростом национального самосознания, увеличением потока мигрантов из восточных стран, оказывает заметное влияние на ономастическое пространство страны.

Президент Республики Казахстан Н.А. Назарбаев, в своем выступлении на встрече с казахской интеллигенции сказал: «Вопросы ономастики будут всегда находиться в центре внимания руководства страны. И здесь нечего робко оглядываться по сторонам. Названия, доставшиеся нам в наследство от колониальных времен, затрагивающие напрямую честь и достоинство нашего народа, не соответствующие давним историческим наименованиям местности, звучащие режущим ухо диссонансом, – необходимо менять» [13].

Отечественная лингвистика располагает рядом работ, направленных на исследование ономастического пространства. За последнее десятилетие появились монографические исследования С.К. Иманберді «О проблемах городской ономастики», Д. Қалдабекұлы «Ономастика Астаны». О насущности и заинтересованности данной проблемы говорит тот факт, что в отечественной лингвистике появились научные статьи Ж.О. Артыкбаева «Об ономастическом облике столицы», А.М. Маратовой «Особенности столичного пространства и ономастики», Т.Г. Котляровой «Ономастическое пространство новой столицы Казахстана». Как мы уже говорили, любой процесс в ономастике неразрывно связан с языковой политикой государства. Публикации по ономастике в Казахстане не поддаются учету в последнее время, к ним относятся научные статьи как кандидатов и докторов наук, так и работы студентов и магистрантов. Это работы Е.А. Погорелой «Языковая ситуация и языковая политика», Ю.И. Стретковой «Языковая политика в молодых многонациональных государствах», А. Садвакасовой «Языковая политика в Казахстане», М.К. Айтбасовой, А.С. Имангалиевой «Языковая политика в Казахстане (1921-1990 годы)», А. Акжигитовой «Процессы реализации программы языкового планирования в социально-коммуникативном пространстве Республики Казахстан».

Как отмечает И.С. Карабулатова, для республик бывшего Советского Союза после обретения независимости в целом

характерен «рост осознания таких значимых этнических маркеров, как имена собственные. Так, в Казахстане с оформлением государственной независимости, наблюдается всплеск в области данного исследования. Манифестацией новой политической символики стали изменения в наименованиях самих государств, их столиц и значимых городов: Молдавия – Молдова, Ашхабад –Ашгабат, Целиноград – Астана, Киргизия – Кыргызстан, Алма-Ата – Алматы и др.» [14].

Как показывает мировая история, подобное явление, приобретающее массовый характер, возникает в тех странах, которые переживают так называемый переходный период со сменой власти, идеологии и политики. Следует учесть, что Казахстан – многонациональное унитарное государство. Базовой культурой является культура казахского народа. Именно он является государствообразующим этносом с высокой миссией объединения вокруг себя представителей других диаспор, проживающих на территории Казахстана. Исходя из этого, ономастическое пространство современного Казахстана представляет собой активно развивающийся процесс, обусловленный мощными преобразованиями, продиктованными сменой геополитических, культурно-социальных и экономических приоритетов, проявляющимся в массовых переименованиях и новых номинациях объектов, обеспечивающих современную жизнь человеческого общества.

Таким образом, анализ исследований как зарубежных, так и отечественных ученых, занимающихся изучением ономастического пространства города, страны, показывает, что есть большой мировой опыт процесса номинации и реноминации, который необходимо учесть в современном Казахстане. В перспективе в Казахстане следует ученым с представителями органов власти провести следующие виды работ:

- разработать инструкцию по номинации и реноминации улиц с их подробным описанием этапов и процедур (перечень имен, какие имена можно присваивать, какие не допускаются; рекомендуемые имена для определенных местностей, возможная (невозможная) дубликация имен);

- создать номенклатуру улиц;
- определить классификацию онимов; структуру, механизм номинации и реноминации объектов
- выработать принципы, способы номинаций.

Литература:

1 Топоров В.Н. Ополийской топономастике // Ономастика Восток: исследования и материалы. – М., 1969.

2 Raulin, A. (1984). *The naming of urban space: a study of Manhattan place names*. University Microfilms.

3 Fernando, S. Marcos (University of Barcelona), Fernando, S. Costa (International University of Catalonia). *Identities, Memories, and Street Names in Barcelona, Lima and Manila* (2009)

4 Pitkдnen, T. A. R. L. Onomastic Research in Finland. С. 82-119

5 Tucci, M., Ronza, R. W., & Giordano, A. (2011). Fragments from many pasts: Layering the toponymic tapestry of Milan. *Journal of Historical Geography*, 37(3), 370-384.

6 Light, D. (2004). Street names in Bucharest, 1990–1997: exploring the modern historical geographies of post-socialist change. *Journal of Historical Geography*, 30(1), 154-172.

7 М. Azaryahu, German reunification and the politics of street names: the case of East Berlin, *Political Geography* 16 (1997) 479–493.

8 B. Yeoh, Street-naming and nation building: toponymic inscriptions of nationhood in Singapore, *Area* 28 (1996) 298–307.).

9 M. Harloe, Cities in the transition, in: G. Andrusz, M. Harloe, I. Szelenyi (Eds), *Cities After Socialism*, Oxford, 1996, 1–29).

10 Donald J. Orth (1997) Principles, policies, and procedures: domestic geographic names

11 Jiang, B. (2007). A topological pattern of urban street networks: universality and peculiarity. *Physica A: Statistical Mechanics and its Applications*, 384(2), 647-655.

12 Corwin, M. A. (1978). *Street-naming and Property-numbering Systems* (No. 332). American Society of Planning Officials

13 http://www.stoletie.ru/zarubejje/kazahstan_stanet_kazak_jel_396.htm

14 **Карабулатовой** И. С. О новых тенденциях в постсоветском ономастическом пространстве: имя как отражение формирования государственной идентичности в контексте трансформирующегося сообщества // Вестник Тюменского государственного ун-та. –2008. –№3.– С. 217 - 222.

АРАБ ТЕКТІ ОНОМАСТИКАНЫҢ ДАМУЫНДАҒЫ ТАРИХИ-МӘДЕНИ, ДІНИ ФАКТОРЛАР

*АФАБЕКОВА Ж.А.
Назарбаев университеті
Астана қаласы*

Аннотация: Статья посвящена казахской исторической ономастике. В ней рассматриваются культурно-исторические, религиозные факторы, повлиявшие на развитие собственных имен, вошедших из арабского языка.

Abstract: This article studies the Kazakh historical onomastics. The author presents cultural, historical, religious factors influencing on proper names derived from Arab language.

Қазақ ономастикасы үлкен тарихи кезеңдерді бастан кешірді. Әлем халықтарының арасында әрбір нәрсеге атау беруде түркі халықтары үлкен мәдениетке ие болған. Жүрген жерлері мен табиғат құбылыстарын атауда, балаға есім беруде сөздің мағынасы мен атау беріліп отырған нәрсенің мазмұнының арасында үлкен байланыс болған. Түркі халықтарының атауларында олардың діни және әлемдік көзқарастары да астасып жатқан. Жүйелі, тілі таза, терең ойға, жақсы ниетке, биік арманға негізделген атаулар халықтың арман қиялының биік шоқтығын білдіретін еді. Көптеген халықтармен араласып, үлкен империялармен қырғи-қабақ соғысып жатса, атаулардың тазалығын сақтап отырған. Сол дәуірлерде, өмір сүру табиғаты бөлек қытайлармен қоян-қолтық араласып, жақын қарым-қатынаста болғанымен, олардан бірде-бір атау алмаған [1, 233].

Күні бүгінге дейін қазақ ономастикалық жүйесінде бірнеше кезеңнен тұратын өзгерістер болды. Осы тарихи өзгерістердің ішінде біз арнайы қарастырып отырған араб есімдерін қабылдау дәуірі, оларды өздестіру, сіңіру, қалыптастыру, дамыту және жалғастыру кезеңдерін қазақ антропонимиясы тарихындағы ең ұзақ, ең құнарлы, ең ауқымды, ең маңызды кезеңдерге жатады деуге болады. Себебі, атауларымыз тек арабша

сөздермен алмасып ғана қоймай, ғасырлар бойы қалыптасқан ономастикалық жүйе өзгерді, атау жасайтын жаңа элементтер пайда болды. Ең маңыздысы донор тіл – араб тілінің элементтері бірнеше ұрпақты қамти отырып, халықтың рухани жадында қалыптасуы болып отыр. Бұл құбылыс өткен ғасырлардағы (VII-VIII ғғ.) қазақ тайпалары мен араб тілдес тайпалардың арасында болған әр деңгейдегі және әртүрлі тарихи-мәдени, діни қарым-қатынастардың нәтижесі деуге болады. Екі халық арасында болған қарым-қатынастар туралы тарихи фактілерге негізделген мағлұматтар жоқтың қасы. Араб тілді жихангерлердің жазып қалдырған еңбектері мен археологиялық деректер екі халықтың араласуы ерте кезеңдерден, яғни, «араб халқы», «қазақ халқы» деген ұғымдар емес, «қазақ тайпалары», «араб тайпалары» деген ұғым қолданылған уақыттан басталғандығын көрсетеді.

Тарихи деректерге қарағанда, араб дүниесі мен түркілердің бір-бірімен араласуы Мұхаммед пайғамбар дәуірінен бұрын да, оның тірі кезінде де және одан кейінде болып тұрғаны белгілі. Мәселен, ислам тарихындағы бір деректе Мұхаммед пайғамбардың дін үшін жүргізген күрестерінің бірінде оның түркі-соғды әскери қолдарының шатырында түнегені сөз болады. Демек, бұл дерек Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардың өзі де оның қолдаушы діндар муриттері де түркілер мен соғдылардың әскерлерімен бейбіт жағдайда кездескенін көрсетіп тұр.

Арабтардың дін үшін жүргізген соғыстарының бірінде Халифа өкіметі өзін қорғау үшін Орта Азия түркілерінен көптеген жалдамалы әскер шақырғаны айтылады [2, 127]. Бұл – сол кезде діні басқа түркілердің өзі де ислам дінін таратуға бағышталған соғыстарға арабтар жағында қатысқандығын көрсетеді.

Бұл тәрізді деректерді толықтыра түсетін дәйектер араб ақын-жазушылары еңбектерінде көптеп кездеседі. Араб халқының сөз зергері, белгілі сыншы, жазушы Әл-Джахиз (775-868) түркі жауынгерлерінің өмірі мен соғыс өнері туралы жазып, олардың атқа салт мінуде, сайысуда, азық табудағы ерекшеліктері мен басқа елдерді басып алудағы тынымсыз тынымсыз әрекеттер жазып шығады. Түркілердің әскери өнері мен қабілетін жоғары бағалап, олардың соғыс тәжірибесінің молдығын атап көрсетеді. [3, 78; 4, 128].

Бірақ, бұл қарым-қатынастарда, жаугершілік, басып алушылық мақсат емес, халықтың өзара араласуын білдіреді. Қазақ ономастикасының «арабтануы» ислам дінінің кең тарап, мемлекеттік дін деңгейіне көтеріле бастаған кезеңінен басталады. Қазақстан (Орта Азия) жеріне ислам дінін тарату мәселесі саяси, бейбіт жолмен де, ол болмаған жағыдайда күш көрсету жолымен де жүзеге асқандығы тарихи деректерде айтылады. Мұсылмандықты таратушылардың да қазақ халқының ортасына кірген уақыты да нақты белгісіз. Тарихшы ғалымдардың пікірлері хронологиялық уақыттарға келгенде түрлі болып келеді.

Тарихшы Қ.Р. Аманжолов: түркілер ислам дінін X ғасырдың басында (902 ж.) қабылдаған, олар жеңімпаз ретінде Бұхараға кірген [5, 97] десе, тарихшы-археолог К.М. Байпақов «араб жаулаушылары VIII ғасырда түрік жеріне жетпегенін, яғни Оңтүстік Қазақстанның өзі араб шапқыншылығынан тыс қалғанын, оңтүстік қалаларын да, Жетісу қалаларын да арабтар жаулап алған емес»-деп атап көрсетеді [6, 131].

Жалпы, Исламның Орта Азияға келуі Кутайба ибн Муслимнің есімімен байланысты. 705-жылдан бастап Мауараннаһрды басып алуын бастаған арабтар Орта Азияның үлкен аумағын жайлап алады. Олар басып алған жерлеріне өздерінің идеологиясын мықтап орнатуды бастайды. Араб әріптерін енгізу және көптеген елді мекендердің аттарын ауыстыру-осы идеологияның басты атқарылған істері болды. Тұран жерінің Түркістанға ауыстырылуы да осы кезеңге сәйкес келіп отыр. Халықтарды арабтар және аямдар деп бөлді [1, 235]. Аджам араб тілінен аударғанда «араб емес», «шетелдік» деп аударылады. Халықтың өмір сүру қағидаттарына өзгерістер енді. Кейбір түркі халықтарының арасында кездесетін туыстық неке (эндогамикалық неке) де осы мұсылмандықты енгізушілердің бастамасы болды. Ислам дінін енгізу мен оның шарттарын түсіндіру арқылы ислам идеологиясын таратуда пайғамбар сахабалары мен әулие-әнбиелер, қожа-молдалар үлкен еңбек атқарды.

Ислам дінін қабылдауға бет бұрған түркі халықтарының (солардың бірі – ертедегі қазақ тайпаларының) арасында Алла

есімдерінің таратылу үрдісі үш түрлі объективті факторға байланысты жүзеге асты. Соның бірі және ең бастысы-ислам діні мұсылман болуға бет бұрған халықтар арасында, ең алдымен, Алланың ерекше сипаттары мен Пайғамбардың жақсы есімдерін тарауын уағыздаса, екіншісі, бұл есімдерді қабылдауда үлгі-өнеге көрсеткен сол елдерді билеуші топ өкілдері мен халық арасынан шыққан игі-жақсылар болды; үшіншісі қарапайым халық арасында үгіт-насихат жүргізіп оны орындауға атсалысқан және тікелей араласқан қожа-молдалар мен әскери адамдардың әсері еді. Осы үш фактор мұсылмандыққа бет бұра бастаған халықтың жалпы араб есімдерін және бұл процестің алғашқы қарқынында Алла, пайғамбар, әулие-әнбиелер есімдерін қабылдауында шешуші рөл атқарды.

Орта ғасырларда ислам шарттарын оқып білу және орындау сауаттылыққа жатты. Ел басқарушы сұлтандардың барлығы да Құран оқуды үйреніп, жұмыстарын ислам негіздерінде жасаған. Олардың өздері араб, парсы тілдеріндегі шығармаларды оқып, каллиграфиямен жаза алатын болған.

Ол ғана емес, Исламға кіріп, сол діннен өздерінің хабардар екендігін білдіру үшін елдің басшылары, сондай-ақ ғұламалар, ақын-жазушылар да аттарын өзгертіп, пайғамбарлар мен сахабалардың, Алланың сипаттарына байланысты есімдерді ала бастайды. Бұл ислам өркениетінің кең тарала бастаған үрдісін және өздерінің мұсылмен екенін мақтанышпен көрсету үшін де қажет болды.

Қарахан мемлекеті қағандарының есім өзгерту үрдісі қазақ хандарының арасында да өз жалғасын таба бастады. Мысалы, бір ғана Мұхаммед пайғамбардың есімін мына хандар өздеріне қабылдаған: Ораз Мұхаммед, Тауекел ханның шын аты – Тәуекел Мұхаммед, Есім хандікі – Есмұхаммед, Ұрыс хандікі – Мұхаммед, Тұрсын хандікі – Тұрсын-Мұхаммед (1929 ж. өлген).

Алланың сипаттары мен басқа да пайғамбарлардың есімдерін қою қазақ халқының жоғары лауазымды, оқыған адамдарының арасында кеңінен өріс алды. Әбілқайыр, Қасым хан, Хақ Назар хан, Әбулмәмбет Нүрәлі (1749-1786 хан болған), Жүніс сияқты хандардың есімдері бұған дәлел бола алады.

Жәнібек ханның да ресми түрде айтылатын Абу-Саид деген аты болған. Оның інілерінің аттары Мырза-Саид және Мыр-Қасым болып келеді. Керей ханның екі баласының аттары да Қожа Мухаммед және Сұлтан Әлі деп араб текті есімдерден жасалған. ХҮІ ғасырда алғаш Ресейге жіберілген елшінің аты да Құлмұхаммед болды.

Бұл дәстүр осылай жалғаса береді. XV-XVI ғасырлардағы Дешті-Қыпшақтың тарихында да Әли, Ахмад, Хызыр, Юсуф, Хасан, Хусейн, Саид, Қияс-ад-Дин, Шыр-Мухаммед, Яқуб, Саид-Ахмад, Ибрахим сияқты есімдер көптеп кездеседі.

Алланың сипаттары мен Мұхаммед (с.ғ.с) және басқа да пайғамбарлардың есімі тек хандардың ғана емес, қазақ халқының ақын – жыраулары мен ғұлама ғалымдарының арасында да көптеп кездестіруге болады: Ибрахим (Абай) Құнанбаев, Ыбырай Алтынсарин, Сәкен (*Сәдуақас*) Сейфуллин, Шоқан (*Мұхаммед Ханафия*) Уәлиханов, Мәшһүр Жүсіп Көпеев т.б.

Діни сауаттылық ел басшылары мен «төрелер» арасында болғанымен жалпы халықтың барлығы бірдей осы араб есімдерінің мағынасын түсіне қоймады. Бұл есімдердің қарапайым халық арасына жайылуына қазақ халқының есім қою дәстүріндегі үлкен кісілердің есімін, әсіресе, Алланың сипаттарын, пайғамбарлар есімдерін ұрпақтан ұрпаққа қалдыру, тәбәрік етіп ауыстырып, жалғастырып отыру сияқты салт та көп әсер етті.

Араб есімдерінің қазақ қауымына кең тарауына әсер еткен үшінші факторға біз жаңа мұсылман болған елдердің арасында, соның бірі Қазақстан жерінде, қызмет көрсеткен қожалар мен басқа да діни миссионерлердің іс-әрекеттерін жатқызған едік. Яғни, араб есімдерінің қазақ қауымына кең тарауына әсер еткен үшінші фактор – қожалардың әсері. Халықтың әлеуметтік жағыдайына тікелей араласқан діндар қожалар қазақтың негізін құрайтын үш жүзді өзінің этникалық көзі – Оғыз, Қыпшақ, Қазақ, Қарақалпақтардан т.б. таратудан гөрі, Нұх пайғамбардың Яфас атты ұлынан таратуды жөн көрді. Бүгінгі күндері әр жерде басылып шығып жатқан шежірелердің көбінде қазақ халқының шығу тегі осы принцип бойынша таратылса да, бірақ оның тарихи хронологиялық сәйкестігі еске алынбады.

Араб аттарының жалпы қазақ арасында таралуына себеп болған тағы бір пәрменді құрал көркем әдебиет болды. Ел аралаушы қожалар мен молдалар күні бойы қимылдап мал соңында жүретін қарапайым халықты кешке жинап діни аңыз-әңгімелермен сусындатқан. Соның нәтижесінде шығыстық үлгімен жазылған шығармалардың кейіпкерлеріне еліктеу мақсатында қойылған араб есімдері де халық арасында кеңінен тарады. Сол араб аттарының ішінде, әсіресе, діни мазмұнды есімдерге көбірек орын берілді.

Н. Оңдасынов өзінің сөздігінде қазіргі қазақ тіліндегі араб есімдерін құрамы жағынан екі топқа бөліп, соның бірінші тобына «діни мазмұндағы есімдерді» жатқызады. Мәселен, Мұхамбет, Омар, Оспан, Ғали, Жүсіп, Фатима, Айша т.б. есімдер Мұхамбет пайғамбардың және оның сахабалары мен ұл-қыздарының, әйелдерінің аттарына байланысты қойылған. Ал, екінші тобына араб тіліндегі жалпы есім сөздерден жасалған Жұман, Кәрім, Мансұр, Мұхтар, Жәмила, Зейнеп т.с.с. есімдерді жатқызады [7, 4].

Діни сауаттылық ел басшылары мен «төрелер» арасында болғанымен жалпы халықтың барлығы бірдей осы араб есімдерінің мағынасын түсіне қоймады. Бұл есімдердің қарапайым халық арасына жайылуына қазақ халқының есім қою дәстүріндегі үлкен кісілердің есімін, әсіресе, Алланың сипаттарын, пайғамбарлар есімдерін ұрпақтан ұрпаққа қалдыру, тәбәрік етіп ауыстырып, жалғастырып отыру сияқты салт та көп әсер етті.

Қазіргі Нұх пайғамбардан басталатын шежірелерде Адам ата мен Хауа ананың тоғызыншы ұрпағы – Нұхтың үш баласы болыпты, оның отыз алтыншы буынынан тараған Байшора, Жаншора, Қарашорадан бастау алып, жалғаса береді. Осы шежірелер, негізінен, адам аттарынан тұратын болғандықтан, кісі есімдерінің де қазақ халқының этникалық даму тарихын анықтауға тікелей қатысы бар.

Тіліміздегі араб тілінің элементтері бар атаулар ғасырлар бойы жалғасып, еліміз егемендігін алғаннан кейін де, қазақ халқының тарихи атаулары сияқты беріле бастады. Жергілікті топонимдерді қалпына келтіруді ойлағанда, олардың түркілік

атаулары естен шығарылып, сол деректерде бари атаулары қайта беріліп отырды. Оның бірінші себебі, түркі халықтарындағы топонимдерге байланысты деректердің жоғалып кеткендігі болса, екінші араб тілінен енген атаулардың тілімізде қалыптасқаны соншалықты, олардың қазақ тілінің сөздері сияқты қабылданғандығы.

Әдебиеттер:

1. Мырзахметұлы М. Тайны русификации казахов. – Алматы: «Қазығұрт», 2015. – 344 б.

2. Дербісәлиев Ә. Араб әдебиеті. – Алматы, 1995.

3. Ханна әл-Фахури. Араб әдебиетінің тарихы. II т.-Бейрут, 1998.

4. Қадырбаев. А. Тюрки в среднвековом арабском мире. IX-XI века. ҚазМУ Хабаршысы. Шығыстану сериясы. 1997, № 2, 127-131 б.

5. Аманжолов К., Рахметов Қ. Түркі халықтарының тарихы (Көне дәуірден біздің заманымыздың ХІҮ ғасырына дейінгі кезең). 1-кітап. – Алматы, 2002. – 300 б.

6. Қартабаева Е.Т. Араб-мұсылман мәдениеті және Орталық Азия халықтары өміріндегі өзгерістер. (ҮІІІ-ХІІІ ғ. басы). Тарих ғылымдарының кандидаттығын алу үшін жазылған диссертация. 07.00.03- Жалпы тарих. – Алматы, 2002.

7. Оңдасынов Н.Д. Араб текті қазақ есімдері. – Алматы, «Рауан», 1992. – 179 б.

АҚЖАЙЫҚ ОНОМАСТИКАСЫНЫҢ БҮГІНІ МЕН ЕРТЕҢІ

ӘЛЖАНОВА Г. Ж.

Батыс Қазақстан облысы

Тілдерді дамыту басқармасының

ономастикалық жұмыстар және

көрнекі ақпараттық бақылау бөлімі

Орал қаласы

Аннотация: В статье даны сведения о состоянии ономастического пространства Западного Казахстана. Автор акцентируя внимание на изменение онимов и годонимов региона, выражает предложения, связанные с принятием Закона о национальной ономастике.

Abstract: The paper provides with the information about the onomastics of West Kazakhstan. The author concentrates on the changing of onyms and godonyms in this region. Moreover, the author offers new suggestions into the Law of national onomastics.

Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаев мемлекет алдына әлемдегі бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына қосылу міндетін қойды. Ал осы бәсекеге қабілеттіліктің басты рухани көрсеткіші – мемлекетіміздің тілі. Мемлекеттік тіл – мемлекеттің іргесін қалайтын, оның қабырғасын тұрғызатын, күмбезін көтеретін бірден-бір құрал. Біз 50 озық елдің қатарына мемлекеттік тіл арқылы жете аламыз. Өйткені әлемдік қауымдастық өз болмысымен танылған елді ғана мойындайды. Мемлекетіміз өркениет көшіне бет бұрған тұста өзімізді өзгелерге таныстырудың басты айқындауышы – елді мекен, жер-су атаулары болса, төл тарихымыздың тереңнен бастау алатын саласының бірі – жер-су, елді мекен атауларын зерттейтін ономастика саласы.

Өткенсіз бүгін жоқ демекші, кешегі тоталитарлық саясат тұсында ел-жұртымыздың рухани тарихы, жер-су атаулары халықпен санаспай жаппай өзгертілгені баршамызға аян. Осындай кеңестік кезеңнен қалған атаулар Орал қаласы аумағында да кездеседі. Сондай-ақ, Зеленов ауданындағы 77 елді мекен мен ауылдық округтердің 62-і, Бөрлі ауданындағы 27 елді мекеннің 8-і, Теректі ауданындағы 61 елді мекеннің 18-і, Шыңғырлау ауданындағы 32 елді мекеннің 6-уы, Тасқала ауданындағы 31 елді мекеннің 12-нің атаулары уақыт талабына сай реттеуді қажет етіп отыр.

Алайда, ономастика саласында мораторий жарияланды деп қарап отырмай, өңірдің сала мамандары мен ғалымдары Ақжайықтың ономастикалық ажарын кезең-кезеңмен айшықтап келеді. Өйткені, тарихи атауларды қалпына келтіру – егемендік

алған еліміздің ұлттық идеологиясының қалыптасуының негізі болса, осы саяси маңызды шараны жүзеге асыру мақсатында біздің облысымызда көптеген игілікті шаралар атқарылуда.

Мұның айғағы облыстық ономастикалық комиссияның ұйғарымымен биылғы жылдың өзінде облыс бойынша 731 көшенің жаңа келбетке ие болуы. Бұрынғы Светлая, Охранная, Профсоюзная, Монетная, Верхняя атауларын иемденген, мән-мағынасыз, топонимикалық жүктемесі жоқ көшелер өңірдің ономастикалық келбетін бұзып тұрса, бүгінгі таңда бұл көше атаулары еліміздің тарихын қалыптастыруға ат салысқан тарихи тұлғалардың есімдерімен алмастырылды. Өйткені, көшелер мен жер-су атаулары – тәуелсіз мемлекетіміздің бір белгісі, ұлттық нышаны, яғни тарихымыздың бір бөлшегі болуға тиіс.

Жердің аты – бұл тарих қойнауынан сыр шертетін шежіре. Ал бұл болашақ ұрпақ үшін аса қажет құндылық. Жердің аты өшсе, тарихы да бірге өшті деген сөз. Сондықтан, ономастикалық атаулар – рухани байлығымыз, этникалық мәдениетіміз, салт-дәстүріміздің бір бөлшегі, олар қоғаммен бірге жасасатын ескерткіш, ғасырдың бізге тарту еткен сыйы. Қазақтың ұлттық болмысын, белгілі бір дәуірдің тарихын топонимдердің шығу тарихына қарап біле аламыз, сондықтан оларды қалпына келтіріп, келесі ұрпаққа аманат ретінде қалдыру – сала мамандарының міндеті.

Жалпы облысымыздағы ұлттық ономастикалық саясатты нық орнықтыру бағытындағы жұмыс өзінің жүйелілігімен ерекшеленеді. Соңғы 5 жылда Батыс Қазақстан облысы бойынша бірталай ауыл-аймақтарға егемендігімізге сай атаулар беріліп, кейбір мағынасы жойылған географиялық объектілер мен көшелердің, білім ордаларының атаулары тәуелсіздік талабына сай өзгертілді. Жалпы облыс бойынша 2010-2015 жылдар аралығында 193 көше атауы өзгертілсе, қала бойынша 2010 жылы 1 көше қайта аталып, 15 көше жаңа атауға ие болса, 2012 жылы 33 көше қайта аталып, 2 көшенің транскрипциясы өзгертілді, 2014 жылы 11 көше жаңа атауға ие болды.

Бүгінгі таңда Елбасымыздың Тілдің төл заңдылығын бұзып тұрған атауларды өзгерту қажет деген қағидасын басшылыққа

ала отырып, айтылуы, жазылуы бұрмаланған атауларды өз ана тіліміздің заңдылығына сәйкестендіру жұмыстары жолға қойылды. Соңғы 5 жыл ішінде Орал қаласының өзінде 150-ден астам көше, мектеп, ықшам аудандар атаулары жаңартылып, өзге ұлт өкілдері көп қоныстанған Зеленов ауданында 12 елді мекен, 4 ауылдық округ, 96 көше атауы өзгертілді.

Кез келген жердің, өлкенің жері мен суының атауынан терең мағына мен құпия сырды аңғаруға болады. Біздің Ақжайық өңіріндегі жер-су атауларының басым бөлігі ана тіліміздің байырғы сөздерінен қойылған. Көптеген елді мекен атаулары қатқабат тарихпен тығыз байланысты, яғни біздің өңірдің атаулары облыстың тарихынан сыр шертіп тұрғандай. Сондықтан біздің өңіріміздің жер-су атаулары айшықтылығымен ерекшеленеді. Мысалы, Қаражар, Жаңатаң, Сұлукөл, Бәйтерек, Ақтау, Мерей, Амангелді, Қосшы және т.б.

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Заңында атқарушы және өкілеттік биліктің төменнен жоғарыға дейінгі міндеттері айқын көрсетілген. Алайда, қай деңгейге болмасын билік өз өкілеттігін сол атауы өзгертілуге тиісті жерлердегі халықтың пікірімен санасып қана жүзеге асырады делінген, яғни осы шаралардың бастауында халық түр деген сөз. Осы мақсатта биылғы жылдың өзінде Тасқала, Зеленов, Ақжайық, Теректі, Шыңғырлау, Бөрлі аудандарының барлық ауылдық округтерінде жергілікті тұрғындардың жиналыстары өткізіліп, басқарма тарапынан ақпараттық түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Бұл жұмыстар бүгінгі таңда өз нәтижесін беруде. Байырғы жергілікті ұлт өкілдерінен тұратын аудандарда елді мекен, жер-су қала берді көше атауларын өзгерту мәселесі түбегейлі реттеле келді және олардың шешілуіне еш кедергі болған да емес, өйткені, ономастика мәселесі - қоғамның толғақты мәселелерінің бірі.

Ономастика – тіл саясатының басым бағыты болса, ономастиканың ауқымды саласы – көрнекі ақпарат мәселесі. Көрнекі ақпараттың маңыздылығы сонда қазір жарнама бүгінгі өміріміздегі басты табыс көзіне айналды. Кез-келген кәсіпкер өзінің шығарған өнімін жарнамалап, насихаттамай, оны

толыққанды өткізу мүмкіндігіне ие бола алмайтынын жақсы түсінеді. Жарнама аз сөзбен, мәнді де мағыналы ойды білдіргенде ғана жұртшылық санасына тез сіңеді. Жарнама әр адамның психологиясына әсер ететіндей, адамды таң қалдыра аларлықтай болғанда ғана тиімді болары хақ. Сондықтан ұлттық болмысқа жат, біздің ұлттық келбетімізге келіңкіремейтін дүниелерден арылу басты міндет.

Осы мәселелерді реттеу «Ұлттық ономастика» және «Жеке кәсіпкерлік» туралы Заңдарды қабылдауды, ҚР «Тіл туралы», «Жарнама туралы» Заңдарына өзгерістер енгізуді қажет етеді. Өйткені ономастика мәселесі – ел тәуелсіздігінің рухани көзі, ел еңсесін көтеретін саяси мәні бар мәселе. Осыған орай әлем мойындаған мына бір қағиданы ұстануымыз қажет, ол тәуелсіз елдің тәуелсіз тілі болуы тиіс деген қағида.

Жарнама, көрнекі ақпарат мәселесін реттеуді біз бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерін және тіл мәселесіне бей-жай қарамайтын қоғамдық бірлестіктерді тарта отырып, реттеуді жолға қойдық. Мысалы, биылғы жылдың өзінде жергілікті телеарналардың журналистері және облыстық басылымдардың тілшілері, сондай-ақ, «Алтын тамыр», «Абырой», «Қазақ тілі», «Мұхит қоры» қоғамдық бірлестіктері өкілдерінің қатысуымен жыл бойы дәстүрлі түрде көрнекі ақпарат мәтіндеріне бақылау рейді жүргізіліп, рейдтер нәтижесі облыстық телеарнадан берілетін «Арнайы репортаж», «Замансөз», сондай-ақ, жергілікті телеарна арқылы жұртшылыққа ұсынылатын «Тіл – абзалдық әліппесі», «Тіл – парасат көрсеткіші» атты телехабарлар арқылы халыққа ұсынылды. Сонымен қатар, жүргізілген мониторинг ономастика бөлімі мамандарының «Жарнама нарыққа емес, халыққа қызмет етуі тиіс», «Жарнама – тілді қалыптастырушы құрал» атты мақалаларымен қорытындыланды.

Біздің мақсатымыз – тәуелсіз мемлекетіміздің сипатын білдіретін, ұлттық тарихымызды айшықтайтын атаулар арқылы ұлттық ономастикалық кеңістікті қалыптастыру, бір сөзбен айтқанда ұрпақты ұлттық рухта тәрбиелеу жастардың санасында елдік пен ерлік дәстүрлерін қалыптастыру болып табылады. Өйткені Батыс Қазақстан жері дәстүрге бай, тарихы өнегеге,

сырға, шежіреге толы өңір. Халықтың аялап қойған атауларын, ғасырлық мұрамызды, ұрпақ санасына ұялата алмасaq бiзге сын. Мән-мағынасы анық, тарихтан сыр шертетiн атаулар әр адамның жүрегiне жылы тиерi даусыз. Сондықтан, Ақжайық өңiрiнiң ономастикалық атауларын ұлттық мүддемiзге сәйкестендiру мақсатындағы жұмыстарымызды одан әрi жалғастыра беретiн боламыз. Ұлттық ономастикамыздың бүгiнiне тоқмейiлсiмей, өз елкемiздiң ономастикалық ажарын айшықтандырып, облыстың ономастикалық кеңiстiгiн бұдан да кеңейте түсу – бiздiң алдымызда тұрған басты мiндет.

ПАВЛОДАР ӨНІРІНДЕГІ ОНОМАСТИКА МӘСЕЛЕСІ

ҚАЙЫР Б.

*Павлодар облысының тілдерді
дамыту жөніндегі басқармасы
Павлодар қаласы*

Аннотация: В статье рассматривается ономастическое пространство Павлодарской области в культурно-историческом аспекте. Проанализированы наименования объектов города и районов, которые до сегодняшнего дня не изменены.

Abstract: The article describes the onomastic space in Pavlodar region, cultural and historical aspects. The author discusses the names of cities and regions which have not being changed yet.

Ономастика – тiл бiлiмiнiң маңызды салаларының бiрi болып саналады. Әрине, ғылыми жағынан саралайтын болсақ, оның iштей түрлi топтары жетерлiк. Солардың iшiнде қоғамға жақын тұсы ұлттық рухтың, егемендiк пен елдiктiң айнасы елдi мекен, көше атаулары екенi даусыз. Себебi елде мекен мен оның құрамдас бөлiктерiнiң атаулары көрнекi ақпарат ретiнде де, қарым қатынас арқылы ауызша түрде де ең жиi қолданылатын сөздердiң түрi болып табылатыны белгiлi. Сондықтан мемлекеттiк тiл саясатын жетiлдiру үшiн ең алдымен қоғамда жиi қолданылатын осы атаулардың дұрыстығына мән бергенiмiз жөн.

Осы мақсатта егемен ел болғаннан бері Кеңестік кезеңнің кесірінен атауы өзгерген қазақтың жер-су атауларын қайтадан бұрынғы қазақы қалпына келтіру, тарихи-географиялық атауымен қайта атау – басты мәселелердің біріне айналды. Бұл бағыттағы жұмыс аймағымызда, әсіресе, елді-мекен атауларын қазақыландыруға бағыттталып, көптеген қоныстарға өз тарихи атаулары қайта қайтарылды. Солардың ішінде, әсіресе, Баянауыл, Ертіс, Май, Ақтоғай аудандары мен Екібастұз, Ақсу қалаларына қарасты елді мекендердің атауларын ерекше атап өтуге болады. Нақтырақ тоқталар болсақ, бүгінгі күні Баянауыл ауданына қарасты 38 ауылдың 36-сы, Май ауданындағы 23 ауылдың барлығы, Лебяжі ауданындағы 27 ауылдың 25-і, Ертіс ауданындағы 34 ауылдың 29-ы, Ақтоғай ауданындағы 37 ауылдың 30-ы және Екібастұз қаласына қарасты 27 ауылдың 25-і қазақы атаулардан құралған. Жалпы алғанда Павлодар облысында соңғы 24 жылдың ішінде 81 елді мекеннің атауы қайта аталды. Бұл, әрине, ауыз толтырып айтатын жетістік емес, дегенмен, жергілікті ұлт өкілдері көп шоғырланған өңірлерде осы бағыттағы жұмыстар тұрғындар тарапынан қолдау тауып, біршама жұмыстар атқарылды және қазіргі уақытта да өз жалғасын табуда.

Алайда, өзге этнос өкілдері көп қоныс тепкен Павлодар, Успен, Железин, Качиры, Шарбақты аудандарындағы елді мекен атауларының басым бөлігі әлі күнге дейін тәуелсіздігімізге жат, солақай саясаттың салдарынан қойылған атаулармен аталуда. Мысалға, Железин ауданындағы Захаровка, Моисеевка, Пятирыжск, Башмачный, Кузьмино, Славяновка, Обозное, Крупское, Октябрьское, Михайловка, Благодатное, Петропавловка, Церковное, Груздевка т.б. атаулар мен Качиры ауданындағы Юбилейное, Луговое, Осмерыжск, Бобровка, Воскресенка, Тимофеевка, Львовка, Фрументьевка, Трофимовка, Покровка, Ивановка, Калиновка, Октябрьск, Федоровка, Воронцовка сынды тағы басқа атаулар. Осы тәрізді Павлодар ауданындағы Ефремовка, Даниловка, Розовка, Максимовка, Сычевка, Ольгинка, Успен ауданындағы Белоусовка, Ольховка, Ольгина, Дмитриевка, Галицкое, Ковалевка ауылдары мен

Шарбақты ауданына қарасты Алексеевка, Николаевка, Назаровка, Кахновка, Галкино, Софиевка, Татьяновка, Марьяновка сияқты адам есімдерімен аталған елді мекендер де жетерлік.

Жалпы аймағымыздағы елді мекен атауларын идеологиялық талаптар үйлесімділігіне талдау жасау нәтижесінде моральдік тұрғыда ескірген 63 атау және беймәлім тұлғалар мен белгісіз тарихи оқиғаларға қойылған 80 атау бар екендігі анықталды.

Бұған қоса осы елді мекендердің ішіндегі көше атаулары өлі күнге дейін Ленин, Энгельс, Карл Маркс, Крупская, Ермак тәрізді, сондай-ақ осы күні аты да заты да белгісіз есімдер мен кеңестік кезеңдегі тарихи оқиғалармен аталуда. Мысал келтірер болсақ, қазіргі уақыттың өзінде Ленин есімімен аталатын Железин ауданында 12 көше, Шарбақты ауданында 16 көше бар.

Сондықтан санамызға сыймайтын осындай атауларды қазақ халқының бірлігін нығайтуға үлкен үлес қосқан, асыл ойдың алтын қазығы болған атақты билер мен шешендермен, ұшықиыры жоқ көсіліп жатқан кең даланы қиян-кескі жаугершілік соғыстарында ерлікпен қорғап қалған батырлардың, қоғамдық, әлеуметтік, рухани, мәдени, әдеби өмірге белсене араласып, адамгершілік, ағартушылық идеяларды уағыздаған қазақтың ұлы ақын-жазушылары мен күміс көмей әншілерінің есімдерімен алмастырсақ нұр үстіне нұр болар еді. Кереку өңірімен шектеліп қалғанның өзінде есімдерін ұлықтайтын тұлғаларымыз асып артарлық. Қаныш Сәтбаев, Әбікен Бектұров, Әлкей Марғұлан, Шапық Шөкин, Ермахан Бекмаханов сынды ғұлама ғалымдар мен қазақ әдебиетінің жарқын жұлдыздары Сұлтанмахмұт Торайғыров, Жүсіпбек Аймауытов, Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Сәбит Дөнентаев, Естай Беркімбаев, Жаяу Мұса, Иманжүсіп Құтпанұлы, Жұмат Шанин, Дихан Әбілев, Қалмұқан Исабаев, Иса Байзақов, Мұзафар Әлімбаев, Қалижан Бекхожин, Қошмұхамед Кемеңгеров сынды әдебиет, өнер майталмандарынан бастап, одан әрірек барсақ, Бұхар жырау, Едіге би, Шоң би, Торайғыр би, Шорман би, Қазанғап би, Мұса Шорманұлы сынды тұлғаларымыз жетерлік.

Ең бастысы Павлодар аймағындағы елді мекендер мен көшелерді тізбектей келгенде қазақ тарихындағы батырлардың

ішінде Малайсарының есімімен Май ауданындағы бір ауыл ғана аталса, Кереку топырағынан шыққан Олжабай батырдың есімі Баянауыл ауылы мен Екібастұз қаласына қарасты Бесқауға ауылындағы көшелердің біріне ғана берілген. Тіпті туған елін, өскен жерін ата жаудан азат ету жорығында сан ерлігімен көзге түсіп, осы игі мақсат жолында Баянауылдың баурайында қаза тапқан Жасыбай батырдың есімі де облыс орталығы мен Баянауыл ауданындағы екі елді мекеннің көшесіне ғана бұйырған екен.

Әрине, жеке азаматтар тарапынан елді мекен мен оның құрамдас бөліктерінің атауын өзгертуге қатысты баспа беттерінде мақалалар да жарияланып, өтініш хаттар да келіп түсуде. Алайда, олардың көпшілігі жоғарыда аталған ірі тұлғалардың орнына бір ғана ауданға немесе ауылға ғана танымал кезінде колхоз басқарған, мектеп директоры болған немесе басқа да кәсіппен айналысқан әкесінің есімдерін ұсынып жататындығы жасырын емес. «Атамның атын - ауылға, көкемнің атын - көшеге» демекші жоғары лауазымын, дәрежесін немесе ауқаттылығын пайдаланып, осындай әрекетке барып жататын азаматтар жоқ емес. Сондықтан осындай өзімшілдіктен аулақ болуымыз керек. Қандайда бір нысанға кісі есімдерін беру мәселесі тиісті заңдарда көрсетілген талаптарға сай жүзеге асуы керек. Себебі Заңда аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерлерінің, ғылым, мәдениет қайраткерлерінің және Қазақстан Республикасы мен әлемдік қоғамдастық алдында еңбек сіңірген адамдардың есімдері ғана беріледі делінген.

Сондықтан жоғарыда аталған ұлы жерлестеріміздің есімдерін кіндік қаны тамған аудан көлемінде ғана қойып шектелмей, облысымыздың барлық аудандарындағы елді-мекендердің құрамдас бөліктеріне де қойғанымыз құптарлық болар еді. Бұл жағынан тиісті Заңдардағы қойылған талаптар бұзылмайтыны сөзсіз.

Ал елді мекен атауларын адам есімдерімен атағаннан көрі сол елді-мекен орналасқан жердің табиғи-физикалық ерекшелігіне байланысты атаған орынды. Бұл рулық қайшылықтар тудыратын атауларға жол бермей, ауыл тұрғындары арасындағы татулықтың бұзылмауына септігін тигізеді. Жалпы қазақ атауларының

көпшілігі бұрынғы бабаларымыздың сол жердің физикалық ерекшелігіне лайықтап қойғандығын бәріміз де білеміз. Осы орайда, «Әдет-ғұрыптың қаймағы бұзылмаған қазақтарда өмірдің бір саласын қамтитын тарихи оқиғалармен байланысты елді мекен, жер-су атаулары мен адам аттарының атадан балаға жалғасып жататын жақсы дәстүр бар» деген Ш.Уәлихановтың пікірі ойға оралады.

Сондықтан осы бағыттағы қордаланып қалған мәселелерге нақты ден қойып, іске асыруымыз керек. Әрине, ол үшін ғалымдар мен тіл жанашырларының, ауыл-аймақтардағы елге сыйлы адамдар мен ұлағатты ұстаздардың, әсіресе, қазақ тарихына, мәдениеті мен әдебиетіне жақын, оған жайбырақат қарамайтын өзге ұлт өкілдері арасындағы абыройлы азаматтардың қолдауы қажет. Себебі Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы заңында атауларды өзгерту кезінде ең әуелі тиісті аумақ халқының пікірі ескерілуі қажеттігі айтылған.

Сондай-ақ нысандар мен құрамдас бөліктерді ұлы тұлғалардың есімімен қайта атау үшін Үкімет тарапынан да жиі ескеріліп, Қазақстан тарихының елеулі мерекелік күндеріне орай сол тарихи оқиғаларға қатысты тұлғаларымыздың есімін ұлықтап, көше атауларына беру сияқты тапсырмалар беріліп отырса, өңірлердегі ономастика бағытындағы жұмыстар әлдеқайда қарқынды жүргізілер еді. Оған дәлел ретінде Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Б. Сапарбаевтың 2015 жылғы 16 сәуірдегі № 20-56/И-204 хатпен жолданған Ұлы Жеңістің 70 жылдығының маңыздылығы мен өзектілігін ескере отырып, Кеңес Одағы Батырларының және бірқатар ордендермен марапатталған Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің есімдерін көшелерге, объектілерге т.б. беру мәселесіне қатысты тапсырмасына сәйкес қайта аталған нысандар мен көше атауларын атап өтуге болады. Берілген тапсырма негізінде «Павлодар қаласының № 22 жалпы орта білім беру мектебі» мемлекеттік мекемесі мен «Ақсу қаласы Пограничный селолық округінің орта мектебі» мемлекеттік мекемесіне Бауыржан Момышұлының есімін беру мәселелері Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Республикалық

ономастика комиссиясы отырысында қолдау тауып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы шығарылды. Бүгінгі таңда аталған оқу орындары «Халық қаһарманы» Бауыржан Момышұлының есімімен аталуда. Бұған қоса Республикалық ономастика комиссиясының қарауына Баянауыл ауданы Бірлік жалпы орта білім беру мектебіне Жылбек Ағаділовтің, Екібастұз қаласының №4 жалпы орта білім беру мектебіне Қазбек Нұралиннің, Екібастұз қаласының Северный көшесіне Болат Шәпеновтің есімін беруге қатысты құжаттар топтамасы жолданды.

Сондай-ақ облыстық ономастика комиссиясының қорытындысы негізінде Баянауыл ауылының көшелері Ұлы Отан соғысының ардагерлері Несіпбек Баязитовтің, Хамза Абылғазиннің, Рымтай Избастиннің есімдерімен, Качир ауданы Тереңкөл ауылының Целинная көшесі Кеңес Одағының батыры Кұдайберген Сұрағановтың, Степная көшесі Қазақстан Республикасы прокуратурасының озат қызметкері Қабдылмажит Талиповтың, Комсомольская көшесі Кеңес Одағының батыры Михаил Катаевтың, Черноградская көшесі Кеңес Одағының батыры Бауыржан Момышұлының, Лазо көшесі Кеңес Одағының батыры Мәншүк Мәметованың, 40-годовщина Октября көшесі Кеңес Одағының батыры Әлия Молдағұлованың, Жаңақұрылыс ауылдық округіне қарасты Трофимовка ауылының Киров көшесі Кеңес Одағының екі мәрте батыры Григорий Кравченконың, Верненка ауылдық округіне қарасты Львовка ауылының көшесі Кеңес Одағының батыры Василий Степаненконың есімімен қайта аталып, Шарбақты ауданының Сынтас ауылдық округі Сынтас ауылындағы Ленин көшесі және Хмельницкий ауылдық округіне қарасты Маралды станциясының «Казарма» көшесі «Жеңіс» деп өзгертілді.

Бұған қоса осы тапсырма негізінде жақында өтетін облыстық ономастика комиссиясының отырысына Баянауыл ауданының жергілікті өкілді және атқарушы органдары тарапынан 6 көшеге, Успен ауданынан 4 көшеге, Железин ауданынан 7 көшеге, Шарбақты ауданынан 3 көшеге, Май ауданынан 7 көшеге, Павлодар ауданынан 2 көшеге Бауыржан Момышұлы,

Әлия Молдағұлова сынды Кеңес Одағының батырлары мен «Даңқ», «Қызыл Жұлдыз» ордендерімен марапатталған Батыр жерлестеріміздің есімімен қайта атау және Ақтоғай ауданының бір елді мекенінің атауын өзгерту жөніндегі келіп түскен құжаттар жан-жақты пысықталып, комиссияның қарауына әзірленді.

Сонымен қатар «Баянауыл ауданы білім беру бөлімінің Қаражар жалпы негізгі білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Әмірхан Құдышұлы Шақтаевтың, «Павлодар қаласының №25 жалпы орта білім беру мектебі» мемлекеттік мекемесіне Әбілқайыр Баймолдиннің, Ертіс ауданы әкімдігінің, Ертіс ауданы білім бөлімінің «Ынтымақ негізгі жалпы білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Әкімбек Әйтібәевтың, Ертіс ауданындағы «Максим Горький жалпы орта білім беру мектебі» мемлекеттік мекемесіне Қабыш Көктаевтың есімін беру туралы мәселелер де аталған тапсырма қала, аудан көлемінде іске асырылып, құжаттар топтамасы тиісті заңнамалық актілерге сәйкес республикалық ономастика комиссиясына жіберу мақсатында облыстық мәслихаттың талқылауына ұсынылды.

Бұл мәселе бойынша жергілікті өкілді және атқарушы органдарының бірлескен шешімі шыққаннан кейін, жоғарыда аталған құжаттар республикалық ономастика комиссиясының қарауына жіберілетін болады.

Сондықтан алдағы уақытта да Қазақстан Республикасының тарихына қатысты мерекелік күндерге орай ұлыларымыз бен зиялыларымызды, батырларымыз бен билерімізді, әншілеріміз бен күйшілеріміздің есімдерін ұлықтау мақсатында жоғарғы жақтан осындай тапсырмалар түсіп, қайта атау жұмыстары қарқын алар болса, қай мерекенің болсын мерейі шарықтай түсетіні сөзсіз.

Қорыта келгенде, кезінде көнеден келе жатқан дәстүрмен қойылған тарихи атауларымызды қалпына келтіру мәселесіне енді бүгінгі күннің көзімен қарауымыз қажет. Өйткені төл тарихымыз бен мәдениетіміз арқылы қазақ өркениетінің көшін ілгерілете алсақ, келесі ұрпаққа жарқын жүзбен қарай аларымыз анық.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақты құрылысы туралы Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы №4200 Заңы.
2. Қазақстан Республикасындағы тіл туралы Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі №151 Заңы.
3. Қазақстан Республикасының географиялық атауларының мемлекеттік каталогы. – Алматы, 2012. III том.
4. Сапаров Қ. Павлодар облысының әкімшілік-аумақтық бірліктері мен физикалық-географиялық атауларының көрсеткіш анықтамалығы. – Павлодар, 2007. – 353 б.
5. Сапаров Қ. Павлодар облысының ономастикалық атауларының көрсеткіш-анықтамалығы. – Павлодар, 2008. – 256 б.
6. Мәдиева Г. Ономастика: Зерттеу мәселелері. – 2005. – 240 б.

ҚЫЗЫЛОРДА Өңірі Ономастикасының Тарихы мен Қазіргі Мәселелері

ӘБЖАЛИЕВА А.

*Қызылорда облысы тілдерді дамыту басқармасы
Қызылорда қаласы*

Аннотация: В статье автор рассматривает ономастическое пространство Кызылординской области. Останавливается на проблемах, связанных с реноминацией объектов, встречающихся в настоящее время и предлагает пути их решения, дает рекомендации.

Abstract: This paper analyses the onomastic space in Kyzylorda region. The author considers the issues of renaming, offers new ways of renaming, and gives some advice.

Ономастика қазіргі уақытта тіл саясатының жетекші бағыттарының бірі ретінде ғылыми-тәжірибелік, мәдени-тарихи ғана емес, үлкен саяси маңызға ие болып отыр.

Ел тәуелсіздігіне қол жеткізгеннен бері ұлт мақтанышына айналған тұлғаларымыз, мәселен, Әл-Фараби, Қорқыт, Абылайхан, Абай, Шоқан, Сәкен сынды бабаларымыздың есімі мен кең-байтақ даламыздың әдемі атаулары Сарыарқа, Көкшетау, Ертіс, Отырар, Еділ сияқты ежелгі қала, өзен, тау атаулары адамзат тарихында өз орнын алған мәдени құндылықтарымызға айналды.

Тәуелсіздік алған жылдардан бері Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы көптеген өзгерістерге ұшырағаны белгілі. Мұның бәрі стратегиялық мақсатта – бірқатар облыстарды жабу, қосу және қайта атау, аудандарды құру, қалпына келтіру, тарату мен қайта атау, әкімшілік орталықтарды ауыстыру ретінде жүзеге асты.

1818 жылы негізі қаланып, Қамысқала, одан кейін Ақмешіт, Перовск, кейін тағы да Ақмешіт атанып, 1925 жылы Қызылорда атауын иемденген облысымыз көне дәуір шежіресі, тарихи және мәдени мұралардың асыл көмбесі.

Кеңес дәуірінде көптеген жер-су аттары, тарихи топонимдер орышаланып, бірқатар атаулар бұрмаланып жазылу арқылы транскрипциясын өзгертті. Еліміз егемендік алғалы бері ономастика мәселесіне тиісті көңіл бөліне бастады. Әсіресе, соңғы 15-16 жылда біздің облысымызда нысандарға ат беру кезінде ұлттық бояуымызға қанық атауларды беру, бірқатар нысандарға төл аталымдарын қайтару тәжірибеге енді. Бұл бағытта Қызылорда облысы әкімі жанындағы ономастика комиссиясы бірқатар жұмыстар атқаруда.

Қазіргі таңда Қызылорда облысы бойынша барлығы 3049 көше, 7 даңғыл, 22 шағынаудан, 210 квартал, 87 түйық көше, 305 мектеп, 44 мәдениет үйі, 210 ауыл, 12 кент, 132 ауылдық округ, 8 стадион, 7 саябақ, 68 теміржол станциялары, 9 автостанция, 5 көпір бар.

Облыс аумағында идеологиялық тұрғыдан ескірген, мән-мағынасыз қойылған әлеуметтік нысандар мен кейбір көше атаулары кездеседі.

Олардың ішінен Кеңес үкіметі дәуірінен мұраға қалған Красноармейская, Пролетар, Советская, Партизан, Октябрьдің

40 жылдығы, Труд, Мостовая, Ленин, Октябрь, Кеңес, Колхоз, К.Маркс, Свобода т.б. орысша атаулары бар көшелер мен түйықтарды кездестіруге болады.

Зерделеу нәтижесімен облыс бойынша 191 көше (6%), 2 ауылдық округ (1,5%) және 7 (3,3%) елді-мекен мен 2 (0,6%) мектептің атаулары қайта атауға жататындығы анықталды.

Сыр өңірі – жалпы еліміз секілді этносаияси ахуалы тұрақты аймақтың бірі. Облыс халқының басым көпшілігін, яғни 96 пайыздан астамын қазақтар құрағанымен, мұнда түрлі ұлт өкілдері өмір сүреді. Орыс (2,3%) және кәріс (1,2%) диаспоралары сан жағынан ең ірі диаспоралар болып саналады. Бұлардан кейінгі кезекте татар, өзбек, украин, шешен диаспоралары тұр. Сондай - ақ, неміс, белорус, грек, башқұрт, молдаван, әзірбайжан, марий, ұйғыр, чуваш, еврей, мордва, қырғыз, армян, тәжік, удмурт, поляк, қарақалпақ және тағы да басқа ұлт өкілдері кездеседі.

Қызылорда облысының аумағында орысша атауы бар 3(2,2%) ауылдық округты атап айтуға болады: Арал ауданындағы Октябрь ауылдық округі, Қармақшы ауданындағы III интернационал ауылдық округі, Шиелі ауданындағы Гигант ауылдық округі.

Орысша атауы бар 7 (3,3%) ауылды айтып кету керек, олар: Арал ауданы, Октябрь ауылдық округіндегі Водокачка ауылы, Қазалы ауданындағы Қарашеңгел ауылдық округіндегі Водокачка елді мекені, Тасарық ауылдық округіндегі Отгон ауылы, Қармақшы ауданындағы III Интернационал ауылы, Шиелі ауданындағы Ақмая ауылдық округіндегі Полуказарма елді мекені, Алмалы ауылдық округіндегі Лесхоз ауылы, Қызылорда қаласындағы Геолог ауылы.

Орысша атауы бар 67 көше бар (2,1%).

Облыс бойынша тіркелген 22 шағын аудандардың 15-і облыстық маңызы бар қаладағы шағын аудандар болса, 7 шағынаудан аудандарда орналасқан. Оның ішінде - Қазалы ауданында орналасқан «Мелиоратор» шағынауданы орысша аталған.

2013 жылдың 21 қаңтарында Елбасы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ономастика

мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңына қол қойып, 24 сәуірден бастап қолданысқа енгені баршамызға мәлім. Аталған заңды толығымен жүзеге асыру үшін қосымша заңнамалық актілер қабылданды.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Б.Сапарбаевтың 2015 жылғы 16 сәуірдегі №20-56/И-204 ҚБПҮ тапсырмасына сәйкес Ұлы Жеңістің 70 жылдығының маңыздылығы мен өзектілігін ескере отырып, Кеңес Одағы Батырлары мен Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің есімдерін көшелерге, объектілерге т.б. беру жұмысы тоқтамнан тыс жүзеге асырылуда.

Осыған байланысты, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 27 сәуірдегі №360 қаулысына сәйкес, Қызылорда облысы, Қармақшы ауданындағы №250 мектеп-лицейіне Кеңес Одағының Батыры Тәйімбет Көмекбаевтың есімі берілді.

Қызылорда облыстық ономастика комиссиясы елді-мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру және қайта атау мақсатында Қызылорда қаласы мен аудан әкімдіктерінің ұсыныстарына сәйкес 2015 жылғы сәуір, мамыр, тамыз айларында облыстық ономастика комиссиясының 3 отырысы өткізіліп, көшелерге атау беру мен қайта атау бойынша 57 ұсыныс қолдау тапты.

Тиісті заңдылықтар бойынша шешімдер шығарылып, әділет департаментіне тіркелді.

Қызылорда қаласынан көшеге атау беру туралы 4 ұсыныс Республикалық ономастика комиссиясының қарауына ұсынылды.

2013-2015 жылдары облыс бойынша 515 көшеге, 33 білім ұйымдары мен мәдениет үйлеріне атау беру туралы ұсыныс оң қорытынды алды.

25 нысан бойынша атау беру мен қайта атау туралы Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулысының жобасы жасалынып, тиісті министрліктен келісімдер алынды. Премьер-Министрдің Кеңесіне 2015 жылдың 10 ақпанында тапсырылды.

«Қызылорда облысының білім беру ұйымдарына атау беру туралы» 8 нысан бойынша ҚР Үкіметінің қаулы жобасы жасалынып, тиісті министрліктердің интранет-порталына орналастырылып, келісім алынды.

«Қазақстан Республикасының аумағындағы әуежайларға, порттарға, теміржол вокзалдарына, теміржол стансаларына, метрополитен стансаларына, автовокзалдарға, автостансаларға, физикалық-географиялық және мемлекет меншігіндегі басқа да объектілерге атау беру, сондай-ақ оларды қайта атау, олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту және мемлекеттік заңды тұлғаларға, мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға жеке адамдардың есімін беру қағидаларына» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 24 сәуірдегі №395 қаулысымен өзгерістер енгізілген болатын.

Қағиданың 7-тармағында: «комиссияның оң қорытындысын алған жағдайда орталық мемлекеттік органдар, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары Комиссия қорытындысын қоса бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметіне объектілерге атау беру, сондай-ақ, оларды қайта атау, олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту және объектілерге, мемлекеттік заңды тұлғаларға, мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға жеке адамдардың есімін беру жөніндегі қаулы жобасын енгізеді» - делінген.

Алайда, осы талаптарға сай нысандарға атау беру жұмысын үйлестіру барысында бірқатар қиындықтарға кезігудеміз.

1) Атап айтқанда, нысандарға атау беру туралы Үкімет қаулысының жобасымен қызметкерлеріміз Астана қаласына іссапармен барып, айлап жүреді. Министрліктерге келісуге берілетін құжаттар да ұзақ уақытты алады. Одан бөлек көп мөлшерде іссапар шығыны кетеді. Ал бұл мәселенің жүру реті бұрын былай болатын: Облыстар тек тиісті құжаттарды Республикалық ономастика комиссиясына жолдайтын. Комиссияда қолдау тапқан құжаттарды әрі қарай ресімдеу жұмыстары Тіл комитеті тарапынан жүргізілетін еді. Сондықтан осы жайларды ескеріп, құжаттарды ресімдеу жұмыстарының ұтымды, оңтайлы шешілу жолдарын қайта қарастыру ұсынылады.

2) Ономастика жұмысы критерийлерінің 5-тармағында аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерлерінің, ғылым, мәдениет қайраткерлерінің және Қазақстан Республикасы мен

әлемдік қоғамдастық алдында еңбек сіңірген басқа да жеке адамдар қайтыс болған күннен бастап кемінде бес жыл өткен соң олардың есімдерін беру туралы көрсетілген.

Бұл қағидат жалпылама түрде айтылған. Осы қағидатты аса нақтылау қажет деп есептейміз.

3) Ономастика жұмысы критерийлерінің 3-тармағында: «бір әкімшілік-аумақтық бірліктің шегіндегі елді мекендерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне бір атауды бір мәрте ғана беру»- деп айтылған.

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Заңында көрсетілгендей, әкімшілік-аумақтық бірлікке ауыл, кент, ауылдық қаладағы аудан, қала, аудан, облыс кіреді. Осы тұста да «бір әкімшілік-аумақтық бірлік шегі» аудандық немес облыстық шектегі екені нақты көрсетілмеген. Сондықтан осы мәселені де қайта қарау қажет секілді.

Басқарма тарапынан ономастика саласындағы мәселелерді реттеу, көрнекі ақпараттар мен жарнама жұмыстарын жүйелі түрде жетілдіру мақсатында әдістемелік құралдар дайындалды.

Алдағы уақытта да тарихи атауларымызды сақтап, оның ұрпақ игілігі, қайталанбас құндылық екенін ескеріп, оны жаңа мазмұнмен байыта түсуді мемлекеттілікті нығайтудың басым бағыттарының бірі ретінде қарастыруымыз керек.

АҚМОЛА ОБЛЫСЫНДАҒЫ ОНОМАСТИКАЛЫҚ АТАУЛАРДЫҢ АХУАЛЫ

ҚОСПАНОВ Д.Д.

***Ақмола облысы тілдерді дамыту басқармасы
ономастикалық жұмыс және көрнекі
ақпаратты бақылау бөлімі***

Аннотация: В статье автор останавливается на исторических и географических особенностях Акмолинской области, аргументирует примерами современную ономастику региона. Рассматривает некоторые онимы и их перенаименование.

Abstract: This paper describes the historical and geographical features of Akmola region. The author explains the modern onomastics by his own examples. Moreover, the author considers some onyms and their renaming.

«Бір ұлттың тілінде сол ұлттың жері, тарихы, тұрмысы, мінезі айнадай ашық көрініп тұрады. Қазақ тілінде қазақтың сары сайран даласы, біресе желсіз түндей тымық, біресе күйіндай екпінді тарихы, сар далада үдере көшкен тұрмысы, асықпайтын, саспайтын сабырлы мінезі – бәрі көрініп тұр. Қазақтың сар даласы кең, тілі де бай», - деп талантты ақын, қазақ әдебиетінің жарқын жұлдызы М. Жұмабаев айтқандай, ғасырлар қойнауынан сынын бүзбай, қуатын кемітпей, әрі мен нәрін жоғалтпай таза да көркем келбетімен жеткен ұлттық құндылықтарымызды болашақ ұрпаққа жеткізу барлық тіл жанашырларының парызы.

Ақмола облысы өзге ұлт өкілдері тығыз қоныстанған өңірлер қатарына жатады. Облыста жүргізілген социологиялық зерттеулерге сәйкес мемлекеттік тілді меңгерген ересек тұрғындардың үлесі 2011 жылы 51%-ды, 2012 жылы 52%-ды, 2013 жылы 53,1%-ды құрады, 2014 жылы 60%-ға жетті, ал 2015 жылдың аяғына дейін бұл көрсеткіш 62%-ды құрауы тиіс. Ал, орыс тілін меңгерген ересек тұрғындардың үлесі – 86% құрайды.

Кенес Одағының құрамында болған кезде қазақтың жер-су, елді мекен атаулары түгелге жуық өзгертіліп, нақтырақ айтқанда, орыстанып кеткендігі белгілі. Әсіресе, тың аймағы саналатын еліміздің солтүстік өңірлерінің атаулары жаппай орыстанып, ежелгі ұлттық бастауымыздан ажырап қалғандай күй кешкеніміз ақиқат. Бірақ, қазіргі уақытта ұлттық құндылықтарымызды ақырындап қайтара бастадық. Бұл бағытта Ақмола облысында да қыруар шаруалар атқарылуда.

Соңғы бес жыл ішінде Ақмола облысында елді мекендер мен олардың құрамдас бөліктеріне атау беру және қайта атау жұмыстары жоспарлы түрде атқарылып жатыр. Мораторий алынғаннан бері жергілікті өкілді және атқарушы органдардан түскен ұсыныстарға қарай Ақмола облыстық ономастика комиссиясы 2014 жылы 2 отырыс, 2015 жылы 1 отырыс өткізді.

I. 2014 жылдың 18 маусымында ономастика комиссиясы 15 өтінімді қарастырып, оның 11-ін құптады, 4-еуін зерделеуге қайтарды. Атап айтсақ:

1) Еңбекшілдер ауданын – Біржан сал ауданына қайта атау мәселесі құпталып, Республикалық ономастикалық комиссияның оң шешімін алды.

2) Еңбекшілдер ауданындағы Сәуле орта мектебін – Шәрәпи Әлжанов атындағы Сәуле орта мектебіне;

3) Ақмола облыстық филармониясын – Үкілі Ыбырай атындағы Ақмола облыстық филармониясына;

4) Ұлттық спорт түрлерінен облыстық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебін – Балуан Шолақ атындағы Ұлттық спорт түрлерінен облыстық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебіне;

5) Көкшетау қаласындағы №18 орта мектебін – Сәкен Жүнісов атындағы №18 орта мектебіне;

6) Ақкөл қаласындағы №3 Ақкөл орта мектебін – Жайық Бектұров атындағы №3 Ақкөл орта мектебіне;

7) Ерейментау ауданындағы Малтабар орта мектебін – Перуаш Кәрімов атындағы Малтабар орта мектебіне қайта атау жөніндегі мәселелері Ақмола облысының әкімдігі мен Ақмола облыстық мәслихатының қарауынан өтіп, Республикалық ономастика комиссиясының оң шешімін алды. Бұл мәселелер қайта атауға қойылған мораторий алынғаннан кейін жалғасын табады деген ойдамыз.

8) Көкшетау қаласының Северная көшесін – Сәкен Жүнісов көшесіне;

9) Красная көшесін – Әлімжан Баймұқанов көшесіне қайта атау жөніндегі мәселелер Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Республикалық ономастика комиссиясының оң шешімін алып, Ақмола облысының әкімдігі мен Ақмола облыстық мәслихатының бірлескен қаулы-шешімі шығарылып, әділет департаментінен мемлекеттік тіркеуден өтіп өз мәресіне жетті.

10) Степногорск қаласы Бестөбе кентінің Октябрьская көшесі – Қапан Ержанов көшесіне қайта атау мәселесі бойынша

кент әкімінің шешімі әділет департаментінен мемлекеттік тіркеуден өтіп, заңды түрде қайта аталды.

11) Целиноград ауданындағы Қоянды ауылының жаңа көшесіне Ер Жәнібектің есімін беру мәселесі бойынша кент әкімінің шешімі шығарылды бірақ әділет департаментінен мемлекеттік тіркеуден әлі өткен жоқ.

12) Целиноград ауданының Воздвиженка селосын – Нүресіл ауылына;

13) Воздвиженка селолық округін – Нүресіл ауылдық округіне;

14) Оразақ ауылындағы Бейбітшілік көшесін – Әбдуали Тоқпайұлы көшесіне;

15) Степногорск қаласы Бестөбе кентінің Покрышкина көшесін – Құдайберген Сапаров көшесіне қайта атау туралы мәселелергеоблыстық ономастика комиссиясыкелісімін бермегендіктен қайта зерттелуге жолданды.

II. 2014жылғы 19 желтоқсандағы комиссияға 44 өтінім келіп түсті, оның39-ы оң шешімін тапса, 5 мәселеге келісім берілмеді. Атап айтсақ:

1. Көкшетау қаласы білім бөлімінің «№1 Красный Яр орта мектебі» мемлекеттік мекемесіне – Бота Құсайыновтың;

2. Аршалы ауданының «№3 Аршалы орта мектебі» мемлекеттік мекемесіне Жұмабек Тәшеневтің;

3. Қорғалжын ауданының «Қорғалжын мектеп гимназиясы» мемлекеттік мекемесіне Ермек Біжкеновтің есімін беру туралы ұсыныстар қабылданды.

Атбасар ауданы әкімдігінің:

4. Новоалександровка ауылдық округін Бастау ауылдық округіне;

5. Новоалександровка ауылын Бастау ауылына;

Целиноград ауданы әкімдігінің:

6. Воздвиженка ауылдық округін Нүресіл ауылдық округіне;

7. Воздвиженка ауылын Нүресіл ауылына қайта атау туралы ұсыныстарына келісім берілді.

Көкшетау қаласы әкімдігінің:

8. Локомотивная және МПС көшелерін Бәйімбет батыр көшесіне;

9. Мир көшесін Бейбітшілік көшесіне;

10. 40 лет октября көшесін Мұса Асайынов көшесіне қайта атау.

11. Ш. Құсайынов атындағы облыстық қазақ музыкалық драма театрының аллеясын Жақып Омаров аллеясы деп атау туралы ұсыныстарына келісім берілді.

12. Қаланың солтүстік жағына салынған жаңа шағын ауданды Сарыарқа деп атау туралы ұсыныс қабылданбады.

Ақкөл ауданы әкімдігінің:

13. Октябрьская көшесін Шегебай Ұзақбаев көшесіне;

14. 50 лет Октября көшесін – Балуан Шолақ көшесіне;

15. Цурюпин көшесін Көктал көшесіне;

16. Казарма 385 км көшесін Темір жол көшесіне қайта атау;

17. Жаңа шағын ауданды Астана шағын ауданы деп атау;

Жаңа жеті көшені:

18. Өрлеу көшесі;

19. Жаңа ел көшесі;

20. Жерұйық көшесі;

21. Құрылыс көшесі;

22. Шаңырақ көшесі;

23. Ұлы көш көшесі;

24. Оңтүстік көшесі деп атау туралы ұсыныстарына келісім берілді.

Атбасар ауданы әкімдігінің:

25. Новомариновка ауылының № 1 көшесін Бейбітшілік көшесіне;

26. Новомариновка ауылының № 2 көшесін Целинная көшесіне;

27. Новомариновка ауылының № 3 көшесін Жеңіс көшесіне;

28. Новомариновка ауылының № 4 көшесін М. Мәметова көшесіне;

29. Новомариновка ауылының № 7 көшесін Достық көшесіне;

30. Новомариновка ауылының № 8 көшесін Отан көшесіне;
31. Полтавка ауылының № 1 көшесін Семен Петренко көшесіне;
32. Полтавка ауылының № 2 көшесін Тәуелсіздік көшесіне;
33. Полтавка ауылының № 3 көшесін Абай көшесіне;
34. Полтавка ауылының № 4 көшесін Жастар көшесіне;
35. Полтавка ауылының № 5 көшесін Илияс Есенберлин көшесіне;
36. Титовка ауылының Титовка көшесін Достық көшесіне қайта атау туралы ұсыныстарына келісім берілді.
Есіл ауданы әкімдігінің:
37. Новая көшесін Нұркен Әбдіров көшесіне;
38. СПТУ-6 көшесін Е.Н. Капацкий көшесіне;
39. Промышленный даңғылын Өндіріс даңғылына қайта атау туралы ұсыныстарына келісім берілді.
Целиноград ауданы әкімдігінің:
40. Бейбітшілік көшесін Әбдуәли Тоқбаев көшесіне қайта атау туралы ұсынысына келісім берілді.
- «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 25-5-бабына сәйкес аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерлерінің, ғылым, мәдениет қайраткерлерінің және Қазақстан Республикасы мен әлемдік қоғамдастық алдында еңбек сіңірген басқа да жеке адамдардың есімдерін беру және тарихи, географиялық, табиғи және мәдени ерекшеліктерді ескеру жөніндегі ономастика жұмысының критерийлері негізінде:
Көкшетау қаласы әкімдігінің:
41. Береговая көшесін Науан Хазірет көшесіне;
Атбасар ауданы әкімдігінің:
42. Новомариновка ауылының № 5 көшесін Стадионная көшесіне;
43. Новомариновка ауылының № 6 көшесін Школьная көшесіне;
Есіл ауданы әкімдігінің:
44. Мичурин көшесін Амангелді Мұхитбеков көшесіне қайта атау туралы ұсыныстарына келісім берілмеді.
- III. 2015 жылғы 22 шілдедегі комиссияға 14 өтінім келіп

түсті, оның 11-і құпталып, 3-еуі қабылданбай кері қайтарылды. Атап айтсақ:

Қорғалжын ауданы бойынша:

1. Қорғалжын ауылының Дружба орта мектебіне – Ақтан Төлеубаевтің есімін беру туралы ұсынысы қабылданды.

Атбасар ауданы бойынша:

2. Октябрь ауылдық округін Ақан Құрманов ауылдық округіне;

3. Октябрь ауылын Ақан Құрманов ауылына қайта атау туралы ұсыныстарына келісім берілді.

4. Октябрь ауылының №4 көшесін Иван Лихобаба көшесіне;

5. Тельман ауылының №2 көшесін Әлия Молдағұлова көшесіне қайта атау туралы ұсыныстарына келісім берілді.

Ерейментау ауданы бойынша:

6. Ерейментау қаласының Куйбышев көшесін Әлихан Барлыбаев көшесіне;

7. Еркіншілік ауылындағы Киров көшесін Сағат Жәкішұлы көшесіне;

8. Еркіншілік ауылының Ленин көшесін Жүніс Хамзеұлы көшесіне;

9. Еркіншілік ауылының Больничная көшесін Құлыш Досмағамбетұлы көшесіне қайта атау туралы ұсыныстарына келісім берілді.

Целиноград ауданы бойынша:

10. Қосшы ауылының Набережная көшесін Айтмағамбет Есмағамбетұлы көшесіне;

11. Қосшы ауылының Центральная көшесін Генерал Сабыр Рақымов көшесіне қайта атау туралы ұсыныстарына келісім берілді.

«Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 25-5-бабындағы ономастика жұмысының критерийлері негізінде:

Атбасар ауданы бойынша:

12. Октябрь ауылының №7 көшесін Ақан Құрманов көшесіне қайта атау;

13. Қосбармақ ауылының №2 көшесін Ақан Құрманов көшесіне қайта атау;

14. «Атбасар ауданы білім бөлімінің Атбасар қаласының мектеп жанындағы интернатымен №8 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Ақан Құрманов есімін беру туралы ұсыныстарына келісім берілмеді.

Осы уақыт ішінде облыс бойынша 12 көше атауы өзгертілді. Оның екеуі – Көкшетау қаласында, ал қалған 10-ы аудан орталықтары мен ауылдық жерлерге тиесілі. Облыс орталығының бір көшесіне белгілі жазушы, Ақмола облысының тумасы Сәкен Жүнісовтың, екінші көшеге Көкшетау және Ақмола облыстық сотының бірінші төрағасы болған, қажырлы еңбегімен танылған Әлімжан Баймұқановтың есімі берілді. Ал, Ұлы Жеңістің 70 жылдығының маңыздылығы мен өзектілігін ескере отырып, бір елді мекенге Кеңес Одағының батыры Ақан Құрмановтың есімін беру жұмыстары жүргізіліп жатса, қалған 10 көшеге жоғарыда жазылған Кеңес Одағының батырлары мен Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің есімдері берілді. Ал қандай атаулар өзгертілді деген сұрақ туындаса, олар – Владимир Ленин, Валериан Куйбышев, Октябрьская, Красная, Киров, Больничная, Набережная, Центральная, Северная. Бұлардың барлығы кеңестік идеологияға сәйкес қойылған, сондай-ақ орыс тіліндегі атаулар. Осы көшелердің атауларын өзгерту туралы шешім жергілікті жерлердегі ақсақалдар алқасынан, зиялы қауым өкілдерінен немесе туыстарынан өтініш түскеннен кейін барып қабылданған.

Ақмола өңірінде ономастика саласында атқарылатын жұмыс әлі де ұшан-теңіз. Қазіргі уақытта облысымыздағы 637 елді мекеннің 348-інің атауы қазақ тілінде, бұл 54,6 пайызды құрайды, ал көшелер саны 5876 болса, 2484 атау қазақ тілінде, яғни 42,2 пайызы. Осы жерде айта кеткіміз келгені – тұрғындарының дені жергілікті ұлт өкілдерінен тұратын Қорғалжын ауданындағы барлық елді мекен атаулары қазақ тілінде, ал қазақ тіліндегі көше атауларының үлесі 79,5 пайызды құрайды. Ерейментау ауданында елді мекендердің 88 пайызының атауы, көшелердің 70 пайызының атауы мемлекеттік тілде. Мемлекеттік тілдегі атаулар саны облыстық көрсеткіштен төмен аудандар да бар. Өкінішке орай, Московская, Новомариновка, Борисовка, Белоцерковка сияқты ауылдардың жиі кездесетіні жасырын емес. Ол

аудандардың жергілікті атқарушы органдарына алдағы уақытта ізденіспен жұмыс істеп, елді мекендер мен олардың құрамдас бөліктерін тарихи атаулармен немесе табиғи ерекшелігіне сай қайта атау жөнінде талап қойылып отыр. Атауларды тәуелсіз еліміздің жаңа сипатына сай өзгерту үрдістері де баршылық. Мысалы, Воздвиженка ауылын Нүресіл, Новоалександровканы Бастау, Октябрь ауылын Ақан Құрманов ауылы, орыс тілінде мәнсіз-мағынасыз қойыла салған Больничная, Казарма т.с.с. көше атауларын қазақ тіліндегі мағыналы да әуезді Парасат, Ынтымақ, Ұлы көш, Теректі, Алаш деп атау туралы өтініштер соның дәлелі.

Біздің мақсатымыз – тәуелсіз мемлекетіміздің сипатын білдіретін, ұлттық тарихымызды айшықтайтын атаулар арқылы ұлттық ономастикалық кеңістікті қалыптастыру, бір сөзбен айтқанда, ұрпақты ұлттық рухта тәрбиелеу арқылы жастардың санасына елдік пен ерлік дәстүрлерін қалыптастыру болып табылады.

ҚАЗАҚТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ОНОМАСТИКАЛЫҚ САЯСАТТЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ ЖОЛДАРЫ

НАУРЫЗБАЕВ Ж.Б.

*Қостанай облысы әкімдігі тілдерді
дамыту басқармасы ономастика және
көрнекі ақпараттар мониторингі бөлімі
Қостанай қаласы*

Аннотация: В статье представлены сведения о направлениях ономастической работы в Костанайской области. В настоящее время одними из главных направлений языковой политики в проблемах ономастики являются научно-практическая, культурно-историческая и общественно-политическая.

Abstract: This paper contains data of onomastic directions in Kostanai region. The author determines one of the main aspects of the language policy. He thinks that scientific-practical, cultural-historical, social-political aspects are the leading aspects in onomastics.

Мемлекеттік тіл Қазақстан халқының ұлттық идеясына, бүкіл қоғамды біріктіруші күшке айналғаны шындық. «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде» деп, Президентіміздің тілдік даму көкжиектерін анықтап айтқаны да белгілі. Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі дегенді қайталай бергеннен де, қазақ тілі – қазақтардың ана тілі деген қарапайым ойды санаға сіңірудің мәні маңыздырақ деп өз басым ойлаймын.

Ана тіліміз, ең бастысы, осы мемлекеттің түп иесі – қазақтар үшін керек. Осы ойымыз, облыстық деңгейдегі мемлекеттік органдардағы қызметшілердің жоқ дегенде жартысынан астамы – қазақтар, егер ісқағаздарын мемлекеттік тілде жүргізуге, қазақ тілін толыққанды жұмыс тіліне айналдыруға осы құрам атсалысар болса, іс оңтайлы жолға түсер еді. Бірақ іс жүзінде, олар штаттық кестедегі аудармашы қызметшілеріне иек артып алғандықтан, тілді біліп тұрса да білімін «білдірмеуге» тырысады. Солай жүргенде, білгенін ұмытып, өз тілінде сауатсызданғандарын да ескермей қалады. Осы жағдайдан шығу жолын 2 мәрте мемлекеттік бағдарламалық мерзім бойы іздеудеміз.

Мемлекеттік тіл мемлекеттік деген мәртебесіне сай болуы үшін келесі мәселелер нақты шешілуі қажет:

1. Мемлекеттік органда атқаратын қызметіне сәйкес мемлекеттік тілді тиісінше дәрежеде білудің мемлекеттік қызметкерге қойылатын біліктілік талаптарында көрініс табуы;

2. Жергілікті тілдерді дамыту басқармаларына өкілеттіктер бере отырып, олардың да жауапкершілігін белгілеу, олардың өз міндеттерін атқаруына бақылау жүргізуді орталық уәкілетті органға жүктеу;

3. Тілді дамытуға байланысты атқарылып жатқан шараларды нақты шешу жолдарын қарастыру;

4. Көрнекі ақпарат мәтіндерінің тіл заңнамасы нормасына әрдайым сәйкес әзірленуі мен орналастырылуына үнемі қатаң бақылау жүргізу мен заң бұзушылықтар бойынша жауапкершілікке тарту құзырлығын арнайы заңмен тілдерді дамыту басқармаларына жүктеу;

Қазіргі таңда ономастика мәселелерін реттейтін заңдар, нормативтік-құқықтық құжаттар қабылданып, олардың

талаптары жүзеге асырылуда. Бірақ осы «үзік» саланы біріздендіретін нақты бір Заң ауадай қажет.

Заң, бір жағынан, «ауылдың аты – атама, көшенің аты-көкеме» деген өз ағайындарымыздың арасында орын алған теріс үрдісті тоқтатуға негіз болса, екіншіден, патшалық Ресейдің отаршыл саясаты мен тоталитарлық кезеңді еске салып, халықтың намысына тиетін сарқыншақ атаулардан дау-дамайсыз құтылып, халықтың көне атауларын қайтаруға құқықтық кепілдік болары сөзсіз.

Қазақтың ұлы жазушысы, қоғам қайраткері, ғұлама ғалымы Мұхтар Әуезовтің «Біздің қазақ – жер атын, тау атын әманда сол ортаның сыр-сипатына қарай қоя білген жұрт. Қайда, қандай өлкеге барсаң да жер, су, жаһан түзде кездескен кішкентай бұлақ атының өзінде қаншама мән-мағына, шешілмеген күпия сыр жатады», - деп жазған еді. Жер-су атаулары – халықтың жады, оларда үлкен таным бар, рух бар, мағына бар. Халық тарапынан қойылған атауларды сол өңірдің табиғи да, тарихи құжаты деу ләзім.

Бұл салада әлі де болса шешімін күткен жұмыстар толып жатыр, бірақ бәрін сабырлықпен, ақылмен, «асықпай-тездетіп» деген тәсілмен жүзеге асырсак ұтылмаймыз. Ең басты мәселе – қоғамдағы бірлік-берекені бұзып алмай, өзара түсіністік қарым-қатынасты сақтай білу.

Қазіргі таңда ономастика тіл саясатының басым бағыттарының бірі ретінде ғылыми-тәжірибелік және мәдени-тарихи маңызбен қатар қоғамдық-саяси маңызға ие болып отыр.

«Туған жер», «Кіндік қаным тамған жер...». Бұл сөздер әр адамның жүрегіне жылу ұялатады, адамның өмір жолы осы жерлерден бастау алады. Еліміз тәуелсіздік алған алғашқы жылдары оянып, ойлана бастаған алаш жұрты алды-артын бағамдап, солақай саясаткердің тәлкегіне түскен тарихтың ақ-қарасын айырып, әділеттілікті ту етіп көтерді. Топонимика мәселелеріне қатысты зерттеулер қолға алынды. Қазақстандағы облыс, аудан аттарының тарихи атауларын қайтару жұмыстары алғашқы серпінде жақсы қарқынмен жүргізілді. Мысалы, 1997 жылғы маусымның 17-сінде Елбасы Н. Назарбаевтың

Жарлығымен Ақтөбе, Қызылорда, Қостанай облыстарының орыс тіліндегі транскрипциясы қазақша өзгертілді және аталмыш облыстардағы көптеген аудандардың тарихи атаулары қайтарылды. Атап айтқанда, Қостанай облысында Камышнин – Қамысты, Комсомол – Қарабалық, Ленин – Ұзынкөл, Семиозер - Әуликөл, Урицкий – Сарыкөл, Орджоникидзе – Денисов ауданы болып аталды. Қостанай қаласы мен Қостанай облысының атауларының транскрипциясы өзгертілді. Қалалар мен елді мекендердің көптеген көшелерінің атаулары өзгертілді. Бірақ аталған шаралар көп жағдайда ғылыми-тарихи негіздемесіз жүргізілген. Тәжірибе көрсеткендей, бұл жағдай ономастикалық жұмыстың ғылыми-фактологиялық базасының жоқтығынан туындап отыр. Ол үшін нақты ғылыми зерттеулер жүргізілуі керектігі айтпаса да белгілі жағдай.

Сондықтан жоғарыда аталған топонимикалық карта облыстағы ономастикалық жұмысты ғылыми-фактологиялық база негізінде бір жүйеге келтіруге және үйлестіруге мүмкіндік береді.

Бұл шараны жүзеге асыру үшін облыстың жоғары оқу орындарының тарихшы ғалымдарының қатысуымен құрылған топонимикалық экспедиция өз жұмысын облыстың Ұзынкөл және Меңдіқара аудандарынан бастады. Ғылыми-іздістіру жұмыстары басталар алдында этнографиялық материалдарды жинастыру, зерттелетін аумақтың этимологиясын, қажетті зерттеу әдістемесін анықтау, сол маңайдың тарихын білетін көнекөз қарияларды іздістіру бойынша көп жұмыстар атқарылады.

Бұл экспедиция облыстың барлық аудандары мен қалаларын аралап болып, олардың бірнеше жылғы жұмыс қорытындылары бойынша 5 жинақ баспадан шығарылды. Ғылыми экспедиция мүшелері жергілікті жердің байырғы тұрғындармен, алғашқы қоныс аударушыларымен әңгімелесіп, олардың сөзін жазып алды. Мұрағат материалдарын, саяхатшылардың жазғандарын іздеп тауып оқыды. Солардың бәрін елеп-екшеп келгенде, жер-су, елді мекендерге орысша айдар тағудың бірнеше себептеріне көз жеткізілді.

Біріншіден, Ресейдің жерінен келген қоныс аударушылар жердің бұрынғы қазақша атауын айтуға қиынсынып, өздерінің

келген жағының атының алдына «ново» деген сөзді қосып айтқан. Мысалы, Николаевкадан келген болса Новониколаевка, Александровка болса Новоалександровка деген.

Екіншіден, сол жердің бұрынғы қазақша атын орысшаға аударған. Мәселен, Қарағайлы дегенді Боровское деген.

Үшіншіден, қазақша атауды бұрмалап атаған. Мысалы, Ұзынкөл ауданындағы Баба-көлді – Озеро Бабье, Өзен-көлді – Ұзынкөл деп айтқан.

Төртіншіден, ең алдымен қай отбасы көшіп келіп орналасса соның фамилиясымен атаған. Мысалы, Павловка, Романовка, Александровка т.б. Атап айтар болсақ, 1888 жылы Орынбордың вице-губернаторы И.П. Кереев қазіргі Меңдіғара ауданындағы Михайловка деген село тұрған жерге келеді. Сол кезде ауылдың аты сол жердегі Қараңғылық деген өзеннің атымен аталған екен. И.П. Кереев болса жергілікті халықты жинап алып, «Орыстар тұратын жерге неге орысша ат қоймағансындар?» дейді де, елді мекенді «Михайловка» деп өзгертіп кетеді. Сонымен бұл атау «Қараңғылыққа» Ресейден алғаш келген қоныс аударушының аты-жөні екен.

Бесіншіден, қоныс аударып келушілер келген жерін өздерінің арасындағы белгілі адамдардың қыздарының не әйелдерінің есімімен атаған. Мысалы, Ұзынкөл ауданында Варваровка деген ауыл бар. Оның тарихына үңілсеңіз, бұрынғы аты Қарамойыл болған, бірақ XIX ғасырдың 90-шы жылдарында Украинадан қоныс аударып келген Варвара деген әйел Тойсай деген жерде тоған салады да, соған байланысты бүкіл ауылға сол әйелдің ныспысы беріледі. Ал Меңдіғара ауданындағы «Татьяновка» деген жер 1903 жылы Қалыбай деп аталған екен. Оған орыстар Қазақстан жеріне қоныс аударушыларға жер өлшеп берушінің Татьяна деген қызының есімін берген. Сол сияқты Алешин деген ауыл да сол кездегі жер өлшеушінің есімі болған. Мұндай мысалдарды басқа аудандардан да көптеп кездестіруге болады.

Бір анығы – жер атауларының осылай өзгертілуіне патша өкіметі бірден жарлық шығарып отырған. Ал, Кеңес өкіметі орнағаннан кейін көптеген жерлерімізге партия қайраткерлерінің,

съездерінің реттік саны берілген. Онан кейін тың көтерілген жылдары құрылған ұжымшарлар облысымызға жұмысқа кім қайдан келсе, солардың келген жағының атымен аталды. Мысалы, Меңдіқара ауданындағы Красно-Пресненский, Минский, Харьковский т.б. елді мекендер сол бір солақай саясаттың айқын куәсі.

Қостанай облысы республикамыздың солтүстігінде орналасқан, 8 бірдей ауданы Ресеймен шектеседі. Жер көлемі – 196,0 мың шаршы километр, халқының саны миллионнан артық. Халық санағының мәліметіне қарағанда ХХ ғасырдың басында жергілікті ұлт бүкіл халықтың 89 %, 40-жылдары 50 %, ал енді 70-жылдары тек 17 %-ті құраған. Өткен жылғы санақтың қорытындысына қарағанда, облыс бойынша жергілікті ұлттың үлес салмағы 38,4 пайызға дейін әрең өскен.

Қостанай облысында бүгінгі таңда 5 қала (Қостанай, Аркалық, Рудный, Лисаковск, Жітіқара), 16 аудан бар. Ресеймен шекаралас аудандардағы жер атауларының көпшілігі әлі де орыс тілінде.

Жоғарыда айтылғандай, Қостанай облысында да ономастикалық жұмыстар бірнеше бағыттар бойынша жүргізілуде. Жұмыстың негізгі бағыты – географиялық атауларды жинақтау, оларды бір жүйеге келтіру, ғылыми негіздерін анықтау. Сөйтіп, ономастикалық сөздіктер құрастыру. Сондай-ақ өкінішке орай Қостанай облысының тарихи корпусы өте кедей – ол екі-үш монографиялық зерттеулер мен компилятивті сипаттағы шағын кітаптардан тұрады. Барлық әдебиетті бірнеше топқа бөлуге болады. Бірінші топқа ғылыми дәреже қорғайтын диссертациялар, ғылыми басылымдар, мақалалар және тарихшылар коференцияларындағы баяндамалар жатады. Келесі топ жергілікті өлкетанушылар – тарих пәнінің мұғалімдері мен жергілікті мұражайлар қызметкерлерінің еңбектерінен тұрады. Олардың кейбіреулерінің арнайы тарихи білімдері болғанымен көпшілігі энтузиасттар, сондықтан олардың зерттеулері көп жағдайда шындықтан алыс. Үшінші топқа мерейтойлық даталарға арналған жарияланымдар жатады, мысалы аудандаық және облыстық газеттер беттерінде кеңшарлардың, ауылдардың,

аудандардың, газеттердің, кейбір ұстаздардың, дәрігерлердің партия қызметкерлерінің мерейтойлары қарсаңында олар туралы материалдар жарық көріп отырған. Бұл деректердің біз үшін ғылыми құндылығы бар.

Қостанай өлкесінің топонимикасы туралы мәліметтер бар ресейлік еңбектердің алғашқыларының бірі - бүлікші еділ қалмақтарын қуып барған фон Траубенбергтің әскери экспедициясы нәтижесі бойынша Н. Рычковтың 1772 жылы жарияланған «Дневные записки» еңбегі. Автор аймақтың географиясы туралы қызықты деректер қалдырған, оның атаған топонимдерінің ішінде Абуга (Обаған), Тобол (Тобыл) өзендері, Дениз-куль (Теңіз), Кундыз-куль, Кара-кундыз көлдері және т.б. кездеседі.

Қостанай өңірін шаруа отарлау тарихын зерттеуде орыстың экономисі және статистигі Александр Аркадьевич Кауфманның (1864-1919) Санкт-Петербургте 1897 жылы шыққан «Переселенцы-арендаторы Тургайской области» атты кітабы. 1880 жылдардың соңынан бастап ол байырғы шаруалар мен Сібір және Орта Азиядан қоныс аударғандардың жер өңдеу және шаруашылығын зерттеумен айналысып өз жұмыстарында орыстың қоныс аударған шаруаларының әлеуметтік-экономикалық, шаруашылық тұрмыстық жағдайларының шынайы ахуалын көрсеткен. Көп жағдайларда оның көзқарастары қоныс аудару саясаты мен тәжірибесі мәселелері бойынша ресми жарияланымдардан айтарлықтай алыс болды. А. Кауфманның еңбегінде біз үшін құнды болып табылатын деректер – елді мекендердің пайда болу тарихы, әрбір ойконимнің туындау себептері.

Қостанай облысының өткенін зерттеуді өзіндік ғылыми негіздеген алғашқы тарихшылардың бірі Манаш Қабашұлы Қозыбаев болды. Өткен ғасырдың 50-ші жылдары оның өлкеміздің ХХ ғасырдың басындағы тарихын зерттеуге арналған бірқатар мақалалары мен жекелеген еңбектері жарық көрді. Бұл жұмыстарда топонимика мәселелері де көрініс тапты, атап айтсақ, «Қостанай» сөзінің этимологиясы талданды.

Кеңес дәуірінде аймақтың тарихын барынша толық баяндауға талпыныс білдірген 1979 жылы шыққан «Қустанай

вчера, сегодня, завтра» кітабы болды. Оны сол кездегі педагогикалық институттың тарихшы ғалымдары В.С. Макотченко, А.С. Елагин, Я.К. Духин, И.К. Терновой, облыстық мұрағаттың мұражайдың бірқатар қызметкерлері жазды. Бірақ аталған кітапта Тобыл өңірінің орыс қоныс аударушыларына дейінгі тарихы қамтылмаған, тек Қостанай уезінің қаласының және алғашқы қоныс аударушылардың тұрғылықты жерлерінің пайда болуы, «еуропалық» тұрғындардың шаруашылық және әлеуметтік-саяси өмірі ғана толық көрініс тапқан.

Сонымен, Қостанай облысы тарихының XIX ғасырдың аяғынан осы күндерге дейінгі кезеңі ғана анағұрлым толық зерттелген. Орта ғасырлық кезең толық зерттелмеген, жоңғарлармен соғыс кезеңі ішінара, ал XVI-XVII ғасырлар мүлде қамтылмаған.

Ал, қазақстандық ономастиканың тағы да басқа көптеген маңызды аспектілері өз кезегін күтуде. Қазақстан ономастикасының мәселелерін тақырыптық және тарихи-салыстырмалы түрде зерттеу ғана бұл қызықты саланы нағыз қазіргі кезеңдегі лингвистикалық деңгейіне көтере алады.

Жасыратыны жоқ, еліміздің басқа да өңірлері сияқты Қостанай облысында да елді мекендер, көшелер атаулары кеңестік кезеңінің идеологиясымен бұрмаланып кеткен болатын. Тарихи атауларды қалпына келтіру, елді мекен атауларын қайта атау, көшелерге заман талабына сай атау беру – мүмкіндік берілген аздаған ғана уақыт ішінде (*мораторий сипатында бітпейтін бір тыйым салу*) жүзеге асырылады. Бірақ қолданыстағы заң нормалары осы мәселелерді шешуді тым қиындатып жіберіп отыр деп ойлаймын. Соңғы уақытта адам аттарын оңды-солды тықпалай беруден аулақ жүрейік деген пікірлер әртүрлі мінбелерден айтылып келеді. Шет ел тәжірибесіне сәйкес ұлы тұлғалардың атында мектептер, көше атаулары аталмайды. Бұл дұрыс мәселе. Бірақ бұл жағдай – біздің менталитетке жақын болмағанымен, тәлім алатындай өнеге. Біздің пікірімізше, Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы ономастика комиссиясы бір жинақ қор кітабын шығарып, онда идеологиялық тұрғыдан ескірген, мағынасы түсініксіз, тәуелсіз Қазақстанға

ешбір қатынасы жоқ атаулар тізімін бір жаққа, екінші бір бөліміне зиялы қауым, ономаст ғалымдар, сарапшылар сүзгісінен өткен тәуелсіз еліміздің тарихына, өткеніне және қазіргі жетістіктеріне негізделген жаңа атаулар тізімін арнайы Үкімет қаулысымен бекітіп, облыстарға нақты жұмыс жүргізу үшін тапсырма беріп оның орындалу барысын қадағалау қажет. Осылай ғана сол елді мекендердегі көптің пікірімен санасу немесе тиісті аумақ халқының пікірін ескеру... және тағы да басқа іс-әрекеттер қажет етілмейді. Өйткені, атау беруде және қайта атауда барлық елді мекендер тұрғындары бұрынғы атауды құп алып отырған жоқ. Негізгі себебі көптеген жерлерде әлі күнге дейін кері тартатын өз қандастарымыз бар, өзге ұлт өкілдері де көп. Ал, соңғылары баяғы қоныстанушылардың атынан айырылғысы келмейді.

Атам қазақ жер-су атауларын қазақтың кең-байтақ даласына мөр ғып басқан. Тілімізге оралымды, көкейге қона кететіндей етіп көркем кестелеген. Қазақтың ұлы даласындағы жер-су атауларының бәрі бедерлі поэтикамен өрілген. Желмая мініп, жер шолған Асан Қайғы бабамыз өзі тоқтаған жерінің аты мен затын салмақтап тұрып саралап бермеп пе еді! Ата-бабаларымыз Хан Тәңірі мен Алатауды, Бетпақдала мен Қаратауды, Арал мен Ұлытауды, Сығанақ пен Сарайшықты, Қарасаз бен Қараойды, Шалкөде мен Көлсайды, Бақанас пен Кербұлақты, Ақши мен Қапалды, Желторанғы мен Балатоптарды ешбір ономастикалық комиссиясынсыз-ақ сәтімен атап, санамызға сіндіріп жіберген жоқ па еді?!

Бұл атаулар тек географиялық белгі ғана емес, мәдениетіміз бен сан ғасырлық тұрмысымыздың, тіліміздің барша тарихы мен заңдылықтары да осы атаулардан табылады. Қазақстан мемлекеттігін нығайтудың қазіргі кезеңінде ономастика мәселесі тек қазақ тілінің аясымен ғана шектелмей, саяси-әлеуметтік, тарихи, мәдени мәні зор, ұлттық, құқықтық, идеологиялық, моральдық шешімді талап ететін өте күрделі құбылыс болып саналады. Сондықтан да, ономастика проблемаларына мемлекеттік маңыз беріліп отыр.

Жер-су атауларына зер сала қараған адам сол атаулардың астарындағы ғажайып сырларды танып, қайран қалар еді. Әрбір

халықтың санасында бұл атаулар ғасырлар қойнауындағы қазына ретінде бағаланады. Қазақ халқы ежелден елді мекендердің, жер, су, өзен, көл атауларының мән-мағынасына, тарихына ерекше көңіл бөлген. Әр дәуірдің ескерткіші ретінде халық тарихының, ұғым нанымның дерегі саналып, ұрпақтан-ұрпаққа ауысып отыратын тарихи жәдігерлерді құрметтеп, аялап сақтау – азаматтық борышымыз.

Қостанай облысының ономастикалық кеңістігі жөніндегі қосымша мәлеметтер:

1. Өңірдегі халықтың тілдік құрамы – Жалпы облыс бойынша мемлекеттік органдарда қазақ тіліндегі құжаттардың үлесі 2015 жылдың III тоқсанында 97,2 пайызды құрады. Қостанай облысы тұрғындарының тілдерді меңгеру деңгейі респонденттердің жауабы бойынша төмендегідей: 2015 жылы – қазақ тілін үйреніп еркін жаза алатындар – 28,7 пайыз, орыс тілін үйреніп еркін жаза алатындар – 91,2 пайыз, ағылшын тілін үйреніп еркін жаза алатындар – 203 пайыз. Осы көрсеткіш 2014 жылы төмендегідей болды: қазақ тілі – 40 пайыз, орыс тілі – 77 пайыз, ағылшын тілі – 9 пайызды құрайды.

2. Соңғы бес жылда ономастикалық атауларды өзгерту көрсеткіштері – Соңғы 5 жыл ішінде Қостанай қаласында 2 көше, 2 әлеуметтік маңызы бар 2 объекті, Рудный қаласында 1 көше, Арқалық қаласында әлеуметтік маңызы бар 1 объект, Алтынсарин ауданында 1 көше, Әуликөл ауданында 7 көше, Жанкелдин ауданында 1 көше, Жітіқара қаласында әлеуметтік маңызы бар 1 объект, Сарыкөл ауданында 4 көше, Федоров ауданында 2 көше атаулары өзгертілді. Осындай қайта атаулар Ұлы Отан Соғысындағы Ұлы Жеңістің 70 жылдығының өзектілігі мен маңыздылығына, Қазақ хандығының 550 жылдығы мен Қазақстан халқы ассамблеясының 20 жылдығына орай жүзеге асырылған болатын.

3. Атауларды өзгерту принциптері, яғни жаңа атау қандай талап пен сұраныстың негізінде берілгені және оның құқықтық – нормативтік реттелуі туралы – Жоғарыда аталған атауларды өзгерту 21.01.2013 жылғы қабылданған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ономастика

мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңы осы заңға сәйкес бірқатар ҚР Заңдарына енгізілген заңдарға, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 ақпандағы № 138 қаулысымен бекітілген «Әкімшілік – аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ, олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидалары» талаптарына сәйкес жүзеге асырылуда. Осы жұмысты жүзе асыру барысында жеке кәсіпкерлік объектілеріне, қонақ үй, асхана, дүкендер, шаштараз т.б. нысандар атауларына ұлы тұлғаларымыз бен батырларымыздың (Абай, Абылай, Кенесары, Шәкәрім т.б.) есімдерін берілмеуіне аса назар аударылады. Сонымен қатар, жаңа атау беруде тәуелсіз қазақстанның жетістіктерін дәріптеуге аса мән беріледі.

4. Өңірлердегі атаулардың тілдік құрамы және пайыздық көрсеткіштері – жалпы алғанда, облыс аумағында белгілі тарихи және саяси жағдайларға байланысты көптеген елді-мекендердің, көшелердің атауларын былай қойғанның өзінде бұрмаланып мүлдем қайта аталып кетті. Мысалы: Қостанай ауданы бойынша барлығы 20 ауылдық округтердің 2-і, осы округтерде орналасқан 58 ауылдың 16 ғана қазақ тілінде, Мендіқара ауданы бойынша барлығы 13 ауылдық округтің 2-і, осы округтерде орналасқан 51 ауылдың 17-і ғана қазақ тілінде, Сарыкөл ауданы бойынша барлығы 14 ауылдық округтің 1-і, осы округтерде орналасқан 40 ауылдың 11 ғана қазақ тілінде.

5. Қазіргі кезде өңірде туындап отырған ономастикаға қатысты мәселелер – Ономастика саласын реттейтін нормативтік-құқықтық актілерге терең талдау жасап, соларды басшылыққа алып есімдері ономастикалық объектілерге берілетін тұлғаларға қатысты нақты критерийлерді әзірлеп, арнайы қаулымен оның тізімін бекіту. Ешбір жасыратыны жоқ республика бойынша елімізге еңбектерімен танылмаған, істері ұлттық биіктіктен көрінбеген адамдарды жалаң ұлықтау науқаны көптеп кездесіп отырады. Осындай жағдайлар қоғамға, өскелең ұрпаққа еш тәлім-тәрбие бере алмайтыны туралы көптеген сын-пікірлер

айтылып келетіні сөзсіз. Осылардың негізінде ономастика саласын реттейтін заң нормалары білікті заңгерлер, ономаст ғалымдар мен лауазымды тұлғалардың отырыстарында тағы да бір талқыланып, тиісті толықтырулар енгізілуге тиісті. Жоғарыда аталғандарды басшылыққа ала отырып заң нормаларын тағы да бір пысықтап, өңірлерге ономастика мәселесін шешу жолдарын жеңілдету бойынша нақты шараларды қарастыру қажет. Сонымен қатар ономастика саласы ғылыми-практикалық, мәдени-тарихи, сонымен қоса қоғамдық-саяси маңызға ие болуын ескере отырып осыған орай жұмыстарды қолданыстағы заң нормаларына сәйкес шешуге үнемі жарияланатын тоқтату яғни бітпейтін мораторий жариялауды тек заң билігі (иерархиясы) арқылы ғана жүзеге асырылуын қатаң қадағалауды қолға алу қажет.

ҰЛТТЫҚ АТАУЛАР – ҰРПАҚҚА МҰРА

ТҮЯҚОВА Ф.М.

*Солтүстік Қазақстан облысының
тілдерді дамыту басқармасы
Петропавл қаласы*

Аннотация: В статье приведен системный анализ работы в сфере ономастики в Северо-Казакхстанской области за последние пять лет. Высказывается мысль о некоторых проблемах, существующих в районах региона со сложной топонимикой и путях их решения.

Abstract: This article suggests the systematic analysis in anomastic sphere of North Kazakhstan region for the last 5 years. The author describes the problems of toponyms in this area and demonstrates their feasibilities.

Парламент Сенатының депутаты, ел Үкіметі жанындағы Республикалық ономастика комиссиясының мүшесі Жабал Ергалиев: «Мәңгілік Ел болуға керекті басты алғышарттардың бірі – тіл, ел және жер. Осы ойды санамызға сіңіре алсақ,

мәселенің түйткілді тұстары өздігінен шешілер еді», – деген болатын осындай басқосулардың бірінде.

Қазақстандық қоғамдағы **саяси маңызды** – ономастика мәселесінің ойластырар тұстары жеткілікті.

Еліміздің Ресеймен шекаралас солтүстік қақпасы саналатын Қызылжар өңірінің ономастикалық хал-ахуалы көпшілікке таныс.

Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, 2015 жылдың қазан айында жекелеген этностар бойынша Солтүстік Қазақстан облысы халқының саны - 571 759. Оның басым бөлігі орыстар – 285 331, қазақтар - 196 483. Одан кейін сан жағынан украиндар (25 411), немістер (20 260), поляктар (12 316). Осылайша жалғаса береді. Жалпы облыс аумағында барлығы 20-дан астам ұлт өкілі мекендейді.

Бүгінгі күні Қызылжар өңірінде 689 елді мекен болса, оның ішінде небәрі 234-і, яғни 34 пайызы қазақша атауға ие.

Облыс бойынша қазағы қалың аудандардың көш басында – Уәлиханов түр. Мұндағы барлығы 17 145 тұрғынның 15 368-і немесе 90 пайызы жергілікті ұлт өкілдері. Ақжар ауданында 17 431 тұрғынның 13 611-і қазақ.

Жоғарыда аталған екі аудан да кезінде Көкшетаудың құрамында болған.

Қалған аудандарда өзге ұлт өкілдері басым. Қазақстанның солтүстік аймағының географиялық жағдайы мен мекендеген халықтың ұлттық құрамына байланысты бұл өңірде жер-су аттарының орынсыз өзгеріске түсуінің тарихы әріден басталатыны белгілі. Ресей отаршылдығымен бетпе-бет келген өңірдегі қазақтардың тілі мен діліне, ұлттық салт-санасына нұсқан келтіре отырып, жергілікті халықты маргиналдық санадағы тобырға айналдыру екі жарым ғасыр бойы империялық саясат негізінде жүйелі түрде жүргізілді.

Зерттеуші В.Н. Алексееконың деректері бойынша 1870-1906 жылдар аралығында Қыр өлкесіне Ресейден ауып келгендер саны 521 мың адам болса, Столыпин реформасы кезінде (1906-1914 жылдары) 714 мың адам қоныс аударған. Осылайша, 1910 жылдың өзінде Ақмола облысына Екатеринослав, Полтава, Самара, Харьков, Херсон губернияларынан екі жүз мыңдай

қарашекпен көшіп келді. 1917 жылғы мемлекеттік мәлімет бойынша Ақмола облысында славян нәсілді жұртшылық 882 мың 300-ге жеткен.

Осындай қолдан жасалған саясаттың шырмауынан әбден шайқалған Солтүстік Қазақстандағы аудандар – Мамлют және Аққайың. Қос аудан да облыс орталығымен шектесіп жатыр. Мамлют облыстың солтүстік-батыс бөлігіндегі әкімшілік бөлік. Ауданындағы 20 мыңға жуық халықтың 5-ақ мыңын қазақтар құрайды (25 %). 42 елді мекеннің 5-інің ғана атауы қазақша.

Аудан орталығы Мамлютка қаласының атауы туралы мынадай дерек бар. Ресей империясының 1822 жылғы «Сібір қазақтары жөніндегі» Жарғы (Сперанский жарғысы) бойынша Қазақстанның солтүстік өңіріндегі әкімшілік өзгерістердің заңды жалғасы ретінде 1824 жылы 29 сәуірде Көкшетау сыртқы округі құрылған. Округ немесе дуан құрамына кіретін қазақтар алдымен «Ақ патшаға» адалдық антын беруге тиіс болды. Ол үшін орыс әкімшілігінің өкілдері Көкшетауға өздерімен бірге бірнеше татар молласын ала келген. Олардың ішінде бұл өңірмен Абылай заманынан бұрыннан қарым-қатынасы бар, мал саудасымен айналысатын Усман Мәулітов деген молла да болған. Ол Жылғара Байтоқиннің «тамыры», яғни жақсы сыйласқан досы екен.

Көкшетау дуанының аға сұлтаны Ғұбайдолла Уәлиханұлы Усман молланы бала оқытуға шақырып, қоныс беруге уағдаласады. Сол Усман Мәулітов 1830 жылғы наурызда Рысай-атығай болысының аумағына көшіп келеді. Оған Есіл өзенінің жағасында, Новоникольск редутынан қырық шақырым жердегі «Тасыбек тоғайы» деген жерден үй салуға, Қарағаш деген жерден (Кіндікті, Талдыкөл, Жалтыркөл маңайы) пішен дайындауға жер кесіліп беріледі.

Алғашқы 4 жылда Мәулітовтер үш үй салып алады. Ірі қара өсіріп, кәсіппен айналыса бастайды. Усман мектебінде қазақтың елу баласы дәріс алады.

Жылдар өтіп, бұл елді мекеннің аты Мәуліт, орысшасы Мамлютка болып өзгеріп кеткен.

Бұл ауданда Ленин ауылы және аудан орталығы Мамлютка қаласында Ленин көшесі бар.

Облыстық ономастика комиссиясына Астана қаласының тұрғыны Бәтима Сүтерова деген азаматшадан түскен Ленин ауылын өзгерту туралы ұсыныс бірнеше рет қаралды. Ол ауылды колхоз тұсында елді мекенді көтеруге үлес қосқан әкесі Шеген Сүтеровтің атымен атауды ұсынған. Мәселенің оң шешімін табуды сұрап Президент әкімшілігіне дейін хат жазды. Алайда ауыл тұрғындары бұл ұсынысты қолдамады. Жергілікті халық жікке бөлініп, елдің атын ру басшыларының бірі болған Бике есімімен атау қажет деген ұсыныс-пікірлерін айтты. Өйткені, тұрғындардың көпшілігі сол Бикеден тараған ұрпақ көрінеді. Саралап қарасақ, бұл екеуінің де есімдері республика деңгейінде танымал емес.

Ақыр аяғында 95 ауыл тұрғынының 73-і елді мекеннің сол қалпында «күн көсемнің» есімімен аталып қалғанын қалаған. Әрине, ауылды жаңаша атауға келгенде тұрғындардың бірауыздылық таныта алмаулары өкінішті-ақ.

Сондай-ақ аудан орталығындағы Ленин көшесіне Кеңес Одағының Батыры, жерлесіміз Әбу Досмұхамбетовтың есімін беру туралы мәселе де оң шешімін тапқан жоқ. Мамлютка қаласы халқының басым бөлігі өзге ұлт өкілдері екенін ескерсек, көше таяу жылдары өзгере қоймасы анық. Егер қала басшылығы бұл іске белсене араласып, тұрғындар арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізсе, мүмкін жағдай басқаша болар ма еді...

Облыстағы осы тұрғыда күрделі аудандардың бірі – Аққайың ауданы (бұрынғы Совет ауданы). Орталығы – Смирнов, Петропавлдан 40 шақырым жерде орналасқан. Елді мекеннің тарихи атауы – «Дәрмен». Қазақстаннан астық пен етті Ресейдің орталық аймақтарына жеткізу үшін 1921-22 жылдары Көкшетауға теміржол тартылады. Осы жұмысты азық-түлік халық комиссарының орынбасары Смирнов деген басқарған. Осылайша «Дәрмен» коммунистік партия мен үкімет басшыларының бірі Смирновтың атына ие болған.

Аудандағы 32 елді мекеннің 21-і орысша аталған.

Соңғы бес жылда облыстық ономастика комиссиясына мемлекеттік тіл саясатындағы ономастика саласын жүйеге келтіру мақсатында 3 елді мекеннің атауын өзгерту және 1

елді мекеннің транскрипциясын түзету туралы ұсыныс түсті. Облыстық мәслихаттың кезекті сессиясында ұсыныстар қаралып, оң шешімін тапты.

Сөйтіп, Айыртау ауданындағы Өскен селосы Үкілі Ыбырай ауылы, Қызылжар ауданындағы Элитное селосы Бәйтерек ауылы, Уәлиханов ауданындағы Чехово селосы Ақбұлақ ауылы болып атауы өзгертілді. Шағлы селолық округі Шағлы селосы Шағалалы ауылдық округі Шағалалы ауылы болып транскрипциясы түзетілді.

Үкілі Ыбырай Сандыбайұлы Солтүстік Қазақстан облысының Айыртау ауданына қарасты № 5 ауылында 1860 жылы дүниеге келген. Кеңес үкіметі кезінде бұл ауыл «Өскен» деп аталды, яғни колхоздастыру, тың игеру науқандарына байланысты қойылған даңғаза қазақша атаулардың бірі.

Оның «Үкілі Ыбырай» атануының себебін «Өзім жайлы» атты өлеңінде бабамыз өзі айтып кетіпті:

«Аралап талай елдің дәмін таттым,
Сұлудың асқақ әнмен бабын таптым.
Қалаған Сәмекеден қара қалпақ,
Қос буын шекесіне үкі тақтым»,

– десе, қара қалпақтағы қос буын үні домбырадағы қос буын үнімен достасып, бірге үндесе желбірегендей көз тартып «Үкілі Ыбырай» атанды.

Біржан сал, Ақан сері секілді өз заманының еркесі болып, әндетіп дабылдатып өтсе де ақынның өмірінің соңғы кезеңі ХХ ғасырдың отызыншы жылдары әкелген зұлматтың күрсауында өтті. Голощекиншіл «үр да жық» белсенділердің «асыра сілтеген» әрекеттері елді ашаршылыққа ұшыратты. Ұжымдастырудың зардабынан байғұс қазақтың жайлауында жаны, қыстауында қаны шықты. 1929–1932 жылдарғы қырғын аштықты көзі көрген ақтангер ақын ел мұңын ашық айтып, сұқ көзге түсті. 1933 жылы Қазақстанды басқаруға Л.И.Мирзоян келіп, жағдайды түзей бастағанша, 1932 жылы Үкілі Ыбырай «халық жауы» атанып, атылып кетті.

Халық бұл ауылдың «Үкілі Ыбырай» атанарына үмітпен қарады. Көпшіліктің көптен күткен арманы орындалды да.

Уәлиханов ауданындағы Чехово селосының іргесі 1954 жылы қаланған. Тұрғындарының ұсынысы бойынша елді мекен Ақбұлақ ауылы болып өзгертілді. Жергілікті халық ауылдың жаңа атауын жақын маңдағы бұлақ көзінің болуымен байланыстырады. Жаңа атау беруде географиялық ерекшеліктердің ескерілуі орынды-ақ.

Қызылжар ауданындағы Элитное селосының Бәйтерек атануы да тегін емес. Облыс орталығына таяу әрі тасжолдың бойына орналасқан 50 үйлі елді мекен “Нұрлы көш” мемлекеттік бағдарламасының аясында тұрғызылған жүздеген жаңа баспанамен толығып, шетелдерден қоныс аударған қаракөз ағайындарымыз бен жас отбасылардың жайлы қонысына айналды.

Алайда мұнымен тоқмейілсуге болмайтыны сөзсіз. Бүгінгі таңда облысымызда әлі күнге дейін тәуелсіз еліміздің келбетіне сәйкес емес кеңестік атаулар сіресіп тұр.

Социалистік жүйені ту еткен кеңес үкіметі тоталитарлық топонимді жүзеге асырды. Осы арқылы халықтың тарихтық жадының бір саласы ретінде қалыптасқан тұрақты тарихи ұлттық ұғымына айналған елді мекен, жер атауларын зорлықпен өзгертіп, одан қол үздірді.

Әлеуметтік зерттеулер нәтижесінде жиналған мәліметке қарағанда «Солтүстік Қазақстан облысы елді мекендердің тізімін» құрастырушы мамандар барлық атаулардың «60 пайызы қазіргі талап етіп отырған үкімет саясатына сай келмейді» деп есептейді. Мәселен, Мамлют, Тайынша, Жамбыл, М.Жұмабаев аудандарында Октябрь, Октябрьское, Аққайың, Мамлют, Тимирязев аудандарында Ленино, Ленинское, Тайынша ауданында Ильичевка, Ильич, Комсомолец, Тимирязев ауданында Держинское, Жамбыл, Ғ.Мүсірепов атындағы аудандарда Буденное, Жамбыл ауданында Бауманское, Чапаевка, Матросовка, Мамлют ауданында Қызыләскер, Бостандық, Краснознаменное, М.Жұмабаев ауданында Пролетарский, Ақжар ауданында Коммунизм, Есіл, М.Жұмабаев аудандарында Советское, Шал ақын ауданында Социал.

Қоғамдық-саяси, мәдени-тәлімдік маңызы өлшеусіз ұлттық атаулар жөн-жосықсыз өзгертіліп, табиғатымыз мен

болмысымызға үш қайнасы сорпасы қосылмайтын атаулар қаптап кеткен. Мәселен, Ақжар-Покровкаға, Арқалық-Андреевкаға, Қосағаш-Новомихайловкаға, Кегерін-Новоникольскийге, Жекекөл-Благовещенкаға, Құтырлыған-Екатериновкаға, Түлкіойнақ-Святодуховкаға, Кіндікті-Оседлоеге, Бақырлген-Петровкаға, Қоржынкөл-Спасовкаға айналдырылған. Өткен тарихымызды еске салатын атауларды қайтару – бүгінгі уақыт еншісінде.

Сонымен қатар, Кладбинка, Кабань, Дашка-Николаевка, Конюхово, Куломзино, Барашки, Пулеметовка, Ташкентка, Чернозубовка, Разгульное, Тахтаброд, Краматоровка сияқты тілге орамсыз әрі мағынасыз елді мекендер атауларын әрбір ауданнан кездестіруге болады.

Әрине, болашағы жоқ ауылдардың атауын өзгертудің маңызы жоқ. Бүгінгі күні тасжолдың бойында орналасқан, қаймағы бұзылмаған елді мекендер атауларының шығу тарихына немесе географиялық ерекшелігіне аса мән бере отырып, зерттеу жұмыстарын жүргізілуде.

Сонымен қатар, облыста атауы адам танымастай өзгерген әкімшілік-аумақтық бірліктер және географиялық атаулар жеткілікті-ақ. Мәселен, Тораңғыл – Тереңкөл, Токушино – Тоқшын, Шабакты – Чебашье, Асан – Асаново, Мәңгісор – Меңкесер және тағы басқа.

Транскрипциясы бұрмаланған атаулардың түпкі негізін ажыратып алу оңайға соқпасы анық. Бұл әлі де болса терең зерттеуді, үлкен еңбекті қажет ететіні сөзсіз. Мәселен, Солтүстік Қазақстан облысының Есіл ауданындағы тұрғындардың Тораңғыл, Үлкен Тораңғыл деп бұрмалап алған атаулардың нақты неден, қалай шыққанын көпшілік біле бермейді.

Зер сала қарап, байыппен көңіл аударған адам, Қазақстанның теріскейінде тораңғы ағашының өспейтінін білсе керек. Жерсінбеген, өспейтін өсімдіктің аты жер-су атына қойылмайды. Демек, бұл көлдің, тиісінше елді мекеннің аты сол жердегі көлге тікелей қатысты «Тереңкөл» дегенді білдірсе керек, дейді жергілікті өлкетанушылар. Келімсектердің тілі келмеген соң, шұбарланып, тіпті мүлде түсініксіз болып өзгерген гидронимнің тағдыры осындай.

Шын мәнінде түсіндірмелі сөздікте көрсетілгендей шөлейт аймақтарда, өзен аңғарларында өсетін, ұзындығы 20-30 м, көлденеңі 2 м. түк жапырақты, көпжылдық қатты ағаш «тораңғы» шұрайлы мекенде қайдан өссін?! Егер өссе көп жылдық өсімдік ағашы күні бүгінге дейін сақталмай ма?..

Ал, 2012 жылы басылып шыққан «Географиялық атаулардың каталогында» - Таранкөл, Үлкен Тораңғылық. «Таран» сөзі қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде екі мағынада: 1. Бөрене қазықты қағатын сайман; копер. 2. Әск. Дұшпанның ұшағын не танкісін өзінікімен соқтығыстырып қиратқандық. Ендеше бұл екі мағынаның да көлмен тікелей байланысы жоқ.

Сол сияқты Токушино станциясы каталогта Токушы болып берілген. Солтүстік Қазақстан облысының энциклопедиясында да дәл осылай. Кейбір зерттеушілер Тоқшын болуға тиіс екенін айтады. Тіпті ресми құжаттарда, баспасөз беттерінде осылай жазылып жүр. Сондықтан бұл мәселенің жетілдіретін тұстары жетіп жатыр.

Әрине, ономастика мәселесі – теріскей үшін әлі де өзекті. Петропавл қаласындағы 300-ге тарта көшелердің 40 шақтысы ғана төл атауларға ие. Олардың біразының өңірімізге еш қатысы жоқ. 50-ге тарта көше әлі күнге дейін коммунистік дәуір мен кеңестік кезеңнің идеологиясын айғақтап тұр.

Тағы бір айта кететін жайт, көшеге атау бергенде өңірмен есімдері байланысты бірқатар тұлғалардың еленбеуі көңілге көлеңке түсіреді. Есімдері жер-жерде әлдеқашан ұлықталған Абай, Мағжан, Сәбит, Ғабит, М.Әуезовтермен шектеліп қалған жайымыз бар. Сол себептен арнайы анықтамалық шығару жоспарланып отыр. Онда сүйегінің күлі Мәскеуден әкелініп, туған жер қойнына тапсырылған жерлесіміз Смағұл Садуақасовтан бастап, еліміздегі алғашқы дәрігерлердің бірі, қоғам қайраткері Жұмағали Тілеулин, «Халық жауы» атанған Нығмет Сырғабеков, сондай-ақ Баймағамбет Ізтөлин, Сәкен Жүнісов сияқты біртуар тұлғалар қамтылмақ. Сондай-ақ балалық шағы Қызылжарда өткен күш атасы – Қажымұқан бабамыз да ескерілетін болады. Қоғам және мемлекет қайраткерлері, ақын-жазушылар, еңбегі елге сіңген танымал тұлғалармен қатар, өлкенің географиялық,

табиғи ерекшелігіне байланысты және көңілге қонымды, құлаққа жағымды бейтарап атаулар да тізбектелуде.

Ата-бабамыздың ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен жанын беріп жүріп қорғап қалған туған жеріміздегі ұлттық атауларды болашақ ұрпаққа мирас ету – парызымыз. Игі іске жергілікті өлкетанушылар, зерттеушілер, ғалымдар тартылуда. Жуырда Тайшыбай З.С., Оспанов К.Қ., Ахметжанова К.Б. «Атамекен атаулары» деген еңбегі басылып шықты.

Солтүстік Қазақстан облысы тілдерді дамыту басқармасының тапсырысы бойынша дайындалған кітапта қазіргі Солтүстік Қазақстан облысына қарайтын аумақтың жер-су, елді мекендер атаулары тарихи және этнолингвистикалық тұрғыда зерттелген. Уақыт жағынан алғанда, 1830-2015 жылдар аралығын қамтиды. Облыстағы ономастикалық жұмыстың жайына шолу жасалған және бұл тараптағы тәжірибе мен Қазақстан заңнамалары талданған.

«Мәңгілік ел» идеясын ту еткен Қазақстан халқының бір бөлігі мекендейтін Солтүстік өлкенің ұлттық келбетін келтіру бағытындағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғаса бермек.

Әдебиеттер:

1. Есқали Ө. «Егемен Қазақстан». – 2011.
2. Мырзахметұлы М. Қазақ топонимдері мен антропонимдері. Ономастика: бүгінгі мен болашағы. Астана, 2002, 20-б.
3. Қазақстан Республикасының географиялық атауларының мемлекеттік каталогы. Екінші басылым, қайта өңделген және толықтырылған. Солтүстік Қазақстан облысы. Алматы, 2012.
4. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008.- 784-б.
5. Солтүстік Қазақстан облысының энциклопедиясы. – Алматы, 2006. -582; 609-б.
6. Тайшыбай З.С., Оспанов К.Қ., Ахметжанова К.Б. «Атамекен атаулары». – Петропавл, 2015. –57; 58; 60- б.
7. Тұяқова Ф. М.«Ономастикалық хабаршы». - 2008. № 2 – 78-б.

АТАМЕКЕНІМІЗДІҢ АТАУЛАРЫ – АТА-БАБАМЫЗДАН ҚАЛҒАН ЖӘДІГЕРЛЕР

ЖАНӘДІЛОВ Т.О.

*ОҚО білім, жастар саясаты және
тілдерді дамыту басқармасы ономастика бөлімі
Шымкент қаласы*

Аннотация: В статье рассматривается ономастическое пространство Южного Казахстана. Автор поднимает проблемы, связанные с наименованием населенных пунктов области и их объектов, имеющих общественное, социальное значение.

Absyract: This article presents the onomastic space of South Kazakhstan. The author studies the problems of naming boroughs, institutions playing social and public significance.

«Өзінің тарихын қадірлемейтін, өзінің ұлттық
байлығын бағаламайтын халық табысты да
бола алмайды, тағдыры да сәтті бола алмайды»

Н.Ә. Назарбаев

Кез-келген жер-су атауларында халқымыздың тұрмыс-тіршілігі, әдет-ғұрыпы, салт-дәстүрі, рухани-мәдени болмыс-бітімі, һәм ата-бабамыздың ой-өрісі мен қазақ тарихы және кең байтақ қазақ даласының ғасырлар бойы атадан-балаға мирас болып келе жатқан тәлім-тәрбиесі жатыр деп бағалауымыз абзал.

Ия, қазақ даласы атауға бай. Қандай болмасын зат атауы оң танытса жер-су, тау-тас, ой-қыр, сай-сала, бау-бұлаққа берілген атауда, олардың тарихын танып білуге мүмкіндік береді.

Кез-келген аймақтың жер-су атаулары өзінің бойына көптеген тарихи деректерді, этнографиялық мәліметтерді, географиялық сыр-сипаттарды сақтай отырып, сол жердегі тұрақты халықтың немесе бірнеше бұрын соңды болған басқа халықтың тілі негізінде жасалады.

Осы мәселелерді зерттеуде мемлекеттік тіл саясатының басты бағыттарының бірі – ономастика саласы.

Ұлттық ономастика – халқымыздың, өскелең ұрпақтың елжандылықтың, еліне деген ұлттық мақтанышын білдіретін тәрбиелік, рухани, мәдени маңызды зор факторлардың бірі.

Ономастика – қызығы мол, қиындығы көп, ғылыми-теориялық түйіні жалпыға ортақ, ешкімді бей-жай қалдырмайтын тіл саласы.

Тіл мен ономастика – егіз ұғым. Бір-бірінен ажыратуға болмайды. Қазақтың біртуар ақыны Қ.Мырзәлі:

«Дәулет деген ұғындар:

Бүгін болса ертең жоқ.

Тілің болса, бәрі бар,

Тіл болмаса түгің жоқ».- демекші тіл болмаса қазақ тарихы, ономастика болмаса ел тарихы жоқ.

Біз Мәңгілік ел болуымыз үшін, рухани байлықтар мен ұлттық құндылықтарды жаңарту керек. «Ауылға – атамыздың, көшеге көкеміздің» атын беруді тоқтатып, жаңарту жолында көне тарихи атауларымызды жаңартуымыз қажет .

Осы бағытта Оңтүстік Қазақстан облысының білім, жастар саясаты және тілдерді дамыту басқармасы ономастикалық жұмыстарды үйлестіру үшін біршама жұмыстар атқарып келеді. Мәселен, мекенжайлық ақпаратты берудің бірыңғай электронды жүйесін құру кезінде елді-мекендерге, көшелерге атау берілгендігін растайтын құжаттарын орталық, облыстық, аудандық, қалалық мұрағаттардан қайта іздестіру жұмыстарын іздестіру жұмыстарын жүргізді.

Бүгінгі таңда облыста 4 облыстық, 4 аудандық маңызы бар қала, 11 аудан, 185 ауылдық округ, 937 елді мекен, 11146 көше бар. Облыс әкімінің тапсырмасына сәйкес, 2014 жылы атауы жоқ 973 көше, 2015 жылы 112 көше нөмірленіп, мекен жай тіркелімі ақпараттық жүйесіне енгізілді.

Шымкент қаласында құрылған төртінші ауданға «Қаратау» атауы (2014 жылғы 27 қарашада №33/256-V) беріліп, атауы жоқ және өзгертуді қажет ететін 179 көшеге атау берілді (2014 жылғы 11 желтоқсан 34/267-V).

2014 жылы облыстық ономастикалық комиссиясының 3 отырысы болып өтті. Онда облыстағы аудан, қалалардан 46

ұсыныс түсіп қаралып (*Олар: 37 мектеп, 4 мәдениет мекемелері 3 әкімшілік- аумақтық бірліктер, 2 көше*), 34-і оң қортынды алды, 12-і кері қайтарылды.

2014 жылы облыстық ономастикалық комиссиясының 3 отырысы болып өтті. Онда облыстағы аудан, қалалардан 46 ұсыныс түсіп қаралып (*Олар: 37 мектеп, 4 мәдениет мекемелері 3 әкімшілік- аумақтық бірліктер, 2 көше*), 34-і оң қортынды алды, 12-і кері қайтарылды.

ҚР Президенті Әкімшілігінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы №284-2 тапсырмасына сәйкес атау беру, қайта атау беру мәселесі уақытша тоқтатылды. Яғни уақытша мораторий жарияланғандығы белгілі. Дегенмен, қазір мораторий жарияланды деп қол қуысырып ортыратын уақыт емес, физикалық-географиялық нысандарды сараптап, тың деректер іздестіріп, зерттеу жұмыстарын жүргізуіміз қажет.

Алайда, ҚР Мәдениет және спорт министрлігі Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары Б.Сапарбаевтың 2015 жылғы 14 сәуірдегі №20-56/1555 тапсырмасына сәйкес тоқтамнан тыс «Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдары мен әскери бөлімін атау және қайта атау туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 27 сәуірдегі №360 Қаулысы қабылданды. Қаулыда Кеңес Одағының батырлары Е.Молдабаевтың (*Арыс*), Н.Қасымбековтың (*Тұлкібас*), С.Рахымовтың (*Тұлкібас*), С.Әшіровтың (*Отырар*), соғыс ардагерлері М.Исламқұловтың (Ордабасы), С.Құртаевтың (Отырар) есімдерін бірқатар мектептерге беру және қайта атау қарастырылған.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Б.Сапарбаевтың 2015 жылғы 16 сәуірдегі №20-56/И-204 қбпү тапсырмасына сәйкес, тоқтамнан тыс Ұлы Жеңістің 70 жылдығына орай Кеңес Одағының батырлары мен бірнеше медальдармен марапатталған Ұлы Отан соғысының ардагерлерінің есімдерін беру бойынша тиісті жұмыстар жүргізу үшін аудан, қала әкімдіктеріне (*23.04.2015 ж., №14/1920*) тапсырма берілді.

ОҚО ономастика комиссиясының 15 шілдедегі отырысында Шымкент қаласындағы №87 жалпы орта мектебіне

Ұлы Отан соғысының ардагері Абдраш Назарбековтің, Түркістан қаласындағы № 20 мектепке Кеңес Одағының Батыры Расул Исетовтың, Отырар ауданындағы «Қарақоңыр» шағын жинақты бастауыш мектебін соғыс ардагері Әжімұқан Қасымбековтің есімімен қайта атау, Төлеби ауданындағы «Қарақия шағын жинақты бастауыш мектебін» соғыс ардагері Лашқар Тәжібаевтің есімімен қайта атау, Отырар ауданы Темір ауылдық округіне қарасты Темір ауылындағы атауы жоқ көшеге Ұлы Отан соғысының ардагері Оңғарбаев Жақсыбектің, Төлеби ауданы Ленгір қаласындағы №5 көшеге Ұлы Отан соғысының ардагері Айтқұлов Идаяттың, Сарыағаш ауданы Ақтөбе ауылдық округіне қарасты «Қызыл әскер» ауылының атауын Кеңес Одағының батыры Жолдасов Лесбектің, Мақтарал ауданында Атажұрт елді мекеніндегі көшеге соғыс ардагері Серік Жүнісовтің есімін беру, Түлкібас ауданы, Т.Рысқұлов ауылында орналасқан «Кұралай» жалпы орта мектепке Байырбек Садықовтың есімін беру туралы ұсыныстар қаралып оң шешімін тапты. Республикалық ономастикалық комиссияның қарауына 6 мектептің құжаттарын қарау ұсынылды.

Атқарылып жатқан іс-шаралар да баршылық. Жыл басынан бері бірнеше ауқымды іс-шаралар өтуде. Соның бірі облыс әкімдігінің ұйымдастыруымен өткен «Атаулар – ата тарихымыздың түп-тамыры» атты облыстық конференциясы. Конференцияның мақсаты – **ономастика мәселелерін жетілдіру**, елді мекендердің тарихи атауларын қалпына келтіру, өзекті мәселелерді талқылау мен оларды шешу жолдарын анықтау.

Конференцияға облыс әкімінің орынбасары Е.Айтаханов, облыстық білім, жастар саясаты және тілдерді дамыту басқармасының қызметкерлері, зиялы қауым өкілдері, облыстық ономастика комиссиясының мүшелері, аудан, қала әкімдерінің орынбасарлары, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімдерінің басшылары мен қызметкерлері, жастар қоғамдық бірлестіктерінің өкілдері, БАҚ өкілдері қатысты.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні ретінде айтарымыз, ономастика саласындағы атқарылып жатқан жұмыстарға өте ұқыптылықпен, жауапкершілікпен, ілтипаттылықпен

қарағанымыз жөн. Бүгінгі таңдау – ертеңгі бейнеміз, ұрпақ еншісіне айналар жәдігер боларын ұмытпауға тиіспіз.

ҚАЗАҚ ОНОМАСТИКАСЫНЫҢ САБАҚТАРЫ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ӘКІМШІЛІК-АТҚАРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ МӘСЕЛЕЛЕР

АҚШАБАЕВ Е.С.

*Алматы облысының тілдерді
дамыту жөніндегі басқармасы
Алматы қаласы*

Аннотация: В статье рассматривается исторический характер казахской ономастики и взаимосвязь их использования в современный период. Автор, останавливаясь на проблемах современных изменений, дает рекомендации по дальнейшему развитию данного научного направления.

Abstract: This article presents the historical features of Kazakh onomastics and their usage interactions in our lives. The author attends to the issues of modern changes in onomastics field and gives recommendations for the further development.

Ұлттық руханияттың негізі – мемлекеттік тіліміз болса, ал одан туындайтын маңызды бағыттарымыздың бірі – ұлттық ономастика, оның жай-күйі, қалыптасуы, орнығуы т.б. елдік мәселе болып табылады. Сондықтан бүгінгі дөңгелекүстелдің көтерер салмағы да, мәні де зор деп есептеймін. Ата-бабаларымыздың құтты мекені, төбесі көк тіреген заңғар таулары, айнадай жарқыраған керім көлдері, өмірдей өрнектелген өзендері, дархан даласы мен көркем қаласы, орманы мен тоғайы – осы бір қасиетті атамекен деген сөзге сыйып тұр. Сол атамекеннің асыл атаулары – ғұлама ғасырлардың бізге қалдырған тарихи жәдігерлері.

Осы орайда Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлының Ұлытау төрінде берген сұхбатындағы көрегенді ойын келтіре кетсем:

«Біз өз тарихымызды жаңадан игеріп, біліп жатқан елміз. Қазақтың тарихы өте бай. Оны білуіміз керек, қолға алып та жүрміз.

Біздің елдігіміз, қазақ жұртының арғы түбі ғұндардан басталады. Ғұндардан кейін көк түріктерге жалғасады. Одан кейін Алтын Орда орнығады. Сөйтіп, хандық дәуірге ұласып, кейін біртіндеп Тәуелсіздікке келіп тіреледі. Осындай үлкен тарихымыз бар. Жастарымыз мұны білуі керек. Біз кеше ғана пайда бола қалған халық емеспіз.

Мына өзіміз келіп отырған Ұлытау – өте қасиетті жер. Ұлытау деп аталуының өзіндік тарихи мәні бар. Қазақтың ең даласының қай шетіне барсаң да, осындай қасиетті жерлер табылады. Шығысқа барсаң – Берел қорғаны бар, Орталыққа келсең – қалмақтармен соғысқан Аңырақай шайқасы өткен жер бар. Батысқа барсаң – Алтын Орданың хандары тұрған Сарайшық сияқты қасиетті мекен бар, Оңтүстікке барсаң – Түркістан түр. Қазақстанда осындай қасиетті жерлер көп».

Жұртшылықтың назарын аударған бұл сұхбатты, қазіргі алмағайып заманда Қазақстан азаматтарының ортақ көзқарас, ортақ мүддеген ұйысуынажетелейтін тамаша фактор ретінде бағалауға болады. Ел мен жер, тіл мен дін, тарих пен мәдениет, қазіргі саясат, экономикалық жағдай – бәрін жіліктеп, қолмен қойғандай етіп айтып берді. Осындай парасатты ой биігі бәрімізге ой салса деп ойлаймын. Енді Елбасымыздың телегей тарихы мол жерлеріміз туралы ойын өз сөзіммен сабақтасам, қазақтың бүкіл жеріне сипаттама беріп шығу мүмкін емес.

Десек де: Жетісу дегенде көзіңе жердің жап-жасыл жаннаты, Сарыарқа дегенде сары алтындай сары дала, Алтай дегенде шыңдарын қар басқан ақбас таулар мен жасыл жондар, Атырау дегенде кең далада көсіле аққан Ақжайық ойыңа оралады. Міне, атаулардың қасиеті деген осы. Оны біздің тарихымыздан мүлде бөліп алуға келмейді.

Қазақ халқы атау беруде қандай қағида ұстанған? Дәстүр болған ба? Болса қандай? Топонимдердің лексикалық құрамына зер салсақ, мынандай жайтты аңғаруға болады:

Біріншіден, жер-су атауларын беруде сол жердің жер бедері, жан-жануар және өсімдіктер дүниесі, ауа райын ескерген;

Екіншіден, тарихи оқиғаларды, тарихи адамдарды, қазақ өміріндегі көрнекті тұлғаларды есте қалдыру, естелік-мұра ету көзделген;

Үшіншіден, жер, атақоныс атадан балаға мирас болып қалып отырған замандарда қоныстың кімнің иелігі екендігін анықтау мақсат етілген;

Төртіншіден, нысанды тапқан (мәселен, бұлақ, су көзінтапқан адам), нысанды салғызған, салған (мешіт, медресе, мектеп) адамдар есімін мәңгілік есте қалдыру ниеті сақталған.

Суықсай, Марқакөл, Сұлусай, Жаңақорған, Талдыбұлақ, Тамшыбұлақ, Баянауыл, Ұлытау, Қоғалы, Мыңбұлақ – жер-судың сыр-сипатына байланысты берілген атаулар; Аңырақай, Үйгентас – тарихи оқиғаболған жер атауы; Самсы, Қапал – XVII -XVIII ғ. өмір сүрген қазақ батырлары құрметіне берілген өзен және елді мекен атаулары, Мамания, Ғалия медресесі – білім ошақтарының атаулары болса, Бөжей қыстауы, Маманның Ақтастысы, Ыбырайым сазы, Үңгірбай жазығы, Сенкебай бұлағы т.б. атаулар нысанға адам қатысын білдіреді. Қай атауды алсақ та оларға негіз болған белгілердің барлығында дәултымыздың, ата-бабамыздың танымы жатыр, біздің тарихымыз бен мәдениетіміздің ізі жатыр. Жаз жайлау, қыс қыстау қамымен дала төсінде көшіп-қонып жүрген дала перзенті – қазақ әр бұлақ, әр жыра, әр төбенің сырына, тарихына, ерекшелігіне сай ат қоя білді.

Алайда дүние мың түрленіп, мың өзгерді. Сонау патша заманында отарлаушылар кең-байтақ қазақ даласына өздерінің «Ащы белдеуін»- біз үшін «Қасірет белдеуін» салуының және одан кейін кеңестік биліктің «Тыңға жаппай шабуыл» жасауының салдарынан атақоныстарымыздың ежелгі атаулары өзгертіліп, орыстандырылып шыға келді. Байырғы атаулар көзден таса болып, көңілден тайды. Өзгеріс, негізінен, ойконимдерге қатысты болды. Елді мекендердің ықылым заманнан бергі атаулары өзгертіліп, «жаңаша» атау науқаны өтті. Соның салдарынан жаңа толқын – жас ұрпақ, өсіп-өніп жатқан өлкенің мұрагері, туған жерінің бұрынғы атауынан бейхабар өсті. Тіпті, қазақтың өзіндік ат қою дәстүрі болғандығын сезбеді де. Тарих пен дәстүр ұмытылып, атаулардың ұлттық пішіні бұзылып, қазақ топонимдері орыс тіліне аударылып, қым-қуыт заманды бастан кешірді. Қазір әлемде тек жүз жылдықтар емес, мыңжылдықтардың тарихы қопарылып, қайта талқыланып жатқанда еліміздегі елді мекендердің байырғы

атауын қайтару өзекті міндет саналады. Ол – өскелең ұрпаққа патриоттық тәрбие беріп, болашақтың іргетасын бекемдеу үшін де керек.

Қазіргі Қазақстан кешегі сақ, үйсін, түрік, түркеш, қарахан, соғды тағы да басқа хандық пен ұлыстық, тайпалық бірлестіктердің бүгінгі мұрагері. Ал Жоңғарға бұланған бір ғасыр, жетпіс жыл бойы Ресейдің қарамағында болғанымыз ұзақ тарих тұрғысынан қарағанда көңілге ешқандай көлеңке түсіре алмайды. Шындығына келсек, Шығыстағы Қытайдың өзі де 160 жыл моғолға (біздің бабаларымызға), 360 жыл манжурларға тәуелді болса, Ресейде талай бұралаң жолдардан өткенін тарихтың шаң басқан архивтері анықтап отыр. Бұл шындықтан бұра тартуға келмейді. Ал сол елдерде ел мен жердің атауы өз ана тілінде, ұлт мақтаныштарының есімімен аталады. Ендеше, біз де тәуелсіз ел болғандықтан осы құндылықты мықты ұстанып, ата-баба алдындағы парызымызды ұлықтағанымыз жөн. Тіпті, міндеттіміз. Бірақ, бүгінгі таңдағы әр қандай іс заңдылық тұрғыда реттелетіні де белгілі. Ол жағынан да бастаған ісімізді тастай етіп, бұлтартпас дәлелмен көрсететін заңдылық тұрғыдағы негіздеріміз жеткілікті.

Әр кезеңнің тарихи, мәдени куәсі ретінде пайда болып, ел есінде сақталған атаулар соңғы 10-15 жыл көлемінде қалпына келтіріліп, қазақ өмірі, қазақ тарихына еш қатысы жоқ атаулар жойылып, жаңартылуда. Сол қалпына келтіруде атау беру дәстүрімізді сақтай білдік пе? Дәстүр жалғасын таба алды ма? Ономастиканың дамуында оң бағыт – ұлттық бағыт қалыптастыру көзделді ме? Ендігі мәселе осында.

Тарихпен танылған жұрт санасында сан жылдар сіңісті болған атаулардың сырына үңілмей, өзгерту – халық тарихына қиянат. Біз осыны ескеруіміз қажет және жаңа атау беруде ұлттық таным, ұлттық мүдде көзделуі тиіс. Бүгінгі жаңа атау – ертеңге мұра, халықтың бүгінгі күні өмір сүріп отырған ұрпақ мәдениетінің, арман-тілегінің көрінісі.

Осы орайда Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 29 маусымдағы «Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған

мемлекеттік бағдарламасы туралы» № 110 Жарлығы мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 3 ақпандағы «Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2014-2016 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы» № 62 қаулысын орындау мақсатында 2014 жылғы 3 наурызда облыс әкімдігінің «Алматы облысының 2014-2016 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы» № 57 қаулысы бекітілген. Аталған қаулыны орындауда облыс көлемінде жүйелі жұмыстар жүргізіліп келеді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 24 сәуірдегі «Облыстық ономастика комиссиялары және республикалық маңызы бар қалалардың, астананың ономастика комиссиялары туралы үлгі ережені бекіту туралы» № 396 қаулысына сәйкес, Алматы облысы әкімдігінің 2013 жылғы 29 мамырдағы «Алматы облысының ономастикалық комиссиясын құру және Ережесін бекіту туралы» № 154 қаулысы қабылданып, облыс әкімінің 2013 жылғы 06 маусымдағы № 334-өкімімен облыстық ономастика комиссиясының дербес құрамы қайта бекітілді.

Облыстық ономастика комиссиясының жұмыс жоспарына сәйкес жылына 4 отырысы өткізіліп, ономастикалық жұмыстарға байланысты атқарылған іс-шаралар туралы аудан, қала әкімі орынбасарларының есептері тыңдалады.

Соңғы бес жылда (2010-2015 жылдары) облыс бойынша 7 ауылдық округтің, 7 елді мекеннің, 481 көшенің, 14 әлеуметтік нысанның атауы өзгертілген.

Қазіргі таңда 16 аудан, 3 қаланың 100 %, 262 ауылдық (кенттік) округтің 97,3 %, 770 елді мекеннің 96,7 %, 12000 көшенің 86 % мемлекеттік тілде аталады. Заречное, КазЦик, Энергетический, Космас, Водное, Садовое секілді 7 ауылдық округтің, 25 елді мекеннің, Набережная, Степная, Юбилейная секілді 1675-ке жуық көшенің атауы, жалпы алғанда 13 пайызы өзгертуді қажет етеді.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі орынбасарының 2015 жылғы 16 сәуірдегі № 20-56/И-204 тапсырмасына сәйкес екінші дүниежүзілік соғыстың 70

жылдығының маңыздылығы мен өзектілігін ескере отырып, Кеңес Одағы Батырларының және бірқатар ордендермен марапатталған соғыс ардагерлерінің есімдерін көшелерге, объектілерге т.б. беруді тоқтамнан тыс жүзеге асыру бойынша, келіп түскен ұсыныстардың негізінде облыстық ономаститка комиссиясы тарапынан 22 көшеге оң қорытынды беріліп, 2 білім мекемесін қайта атау туралы ұйғарым шығарылған.

Тәуелсіздік алғалы Жетісу өңіріндегі 67 ауылдық округтің, 190 елді мекеннің, 190 білім және 5 мәдениет мекемесінің атаулары өзгертілді.

Өзгертілген атауларды саралап көрсек, біріншіден, 16 елді мекенге тарихи атаулары қайтарылды; Үлкен Басқан және Кіші Басқан қосылған шағын өзен жағасындағы Жаркент – (бұрынғы Панфилов қаласы) қала жар үстінде орналасқандықтан аталған. Сонымен қатар, Кермеағаш, Көкжар, Қайнарлы, Қамысқала, Қарашеңгел, Қарымсақ, Қаспан, Қойлық, Көлбай, Сырымбет, Тасқұдық, Үшқайың, Шатырбай, Шұбар ауыл-аймақ атаулары жаңғыртылып, игілікті іс істелді.

Екіншіден, елді – мекеннің орналасқан географиялық ортасына қарай, аты сай қойылған, аты жойылса да, заты жойылмаған қазақ ауылдарының Ақбастау, Ақтоған, Ақшатоған, Алмалы, Алтынарық, Әулиеағаш, Басши, Беріктас, Көктұма, Күренбел, Талдыбұлақ, Теректі, Үшбұлақ, Шаған, т.б. сияқты 30-ға жуық атауы ғасырға жуық уақытта қайта жаңғырды.

Үшіншіден, елді мекендерге адам аттары берілді. Герасимовка – Сапақ; Ленин – Мәмбет; Андреевка – Қабанбай; Ағарту – Кәкімжан Қазыбаев; Крупская – Бақтыбай; Молодежный – Головацкий; Кировск – Балпық би; Қосағаш – Ақын сара; Надеждовка – Қоңыр, Голубиновка – Жайнақ т.б.

Төртіншіден, әлеуметтік топонимдер, аударма атаулар да кездеседі. Бірлік, Ынтымақ, Еркін, Достық т.б.

Қазіргі таңда құндылығын жоймаған ұлттық атауларды қалпына келтіру ісі оң шешімін тапты, тек оны жарқырата көркейту керек, қолданысқа енгізу қажет. Халықтың тұрмыс қажеттілігін өтейтін мекемелер, өндіріс орындары, оқу орындары ашылып, жаңа атауларға ие болып жатыр.

Қазіргі кездегі ономастикадағы өзгертулердің дені ойконимдер – елді мекен атаулары мен эргонимдер – мекемеатауларына қатысты. Мекеме орындарына атау берудің өзіндік негізі бар. Мекеменің орналасқан орны, атқаратын (көрсететін) қызметі, иесі, т.б. ерекшеліктер ескеріледі. Мекеме атауларын беруде оның хабарламалық және жарнамалық қызметі есепке алынуға тиісті. Ономастика салаларын арнайы зерттеушілер (В.П. Тимофеев, Т.П. Романова) нысан атауларын кісі есімдерінен туған атаулар; отан ұғымынан туындаған атаулар; өсімдік, жануар әлемінен алынған атаулар; белгілі бір бағыттағы ұстанымдардан туындаған атаулар; тарихта белгілі кісі есімдерімен қойылған атаулар; мезгілге байланысты қойылған атаулар деп топтастырып жүр. Біз өзіміз тұратын өңір тұрғысынан келгенде (басқа қалаларда да осылай) мекеме-нысандарға берілген атаулардың басым көпшілігі кісі есімдерінен туған атаулар: Айгүл, Жанна, Даулет, Болат, Айбарша апа осылай кете береді. Негізінен, сауда-саттық, асхана мекемелерінің атауы - иесінің, бала-шағасының, руының аты. Ал олардың транскрипциясы сын көтермейтін жағдайда. Бұл құбылыс күннен-күнге жалғаса түспек пе?

Осыған байланысты Алматы облыстық тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы «Нұр Отан» партиясының облыстық филиалымен, «Жетісу жастары» орталығымен бірлескен «Мемлекеттік тіл және жарнама» акциясын өткізді. Акция барысында 1 076 нысан қамтылып, 1 280 заң бұзушылық анықталды, оның 800-і түзетілді.

Ағымдағы жылдың I жартыжылдығында 198 рейдтік тексерумен 2 224 нысан қамтылды, 911 кемшілік анықталып, оның 392-сі түзетілді.

Облыстық «Жетісу» телеарнасында «Тілсақшы» тележобасы жүргізіледі. Телеарна журналистері облыстық тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы қызметкерлерімен бірлесе отырып Ескелді, Қаратал аудандары мен Талдықорған, Қапшағай, Текелі қалаларына рейдтік тексерулер жүргізді. Нәтижелері апта сайын эфир арқылы көрсетіліп, анықталған кемшіліктер түзетілуде.

Сондай-ақ, ономастика саласындағы түйінді мәселелерді реттеу және соңғы өзгертулер мен толықтырулар енгізілген қолданыстағы заң талаптарын түсіндіру мақсатында Алматы облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасының ұйымдастыруымен «Өңірлердегі ономастикалық атауларды реттеу мәселелері» атты семинар-кеңес, «Ұлттық ономастика және мемлекеттік мүдде» атты ғылыми-практикалық конференция өткізілді.

Жоғарыда аталған мәселелерді ескере келе, ойды түйіндесек:

1. Ономастикалық комиссия жергілікті аймақ географиясының табиғи ерекшелігі айқындалып, нысандардың атқаратын қызметі мен мақсаттары негізінде қазіргі бар атаулар мен болашақта берілетін атаулар тізімделіп, түсіндірме сөздігі жасалуы керек.

2. Атау беруде кәсіпкерлер мен мекеме басшысы, нысан иелерінің пікірі ғана ескеріліп, сол жетекте кете бермей, жаңа атаулар комиссия тарапынан ұсынылып, мән-жайы түсіндірілуі керек. Жалпы түркі топонимиялық жүйесінде топоним жасауда ең көп таралғаны – бірігүтәсілі. Әдетте, біріккен топонимдердің екінші сыңары географиялық терминдер болып келеді де, топонимге сипаттама беріп, оны анықтап тұрады. Бұл географиялық терминдер әртүрлі топонимдік еңбектерде түрліше аталады: индикатор-термин, номенклатуралық термин, апеллятив және т.б. Осыларды орынды пайдалану арқылы атау берудің жаңа дәстүр-соқпағы сүрлеуге айналуын ескергеніміз жөн.

3. Көше атаулары. Тек адам атымен аталу дәстүрі етек алуда. Тарихи-географиялық, поэтикалық атаулар назардан тыс қалуда. Мағыналық, поэзиялық, бейтарап атаулар қатар жүрсе, атау берудегі біржақтылық болмас еді.

4. Әр өлкенің жер-су атауларының этимологиялық сөздігі жасалса, нұр үстіне нұр болары анық. Жасалу тәсілі бір атаулар Қарабөгет, Қарғалы, Қаракемер т.б. толып жатқан атаулардың берілу себептеріндегі ортақ ерекшелік анықталып, таралу жиілігі көрінер еді.

5. Жаңа атау беруде байырғықазақ сөздерінің түбірін алу ескерілуі тиіс. Мағынасы күңгірт, түсініксіз сөздерді, шетел сөздерін орынды-орынсыз қолдануға жол бермеу.

Біздіңше, қазақ ономастикасының қазіргі таңдағы өзекті мәселелерінің бірі – атау берудің жаңа дәстүрін қалыптастыру. Бабалар қалдырған бейнелі де бай, нақышты да оралымды қазақ тілінің байлығын ономастикада да орынды қолдану арқылы тілімізді тұғырлы ету – біздің міндетіміз.

АЯЛДАМА АТАУЛАРЫ — УРБОНОНИМНІҢ СЕМАНТИКАЛЫҚ-СЕМИОТИКАЛЫҚ КОДЫ

ҚОЖАЕВА Ә.Т.

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті
Астана қаласы*

Аннотация. В статье рассматриваются особенности использования в речи горожан одного из разновидностей урбанонимов как наименования остановок города Астаны. Поскольку наименования остановок являются семантико-семиотическим ключом урбанонимов, они имеют деннотативное значение.

Abstract. This article considers the features of using urbanonyms by city dwellers. The author studies the names of bus stations in Astana city. Nevertheless, names of bus stations are the key of urbanonyms, they have denotative meaning.

Тілдік табиғаты жағынан жалпы ұлттық ономастиканың негізгі бөлігі болып табылатын Астана қаласының ономастикасы сан тармақты. Қаланың сәулеттік жағынан дамуынан басқа, оны еліміздегі өзге өңірлерден ерекшелендіріп тұратын ұлттық нақыштағы годонимдік атаулар екені белгілі. Сондай-ақ елорда келбетін ономастика ұстанымдары мен заңдылықтарына сай айшықтандыра түсетін урбаномимдердің бірі — аялдама

атаулары болып табылады. Аялдама пункттері қоғамдық көлік қозғалысымен қамтамасыз ету мақсатында орнатылып, қала халқының өмірінде маңызды орын алса, оған берілген атаулар тек адрестік функция ғана емес, сонымен қатар годонимдік, эпонимдік, эргонимдік, дромонимдік атауларды реттеуші код ретінде де үлкен рөл атқарады. Үстіміздегі жылдың 11 шілдесінен бастап қаладағы көлік жүйесін модернизациялау, сондай-ақ аялдамаларды толығымен мемлекеттік тілде атау жұмыстарының жүргізілуі қалаға ерекше реңк әкелді [1]. Осы жерде аялдамалардың қала ономастикасының барлық тармағын қамтитын денотаттық мәнге ие болғанын оңай байқауға болады.

Мегаполистік өсуге байланысты Астана қаласының жол торабы да көбейіп, ұзарды. Бүгінгі таңда мыңнан астам (2014 жылғы мәлімет бойынша 956 [1]) аялдама пункті бар екендігін ескерсек, оларға берілген атаулар тек көше атауларына емес, қала ішіндегі көптеген нысандар атауларына байланысты берілген. Мәселен, «Республика» даңғылы аялдамасы, «Самал» ықшамауданы аялдамасы, А.Иманов көшесі аялдамасы, «№22 орта мектебі» аялдамасы, «Сарыарқа» халыққа қызмет көрсету аялдамасы, «Конгресс Холл» аялдамасы т.с.с.

Астана аялдамаларының атауларын жіктеуде бірнеше жағдайға назар аударған жөн:

Аялдама атауларының ономастиканың көп тармағын қамтуы

Аялдама атауларының ақпараттық-анықтамалық қызметі

Аялдама атауларының халықтық сипаты немесе жаңа атаулардың халық санасындағы көрінісі

Аялдама атауларының қоғамдық көлікте хабарлануы

«Сұрауы бойынша» аялдамаларының пайда болуы

Жоғарыда айтып кеткендей, аялдама атаулары қала ономастикасының түрлі бағыттарын қамтитын үлкен жүйе. Қаладағы жолаушылар тасымалдайтын қоғамдық көліктердің жүретін жолдары көше бойындағы түрлі қоғамдық-әлеуметтік, мәдени-саяси маңызы бар нысандарды басып өтетіндіктен, атаулары да соған байланысты қойылады.

1) Қала ішіндегі түрлі мекемелердің атаулары — эргонимдердің бірнеше түрін қамтиды:

а) Мектепке дейінгі мекеме атауларына байланысты: «Ақбота» бала-бақшасы» аялдамасы, «Балдәурен» бала-бақшасы» аялдамасы, «Өркен» бала-бақшасы» аялдамасы т.б.

ә) Білім беру мекемелері атауларына байланысты: «Зерде» дарынды балаларға арналған мектебі» аялдамасы, «Мирас» мектебі» аялдамасы, «Астана политехникалық колледжі» аялдамасы, «Назарбаев университет» аялдамасы, «Қазақ гуманитарлық заң университеті» аялдамасы, «Қазақ ұлттық өнер академиясы» аялдамасы, «Астана медицина университеті» аялдамасы, «Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» аялдамасы, «С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті» аялдамасы т.б.

б) Медициналық мекемелер атауларына байланысты: «№1 қалалық емхана» аялдамасы, «№2 қалалық балалар ауруханасы» аялдамасы, «Қалалық жұқпалы аурулар ауруханасы» аялдамасы, «Ана мен бала ұлттық ғылыми орталығы» аялдамасы, «Республикалық кардиология орталығы» аялдамасы, «Мейірім» дәстүрлі және халықтық медицина орталығы» аялдамасы, «Травматология және ортопедия ФЗИ» аялдамасы, «Аймақаралық аурухана» аялдамасы т.б.

в) Спорт кешендері атауына байланысты: «Қазақстан» спорт кешені» аялдамасы, «Алатау» спорт кешені» аялдамасы, «Астана-Арена стадионы» аялдамасы, «Алау» мұзайдыны аялдамасы, «Қ.Мұңайтпасов атындағы орталық стадион» аялдамасы т.б.

г) Мәдениет орталықтары атауларына байланысты: «Жастар сарайы» аялдамасы, «Бейбітшілік және келісім сарайы» аялдамасы, «Конгресс Холл» аялдамасы, «Астана-опера» опера және балет театры» аялдамасы т.б.

ғ) Ойын-сауық орталықтары мен дүкендер атауына байланысты: «Азия парк» сауда орталығы» аялдамасы, «Мега» сауда ойын-сауық орталығы» аялдамасы, «Хан Шатыр» сауда ойын-сауық орталығы» аялдамасы, «Рахмет» сауда үйі» аялдамасы, «Орбита» сауда үйі» аялдамасы, «Тұлпар» сауда үйі» аялдамасы т.б.

д) Әкімшілік-басқару мекемелерінің атауларына байланысты: «Министрліктер үйі» аялдамасы, «ҚР Қорғаныс

министрлігі» аялдамасы, «Сарыарқа» халыққа қызмет көрсету орталығы» аялдамасы т.б.

7. Астана қаласындағы аймақтық маңызы бар күре жолдар атауы - дромонимдерге байланысты: «Қорғалжын тас жолы» аялдамасы, «Қарағанды тас жолы» аялдамасы, «Темір жол вокзалы» аялдамасы т.б.

8. Агоронимдерге (урбанонимнің бір түрі, қала алаңдарының немесе базарының атауы [2,172]) байланысты: «Қазақ елі» монументі аялдамасы, «Астана саябағы» аялдамасы, «Жамбыл Жабаяев атындағы саябақ» аялдамасы, «Ататүрік» саябағы» аялдамасы, «Астаналық» әмбебап базар» аялдамасы, «Шарын» көтерме сауда базары» аялдамасы, «Құлагер» базары» аялдамасы, «Автобөліктер базары» аялдамасы т.б.

9. Менсонимдерге байланысты: «Тұран» мейрамханасы» аялдамасы, «Самұрық» кафесі» аялдамасы т.б.

10. Урбанонимнің ірі тармағы саналатын годонимдерді толығымен дерлік қамтиды:

а) көше атауларына байланысты: «Орынбор көшесі» аялдамасы, «Әлия Молдағұлова көшесі» аялдамасы, «Жұмабек Тәшенов көшесі» аялдамасы, «Тұран даңғылы» аялдамасы, «Абылайхан даңғылы» аялдамасы, «Республика даңғылы» аялдамасы, «Женіс даңғылы» аялдамасы, «Целинный» ықшамауданы» аялдамасы т.б.

ә) Тұрғын үйлердің атауларына байланысты: «Ақ жайық» тұрғынүй кешені» аялдамасы, «Гранд Астана» тұрғынүй кешені» аялдамасы, «Жағалау» тұрғынүй кешені» аялдамасы т.б.

Аялдама атауларының ақпараттық-анықтамалық қызметі, бір жағынан, мекен-жайды анықтауға қатысса, екінші жағынан, тілдің семантикалық-семиотикалық коды қызметін атқарады. Аялдама атаулары мекен-жайды білдіру кезінде бастапқы анықтамалық қызметте болады (көше бойындағы аялдамалардың бірі міндетті түрде сол көшенің атауынан хабар береді. Мысалы, «Ақыртас көшесі» аялдамасы Ақыртас көшесінің бойында орналасқан, «Бөгенбай батыр даңғылы» аялдамасы Бөгенбай батыр атындағы даңғыл жолдың бойында орналасқан т.с.с.). Сондай-ақ жақын жерде орналасқан нысандар мен мекеме

атауларынан ақпарат береді (Мысалы, «Жаннұр» сауда үйі» аялдамасы аталмыш ғимараттың маңында орналасқан).

Аялдама атауларының халықтық сипаты немесе жаңа атаулардың халық санасындағы көрінісі мына жайттардан байқалады: аялдама атауларының құлаққа сіңіспеуінен бұрынғы атаулармен атау. Мысалы, «Астаналық әмбебап базары» аялдамасы халық арасында «Артем» деп аталуы. «Жібек жолы» сауда үйі» аялдамасының тез әрі жеңіл «Встреча» аталуы, «Жамбыл Жабаев атындағы саябақ» аялдамасы жол қиылысының үш жағында да орналасқандықтан, бір жағының «Мечта», бір жағының «Алатау» аталуы т.с.с.

Жалпы, аялдама атауларын техникалық жабдықтар арқылы аудио-визуалдық тұрғыдан жариялау қызметі қазіргі кезде жолға қойылған. Халық қоғамдық көлікте мемлекеттік және ресми тілдерде көрсетілетін атауларды жолсеріктің көмегінсіз анықтап алуына мүмкіндігі бар. Демек, алдама атаулары қала ономастикасы деректерінен көп мағлұмат береді. Жол жиектерінде орналасқан тұрақтарды тілдік тұрғыдан мағынасына сай таңбалау, яғни қала урбанонимдерінің бірі саналатын аялдама атаулары семантикалық-семиотикалық код кілті болып табылады.

Әдебиеттер:

1. astana.gov.kz
2. *Мәдиева Г.Б., Иманбердиева С.Қ. Ономастика: зерттеу мәселелері- 2005.240 бет.*

ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫНЫҢ ЭРГОНИМДЕРІ

МАДАЛХАН Д.

Ж. Қизатов атындағы №23 мектеп-лицейі

Абасилов А.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда

мемлекеттік университеті

Қызылорда қаласы

Аннотация: В последнее время с каждым днем растут сформировавшиеся в ономастическом пространстве значимые проблемы, связанные с новыми товарными наименованиями. Это – эргонимы, т.е. названия фирм, компаний, а также некоторых понятий в предпринимательстве. Их нужно изучить, систематизировать, сделать их анализ с научной точки зрения и идентифицировать согласно с требованиями нации, страны. В этой связи работа ставит проблему изучения эргонимов города Кызылорды с функциональной, лексико-грамматической, мотивационной стороны.

Abstract: Recently, the significant problems associated with the new trade names are formed with growing onomastic space every day. They are ergonizms, i.e. names of firms, companies, as well as some of the concepts in business. They need to be explored, to be organized, to make analysis from a scientific perspective and to be identified according to the requirements of the nation and the country. In this regard, the work poses the problem of studying ergonomy of Kyzylorda city with lexico- grammatical and consumer problems.

Қазіргі күнде экономикалық және әлеуметтік өмірде көптеген өзгерістер болуда. Мұның бәрі тілден өз көріністерін табуда. Бәсекелесік пайда болысымен бұрынғы мекеме, фирма, қоғамдық ұйымдардың, дүкендердің бір типтегі, бір сарындағы атаулары келмеске кетті де, көптеген кәсіпкерлер өз кәсіпорындарының атауларын өзгелерге ұқсамайтындай және бір көргеннен, бір естігеннен ұмытылмайтындай, сонымен қатар мекемені жарнамалайтындай етіп таңдап қоя бастады. Осындай

сауда саттық мекемелерінің, олардың тауарлық белгілерінің аттары, бұқаралық ақпарат құралдарының және т.б. атаулары қазіргі күнде ғалымдар тарапынан зерттелетін тақырып ретінде үлкен қызығушылық тудырып отыр [1; 2].

Қазіргі күнде эргонимдер саласындағы зерттеулер Қазақстанның жекелеген қалаларының тілдік материалдары негізінде қолға алынып зерттеліп жатыр [3; 4.]. Біз осы мақаламызда эргонимдерді Қызылорда қаласының мысалында қарастырамыз.

Қызылорда қаласы эргонимдерінің кеңістігі көпсалалы. Біз жиналған эргонимдерді (463 атау) іріктеп және жүйелеп қарастырғанда негізгі 5 мағыналық топқа біріктірілдік. Енді осыларға жекелей тоқталайық.

1.Кісі аттарынан немесе жанды сияқты түсінілетін зат атауларынан жасалған эргонимдер. Бұлар Қызылорда қаласындағы кең тараған эргонимдер тобы болып табылады. Олар біздің жинастырған эргонимдердің 33,0 пайызын құрады. Бұл, әсіресе, қаладағы сауда нысандарында өте көп кездеседі. Мысалы дүкендер: «Мейіржан», «Гүлнаурыз», «Индира», «Пірмағанбет», «Ерлан», «Бекжан», «Анар», «Үлжан», «Гүлназ»; сауда үйлері: «Күлпаш», «Ақниет», «Азамат», «Айтбек», «Жайна», «Ажар», «Сұлтан»; мейрамханалар: «Қуаныш», «Адема», «Жанетта», «Меруерт»; кафелер: «Айбек», «Даурен», «Айжан», «Айман», «Нұрмағанбет», «Мунира», т.б. Көптеген жағдайда мұндай атауларды таңдау нысан иелерінің жеке мүддесімен анықталады, олар дүкендерінің атауын өз есімімен немесе баласының не жақын туыстарының атымен атайды. Бұл - Қызылорда қаласында ғана емес, жалпы елімізде кеңінен етек алған дәстүр. Ерекше айта кетер жағдай, біздің зерттеуімізде Қызылорда қаласында ер адамдардың есіміне қарағанда әйелдердің есімімен аталатын сауда орындары өте көп. Бұл, біздің ойымызша, сауда өнімдерін тұтынатын не керісінше соны сатуға ұсынатын әйелдердің көп болуынан болуы да мүмкін.

Бұлардан кейінгі маңызды орында алатындар мифонимдерден, яғни миф, эпос, ертегі, аңыздардағы ономастикалық кеңістіктің кез келген саласының аттарынан

жасалған эргонимдер: «Алладин» (кафе), «Қыз Жібек» (мейрамхана), Байтерек (мейрамхана), Волшебная лампа Алладина (дәмхана), «Самрук» (қонақүй), «Ертөстік» (балабақша), «Алпамыс» (балабақша), «Толағай» (балабақша), «Три богатыря» (кафе), «Золотая рыбка» (кафе), «Золотой дракон» (мейрамхана), «Али баба» (кафе), т.б.). Бұл әдеби-мифологиялық тақырыптың өзектілігін көрсетеді. Мұнда ат берушінің тұтынушыға оң ассоциация қалдыру үшін атауға немесе мәтінге ден қойғандығы байқалады. Қызылорда қаласында осындай көркем шығармалардан алынған образдармен тұтынушының мәдени әлеуетін көтеретіндей атаулар өте аз. Менің ойымша, бұлар әр уақытта жағымды сипатты білдіретін, балалықтың символымен байланысты келетін атаулар. Бұл - жоғарыда аталған «Ертөстік», «Алпамыс», «Керуен сарай» т.б. эргонимдер. Бұл тұтынушының назарын аударататын әдістің бір түрі. Алайда Қызылорда қаласы кәсіпкерлері өз нысандарына ат қоюда осындай эргонимдерді аз таңдайды.

Осы топтағы тағы бір назар аударатын эргонимдерге нысанның кең танымдылығы мен беделдігін таныту мақсатында шетелдік анторопонимдерді, кейбір брендтік атауларды да қою жатады. Өйткені тұтынушы қалай да болсын белгілі бір идеалға ойша ұмтылады, сөйтіп шетелдік модаға ассоциация беретін дүкендегі тауарды таңдайды. Олар: «Angela» (сән салоны), «Adidas», «Reebok», «Nokia», т.б.

Қызылорда қаласы көшелерінде сондай-ақ әйгілі тарихи тұлғалардың аттарын да кездестіруге болады: «Төле би» (дүкен), «Ибн Сина» (дәріхана), «Бейбарыс» (мейрамхана), «Томирис» (кафе), «Наутилиуст» (кафе).б.

2. Жансыз заттар атауларынан жасалған эргонимдер. Мұны мағынасы тек «тауарлық ассортиментті» ғана білдіретін атаулар деп те атауға болады. Бұл тәсіл бойынша эргонимдер жасау дәстүрге айналған. Олар біз жинастырған эргонимдердің ең көп бөлігін, яғни барлық атаулардың 45,1 пайызын құрады Бұл кәсіпорынның не сауда орнының ұсынатын ассортиментіндегі тауар атауларына байланысты эргонимдер («Білім», «Киімдер», «Аяқ киім», «Кілемдер», «Тағам» «Автобөлшектер» т.б.).

Бұлардың негізгі бөлігі – бұл тауар мен қызмет ассортиментін тіке көрсететін немесе ассоция беретін атаулар. Бұл эргонимдер әр алуан, олар тұтынушылар тобын анықтайды. Мұндай дүкендер тұтынушының уақытын үнемдейді және жүйкесін тоздырмайды. Мысалы, құрылысшы өз қажетін алу үшін «Стройматериал» дүкеніне, жүргізуші өз көлігіне қажетті бөлшекті іздеу үшін «Автобөлшектер» дүкеніне барады.

Бұл атауларда сондай-ақ тұрмыстық бұйымдар: тағам, сусын атаулары; киімдер мен оған қажетті заттар т.б. туралы мәліметтер бар. Бұл эргонимдерде ақпараттық қызмет маңызды рөл атқарады. Мұндай эргонимдердің басым көпшілігі тауар немесе қызмет түрлеріне қатысты атауларды қамтиды: 1) интерьер, тұрмыс заттары дүкендері - «1000 сан ұсақ-түйек», «Комфорт», «Жиһаз», «Уют», т.б.). Қарастырып отырған осы топқа шартты түрде «әлем», «орталық», «үй» мағынасындағы атауларды қосуға болады. Осындай атаудағы дүкендер тұтынушылар үшін әрқашан орасан тауарлар әлеміне ассоциация береді: «Балалар әлемі», «Ыдыстар әлемі», «Кілемдер әлемі», «Сауда орталығы», «Сауда үйі» т.б. Мұндай дүкендер тұтынушы үшін өте ыңғайлы, өйткені онда олар тауарды өзі ұстап шыққан мерзімін, өндірушісін т.б. мұқият қарайды және оны таңдауға асықпайды. 2) тамақ, сусын түрлері, дүкендер: «Арзан балық», «Алтын балық», «Мандарин», «Халал ет», Халва, «Жеміс-жидек»; кафелер: «Дом пива», «Aral-beer», «Beer-лога»; дәмханалар: «Тағам», Дастархан, Бауырсақ, «Лаваш», «Сластена», «Кофе До», «Арай фаст-фуд», «Қуырдақ», т.б. 3) киімдер мен қосалқы заттар (аксессуарлар), дүкендер: «Башмачок», «Гардероб», «Каблочек», «Мир обуви», «Спорт тауарлары», «Трикотаж әлемі», «R.A.M.JEANS», «Сөмке», «Fashion», «Евростиль», т.б.. Бұлар эргонимдердің ақпараттық қызметінің маңызды екендігін дәлелдейді.

Осы топта топонимдерден жасалған эргонимдер саны да едәуір. Олар есте қалдыру (мемориалды) және көбінесе мекенжайлық қызметі атқарады (ат қоюшы топонимді пайдалана отырып, коммерциялық өнеркәсіптің белгісін топонымсан ретінде көрсетеді). Ал бұл маңызды белгі болып табылады. Аталмыш факті географиялық тақырыптың өзектілігін танытады. Мысалы:

«Астана» (мейрамхана), «Алатау» (мейрамхана), «Стамбул» (сауда үйі), «Пекин» (мейрамхана), «Токио» (кафе). «Прага-7» (кафе), «Қызылорда» (қонакүй), т.б.

Гидроним-атауларды да бір топ ретінде көрсетуге болады. «Сырдария» (сауда үйі), «Сарқырама» (дизайн орталығы), «Оазис» (кафе), «Мелиоратор» (ЖШС), «Құмкөл транссервис» (АҚ), т.б.

Сөз болып отырған топқа флора мен фаунаға байланысты болып келетін эргонимдерді жатқызуға болады. Мысалы: «Қалампыр» (дәріхана), «Қызғалдақ» (дәріхана), «Жалбыз» (дәріхана), «Ромашка» (дәріхана), «Байтерек» (мейрамхана), «Жасмин» (кафе), «Ласточка» (кафе), «Алма», (сауда үйі), «Акация» (гүл орталығы), т.б..

Осы топқа сондай-ақ космонимдерден: «Уркер» «мейрамхана», «Шолпан» (дүкен), «Жұлдыз» (дүкен), «Сатурн» (кафе), «Сириус» (кафе), «Спутник» (дүкен) «Меркурий», (кафе), т.б. жасалған атаулар да бар.

3.Күрделі аталымды нысандар атауынан жасалған эргонимдер (А.В.Суперанский оларға мерзімді баспасөз органдарының, мереке атауларының, әдеби және өнер туындылардың атауарын жатқызады). Олардың ішінде түрлі өнер түрлері – әдебиет, телеарна, музыка, театр аттарымен байланысты болып келетін эргонимдер анық байқалады. Бұл топтағы эргонимдер біздің жинастырған атаулардың 6,9 пайызын құрады. Мұндай атаулар білімділікті, ассоциативтілікті көрсетеді. Мысалы: дүкендер - «Академкітап»,«Канцтауар», «Мұстафа Шоқай кітап үйі», мекемелер - «Нартай Бекежанов атындағы қазақ музыкалық драма театры», «Сәбира Майқанова атындағы мәдениет үйі», «Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті», «Ә.Тәжібаев атындағы облыстық кітапхана».

4.Адамдарды, мекемелерді және т.б. сипаттайтын сөздерден жасалған эргонимдер. Қызылорда қаласындағы аталмыш топтағы эргонимдер онша көп емес, бірақ бар. Біздің жинастырған эргонимдердің 9,9 пайызын құрады. Олардың ішінде адамды сипаттайтын атауларға: «Сыр сұлуы» (кафе), «Гүлмира доктор» (тіс емханасы), «Шакир-дантис» (тіс емханасы), «Доктор-Мом»

(дәріхана), «Бай Сара» (короке-кафе), «Сұлтан сүйрік» (сән солоны), т.б. жатады. Сондай-ақ өнеркәсіпті сипаттайтын «Шок су» (ЖШС), «Селена-star» (қонақүй), «Алтын Орда» (қонақүй.), «Алтын сарай» (мейрамхана), «Имперал Строй» (сауда үйі), «Строй люкс» (дүкен), «COPY EXPRESS» (дүкен), «Сыр қуаты» (ЖШС), т.б. эргонимдер бар. Бұл атаулар әрі ақпараттық, әрі жарнамалық сипатпен сәтті қойылған.

5. Астарлы мағыналы эргонимдер. Мұндай сипаттағы эргонимдер көбінесе құрылтайшылар мен олардың жақын туыстарының есімдерінің алғашқы дыбысы небуынынан құралған қысқарған атаулар болып келеді. Бұл топтағы эргонимдер қалада ең аз санды атаулар тобына жатады. Біздің жинастырған эргонимдердің 5,1 пайызын құрады. Нысан иелерімен жүргізілген сұхбаттар мұндай эргонимдер ат қоюшының «өзіндік бір айналы» екенін және ол оның өзіне ғана түсінікті болатындығын көрсетті. Көбінесе мұндай атаулар құрылтайшылардың және олардың жақын туыстарының есімдерінен алынған қысқартулар «ЖанРос» (Жандос – үлкен ұлының аты + Россия – мемлекет атауы), «Ибрайхан и К» (Ибрайхан және Кенжебек – мекеме иелерінің атауы), «ВAB-групп» (Боранбаев Әскербек Болатұлы – мекеме құрылтайшысының атыжөні), «Жан и Ш» (ЖШС), «Ырыс-НГ» (ЖШС), «К-групп» (ЖШС), «Абзал и К» (ЖШС), «Венера и К» (дүкен), т.б.. Енді бірі жай ғана дыбыс тіркестерінен алынған атаулар болуы мүмкін, оны ат қоюшы ол эргонимнің мағынасын түсіндіре де алмайды. Мысалы, «Ергош» (кафе), «Гемакасис» (ЖШС), т.б.. Жалпы мұндай эргонимдер әдетте өте аз кездеседі. Мұнда ат қоюшы эргонимнің негізінен адресатқа жеңіл қабылдануына, есінде тез сақталуына көңіл бөледі. Тағы бір топтағы эргонимдер сатып алушыларға ешқандай ақпарат бермейді. Бұл кәсіпорын иесінің эргонимнің мүмкіндігін біле бермеуінен жіберілетін қателігі. Жалпы қандай да бір эргоним болмасын ол фирманың имиджін жасайтын және оны тауар мен қызмет көрсету нарығында алға сүйреуге көмектесетін сыртқы жарнаманың бір тәсілі болып табылады.

Жүргізілген зерттеу аясында біз жоғарыдағыларға қосымша полиэтникалық сипатты танытатын эргонимдер тобын да анықтадық. Жалпы эргонимдер сол жерде қолданылып отырған

тіл немесе тілдер базасында, сол халықтардың ерекшелігін көрсететін атаулар негізінде қалыптасады. Қызылорда қаласында көптеген этностар мен диаспоралар өмір сүреді. Міне, осы жағдай көптеген дүкен, мекеме, фирма, мейрамхана атауларының әралуан тілде болуына себепші болып отыр. Мысалы, түрік тілдері тобынан алынған атаулар: «Регистан», «Шахноза», «Мунира», «Узбечка», «Алишер», «Азия», «Шаһар», «Шайхана», «Шейх-S», «Стамбул», «Анкара», «Кишлак», т.б.; орыс тілі негінде жасалған эргонимдер - мейрамханалар: «Золотой дрокон», «Арбат», «Кристал»; кафелер: «Фортуна», «Насталгия», «Ласточка»; дүкендер: «Оптовик», «Нородный», «Башмачок»; дәмханалар: «Волшебная лампа Алладина», «Минутка»; сән салоны: «Принцесса», шеберхана: «Татьяна», т.б.; корей тілі негізінде жасалған эргонимдер: «Чосон», Кореана (кафе), «Асон» (кафе) т.б.; шешен тілі негізінде жасалған эргоним: «Дашо сай» т.б.. Сондай-ақ Қызылорда «Сыр – алаштың анасы» деп аталған үш жүздің басы қосылған, рулық құрамы әртүрлі өңір болып табылады. Бұл қаладағы осы топтағы эргонимдерде біршама орын алған. Мысалы: «Қыпшақ» (орта жүз руы), «Ер Шоштан» (орта жүз руы найманның бір атасының атауы), «Дөйт» (кіші жүз руы), «Алаша» (кіші жүз атауы), т.б.

Бүгінгі таңда тілімізге өзге тілдердің элементтері еніп, тіліміздің жүйелері ішінара болса да өзгерістерге түсуде. Жалпы бір тілге өзге тілден енген сөздерді зерттеу отандық лингвистердің ғана емес, онымен қатар шетел лингвистерінің де өзекжарды мәселесі болып саналады. Шет тілінен енген сөздер деп өзге тілдің сөздік қорына тиесілі сөздерді айтамыз. Олардың бірі біздің сөздік қорымызға ешқандай баламасыз дәл өзінің сол мағынасында еніп жатса, кейбірінің тілімізде аудармасы болғанымен оны өзіміз өзара қарым-қатынаста қолданып жатамыз. Өйткені ол сөздер өзге елдің мәдениеті арқылы енуде. Ал мәдени тұрғыда елімізде жаһандану үрдісі жүріп жатыр, демек біз әртүрлі дамыған елдермен мәдени және жан-жақты тәжірибе алмасудамыз. Тілімізде шет тілі элементтері өз қалпында қолданылуы ономастиканың эргонимика саласында қатты сезілуде. Бұның ең негізгі себептерінің бірі ол атаулардың

мемлекеттік тіл басқармасына қарасты болмағанынан туып отыр. Әрбір номинатор өз кәсіпорнына өзі қалаған есімді атау етіп беруде. Кәсіпорын иелері үшін немесе, басқаша айтқанда, ат қоюшылар үшін маңыздысы тілдік саясат емес, адресатқа эргонимнің жағымдылығы болып отыр.

Қазақстан Республикасы бүгінгі таңда егемен ел ретінде әлемнің көптеген елдерімен мәдени, саяси, экономикалық байланыста дамып келеді. Бұл оның лингвистикалық кеңістігіне де өз әсерін тигізеді. Қазақстанның барлық қалалары мен аудандарында, соның ішінде зерттеу нысаны болып отырған Қызылорда қаласында өзінің шеттілдік атауын (брэнділерін) көрсететін көптеген белгілі шетелдік фирмалар атаулары мен шетел сөздерінен ғана тұратын көптеген эргонимдер бар. Мысалы, фирмалық дүкен «ADIDAS» (дүкен), «NOKIO» (дүкен), шаштараз-салон «WELLA», «Ti-tech сервис» (ЖШС), «Esperanza» (кафе), «Oasis» (турситік агенттік), «City jeans» (киім дүкені), «Sonata» (кафе), «GALLA» (түрік жиһазы), «R.A.M.JEANS» (ерлер киім дүкені), «Fashion» (киім дүкені), «Camellia» (гүл орталығы), «Evim» (тұрмыстық тауарлар дүкені), «COPY EXPRESS» (компьютерлік техника дүкені) «TEKSAN» (дүкен), «TEXNOMAN» (дүкен), «PLATINA» (зергелік шеберхана), «MAXSMUM» (жарнама агенттігі), «NEXUS» (дизайн студиясы), «SUPERMATIC» (интернет клуб), «Royal» (интернет клуб), «ANGELA» (сән салоны), т.б.

Қаланың экономикалық және өндірістік өмірдің орталығы ретінде танытатын атауларды «техногендік эргонимдер» деп атайды. Техногендік эргонимдердің мынадай түрлері бар: -күрылыс, -авто, -сауда және *трейд* (ағыл. to trade – сауда жасау), -*техно* және -*тех*, -*энерг* және -*энерго*, *мұнай* және oil (ағыл. мұнай, май), - инвест, -холдинг, -*газ*, -*хим*, -*жөндеу*, *металл*. Оларға: «Торғай-Петролиум» (АҚ), «АйДан Мұнай» (АҚ), «Қуат Амлон Мұнай» (ЖШС), «КазПетрол Групп» (ЖШС), Құмкөл Транс Сервис» (ЖШС), «КазРосМұнай» (ЖШС), «ЭкоКүрылысМаркетинг» (ЖШС), «Ай-дан-инвест» (ЖШС), «АсарХолдинг» (ЖШС), «Бест сервис» (ЖШС), «Батт Ойл» (ЖШС), «Дорстрой» (ЖШС), «Строй-Мода» (Сауда үйі), «Отырар travel» (туристік агенттік), т.б. Әрбір атау сол халықтың

тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрі туралы белгілі бір ақпарат береді. Сонымен Қызылорда қаласының эргонимдік кеңістігі мекеме, компания, өнеркәсіп, фирма, қоғамдық ұйым атауларының өзіндік жүйесін білдіреді. Ғалымдарды аймақтық деңгейдегі осы заманғы эргонимдер проблемалары және ылғи да даму үстіндегі лексикалық бірліктер қызықтырады.

Сонымен, Қызылорда қаласындағы эргонимдер туралы ақпараттарды жинап және оларды жүйелей келе дүкен иелері өз сауда нысандарының атауын беруде бірінші және екінші топтағы эргонимдерді таңдайды екен:

1. Мағынасы тек «тауарлық ассортиментті» ғана білдіретін атаулар.

2. Антропоним-атаулар.

Бірінші топ, біздің ойымызша, ең сұранысқа ие атау, өйткені тұтынушы егер ол дүкен болса, оның атынан оның не сататынан нақты ақпарат ала алады. Мұндай эргонимдерді таңдап қана қою жеткіліксіз, оған осымен қоса аздаған қиял мен шығармашылық ізденіс керек. Мысалы, тек «Азық-түлік» емес «Ең балғын азық-түліктер», «Киімдер» ғана емес «Сіздің киіміңіз» деген сияқты т.б. Антропонимдердің де жиі пайдалануы түсінікті. Қызылорда үлкен қала емес және оның жекелеген шағын аудандарындағы тұрғындар сол жердегі дүкеннің кімге тиесілі екені ғана емес, атауды кімнің құрметіне қойылғанын да жақсы біледі (мысалы, «*Индира*» дүкені оның иесінің қызының атына, «ЖанРос» компания иесінің баласының атына, «*Ажар*» сауда үйінің әйелінің атына қойылған). Жалпы алғанда Қызылорда қаласы эргонимдерінде шығармашылық ізденіс бастауы мен креативтілік мүлдем жоқ деп айтуға болмайды.

Қала эргонимдердің сөзжасамдық ерекшеліктерін қарастырғанда біз олардың екі түрлі тәсіл арқылы – семантикалық және атаулық сөзжасам тәсілдер арқылы жасалуына көңіл бөлеміз:

1. Сөзжасамның семантикалық тәсілі арқылы жасалған эргонимдер. Олар: 1) эргоним сөздер, олар өз ішінен мынадай жолдармен жасалған: а) трансонимдену (бір атаудың екінші нысанға атау ретінде көшуі) (дүкендер – «Рахат», «Арай»; сауда үйлері – «Сырдария», «Торғай», «Стамбул»; мейрамханалар

- Қыз Жібек, Жанетта т.б.); ә) онимдену, бұл негізгі екі тип арқылы метафорамен (сән салондары – «Шарм», «Принцесса»; күзет агенттіктері «Найза», «Арлан», т.б.) және метонимиямен («Арзан баға» - «Арзан» базары т.б.), өзге тілден енген атаулар («Кореана», «Виола», «Версаль», т.б.) және т.б.. 2) эргоним сөз тіркестері, құрамы әр түрлі сөз таптарынан болған, мысалы: зат есім+зат есім (құрылыс компаниялары - «Асар Құрылыс», «Адем Жан»; мұнай компаниясы «Торғай-Петролиум», «Қуат Амлон Мұнай»), сын есім+зат есім (мейрамханалар – «Алтын сарай», «Золотой дракон», «Жас отау»), сан есім+зат есім (дәмханалар - «Жеті қазына», «Три поросенка»). 3) эргоним сөйлемдер, жалпы мұндай эргонимдер өте аз кездеседі, мысалы бұл орыс тілінде көбінесе этикеттік формалармен, одағайлардан жасалған (дүкендер: «Браво», «Вива») және бұйрық райлы етістікпен келетін сөйлемдер (дәріхана: Будьте здоровы!). Біздің ойымызша, мұндай эргонимдер қазақ табиғатына тән емес және осы сипаттағы кірме эргонимдер де біз зерттеу нысаны еткен калада мүлдем кездеспейді.

2. Атаулық сөзжасам тәсілі арқылы жасалған эргонимдер. Бұлар өз ішінде үш түрлі жолмен жасалған: 1) буынның қысқаруы жолымен жасалған эргонимдер (мұнай компаниялары: ЖандосРоссия – «ЖанРос»; Қазақстан Россия мұнай – «КазРосМұнай»; Фармация Сервис –«ФармСервис», т.б. 2) қосарлану арқылы жасалған эргонимдер («Эко-фам», «Ай-дан-инвест», «Аңсар-Сервис», т.б.). 3) сан және өзге де символдар қоса жазылғандар («Жайна -2», «Прага -7», «Азия +», «Шейх-S» т.б.).

Қызылорда қаласындағы эргонимдерге сөзжасамдық тұрғыдан талдау жасау барысында біз семантикалық тәсілдің өнімді екенін көрдік. Оның ішінде ең өнімдісі эргоним сөздер, оның ішінде онимдену жолымен жасалғандары. Бұл тілдік материалды үнемдеуге қатысты, өйткені метафора мен метонимия тұтынушының көңілін аудартуға септігін тигізеді, атау берушіге қысқа да нұсқа, образдық ат қоюға көмектеседі. Саны жағынан келесі орынды эргоним сөз тіркестері алады. Бұл тәсілді атау берушілер бойына барынша көп ақпарат жинақтайтын

көпқызыметті эргонимдер жасауда жиі пайдаланады. Жоғарыда айтын өткеніміздей, эргоним сөйлемдер зерттеу нысаны болып отырған қала тілінде кездеспейді.

Қаладағы әртүрлі кәсіпорындарының маңдайшаларында мүлдем жіберуге болмайтын түрлі қателіктерін жиі көретін болдық. Біз бұларды сондай-ақ жарнамалардан, афишалардан, хабарландырулардан т.б. көреміз. Бұл не? Бұл сауатсыздық сөзді дұрыс айта алмаудан ба, әлде дұрыс жаза алмаудан ба немесе әдейі бөлектеніп көрініп, назар аудартудан ба? Біздің көзқарасымыз бойынша, Қызылорда қаласы эргонимдерінде осы заманғы жазу өз бейнесін тапқандай. Эргонимдерден біз көбінесе орфографиялық нормалардың саналы түрде бұзылғандығын кездестіреміз. Мысалы, бас әріптерді нормаға сәйкес қолданбау, ат қоюшы сөздің алдыңғы бөлігін бөлектеп көрсетеді («*АВТОбөлшектер*»), кейде бас әріптер сөз тіркесінің ортасында қолданылады («*Ыдыстар Әлемі*», «*Сыр Әлемі*»-«*Мир Красок*»), (жалпы Ыдыстар, Кілемдер, Киімдер деп көптік жалғаумен жазу да қазақ тілінің табиғатына жат), тіпті сөздің соңын да бас әріптермен саналы түрде жазу кездеседі («*МастерОК*», «*ТурАН*» «*ӘлемТУР*» «*ШоқСУ*»).

Тағы бір тілдік норманы бұзушылыққа сөзбен бірге әріптік емес таңбаларды пайдалану жатады («*Азия+*», «*Прага- 7*», «□птовик»,).

Кейбір эргонимдерден шетелдік әріптердің (латын алфавиті) араласуын жиі көреміз («*Сарқырама*», «*ШейхS*» «*Лаборотория-S*», «*Империя -s*»).

Қазақтың біртуар азаматтарының есімдерін қала көшелеріне беруге болғанымен, оларды сол көше бойындағы нысандарға беруге болмайды. Мұндай келеңсіздіктерге тиім салынуы керек. Мысалы, «Төле би» дүкені, «*Baistrit*» (Байтұрсынов көшесіндегі мейрамхана), «Бейбарыс» сауда үйі, т.б.

Қаланың лингвистикалық ландшафтында шетелдік лексиканың белең алғандығын айтпай кетуге болмайды. Мұндай шетелдік сөз-эргонимдер тек өзі ғана жазылып қоймай, енді қазақ сөздерімен бірге араласа қолданылатын болды («*Алма-dent*»,

«ДостарМед-lain», «Отрап-travell» «БАТ-OIL», «МК- OIL», «Baistrit»). Сондай-ақ қала көшелерінде жеке адам есімдерінің де әдейі саналы түрде қате жазылуы да көбейіп барады («Адема» - Әдемі, «Ақ-Ерке» - Ақерке, т.б.). Мұны тілге менсінбеушілік танытудың белгісі, тіпті мемлекеттік «Тіл туралы» заңды өрескел бұзу деп түсіну қажет. Басқа ұлт өкілдерін былай қойғанда, бұл өзіміздің тілге деген немқұрайлығымызды байқатады. Қала эргонимдерінің дұрыс жазылуы – бұл қала халқының сауаттылық көрсеткіші. Басқаша айтқанда, сауаттылық - бұл тұтынушыға кәсіпкердің көрсеткен сыпайлығы, сауаттылық – бұл табысқа жетудің маңызды қадамы. Кәсіпкер тұтынушыны тілдік заңдылықты, норманы саналы түрде бұзу арқылы емес, көрсететін қызметі мен тауарын жарнамалайтын басқа әдіс-тәсілдерді табуы тиіс.

Әдебиеттер:

1 Подольская Н.В. Словарь русской ономастической терминологии. - Москва: «Наука», 1988. - С.151.

2 Суперанская А.В. Общая теория имени собственного. – Москва, 2007.

3 Иманбердиева С. Қала ономастикасының кейбір мәселелері. – Алматы: Арқас, 2004.

4 Какимова М.Е. Типология эргонимов Северо-Казахстанской области. Автореф. канд. филол. наук. - Алматы, 2004, - С.12.

ОСОБЕННОСТИ ИЗУЧЕНИЯ ЛИНГВИСТИЧЕСКОГО ЛАНДШАФТА СОВРЕМЕННОГО ГОРОДА

МАУКАРА А.С.

Евразийский национальный университет

им. Л.Н. Гумилева

maerym@mail.ru

Андатпа: Бұл мақала қала аясындағы лингвистикалық ландшафттың зерттеу ерекшеліктерін қарастыруға арналады.

Берілген жұмыста лингвистика жаңа саласының негізгі сипаттары мен құрамдас элементтері баяндалады. Лингвистикалық ландшафт зерттеуімен айналысатын ғалымдардың тәжірибелері мазмұндалады.

Abstract: This article is devoted to the study of linguistic landscape in the urban environment. The item outlines the main characteristics and constituent elements of a new branch of linguistics. Above all, highlights the experiences of researchers, who involved in the study of the linguistic landscape.

Вопросы организации и планирования городского пространства всегда носят актуальный характер для государства. Это связано со стремлением правильно создать условия для гармоничного функционирования языков на территории страны. Людей всегда волновал вопрос об обустройстве того или иного пространства, на котором они существуют. Если Земля – это огромное пространство с различными странами и государствами, страна – это пространство с городами и населенными пунктами, то город – это тоже пространство со своими географическими объектами, улицами, скверами и т.д. Поэтому, когда мы говорим, о том, что же такое пространство, мы всегда представляем себе огромную субстанцию с множественными элементами в ней. Но если в этой субстанции не будет должного порядка, то повсюду воцарится хаос. В связи с этим, и существует наряду с ономастическим пространством города и его языковая политика, способная устанавливать правила функционирования информационно-маркированных единиц.

Современные исследования, посвященные проблематике лингвистического описания ономастического пространства, все чаще обращаются к термину «лингвистический ландшафт». В работе А.В. Кириловой лингвистический ландшафт - понимается как «один из способов описания повседневного существования языка, состоящий в исследовании письменных знаков в общественной сфере (публичном пространстве) городской среды» [5; 159]. В определении данного термина лингвист опирается на исследования П. Бакхауса, непосредственно занимающегося исследованием лингвистического ландшафта. Исследователь

также отмечает, что это еще новая дисциплина, находящаяся на стадии формирования теоретических установок. В структуру лингвистического ландшафта входят знаки: надписи, вывески с объявлениями, таблички с наименованиями улиц, магазинов и т.д.

В работе «Linguistic Landscapes in the city of Ghent: An Empirical study» говорится, что особенность этого явления состоит в «языке общественных дорожных знаков, вывесок с объявлениями, наименований улиц, коммерческих знаков магазинов и общественных государственных знаков, которые объединяются в форму лингвистического ландшафта данной территории, региона или урбанистической агломерации» [4; 8]. Новое направление является, как утверждают ученые, областью социолингвистики и прикладной лингвистики, которые отмечают «письменную форму» языков в социальном пространстве» [4; 8]. В ходе анализа работ по лингвистическому ландшафту было замечено, что зачастую данное явление рассматривается в мультилингвальной среде. Будучи связанный с семиотической составляющей того или иного пространства, лингвистический ландшафт сфокусирован на изучении содержания знаков. Содержательная сторона знака всегда привлекала внимание ученых.

Известно, что наличие данных явлений на одном языке говорит о доминировании в стране одного языка. Существование же надписей на нескольких языках говорит либо о билингвальной, либо о мультилингвальной языковой среде. Так, к примеру, в работе «Linguistic Landscape and Language Policies: A Comparative study Linköping University and ETH Zürich» S.Yavari рассматривает языковую политику университетов в Швеции и Швейцарии. В поле исследования лингвиста входят знаки: в особенности доски с объявлениями, вывески с надписями и т.д. Автор выявляет существующие контрасты в знаках «top-down» (вывешиваемые университетским штатом) и «bottom-up» (не вписываемые университетским персоналом). Дословный перевод данных видов семиотических единиц дан А.В. Кириллиной как «идущие сверху вниз» и как «снизу вверх» [5; 163]. Другими словами, данные

понятия связаны с лицом, который утверждает информацию. Первый вид знаков является официальным по характеру, чем второй: они «описывают знаки, выданные национальной и общественной бюрократией, социальными институтами, находящихся в общественных местах, публичных заявлений, а также связанных с наименованиями улиц». Преимущество второго знака обусловлено природой его содержания: как правило, это не зависящие от определенных правил объявления и вывески, носящий более свободный характер: «наименования магазинов, вывески, связанные с бизнесом и персональными заявлениями, выдаваемые индивидуальными социальными деятелями, владельцами магазинов и компаний» [4; 11]. Это доказывает, что понятие лингвистического ландшафта помогает понять силу и статус различных языков в социолингвистическом контексте. Создатели языковой политики вводят положения через «top-down» знаки, а те, кто противятся этому, вводят свою идеологию языка через «bottom-up» знаки.

Однако не всегда проводимая языковая политика может соответствовать существующей языковой ситуации. К примеру, в Швейцарии статус официального языка имеют несколько языков: немецкий, французский, итальянский и ретероманские языки. Но, несмотря на это, информация в университете Цюриха была представлена на немецком и на английском языках: брошюры, различные постеры, выставочные стенды, СМИ, заявления, публичные объявления, интернет-баннеры должны быть только на английском и немецком языках. Тем не менее, существуют две большие доски с объявлениями, где студенты вольны выставлять любые замечания на желаемом языке. Данная дверь носит свое название как Hauptgebäude (HG) (Главное здание). Однако данная дверь не находится под наблюдением Корпоративной Коммуникации (Corporate Communications), что говорит о невозможности использования официальных досок объявлений. Что же касается университета Швеции Люнкюпина, то различные вывески зависят от факультета, к которому они относятся. В связи с этим они принадлежат специалистам, работающим на том или ином факультете и

которые выставляют свои публичные сообщения. Все замечания должны быть написаны преимущественно на шведском языке, при установке на целевые группы – на английском. Шведский язык предстает рабочим и главным языком в административном плане и в надписях инструкций. В соответствии с данными вывесками и надписями выделено 4 модели анализа и описания мультилингвальных текстов, выдвинутых исследователем М. Ре: 1) complementary (разные части общей информации переданы на разных языках); 2) duplicating (одна и та же информация на нескольких языках); 3) fragmentary (вся информация подается на одном языке и частично - на другом) 4) overlapping (разные части информации даны на разных языках с частичным наложением) [4; 10]. Рассмотрев собранный материал семиотической системы университетов, сквозь призму данных четырех моделей исследователь S. Yavary, пришла к выводу, что университет Швеции Люнкюпен более монолингвален, чем университет Цюриха, в котором ярко проявляется билингвизм - немецкий и английский языки. В знаках первого типа в университете Цюриха вывески представлены билингвальными знаками, статус английского имеет ту же степень, что и немецкий. Примечательно, замечание автора, что текст на немецком языке находится с левой стороны, а текст на английском с правой. Автор считает, что немецкий в данном случае занимает доминирующую позицию в таком расположении. Различная ситуация происходит со студентами-иностранцами. Для данной категории студентов знаки вывешиваются в университете Цюриха на двух языках (немецком и английском), но в Люнкюпене только на английском. Лингвист объясняет эту ситуацию тем, что половина иностранных студентов разговаривают на немецком языке и поэтому в знаках можно заметить билингвальное содержание. Несмотря на то что французский язык также входит в число официальных языков, все же знаки на данном языке представлены только в объявлениях и не в большом количестве. Выявилось, что студенческие организации в основном выбирают именно национальный язык [4; 55-58]. Так, путем эмпирического исследования автор проанализировал знаки в университетской среде двух городов.

Изучение лингвистического ландшафта может быть ориентировано не только на анализ различных надписей и вывесок. Например, работа «Лингвистический ландшафт в городе Гент: Эмпирическое изучение» А.К. Боттерман посвящена проблеме изучения осей. Точнее автор рассматривает «вывески общественного представления магазинов, малых и средних предприятий, пабов и т. д. на улицах, охваченных двумя виртуальными осями, отображенными на карте города» [3; 5]. Обе оси имеют свою начальную точку в центре города, и точка относится либо к северо-западу, либо к югу от центра города соответственно. В работе акцентируется внимание на деятеле лингвистического ландшафта. К деятелям относятся люди, которые «непосредственно участвуют в формировании лингвистического ландшафта, указывая другим людям или же, самостоятельно строя элементы лингвистического ландшафта в соответствии с льготными тенденциями, осознанным выбором и политикой. К ним относятся также «общественные институты, ассоциации, фирмы, частные лица, исходящие из самых разнообразных слоев и кругов» [3; 7-8]. Изучение знаковой системы урбанистического пространства может «предоставить ценную информацию о языковой ситуации в конкретном месте, в том числе общей структуры языка и использованных надписей, официальных языках, о языковой политике, распространенных языковых взглядов, властных отношений между различными языковыми группами, и длительных последствий в языке и т.д.» [3; 8]. Факт наличия текста на одном или нескольких языках говорит об ориентированности текста на определенную группу людей. Так, текст, написанный на одном языке, сразу дает понять, что он предназначен исключительно для тех, кто принадлежит определенному языковому сообществу (только те, которым текст понятен) или, что язык имеет авторитет и силы, чтобы выстоять в одиночку, без поддержки других языков. Тот факт, что текст написан на двух или даже более языках, свидетельствует о намерении сделать его понятным для людей, принадлежащих к различным языковым сообществам. Оси, которые исследуются автором, рассматриваются через

улицы, которые находятся в определенной локации, зависящей от рода производства и зданий, находящихся в нем. К примеру, на первой оси имеются площади, ранее знаменитые торговлей зерном и различными семенами, в нынешнее же время богатые ресторанами и пабами, далее находящими свое продолжение в улицах «шопинга». Вторая ось содержит железнодорожную станцию, ранее на пути которой также проходили способы транспортировки с северной части города до южной. Особенность исследований осей заключается в выявлении доминирующего языка на определенной местности. Применительно к нашей стране целесообразно было бы также попытаться рассмотреть семиотику города в некоторой слаженной системе, исходя из которой, прояснились бы принципы их наименования и порядок. В последние годы в казахстанской лингвистической науке появляются работы, в которых осуществляется попытка научного объяснения многих фактов, характеризующих современную действительность. В исследовании А.Ш. Акжигитовой «Процессы реализации программ языкового планирования в социально-коммуникативном пространстве Республики Казахстан» рассматривается лингвистическое пространство г. Астаны [1]. В работе Е. Байназарова «Языковой облик города Алматы» автором исследованы топонимы современного города, его эргонимия и эпиграфика. Исследователь классифицировал топонимы по типологии Т.В. Шмелевой, где выделяются такие принципы наименования, как: 1) меморативный; 2) характеризующий; 3) ориентирующий; 4) демонстративный [2]. В данном исследовании автором проанализированы улицы, исходя из семантических особенностей топонимов, что, в свою очередь, представляет важный этап в понимании функциональности этих явлений.

Рассмотрение вышеперечисленных работ говорит об острой необходимости всецелостного изучения лингвистического ландшафта. Применение подходов социолингвистики, математических данных, географического картографирования дает возможность объективному изучению семиотической системы определенной местности. Современный город – место пересечения различных культур, взглядов и ценностей,

поэтому составляющие его знаки служат особыми маркерами, идентифицирующими тот или иной язык, культуру и политику.

Литература:

1. Акжигитова А.Ш. Процессы реализации программ языкового планирования в социально-коммуникативном пространстве Республики Казахстан. Диссертация на соискание уч. степени доктора философии PhD. – Астана, 2013. – 166 с.

2. Байназаров Р.Е. Языковой облик города Алматы // Режим электронного доступа // [<http://www.scienceforum.ru/2013/pdf/6710.pdf>].

3. Botterman A.K. (2010-2011) Linguistic Landscapes in the City of Ghent: An Empirical Study. MA dissertation. Ghent: Ghent University Faculty of Arts and Philosophy MA Literature and Linguistics: Dutch and English, 108 p.

4. Yavary S. (2012) Linguistic Landscape and Language Policies: A Comparative Study of Linköping University and ETH Zürich. Master's Programme in Language and Culture in Europe. Linköping University Department of Culture and Communication, 59 p.

5. Кирилина А.В. *Описание лингвистического ландшафта как новый метод исследования языка в эпоху глобализации* // Вестник ТвГУ. – Серия: Филология (5). – 2013. – С. 159-167.

АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

- Қамзабекұлы Д. – ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ проректоры. Астана қаласы.
- Әбжанов Х.М. – тарих ғылымдарының докторы, профессор. Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры. Алматы қаласы.
- Негимов С.Н. – филология ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті қазақ әдебиетінің профессоры. Астана қаласы.
- Артықбаев Ж.О. – тарих ғылымдарының докторы, профессор. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті. Астана қаласы.
- Жарқынбекова Ш.Қ. – филология ғылымдарының докторы, профессоры. Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ филология факультетінің деканы. Астана қаласы.
- Әбдуәліұлы Б. – филология ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-дың профессоры. Астана қаласы.
- Сапаров Қ.Т. – география ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті физикалық және экономикалық география кафедрасының меңгерушісі, профессор. Астана қаласы.
- Пангереев А.Ш. – Ақтөбе облысының тілдерді дамыту басқармасы ономастикалық жұмыстар және талдау бөлімінің басшысы. Ақтөбе қаласы.
- Қоңыратбаева Ж.М. – филология ғылымдарының кандидаты, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-дың доценті. Астана қаласы.
- Тусупбекова М.Ж. – филология ғылымдарының кандидаты, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-дың доценті. Астана қаласы.
- Каирова М.К. – филология ғылымдарының кандидаты, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-дың доценті. Астана қаласы.
- Ағабекова Ж.А. – филология ғылымдарының кандидаты, Назарбаев Университетінің доценті. Астана қаласы.

- Әлжанова Г. Ж. – Батыс Қазақстан облысы Тілдерді дамыту басқармасының ономастикалық жұмыстар және көрнекі ақпараттық бақылау бөлімі. Орал қаласы.
- Қайыр Б. – Павлодар облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасының басшысы. Павлодар қаласы.
- Әбжалиева А. – Қызылорда облысы тілдерді дамыту басқармасының басшысы. Қызылорда қаласы.
- Қоспанов Д.Д. – Ақмола облысы тілдерді дамыту басқармасы ономастикалық жұмыс және көрнекі ақпаратты бақылау бөлімі басшысының м.а. Көкшетау қаласы.
- Наурызбаев Ж.Б. – Қостанай облысы әкімдігі тілдерді дамыту басқармасы ономастика және көрнекі ақпараттар мониторингі бөлімі. Қостанай қаласы.
- Тұяқова Ф.М. – Солтүстік Қазақстан облысының тілдерді дамыту басқармасының басшысы. Петропавл қаласы.
- Жанаділов Т.О. – ОҚО білім, жастар саясаты және тілдерді дамыту басқармасы бөлімінің басшысы. Шымкент қаласы.
- Ақшабаев Е.С. – Алматы облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы. Алматы қаласы.
- Қожаева Ә.Т. – ғылым магистрі, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-дың оқытушысы. Астана қаласы.
- Мадалхан Д. Ж. – Қизатов атындағы № 23 мектеп-лицейі. Қызылорда қаласы.
- Абасилов А. – Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті. Қызылорда қаласы.
- Маукара А.С.– Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-дың теоретикалық және қолданбалы лингвистика кафедрасының 2-ші курс магистрі. Астана қаласы.

МАЗМҰНЫ

ҚАМЗАБЕКҰЛЫ Д. Алғы сөз.....	3
ӘБЖАНОВ Х.М. Қазақ ономастикасының тағылымы мен болшақ бағдарлары.....	6
НЕГИМОВ С.Н. Ономастиканың түп-тамыры – ұлттық дүниетаным мен халық тарихы.....	13
АРТЫҚБАЕВ Ж.О. Астана көшелерінің атаулары – қала тарихының шежіресі.....	22
ЖАРҚЫНБЕКОВА Ш. Номинативная политика города: дискуссионные вопросы и современные подходы к решению проблем.....	38
ӘБДУӘЛИҰЛЫ Б. Қазақстан Республикасындағы тіл саясатының құқықтық-нормативтік қамтамасыз етілуі.....	49
САПАРОВ Қ.Т. Картографиялық әдістің көне географиялық атауларды зерттеудегі рөлі.....	56
АРТЫҚБАЕВ Ж.О. Ертіс өңірі ономастикасының тарихи негіздері.....	68
ПАНГЕРЕЕВ А.Ш. Тарихи атауларды қайтару – елдігіміздің белгісі.....	79
ҚОҢЫРАТБАЕВА Ж.М. Эргонимдер жүйесінің салыстырмалы сипаттамасы (ҚР орта білім беру мекемелерінің (мектеп) атаулары бойынша).....	86
ТУСУПБЕКОВА М.Ж., КАИРОВА М.К. Исследование ономастического пространства города: проблемы и перспективы.....	98
АҒАБЕКОВА Ж.А. Араб текті ономастиканың дамуындағы тарихи-мәдени, діни факторлар.....	106
ӘЛЖАНОВА Г. Ж. Ақжайық ономастикасының бүгіні мен ертеңі.....	112
ҚАЙЫР Б. Павлодар өңіріндегі ономастика мәселесі.....	117
ӘБЖАЛИЕВА А. Қызылорда өңірі ономастикасының тарихы мен қазіргі мәселелері.....	124
ҚОСПАНОВ Д.Д. Ақмола облысындағы ономастикалық атаулардың ахуалы.....	129
НАУРЫЗБАЕВ Ж.Б. Қазақстан Республикасындағы тіл саясаты және ономастикалық кеңістік.....	137
ТҮЯҚОВА Ф.М. Ұлттық атаулар – ұрпаққа мұра.....	148

ЖАНАДІЛОВ Т.О. Атамекеніміздің атаулары – ата-бабамыздан қалған жәдігерлер.....	157
АҚШАБАЕВ Е.С. Қазақ ономастикасының сабақтары және қазіргі әкімшілік-атқару жүйесіндегі мәселелер.....	161
ҚОЖАЕВА Ә.Т. Аялдама атаулары – урбанонимнің семантикалық-семиотикалық коды.....	169
МАДАЛХАН Д.Ж., АБАСИЛОВ А. Қызылорда қаласының эргонимдері.....	174
МАУКАРА А.С. Особенности изучения лингвистического ландшафта современного города.....	185
Авторлар туралы мәлімет.....	193

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ТІЛ САЯСАТЫ
ЖӘНЕ ОНОМАСТИКАЛЫҚ КЕҢІСТІК
«G-global» форматындағы дөңгелек үстел материалдары**

Мазмұнына типография жауап бермейді

Таралымы 500 дана.
Қаріп түрі «Times New Roman»
Тапсырыс № 14011.

Ұлттық университет типографиясында басып шығарылды.
Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
010008, Астана қ., Қажымұқан к., 13/1.